




НЫСАНБЕК ТӨРЕКУЛ БИЛЕР СӨЗІ. АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ



НЫСАНБЕК ТӨРЕҚУЛ

**ҘИЛЕР СӨЗІ·
АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ**





НЫСАНБЕК ТӨРЕҚУЛ

**ӘИЛЕР СӨЗІ·
АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ**



АЛМАТЫ «ҚАЗАҚСТАН» 1996

ББК 83.3 Каз.я
Т 60

Нысанбек Төреқұл,
Билер сөзі — ақылдың көзі,— Алматы: Қазақстайл.
1996. 240 бет.

ISBN 5-615-01813-5

Қазақ националық би-шешендері туралы жүдеслі ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп,
тынбай екбек стилде жатқан белгілі ғалым, филология ғылыми миссияның докторы, Н. Н.
Торекұльдың бұл кітабы бұрын нарық көрсетен «Қазақтың би-шешендері» (1993 ж. М.
Калбековпен бірінші шаржоласы), «Қазақтың 100 би-шешені» (1995) еңбегінин заңдау
жүзінде.

Жаңа китапта ингерізді откен Елсай, Оқтай, одан берірекшегі, ағын XVIII—XIX
ғасырларда гұмыр көшкен болған, Айттар, Алдар, Бегеш, Алдаберген, Біке, Аңдас.
Сұлтанбек, Томашбай, Төреқан, т.б. би-шешендердің тұмъырбағының жән шешендейтік билік
сөздері сиптізілді.

Китап әдепшилік арналауда.
Әдеби-зерттеу басылышы.

T 4603020102 - 15
401(05) - 96

ББК 83.3 Каз.я

ISBN 5-615-01813-5

© Н. Төреқұл, 1996 ж.

АВТОРДАН

Күрметті оқушы қауым! Қолдарыңыздагы «Билер сөзі — ақылдың көзі» деген кітап қазақтың би-шешендері жөніндегі баспадаң жариялашып жүрген кітаптардың заңды жалғасы. Мұнда бүршін атаусыз қалып, тіптес есімдері ел есіне шығып бара жатқан Елсау, Оңқай, Дос, Шабанбай, Қожбанбет, Жәлменде, Алдаберген, Накысбек тәрізді би-шешендердің гүмірнамасы мен кезіндегі олар айтқан билік-кесім, шешенідік, тапқыр сөздері қамтылды.

Кітапта соңымен бірге жақадаң табылған деректер шегізіндегі қайта жазылған Ақтайлақ, Бәйдібек, Бөлтірік, Жетес, Жаңғұтты тәрізді ірі билер, шешендер жөніндегі соңғы деректер бар.

Қазақ тарихы мем заң жүйесіндегі, фольклоры мен көркем әдебиесті, мәдениесті және тіл білімі саласында — билер ерекші тұлға. Халқымыздың өткен дәүірлеріндегі елі, жері үшін, халық қамы үшін қара қылды қақ, жара әділ билік айтқан билер, шешендер аз болмаған. Қазақ далаасында олар жүзделеп саналады. Қысқасы, әр елдің, әр аудылдың сөз тыңдар ез ақсақал, билері болды. Олар Қазіргі сottың, прокурордың, әкімшің қызметін бір өзі атқарды. Атқарғанда қандай, «халық би» айтса, қалып айтпайды» дегі оның билігіне тоқтам жасады.

«Тура биле туған жоқ, туғаңды биле имай жоқ» деген қағидашы олар мықтап үстады. Әділеттік деген осы емес пе? Мұндай халық өкілшіл қазақтан басқа халықтан іздел көрініші, көпсі таба алмайсыз. Демек би-шешендер тек қана қазақ халқына тән құбылыс. Сондықтан оған айрықша мән беруіміз керек.

Кешегі өткегі қызыл империяның кезіндегі оларды бай, кулак, би, болыс деп жазғырдық, соңына шырақ алып түстік. Тіптес олардың бейкінші үрім-бұтақтарына дейін құдаладық. Содан не таптық! «Түгел сөздің тубі бір — түп атасы Майқы бидесі» бастап, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтесе бидің орнына Демосфенен, Цицерон-шың цитата ізdedік. Мектеп оқулықтарынан Абылай хан,

Қабылбай, Бөгөнбай орпшыла Иван Грозный, Суворов, Кутузовтың оқыдық. Сөйтіп, көбіміз өз халқының тарихын билсейтін, өз ата-бабасын сыйламайтын мәтінгүрткес айналдық.

Енді мінс, құдіреті күшті алла тағала жарылқап бостаңдық алдық. Тәуселіз ел болдық. Есімізді жинап, жоғалтқанымызды іздел жатырмыз. Бұтан да шүкіршілік. «Қалашуы тап өкілі», «халық жауы» деген жазықсыз жаламені аты өшіп, мұрасы тарыдай шашылып кеткен біраз билердің билік-шешеңдік сөздері жинақталып бір жүйеге түсіп келеді.

Осы бір қызығы мол, қын істі атқаруда авторға кезінде қол үшін беріп, қемек көрсеткен, ең алдымен, сол би-шешендердің үрім-бұтақ журагаттары болды. Олардың бір қатары алғашқы кітаптарда аталған-ды.

Енді осы кітапты жазу кезінде хат-деректеме жолдаған Қараганды политехникалық университетінің профессоры Жетес бидің немересі Сәіттай Жетесовке, Жатынұтты. Шабанибай билердің журагаты, Алматы қаласында тұратын белгілі ақын Женіс Қашқыновқа, Ақтайлық, бидің немересі, Қазақстан Республикасы Үлттық ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты Серік Қорабаевқа, Алдаберген бидің үрім-бұтақтары Оңтүстік Қазақстан облысының Алғабас ауданында тұратын Төрекелді Амантаіұлы, Ибадулла Байсейітулы, Тәйтслі Болысбекұлы, Шорәқазы Құзембайұлы және Накысбек шешенниң немересі әл-Фарabi атындағы Қазақтың мемлекеттік үлттық университетінің Шығысталғу факультеті, Қытай тілі кафедрасында үстаңдық ететін Дүкен Мөсімхан, тағы басқаларға атторлық ақ шистіммен алғыс айтамын.

ЕЛСАУ БИ

Елсау би Нәңдиұлы б.з.д. 104 жылы Шулеп деген жерде туып, 73 жасында 177 жылы дүниеден өткес. Ежелгі үйсін мемлекетінің әуелі бас би.

Елсау әке-шешеден бір жарым жасында жетім қалады. Әкесі Нәңди би бір соқтығыста сойылға жығылып мерт болады. Нәңди би билік еткен үйсін мемлекетімен соғысқан көрші Ҳұн слінің қолбасшылары үйсіндердің малын талап, жерін тартып алады. Мыңдаған адамдарның құлшылықта үстайды. Бұл оқига Қытай тарихи — шежіресіндегі жазылған.

Енді Елсау биліц жас шағына келсійік: Шапқышшылықтан аман-есен қалған шәрестені Нәңди биліц жақын туысы Бәже шашырагы ортасына түскен жүрттап баланы тауып алдып, бауырына басады. Өтшіккегін жаулар: «Кейін әкесінің кегін аламын деп қайта шауып жүрер» деп, жас балага іздеу салады. Бінде баланы жау қолына түсірмей жасырады. Ауылдан тыскаршала туу қойнауында жиналған ескі мая шең болады екен. Бәже сол шөптің арасын қеүлеп баланы сонда жасырып, түп-түпде барып та-міктаптырып жүреді. Бала құппен-құлға түлеп өсе береді. Бәже бір күш кешкүрим мая шөпкес жақындей берсе, эми шөптиң арасынан бауырында смишегі салынудаған бір бері шынын бара жатады. Ұяны барып қараса бала аман-есен үйықтап жатыр дейді. Ол баланы дереу құшактан ауылға апарады. Бар көргенін ауылдастарына айтады. Үлкен-кіші бәрі: «Бұл киелі бала екен, жөнделеп күтіп, тәрбиеге алайық», — дейді. Сонымен Елсау бала ср жетсе береді. Қойши, жылқышылармен бірге жүріп, ат ойындарын үйрепеді, садақ тартып мергеншілікті меңгереді. Қойши, малшылардан сл ағыз-әпсаналарын, бүрінгі батыр, билер сөздерін тыңдаіды. Сөйтін, Елсау бара-бара батыр тұлғалы, ақынды, алғыр, слеге қамқор дана болып ержетеді. Ол 11 жасынан сл билігіне араласады. Та-

лай-талай дау-дамай істердің түйінін шешіп, әділ би, ел қамқоры аталады. Мышындаған жасақ қол жинап, елін талап, әкесін өлтірген Хұп еліне аттанып, олардан әке кетіп, ел есесін қайтарады.

Елсау би және ол басқарған үйсін мемлекеттің тарихшамасы қақында ежелгі Қытай тарихшысы Бань-Гудің «Хашнама, батыс өңір шежіресі. Үйсін мемлекеті» деген сүбебін зерттеп жазған белгілі жазушы Тұрсын Жүртбаев өзінің «Дұлыға» (1994) атты кітабында жан-жақты жазыпты. Енді осы еңбектің мына бір жолдарынша көпіл қоя кетейік:

«Улы Күнбидің астанасы — Қызылқорған қаласы, тұтін салы — 120 мың, әскері — 188 мың 800. Күнбидің екі уәзірі, он қалаттағы, сол қалаттағы екі әскер басы, үш сұлтаны, екі биі, бір тұтық биі, екі бас бакылауышы болған. Жері ұлан-байтақ кең, әрі жазық, жауын-шашыны көп, ауа райы суық. Тауларда қалың қарагай өседі. Егіншілікпен шұғылданбайды. Малышылармен бірге, жайылым-сугат жағдайына қарай көшіп жүреді. Әдет-ғұрпы хұндарға үқсайды. Бұл елде жылқы көп, байларында 4 — 5 мыңдан болады. Халқы қайсар, батыр келеді. Ұрықарасы көп. Ең күшті мемлекет. Бұрын хұндарға бағынышты болғап, кейін күшейді де, оның сұрауынан құтылып, оған бағынбайтын болды. Шығыс жағы Хұндармен, батыс, солтүстігі Қаңылымен, батыс жағы Ферғанамен, онтүстігі қалалық мемлекеттермен шектеседі. Әсіл, сақтар қонысталған орын еді. Иузилер сақтардың жеңгешенең кейін, сақ ҳалқы оңтүстік жағындағы Шуан-дызды (қазіргі Кашмир, Балтистан — Болурды) басын отіп, көшіп кетті. Ал Иузилер сақтардың жерінде ірге тенітті. Кейін үйсін Құлібі Иузилерді соққымен жеңді. Иузилер батысқа көшіп Бактрияны бағындырды. Үйсін оның жерін иелеңді. Сондықтан үйсін сліппің құрамында сақтар мен иузилер бар деген деректен-ақ Елсау баба билік еткен ежелгі үйсін мемлекеттің қандай болғашын аңғаруға болады.

Шығысы Қытаймен шектелетін Алтай, Алатау, Қаратай алқабын алғып жатқан, іргесі біздің заманымыздан бұрын қаланған Елсау би басқарған үйсін мемлекеті талай құгын-сүргін, шапқыншылықты басынан кешіреді. Ол оқиғалар тарихи-шежірлерде, әсіресе, Қытай жылнамаларында ыгеріде жазылған. Біз ол жағынша тоқталмаймыз. Елсау бидің ғұмырнамасынша пазар аудармақпаз.

Елсау бабамыз үйсін мемлекеттің слу жылдағы астам билік жүргізген. Әр тарағанда бытырап жүрген үйсін жүрткы-

ның басын біріктіріп, үйімдастырып («Үйсін» деген сөздің өзі «үйісін», біріксін деген сөзден шықса көрсек) ірі мемлекеттер Қатарына жеткізген. Үйсін жұрты мал шаруасымен, әсіресе, жылқы өсіруден өзге елдерге қарагаңда озық болған. Кейіншірек егін егумен шұтылданған. Қол өнер, темір, шойын қорыту, қыш құто, құмыра, ыдыс-аяқтар жасау өнерімен, зергерлікпен айналысқан. Мұның бәрі археологиялық қазба-зерттеудерде дәлелденген.

Елсау бидің бес әйелі болыпты. Сол бес әйелден 23 бала өсіп, ер жетеді. Эр қайсысы ру-ру болып Алатау, Қаратай атырабын алып жатады. Аргын жұртынан алған Үмай бәйбішенің өзі 13 құрсақ көтергегі.

Елсау би түңгыш баласы Нұлыны көрші елді билетуге таққа отыргызыбак, болғапда, одан өзі бас тартып, орнына Дұлы інісін ұсыныпты. Дұлы әкесін де, ағасы Нұлыны да өл-өлгенше сыйлап өткесі. Олардың айтқанын болжыппай іске асырып отырган. Елді дүрыс басқарған. Ағасы Нұлы 22 жасында қайтыс болған. Одан Абыл, Албай, Азық, Санжар (Жоңшы би) деген төрт үл бала қалады. Олар өсе кесе Абылдан — абыл слі, Албайдан — албан елі, Азықтан — азық слі таралады. Кейін сол ұсақталып кеткен үш елдің басын Санжар би біріктіріп іргелі елге айналдырады.

Елсау бидің жасы 73-ке толғанда көршілес Қытай ханы опы Шайжан деген сұлу қызына шекелеп қосады. Мұндайғы мақсат — үйсін мемлекетімен қарым-қатынас, сауда-саттық, алыс-беріс жасап жақындаса беру, сейтіп, бірге бірте үйсін еліңе ұстемдік жүргізе бермек еді. Қытай ханының бұл мүддесі іске аспайды. Өзі қартайып қалған 5 әйелі бар Елсау баба Қытай қызы Шайжанды Санжар інісіне шекелеп қосады да, еншісін бөліп береді. «Үйсіннің бас би! Елсаудың отқызынан басып отырып, өз билігінді жүргізіп, айтқалымды істетемін!» деп келген Шайжан арманына жете алмай. Құса болып 5 жылдан кейін қайтыс болып кетеді.

Ежелгі шежіреге қарагаңда Елсау бимен Майқы би Мәнұлының арасы 7 ата болып шығады екен. Оларды Тауасарұлы Қазыбек бек «Тұп-туқияннан өзіме шейін» деген кітабында билай таратады: Елсау — Абыл — Қайыр — Бақ — Тақ — Мән осылардың бәрі де өз халқының қамын ойлаган, олардың бірігіп ел болу жағына көп еңбек сінірген әруақты бабалар болып етілті.

ОҢҚАЙ БИ

Оңқай би Дұлыұлы б.з.д. 93 — 60 жылдар аралығында үйсін мемлекетінен билік құрган ежелгі баба билердің бірі. Оңқай би Елсау бидің ишмересі. Оның туысы Жөнші би де Елсау бидің ишмересі еді. Оңқай бидің улы Юал — Гүй мен Жөншінің баласы Нәби де әкелерінің билік дәстүрін жалғастырган айтулы билер болып өткесі.

Оңқай би зор тұлғалы, өзі батыр, көп сейлемейтін, сейлесі қалса аз сөзбен көп ойды түйнідеп, тұжырымдайтын ғұлама ақылды, мінезі салмақты, адамгершілігі зор ел иесі болыпты. Ал, Оңқай биге Қарағанды оның Қытай елінен алған бәйбішесі Жис-ю айла-тәсіл мол, ылдыым-жылдым шешен сөйлейтін, елді өзіне үйріп әкететін сиқырлы қасиеті бар әйсл екен. Оңқай бидің алдына келген ішкі-сыртқы ел мәселесін көбінесе Жис-ю ханым шешіп отырган. Эріне, ол ел мәселелерін жалғыз өзі шешпеген. Оның қасында ақылшы кеңесшілері, көмекші, құтушілері болған. Жис-ю Қытай ханының ерке әрі беделді қызы еді. Сондықтан да оның басты мақсатын Үйсін мемлекетін Қытаймен достастыру емес, көрші Хүн елімен жауықтыру. Оңқай биді оларға қарсы айдалап салу, малын талап, жерін тартып алу еді. Жис-ю ханым осы мақсатын жүзеге асыру үшін Үйсін мен Хүн сипат арасына от Қойып өшіктіре берген, талай согыстардың се-бепкері болған. Бұған дәлелдер көп. Бұл жерде ол соқтығыстарды атап жатпай-ақ, қояйық.

Оңқай мен оның бәйбішесі Жис-ю ханым өздеринен тутан үш үл, екі қызын ел билігінде араластырады. Оларға жөн-жосық үйретіп баулиды. Эсіресе, Дәмеш деген қызы өнер, білім, жолына түседі. Ою-өрнектің шебері. Әкесінің қоластында үйсін елдерін аралап өнер, білім үрігін се-беді. Көптеген шәкірт өнерпаздар тәрбиселен өсірелі. Дәмеш қыздар қалған сол өнер, білім өнеге үйсін үрпақтарына мәінгі өлмес мұра болып тараптады.

Оңқай бидің үлкен улы Юалы-Гүй, улы Құнби, ал оның інісі Өжет би Қіши Құнби болып үйсін елін екі жақташ билеп тұрады. Үйсін мемлекеті осы бір мезгілде бейбітшілік, тыныштық аясында өмір сүрген.

Үйсін мемлекеттің әуелгі бас би Елсау би мен Оңқай би және олардың заманы туралы бұл деректерді ежелгі Қытай тарихшысы Бань-Гудің «Ханнама, батыс өір шежіресі. Үйсін мемлекеті», Шығыс Түркістандық тарихшы Нығмет Мыңжатайұлының «Қазақтың қысқаша тарихы», Қытай жылнамаларынан тәржімалаган Нәбихан

Мұқамедханұлының «Тарихи зергітеулеріне» сүйеніп жаздық.

МАЙҚЫ БИ

Майқы би Төбсійұлы 1105—1225 жылдар шамасында гұмыр кешкен қазақ халқының тәбес би болған. «Түтел сөздің түбі бір, түз атасы Майқы би» дейтін Қанатты сөз арқылы атадаı балаға тарағып келс жатқан Майқы би бабамыз түйінді дағалы сөздің де, би біткеннің де көш басшысы болса керек. Тарихи деректерге Қарағанда, ол бір ғана қазақ жүртішінің емес, бүкіл түркі тұқымдас халықтардың бас би болғанға үқсайды. Соңдықтаң да оны түрік тұқымдас елдер, әсіресе татар, башқұрт, Қарақалпак, өзбек халықтары бас біліміз деген санаған.

Ежелгі шежіре бойынша екі Майқы би болған тәрізді. Белгілі жазушы Балгабек Қызырбекұлы бұл жөнінде былай жазады: «...артына өлтірмейтін сөз қалдырган — сол XII ғасырда өмір сүрген Майқы ма? Қоңс көздерден, ата-баба, жеті пустыдан қалған шежірелерге келсек, қазақта екі Майқы болғаны байқалады. Оның екіншісі — осы мақаланың авторының өзінен санағанда қырық біриші атасы, яғни Шыңғыс заманындағы билік құрған Майқы. Егер біздің қолымыздагы атадаı балаға мұра болын, дүниедегі ең ардақты құжаттай құрметтесіп, жатталып келс жатқан әулет шежіресін тілге тиек етер болсак. XII ғасырда жасаған Майқы (Майып) өзін Ұлы жүз сапайтын бірақ қазақтың атасы. Жалмамбет (Ақүйсі), Жарияшаш (Қарағайсін), Түркештің (Сарығайсін) әкесі, Бәйдібектің атасы.

Ақұлы Майқы (Майып) іштеп бір аяғы кем туган да, ақсан жүрестің адам болған. Туа кембагал адамға төрт мүшесінің бірі кемістіктең Майып аты берілген. Кейін Қатарышан асып туган басында бағы, астында тағы бар, яғни Шыңғыс ханшының оң тізесін басқаң адамды қазақтар Майып дең кемітіп атауға аузы бармай, бүрін өткен, аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермеген, қаусырма жақ, қызыл тілге келгенде алдына жан салмаған — осы Майыптың оң сегізінші бабасы — Майқының атымен атап кеткен. Демек, XII ғасырда жасаған Майқы (Майып) мансап иесі, бірақ сөз иесі емес. Бұдан, әрине, Майқының қазақ халқының алдында өткел еңбегі, мансапты дулы — бас уәзір болғандығын жоққа шығаруга болmas.

Ал, артына ел вузында сөз қалдырган, ел билеген кессем, басынаң сөз асырмаган шешен Майқы Мән баласы. «Аргы атам Абыл, Қайыр, Бак, Таң, Пәр, Мән» дег Жамбыл жырлаган Абыл, Қайыр, Бак, Таң, Пәр, Мән — міне, бұлар Майқышың аталары — Жамбылдың да бабалары. Қазіргі оның үрпагы Майқыдағы 58—60 атада түр скен. («Ақ тәлі», 9 тамыз 1990 жыл).

Ежелгі тарихи Raшид ад-Диннің «Джами ат тауарих» деген сіңберінде екінші Майқы би Шыңғыс ханының оң қол ақылашысы, Шыңғыс хан өзі жорыққа шыгарда оны өз орнаша қалдырып кететін сенімді бас би болғаны, дау-дамай содан шешімін тауып отырганы көрсетілген.

Шыңғыстың баласы Жошы хан батысқа жорық жасағанда Майқы биге монгол әскерінің оң қанатын сеніп тапсырган. Талай жеңісті баставаған батыр болған. Сол оң қанат — Дешті Қыпшак слінің ұлан-гайыр аймағына билік жүргізгеге. Осы дерек монгол жылнамасы «Алтын топшыда» да жазылған.

Шыңғыс 1206 жылы ұлы хан аталағанда оны құрметтеп, төңірегіндегі елдер құтты болсын айтып барыпты деседі. Бұл жөннінде ұлы Абай былай жазғағ: «...монголдан Шыңғыс хан шыққанда, қазақтар құтты болсынға барыпты. Бірақ қай жерге барғанын мәғлұм емес, сейттес де осы Шыңғыс тауында, әскері Қарауыл өзенінің бойында жатып, ол екі рудан ол екі кісі монголдың оң әзіні бойынша «хан» деген үлкен бінктің басында ақ, киізге Шыңғысты отыргызып, хан көтергеге дейді. Тауының Шыңғыс аталаған, бінгі Хан аталақ себебі де сол болса керек.

Сол он екі кісінің бірі қазақтың Майқы би деген кісісі екен. «Түгел сөздің түбі бір — түп атасы Майқы би» деген мақал болған. Майқы би сол кісі скен. Шыңғыс аламандыққа атташып, әскер тартып шыққанда әскерінің кебі татар екен дейді. Оның себебі, монгол өздері та-тардай ассыздық, сусыздыққа, ыстық-сұыққа шылдамды болмаса керек. Қазақтың согысқа жарагарлық адамы сол Шыңғыстың әскерінде қосылып, бұларды Шыңғыс хан өзінің Жошы деген үлкен баласына билетіпті».

Майқы би кезінде қазақ халқының бірлігін сақтап, біртұтас ел болу жолында алғашқы ұлыс бірлігін құруда көп сіңбек сіңірген қайраткер. Оның бұл қызметі жөннінде айқын, әлгімелер аз емес. Тарихи сіңбектерде, энциклопедияларда Майқы бидің сол азаматтық сіңбектері то-

лыгырақ жазылмағанмен аздап аталып келеді. Мәселен, Қазақ, әңциклопедиясында былай жазылты:

«Халық аңызында — Майқы би (екінші Майқы) Орманбет би өліп, он сап ногайлы елі бүлінгенде қазак ұлысын құрган тарихи қайраткер бейнесінде сипатталады. Майқы би қазақ руладын үш жүзге («жұз — арабша «бөлік», «бөлім») топтап, Үйсін бастаған бөлікті Ұлы жұз, Қабан ұлы Болатқожа бастаған бөлікті Орта жұз, Қоғам ұлы Алшын бастаған бөлікті Кіші жұз деп атады. Ногайлы хандарының бірі Қызыл Арыстанның баласы Ахметті (Алаша хан) Үлттауда Үш жүздің ханы ғып көтерді. Ол ұлысқа кірген 40 руга таңба таратып, таңбаны әр рудың негізгі ерекшелігіне қарай белгіле迪. Ұлыста бірінші туды үстаган, Үйсінге «Жалау», ортада жүретін Аргынға «Көз», жаута алдымен шабатын Алшынға «Найза» таңбасын берген. 40 рудың таңбасын жартасқа қашатқан. «Таңбалы тас»—«Майқы таңбасы», кейін жер атымен «Нұра таңбасы» атаптаған». (7-т, 384-бет).

Әңциклопедияда жазылған осы мәліметті тағы бір аңыз былайша толықтыра туследі: Қырық сан Қырым, отыз сан Рум, он сап Оймауыт, тогыз сап Торғауыт, он сан Ногайлы бөліншіп, Ормайбет би өлгендеге Ногайлы Қоғам, Қобан және Майқы есінді белгілі аталар болыпты. Майқы тогыз ханды қолышан таққа отырғызылған бас би екеи.

Қырымшаш келіп Бұхарада хандық құрып тұрган Қызыл Арыстан деген хашшаш бір тұтқыш күң эйел үл табады. Оның тұла деңесі алапаш болады. Соны перзентсіз бәйбінесі ханға «Бұл балалыңың көзін құрт, құртпасаң ескенде еліңді ала тайдай бұлдіреді» дейді. Хан бәйбінесінің күпідестікпен айтқан сезіне иланып, әскершесін қырық жігіт бөледі де: «Мына баланы тапқан шешесімен Сырдариядан өткізіп тастаңдар. Өлсе өлер, өлмесе өзінше күн көрер. Шешесі де, бала да мұнда қайтып келмейтіп болсын, өздерінде де бостаңдық»,— лейді.

Қырық жігіт Сырдариядан өтіп, Қаратау өңірінде аң аулап жүреді де, ессеңген соң баланы бір жерге экеліп тастайды. Балага аң аулап жүріп Майқы бидің баласы Үйсін кез болады. Бірақ, бала оған ермейді. «Кімсің» деген сұрауыша бала жауап та бермейді. Үйсін далада көргеншін әкесінен айтып келеді: «Бір ағаштың түбінде отырған баланы көрдім, ай десе аузы, күп десе көзі бар. Көрген кісі қызығардай. Жалғыз айыбы тілі жоқ»,— лейді.

Майқы:

— Оған месі апарыңдар, месі сөйлесіп көрсійін,— дейді. Майқы барса, бала оны көргеншің-ақ, орнышап атып тұрып:

— Ассалаумагалейкүм, хан біткеңнің қазығы, бұқара жүрттый азығы!— деп сәлем береді.

— Ұғалейкүмәссәлем, балам, әмсіде аман бол! Болайшы деп тұрган үл екенсін, жүр маған ер?— деп, оны аулыша ертіп әкеледі. Өкіл бала етіп: төбел бис сойып, төменгі сләді, жорға бие сойып, жогарғы сләді шақыртып, той қылады. Той тарқасымен «ердің ері, егуедің сынығы» деп қасына бел баласы Үйсін бастаған жүз жігіт қосып беріп, жолға аттаңдырады.

— Қарататудан асып әрі қарай жүре беріңдер, алда-рынан Ұлытау, Кішітау дейтін таулар, Қаракеңгір, Жездікенгір деген өзен-сулар кездеседі. Сол жерлерге барып, ірге теуіп орнаңдар. Ақ, найзаның үшымен, ақ білектің күшімен ел-жүрт болуды ойланыңдар. Құлдердің құнінде осы бала хан болады, сендер қарашасы бола-сындар,— деп Майқы батасын береді.

Жүз жігіт Қарататудан асып, Ақтау, Ортаудың басын, Шу, Сарысу өзендерін кесіп етіп, Майқы бидің айтқаң жерлеріне жетеді. Орынға бастайды. Бұлардың лабысы Қызыл Арystанға жетеді. Хан:

— Менен қалағанын алышп, баламды өзіме қайтарсын,— деп Майқы биге кісі салады.

Хан баламды қайырсып деп қоймаган соң, Майқы би Қогам ұлы Алшынды басшы етіп, Ұлытауга жүз жігіт жібереді. Жігіттерге басшы, ақылшы болсып деп оларға он қария қосып береді. Бұлар қайтпай қалады. Екінші рет тағы жүз жігітті жұмысады. Олар да қайтып оралмайды. Үшінші рет тағы екі жүз жігіт жібереді. Олар да сөйтеді. Бәрі де Майқы би өкіл бала стіп өсірген Ахметтің ықпалынан шыға алмай, соның қарауында қала береді. Адамға адам, елге ел қосылып, аумағы кеңеңе береді. Енді сол елдің халқы Ахметті Ұлытауда халқ көтереді. Кейін ол жауынгерлігімен Алаша халқ атапады. Халдық жауынгерлік уақытта айнала қоршаган жаудың ортасында Құрылған ел болғандықтан әр жүздің жорықта атқаратын міндетті, жауынгерлік ұранын белгілеп береді. Осының бәрі Майқы бидің ақылшымен іске асып отырган.

Майқы би 120 жасқа жетіп дүниес салған дейді. Елгс еткен Қызметімен қатар қазақтың шешеніндік сез өнерін бастаған айтулы шешен, бас би болған.

* * *

Шыңғыс жас кезінен-ақ, дала кезіп орманп аралап кете береді екеп. Ол бір жолы садақ тартып, аң аулап жүріп, таудаң құлап аяғы мертігеді. Жігіттер іздең жүріп оны орманп ішінен тауып алады да. Қол арбага мінгізіп, үйнене апармақ болады. Сол жігіттердің ішінде Майқы да болса керек. «Екі ақсак, бірге отырайық» деп ол да арбага мінеді. Өзгелері екеуін сүйретіп, Шыңғыстың ұлкен шешесінің үйнене жақындаиды. Есік алдына келгенде әлгі билер: «Шыңғыстап соң үйге кім кіреді?»— деген сөз шығарады. «Менің жасым ұлкен» десс, енді бірі «Мен бимін, жол менікі» деп таласады. Бәрі Шыңғыстың аузына қарайды. Шыңғыс Майқыга қарайды. Сонда Майқы: «Әдетте, арбага жегілген өгіз есік алдыңда қалып, оны айдаған адам үйге кірмеуші ме еді?»— депті. Майқы осылай сөз табады, әлгі билер есік алдыңда қалады. Майқы Шыңғыстың қолтықтағ үйге енеді. Ормандағы болған жағдайды баян қылады. Со даң былай қарай Майқы жас болса да, бас би болып, Шыңғыстың оң жағында отырып, ел басқарады.

Бұл ел аузында айтылып жүрген сөз. Осыған үқсас аңызды Г.Н. Потанин де өзінің «Қазақ-қыргыз және алтай ертегілері мен атыз, әңгімелері» деген еңбегінде (57-59 б.б.) көлтірелді.

* * *

Майқы би жүзден асқан шағында дүниес салады. Бүкіл Деншіл Қылышақ жүрті оны ақ, жуып, арулап қояды. Жылының атап, еске гүсірген соң, сол өтірдің өзге билері төбе билікке таласып, біріш-бірі сөз асырмак болады. Бұрын Майқы би айтып кеткесіп билік, шешім жарғыларды олар өз аттарынан айтып тарата бастайды. Бір жолы Бәйдібек батыр аулында бір топ би бас қосып, екі ел арасындағы дауды қарамақ болады. Олар бірнеше күндер айтысып тартысады. Кіз үй сыртында билер тартысып тыңдарап отырган әр тарағандағы келгендер «біздің елдің биі былай деді», «сіздің елдің биі солай деді» деп, әркім өз биін көтермелеп, дәріптеп жатады. Сонда Майқы бидің алдын көріп, сөзіп тыңдаган бір көне көз қария:

— Сендер несінде таласасыңдар? Бұл кешегі Майқы би жарықтық айтып кеткен жарғы сөз рой. «Түгел сөздің тубі бір, түп атасы Майқы би»,— деп орнынан тұрып жүре берілті.

* * *

Мұндағы кесімді ақыл, шақыл, қанатты сөзді одаң кейін
де талай дуалы ауыз айтуы мүмкін. Майқы би айтыпты
дейтін мақал, шақылға айналып кеткен! Сондай атала
сөздің кейбіреулері мынашар:

Алтау ала болса, ауышдағы кетеді.
Тертеу түгел болса, төбедегі келеді.

Хамбың ғиң ақылды болса,
Қара жерден кеме жүргізеді.

Ақ білектің құшімен,
Ақ наизашың ұшымен,
Ел болуды ойланадар.

Би екеу болса, дау төртеу болады.

Құлакқа жағымсыз жамаң дәз айтқапша.
Жүрекке жылуы бар отты сөз айт.

Дауыл болмай жауыш болмас.
Даулы болған қауым болмас.
Егіз ешкі сауыш болмас.
Екі жалқау ауыл болмас.

Естіге айтқан тұра сөз,
Шыңға тіккен түмен тей.
Есерге айтқан тұра сөз.
Құмға сіңгеп сүмен тей.

-
Жаман ерек жар қадірін білмес.
Жайсыз әйел ер қадірін білмес.
Жалқау адам тер қадірін білмес.
Жетесіз жігіт ел қадірін білмес.

Аспан ашық болса,
Күн шуакты болады.
Хан әділ болса,
Халық ынтымакты болады.

Үәзіріне сырны алдырган хан,
Қақданга түскен аїц.

Хан қарашасыз болмас,
Ұрыс арашасыз болмас.

Хан борышы жорыққа ту көтеру,
Сарбаз борышы туға еріп жан беру.

Таста тамшы жоқ, ханды бауыр жоқ.

Ақының қыран қартайса,
Жас жағалтайдаң тепкі жейді.

Халқыңды билеместен бұрын, өз ордаңды биле. Ордаңды жұмыған жұдырықтай берік үстасаң, халық ешқайда қашпайды.

Хатт өздігінен өлім жазасып қолданбасын.
Өлім жазасып халық өзі шешетіп болсын.

Хатт — халықтың қазығы.
Қараша ханың азығы.

Парақор биге ісің түспесін.
Сараң үйге кісің түспесін.

Момыштың ақысы зәлімге кетпес.
Кетсе де ұжынқаққа колы жетпес.

* * *

«Кімнен кім туады» деген сұраққа Майқы би былай деп жауап берілті:

Тұлпардан тұлпар туады.
Сүңкердан сүңкар туады.
Асшадан асыл туады.
Жалқаудан масыл туады.
Масылдан мал бақпас туады.
Тілазардан қылжақбас туады.
Тәзден жарғакбас туады.
Сараңдан бермес туады.
Сокшардан көрмес туады.
Мылжыңдан сәзбе туады.
Қылымрадан кезбे туады...

Осы бір Майқы бабамыз айтып кеткен түбі бір түбірлі сөз сол заманшын бері атадан балаға мирас бол айтылып келеді. Бұл нақылдарды содан бері талай ақын, жырау толғау, термесініс өзек етті. Талай шешеш, билер тіліне тиек етті. О баста ұзақ толғаған ата сөзі талай өзгерді, талай жөндеделді, талай қысқарды, талай үзарды. Эркім өзінше айтып жүрді. Сондықтан да бұл нақылдарда нұсқа көп. Беріде бәрі халық нақылы бол кеткен. Десек те, «Тұғсса сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деп халық шығарған мәттел сөзді қайталап айта береміз.

БӘЙДІБЕК БИ

Бәйдібектің туган жылы туралы дерек әртүрлі. Қазыбек бек Таусарұлы «Тұп-түқиянилан өзіме шейін» (1993 ж) атты кітабында 609 ж. туып, 86 жасында қайтыс болған десе, жазушы Еркінбек Тұрысов

«Бәйдібек» (1992) деген кітапшасында Шыңғыс ханының (1224 жылы) Алатаудың Құланбасы деген баурайында құрылтай өткізгенді, сол құрылтайға бара жатқан ханының улы Жошы ханының үйсін, сіргелінің бір топ билерімен кездескені, осы кездесуде Бәйдібектің інісі Байұлының баласы Айшықел бимені Бәйдібектің Жалмамбет деген баласының бірге болғаны жазылған. Автор осылай дейді де. Бәйдібекті Х — XI ғ.ғ өмір сүрген деген шамалайды. Ал, атакты Төле бидің көзі тірісіндегі 1713 жылы Та什кентте шыққан «Діннат анапың гұмыры», Аққұс Сатыбалдыұлының «Діннат маманың тарихы» (1841 ж.), Маратым Сырлыбайұлының «Бәйдібек батыр тарихы» (1924 ж.), шежіре-кітаптарында, одан берегіректе Даниятарбек Дүйсенбаевтың «Домалак ала» (1991 ж.) т.б. зерттеуші дамолла, ғалымдардың шежіре, еңбектерінде Бәйдібек бабаны 1356 жылы туып, 1419 жылы қайтыс болған деген көрсетілген. Біз осы соңғы деректерге сүйендей. Сонымен, Бәйдібек Қараашаұлы 1356-1419 жылдары шамасында гұмыр кешкен қазақтың атақты би әрі батыры. Экесі Қараша да, бабалары Бабыралы, Майқы, Тебей, Кейкі, Бактияр борі өз заманында би, әулие абын, батыр болып өткен. Бәйдібек атышулы Ақсақ Темірмен (1336-1405) замандас, тұстас, қызыметтес-ті. Өзінің жақын туысы қазақтың дағы философы Асанқайғы аталып кеткен дағы жырау Асан Сабитұлынен (1361-1370) сырлас-мұндаст-тын.

Ол 1356 жылы Та什кент шаһарында туған. Жаугершілік кезінде үш жасынан әке-шешеден жетім қалады. Ағайындардың қолында жүріп, есейе келс үйсін Шыңғас деген байдың жылқысын бағады. Тәжірибелі жылқышы, ат бапкері, мерген, сайыскер, көкпаршы доданаздардан әбжілдік, батырлық дәстүрді үйренеді.

Бір күннің өзі бағып жүргең үйір-үйір жылқыдан қырықшақты қысырақ ауа жайылын жоғалып кетеді. Шыңғас бай қаһарланып:

— Сол жоғалған жылқыны таптай қайтпа! — дейді.

Жылқышы бала сонымен қырық қысырақтың үйірін іздең кетеді. Қаратая шатқалдарын шолады. Кездескен адамдардан, ауылдардан сұрайды. Ешкім «көрдім, білдім» демейді. Мойынкүм жағына өтіп шөл даланы көзеді. Құндер өте береді. Бала шөліркейді, аты болдырады. Бір сексеуілдің төбесіне түсіп, атын шалдырады. Өзі жаңқалтасында қалған бес молта құртты қаужайды. Кеш батып Қарағызық түседі. Балада үйкі жоқ. Елегізиді.

Әр тараптағы пыр-р етіп үшқаң жапалақтың, уілдеген үкімнің үлі естіледі. Алыстаң даға берісінің ұлығаны, одан берегіректе қарсақ. Қорқау қасқырдың шақындағанда таласқаңың құлағына келеді. Бала қорқа бастайды. Амал қанша, ол сексеуілден таяқ сыйдырып алады. Төңіректен тас жиілайды. Егер қасқыр, қарсақ жақындаса, от жақсам ба екен деп қурағаң сексеуіл жиілайды. Аты болса төңіректеп жайылып жүреді. Сейтіп отырып бала сексеуілдің түбінде қалғып кетеді. Түс көреді. Түсінді ақ, киімді, ақ, сақалды қария оған келіп, «балам, тарықла, қамықпа, Алатауга бет алып жүре берсең! Шу өзенінің бойынан жылқындағы табасың! Ал, жолың болсың, Файып Ерек, Қырық Шілтегі шылауыштан демессін! Тілеген мұратыңа жет! Аумиін!». Балада «Аумиін» десін, қолың жоғары кетерсе бергенде, оянып кетеді. Қараса, түсі екен. Қарияларша «Я, аруақ, қолдай гөр» деген үшін түргеледі. Жайылып жүрген атына барып, ауыздығын салып мінеді де, күп шынықса қарай жүре береді.

Ат үстінде ойланып келеді. Көрігсін түсін өзінше жориды. Кеше Қарататудың теріскей жотасындағы Жылымбұлақ басынан жетіп, қарт қойшының үшінші барғанды, әлгі қойшы:

— Анау түрган Жылымбұлақ басындағы саганаада Баба Тұкті Шашты Әзіз әулие жатыр. Әзің жетім бала екенсін. Басынан барып дүрақтың садақаңды беріп қайт. Жүр, мен ертін бәрайын,— деген. Екеуі Саганаға барып тізсін бүккесін. Қарт қойшы «Құлқуалланы» үшін қайырып бата қылаған. Бәйлібек бала орамалының шетінде түйіп, бой түмірдай сақтап жүрген жегі тсіңгесін құдайы садақа стін, Саганаңың есігінен тастаған. Сейтіп екеуі «Баба Тұкті Шашты Әзіз әулие, қолдай гөр» деген қайтқан.

Мидай далада құмды кешіп келе жатқан Бәйдібектің ойына осы жайлар оралады. «Түсімде менің жебеп жүрген ақ, киімді, ақ, сақалды кісі — сол Баба Тұкті Шашты Әзіз әулие екен гой. Я, бабам, жарылқай гөр» деді де, ол атын қамшылай түсті.

Күп жүрді, түг жүрді, ертегінде ол Шу бойына жетті. Қалың қамыс арасынан жылқысын тауып, айдаған шықты. Еліне жетті. Жылқысын көргенде Шынтаң бай әйелі үл тапқаңдай қуапды. · Бәйлібек балалының арқасынан қатып:

— Жарайсың, балам, жогалғаң табылады. Етсек жабылды. Біз сенен Қорқып отыр едік, қолды болды ма дегі. Әйтегір жылқы да, өзің де аман келдің, — деген оған риза болты.

Кояп жылыш қыс қатты болып, мал жұттай бастайды. Шыңтас бай пе істерін білмей сасады. Бұл кезде Бәйдібек оң бес жасқа толған еді. Ол күн-түн жылдық ішінде жүреді. Шыңтас жылқышыларына бәрады. Жылқысын аралап көреді. Үйір-үйір жылқылары Қаратаудың бектеріндегі қалың қарды тебіпдей, қара жусанга жайылып жатады. Қартайдары арықтап, жылқысының мазасы кетіп қалғанын көреді. Әлі алда үш ай қыс бар. Қалай болар екен? Мыңғыргаш жылқыдағы жүрдай болып, құрық үстап қаламыз ба? Көне, не ақылдарың бар? — деген жылқышыларына сез салады. Жылқышы шал айтады:

— Жылқыңызды Ташкент, Түркістан базарынша айда-тып сатыңыз. Ақшасын жамбасқа басыңыз. Келесі жылдың қайтадағы жылқы сатып алып, орнын толтыра саласыз.

Әлссейт деген орташы жылқышы айтады: — Жылқышыңызды әр үйге бестен, оннан бөліп беріңіз. Олар өз малындей қарап, аман алып шыгар.— дейді.

— Байеке, егер мағаң тапсырсаңыз.— дейді бала жылқышы Бәйдібек,— жылқыңызды түгелдей Мойынкүмға қыстатаип шыгар едім... Ана жолы жогалған қырық, қысырақты іздең Мойынкүм жайлауын түгелдей аралап шықтым. Соңда малын қыстатаип жүргеш жылқышы, түйеші, қойшылар: «өзге жерде мал жұтасада, бұл Мойынкүмдә мал жұтамайды. Жел деген болмайды. Қар жұқа түседі. Мойынкүмнің жусаты, изені, шеттігі, жыңғышы, сексеуіл, шеңгелі қапша жайылса да жетеді»,— деген отырган.

Шыңтас бай Бәйдібек сөзін құптап, былай дейті:

— Бәйдібек балам, мен сагағи сенемін, сенің тегін емес екеніңді білемін, жылқымды талай рет барынташыдаї, борандаї аман сактап жүргеніңді қалай ұмыттайын. Ал, ықтияр өзінде, сагағи ерік бердім,— дейді. Сонымен Шыңтас байдың бір мың бес жұз жылқысын үшік бөліп, оншакты жігіт Мойынкүм жайлауына қарай айдайды. Сөйтіп құмның ең үйікты, шұрайлы жерін жайлайды. Бірер құнисен кейін сол еңірді билеп отырган Арыстаң би оларға бір жігітін жұмсапты.

— Барып біліп келші, қара құрымдай қаптап жатқан кімнің жылқысы екен?— Жігіт барып Шыңтастың жылқышыларына жолықса, Бәйдібек:

— Ол биге мен барып сәлем берейін. Ауа келген жағдайымызды түсіндірейін.— дейді. Арыстаң бидің

Қыстауы Қарататудың құңгей бетіндегі Қызыл Арық бойында екел. Бәйдібек кештетіл Арystan бидің үйіне барады. Төрде отырган жасы сексендерге жетіп қалған ақсақалды биге барып сәлем береді.

— Қай ауылдың баласысың?

— Үйсін Қараша бидің баласымын.

— Е, е, жарықтық Қараша бидің де, онда бізге туықсан болдың той. Әкеіді білемін. Жас кезімізде алдына барып, Қолынан талай дәм татқанмыны, талай ақыл, кеңесін тыңдағанмыны... Ал, бұл жылқы кімдікі, балам?

— Шынтас байдікі. Мен сол байдың жылқышысымыны. Биыл елімізде қыс қатты, жут болатын түрі бар. Содан ығып Мойынқұмды панарап, қыстап шыгуга келіп едік.

— Е, е, шырагым, бір атаниң баласы екенбіз. Жер нәсібі — ел нәсібі, ел нәсібі — ер нәсібі. Жер мен малдың кіндігі бір деген. Ары тур демей-ақ қояйын. Жер менікі емес, құдайдікі. Құдайдың жері бәрімізге жетеді. Еркін жайлап, қыстап шығыпдар. Ауыл мынау — келіп кетіп тұрарсындар.

Арystan атаниң бұл сөзі Бәйдібек баланың көтіліп жадыратты. Бағала жолда келе жатқағда «би қабыл көрсө дұрыс, қабыл көрмей қайтыңдар десе, қайтеміз» деген ой-кулігінің бөрін жұяп-шайып жіберді. Дастарқағ жайылды. Буы бұрқыраған дәу табақ ст келді. Бөрі дәмгес қол соңды. Ас үстінде де, одан соңын келгеш шай үстінде де би атаниң әңгімесі таусылар емесс. Біршег бірі өтеді. Тек тыңдаған бер. Кішкентайшынан әңгіме, жырға, шешен тапқыр сөзіс құмар Бәйдібек баланың құлагы Арystan атасында. Тіптеп слігіп, бар ынгтасымен үйшіп қапты. Ел обдел жатор уақытта басында ақ кимешегі бар, бес бисенің сабасындаид бидің бәйбішесі қасында шай құйып отырган қызынша:

— Қонақ балага тәргі үйге төсек салып қой-дагы, өзің менің қасында жат. Мында белі құргырды үқалап бер,— деді. Бәйдібек әңгімеге есі шығып, келгелі бері бәйбішес қызының женіді байқамапты. Енди назарын салып еді: екі көзі тағадай жалт-жұлт еткен, сұлуша бүйрек мұрыш сары қыз келбетті-ақ екен. Тесіле қарап қалған жігітке тана көзін бір жарқ еткізді де, құлімсіреген күйі орыншаш тұрып, шешесінің айтқаныны орындауга кетті. Бәйдібек ішінен «келгелі бері бұл қызға неге көніл аудармадым екен», — деді.

Сонымен қыс күні біртінде өтіп жатады. Бәйдібек өзінің жылқышы ағаларымен бай жылқысын бағып, Мой-

шілкүмді жайлап жүре береді. Көніліңде тана көз сары қызыға деген маҳаббат құштарлығы тұтапады. Енді ауда жайылған жылқыны іздеген болып, кейде қашқаң қасқыр, тұлқін індесткең болып Арыстаң би ауылына барғыштай береді. Тұстеніп, қона жатып, би айтқаң қызықты ақыз, шежіре әлгімелерді тыңдайды, оқашасын тауып сары қызыңын сырласады. Қыздың аты Гулжамал еді. Оны әке, шешесі, аға, жеңгелері еркелетіп «Сары қызы» дейді екен. Бәйдібектің сары қызыben көңілдес, бір-бірін үнітап, сырласып жүргеппін шешесі де, әкесі де сезеді, бірақ шеккі көрмейді. Қайта жирик кездесіп, бір-біріне үйір бола бергенін қалайды. Эсіресе жеңгелері көп дәнекерші болады.

Бір күні Арыстаң би:

— Балам, сағат ықыласым тұсті. Еліңде құда түсіп, сөз сөйлерін бар ма?

— Оңдай жақашып әке, шеше менде жоқ, өзіммен-ак сөйлессе беріңіз.

— Еңдеше Сары қызы скеуіңе отау тігіп берсійіп, осында қалсаң қайтеді?

— Ақсақал, отау дегеніңіз жөн, бірақ мүнда қала алмаймын гой. Жетім болғанынмен, менде де ел бар, жүрт бар. Ауылга барайып, ағайып-туыспен ақылласайын. Көп кесікпей қайтып айналып соғайып.

— Жарайды, мұның да жөн екен.— Арыстаң би мен Бәйдібек баланың алғашқы келісімі осы болды.

Наурыз айы жақында, қыстың ызғары қайта бастайды. Жылқышылар жылқысын еліне беттетіп айдай жаяды. Бірнеше күн дегенде олар еліңе жетеді. Шығтас бай жылқысының мұрты бұзылмай аман-есен оралғапына қатты қуашында. Жылқышылар Мойынқұм жайлауыш қыстал шыққанын, ол едің Арыстаң деген биінің көрсектен аталақ Қамқорлығын, тіптен Бәйдібекке жалғыз қызынын бермек болғанын жырдай қызып баян етеді. Сонда Шығтас байдың Бәйдібекке шын мейірі түсіпти:

— Бәйдібек балам, түсіндім, бәрі сенің арқаң. Жайлы өріс тауып жылқымның тай-тулағыша дейіп сондай қаһарлықтың аман қалғаны тек сенің ақылың. Сен әсік алдыңда жүрген құлым едің, енді ақылды үлым болдың. Қасыңа бір қария, оған жігіт қосып, алдыңа жүз жылқы салып берсійіп, Арыстаң биге бардағы қалыңдығында алып қайт!

Осылайша Бәйдібек Арыстаң бидің еліңе барады. Би елінің тайлаш-таяғы жишиліп, Сары қызды үзату тоғын

жасайды. Ақындар айтысы, бәйге, қыз күү, курсес, жамбы ату дейсің бе, барлық салт, дәстүр өтеді. Сөйтіп, Сары қыз жасау-жабдығы, бәсіре төлімен келін болып туседі. Шылтас бай да Арыстан бидең қалмаймын деп барып салып той өткізеді. Беташар, жар-жар жырланады. Бәйге, кеклар беріледі. Елі-жұрты Бәйдібек пеш Гүлжамалға ақ отау тігіп, енші береді. Бәйдібек өзінің ақылды, тапқырлығы арқасында жалшылықтан, жоқшылықтан құтылып, ел қатарына қосылады. Көп кешікпей елі оны би етіп сайлап алады.

Гүлжамалдан Байтоқты деген үл, Алтын деген қыз туады. Байтоқты он сегіз жасында керей жұртының Ұшан деген қызына үйленеді. Келесі жылдың көктемінде таудың қуысында отырған бес-алты үйді мал-жанымен бір түлде таудың тасқын суы алып кетеді. Солармен бірге Байтоқты да үй-мұлкімен опат болады. Соның алдындағы тәркініне кеткен Ұшан аман Қалады. Тәркінінде жүріп Ұшан үл табады. Оның атын Мұрзақазы қояды. Еліне келіген соң, Ұшан да қайтыс болып, бір жасқа толмаған боласы жетім қалады. Жас нәрестені Байтоқтының Қарышдасы Алтын ақ ешкінің сүтін беріп асырап алады. «Құдайдың берген сыйлығы» деп оны «сыйлық сары» қояды. Келе-келе ел оны «Сары үйсін» атап кетеді. Сары үйсінші — Қалша, Жақып туады. Бір шежіреде Қалша, Жақыпты Сары бәйбішесін қызы Алтыншан тутап деп көрсептеген. Ол дүрыс смес. Қазақ қыздан тутан жиенди шежірек қоспайды.

Гүлжамал (Сары бәйбіш) Байтоқты мен Алтыншан кейин тоғыз үл туыпты. Олардың барлығы экесі Бәйдібекке үқасап шетінен батыр, палуада болып өседі.

Қалша, Жақыптаң Тапай, Жанай, Жаулан (Тоқаш Бокиппің аргы аталары), Есім, Малай, Баба, Сүргінкел, Қепсерке, Қайқы, Соғыр, Сұлтаңқұл үргақтары тарайды. Қазіргі Бәйдібек бидің Сары бәйбішесін өрбігеп Сары үйсін әүлестінің депі Алматы облысының Балқаш, Құрті, Жамбыл аудандарында тұрады.

* * *

Бәйдібек бидің екінші әйелі Зеріптен Жалмамбет туады. Ол да экесі сияқты наасат батыр бол өседі. Жалмамбеттің бірінші әйелі қоңырат Қызың бидің (шын аты Мелде би) қызы Жұпар еді. Ол да жасында ереккішора бол өскен ер мінезді ана екен. Тұңғышы Шапыраштыға

жүкті боларыңда жолбарыстың жүргегінсә жерік бопты. Бұл туралы өзі былай депті:

— Жолбарыстың жүргегінсә жерік болдым. Отагасы үйде жоқ еді. Билік жұмысымен ел аралап кеткен болатын. Жерігі басылмай жүргенде, ауыл сыртынан бес-алтыншының өтіп бара жатты. Біреуі жолбарысты артына бектеріп алышты. Көзім қызып кетті. Мындаларды құдай айдал кездестірген шығар деп дереу артынан жүгірдім. Олар тоқтады. Мен жолбарыстың жүргегі керек екенин айттым. Бәйдібек батыр мені айтпай түсінді. Жігітіне айтып, жолбарыстың жүргегін алып бергізді. Үйге келіп, жүректі жарып жіберіп шоққа аунатып жедім, қара суга түсіп терледім. Жерігім басылды. Содаи Жұпаржанды тудым. Мен ол кісіге қарыздармын.— Сейтіп бұл істің түйіні осылай шешіліп, Жұпар қызы Бәйдібектің үйіне келін бол түседі. Жұпар жолбарыс мінезді, өзі белді, мықты келін бол өседі. Ел оны алапаш, жолбарыска үқсанап келін деп, кейін Мапрашты атап кетеді. Мапрашты Бәйдібек батыр үйіне келе сала еңсеріп игеріп кетеді, қызы-жазы малға да қарайды. Боранды құпідері кәдімгі қарулы палуан жігіттермен бірдей қимылданап, атасының ойынаң шығып жүреді. Кешікпей Мапрашты Досымбет деген үл туады. Оның көзі бір-біріне атысып, шапыраштанып тутан соң ел Шапрашты атап кетеді. Шапрашты да есе келе экесі Жалмамбет, атасы Бәйдібек, анасы Шапраштыға үқсан наасат батыр бол ер жетеді.

Қазақ шежіресінде Шапраштыдан Есқожа, Асыл, Айқым, Екей, Еміл, Шыбыл үрпактарын таратады. Жаңушы Балгабек Қыдырбекұлы «Алатау» (1989) романында Шапраштыдан Ыстық, Асыл; Ыстықтан Малды, Желді, Қалды; Малдыдан: Екей, Еміл; Екейдің бәйбішесінен Жәрімбет, Бейімбет; Тоқалынан Әнет, Жиет, Емілден Жайық, Алсай, Қойшыман; Жайықтан: Құл, Тайторы; Алсайдан: Қөшек батыр. Қойшыманнан Есқожа, одан Қарасай батыр. Желдіден Шыбыл, Асылдан Әжіке, Орымбет, Төке, Төлеміс, Құттымбет, одан Наурызбай батыр бол келеді.

Жалмамбет батырдың екінші әйелі Қарашаш сұлу Мапраштың ананың сіңлісі екен. Мапраш қайтыс боларының алдында күйеуі Жалмамбетті шақырып алып айтыпты:

— Мен өлген соң басқа бір елден келіншек аларсың. Ол менің артга қалған балаларымды тұртқылеп өгейсітер. Сейтіп, отбасының берекесін кетірер. Мені сыйлап тілімді алсаң, былай етерсің. Менің сіңлім Қарашаш та бой жетіп

Қалды. Сен соны ал. Ол біздің балаларымызды өгейсітпейді. Бауырына тартып, менен бетер бағып-қағады. Келіншің бұл өситетің атасы Бәйдібек те, оның әйелдері де құптаиды.

Жалмамбет өзіншің сүйікті жары Мапраштының өситетің бүлжытпай орындаиды. 14 жасар Қараашашты айттырып алады.

Қараашаш сұлу, әрі салдарлы, сабырлы, ақылды болыпты. Оның өзгелерден бір ерекшелігі үлемі өп бойын таза үстал, иіс сабынмен жуынып-шайышып, қолы-бетіне иісті этір жағып, сыланып-сыйпанып, үстіне қопынды таза асыл киімдер киіп, сәнг-салтанатпен көрбез жүреді екен. Оның бұл әдет-дәстүрі келе-келе ауылдаң Қыз-келіншектерінде үлгі-өнеге болып таралыпты. Қарияллар, абысын-ажылдар Қараашашты «Сыланды келіп», «Иісті келін» деп атайды екен.

Одан өсіп-өніген үрпақтарды «Сыланды балалары», «Иісті балалары», кейін «Иісті», «Ысты» деп қысқаша атап кетеді. Бір шежіреде Ысты руының аталуын Сыланады анатың месіт ыстал, баптап қымыз аштының солай аталып кетіпте деп көрсестілген.

Сол Қараашаш (Сыланады) ападан Ысты (шын аты Нұртай), Ошақты (шын аты Қырбай) балалары тарайды. Нұртай 16 жасында жауға қарсы ат қойып «Жауатарлап» шауып, жеңіп шыққады. Содан Жауатар батыр аталаң кеткен. Жауатардан (Ыстыдан) Космагамбет, Досмагамбет, Сызық, тарайды. Бәйдібек атасы ол пемереслерінде енші үлестіргендес Космагамбетке — ойық, Досмагамбетке — тілік, Сыдыққа — сызық еп салып береді. Содан олар Ойық, Тілік, Сызық аталаң кетеді. Ойықтағ (Космагамбет), Зорбай (Ауызаусіген), Қызылқұрт, Қекілсек, Сәтек, Тіліктен (Досмагамбет) Миңза, Ал, Ошақтыдағы Байды (Байназар), Аталаң, Қоңыр, Тасжүрек үрпақтары шығады.

* * *

Әйгілі Ақсақ Темір ханының әмірі бойынша 1396-98 жылдары Түркістан шаһарын хан ордасын етіп, Қожахмет Иассауи бейітінің басынша зәулім сағана — мешіт салдырығаны тарихтан белгілі. Бұл жылдары Бәйдібек батыр Боралдай слінің жылқылы байы әрі бін бол тұрады. Әділ билігі, кесімді, шешімді шешен сөзімен, адамгершілік, ақыл-парасатымен атырабына танылады ол. Оның Ақсақ

Темірмен замаңдас, достық Қарым-Қатышасы Ташкөп шашарынан басталғаны жогарыда айтылды. Екі дос сілі Түркістанда, Сайрамда. Боралдайда, Шаян, Бөгөн өзегерінің бойында жиі кездесіп тұрады. Бір жолы Ақсақ Темірдің Түркістандағы зайыбының үйіндес билер, бектер, батырлар, ақыл-жыраулар бас қосып әңгіме-дүкен құрып отырады. Олардың ішінде Асанқайғы жырау, Бәйдібек би болады. Ақсақ Темір қүйкентайды баптал акқұды алғанын әңгімелейді. Соңда Бәйдібектің жапында манадан бері жыр-толғауын толғап отырган Асанқайғы:

— Әттеген-ай, сұltаным, бекер іс жасапсыз! — деп бармагын тістепті.

— Неге? — депті Ақсақ Темір.

Соңда Асан Абыз:

— Ақку, — дейтін — қанатты құстың төресі, бейбіт өмірдің бейнесі. Ал, қүйкентай болса, тышқан аулайтын үсақ құс қой! Оған аққұды індіргенің биік парасатқа, әділ төрелікке, кербез сұлуғта қияппат жасағанмен бірдей емес ле?..

Ақсақ Темір Түркістан атырабындағы жұмысқа жаранды адамдарды мешіт құрылышына жектіреді. Шебер үсталарға, сарбаз жұмышшыларға жатыл үй беріп, оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуді сол вікірдегі байларға, саудагерлерге жүктейді. Осы кездес Бәйдібек мешіт тұрғышушыларға көп көмек көрсетеді. Эр жерден үй тіктіріп үйір-үйір бис, келе-келе түйе саудырып, құрылышшыларды қымыз, қымырағымен қамтамасыз етеді. Қора-қора қой айдатып сойыс, астық беріп тұрады. Сауран, Сығатақ, Атабайдарғы саз балшық, илеуші, қыш Құлошыларға сүт, қылышық жуп жеткізіп береді. Олар кіргіш сапалы шеген болу үшін сүт пей қылышық жүніді сазбалышыққа қосып илейді. Осы жұмыстың барлығына Бәйдібек өзі тікелей ат салысады. Жұма намаз сайын мешітке келіп, дүрақ оқып, пист қылады, қөріп-кәсірлерге, жетім-жесірлерге құлайы садақа, мал-мұлік киім-кешек үlestіреді.

Сейтіп жүріп ол нешігітің бас шырақшы соғысы Мақтым Ағзаммен талпысып, дос бол алады. Бәйдібек Түркістанға мал айдатып барғанда сол Мақтымның үйінсі түседі. Малын сонын әуліжай, қорасына жайғастырады. Мақтим Ағзам соғыры Қожахмет Иессауидің Гауіар деген қызынан тараған үрпақ еді. Соңдықтан да ол өзінің бар өмірін сол бабасына қызмет стүге бағыштаган нағыз иманшы соғы болғы. Мақтим Ағзамның үлі Сыман батыр

Ақсақ Темірдің әскер басы боп қызмет етеді. Ол Ақсақ Темірмен бірге талай жоршқ, шайқастарға қатысады. Алтын Орданы, Сарай шаһарының, Сарай-беркені аларда ерекше ерлік жасайды. Соңдықтан да оғы Ақсақ Темір өзінің айбылды батыры есебінде қасынан тастамаган. Эли Сыман: Үәйіс ханның апасы Нұрбикеге үйледепі. Нұрбикеде Нұрила (болашақ Домалақ ата) туады. Эли Сыман батыр өзінің қолбасшысы Ақсақ Темірмен бірге Алтын Ордага аттанарда әйелі меш жас қызының әкесі Мақтыйның қолына табыс етіп көгеді. Содалы ол соғыста мерт болып оралмайды. Әйелі Нұрбике Туркістан шаһарының түбінен ағып өтетін Қарашық өзеніне шомылып жүргендे жылан шағып өлтіреді. Нұрила әке-шешедең жастай жетім қалады. Оны атасы Мақтый Ағзам және оның бәйбішесі Зұхра Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай мәпелеп өсіреді.

Бәйдібек би шаригат, ділі, соғылышқ җағынан өзінс үстаз — пір тұтқаи Мақтый Ағзамды әйелі Зұхра, немесе Нұриламен қоса оқтып-оқтып аулыша Қонаққа шақыра жүріп, оларды Боралдайға деғдышландырады. Бірсер жылдан кейін оны көшіріп алдырады. Бала Бөгсі басына үй-жай, қора-қопсы салдырып, мешіт түргизып береді. Ташкент, Бұхара, Самарқандан молда, ишап, соғы, қағиздар алдырып, жағдай жасайды. Оларға бас имам, балаларды оқытатып молда етіп Мақтый Ағзамды белгілейді. Ауыл-аймақ балаларын жипап, оқыттырады. Нұрила да, Бәйдібектің бала-шагасы да сол мешіттегі оқып, сауатып ашиады. Есқі шежірс. хисса, шаригат кітаптарып оқып үйренеді. Сейітп, Бәйдібек би сол атыраптагы көптеген адамдарға мұсылманша жақсылық жасайды.

Бір күн Мақтый Ағзам соғы түс көріпті. Түсінде Қожахмет Иассауи бабасы аяп берілті. «Жалғыз пемере Қызыңца әулиеслік дарыны, бақ, қонады. Оның білегінен кім үстаса, сол адамға некесіп қызып қос, үбірлі-шубірлі бақытты болады» депті. Ояна кетсе түсі скеп. «Ия, құдай, осы түсінді Пайғамбар жорып, Нұрила қызының бақытты қыла ғер, аумиін!» деп, бата қылыпты.

Бұл кезде Нұрила сегіз жаста, мешітте дәріс оқып жүреді. Жылдар өтеді. Нұриланың жасы ои тәртке толғауда мүшіндей оқиға болады: бір күн Нұрила құдықтаги су алуға барады. Ол кездес суды түйе мойнақ қауғамен тартатын. Нұрила шығырды ағытып, қауғалы құдыққа

түсіреді. Шығырдың тұтқасын шиқылдатып айналдырып су тола түйе мойнақты өзіне қарай тарта бергенде, шығыр ағытылып кетіп, қаута-маугасымен Қызың терсің құдықтың тубінен күмп етеді. Оның жолда ойланп жүрген балалағының көріп, ауылға хабарлайды. Едеп бұрын Бәйдібек жүгіріп жетіп құдық тубінен еңкейіп қараса Қызың қаутадағ үстеган күйі су бетінде қалқып тур дейді «Нұрила, қаутадаң мықтап ұста, мен тартып шығарайып!» деген айқайлайды да, шығырды бұрайды. Қызың құдық аузынан жеткенде, Бәйдібек оның білегінен үстап, шығарып алады. Құдықтың мұздай сұыша тоңып, дірдектеп түрган Қызың шапашына орап, балаша көтеріп, атасының үйіне апарады. Зұхра әжесі жіліжапар болып, оған ыстық, сұт беріп, жылытып алады. Ертеңіле Түркістаннан Мактым атасы келеді.

— Шырагым, құдықтан сені Бәйдібек батыр қайтіп алдың шықты? — Деп сұрайды.

— Қаутадаң мықтап ұста,— деді. Мен үстадым. Құдықтың аузынан жақындей бергенімде білегінен үстап шығарып алды, шапашына орап, үйге алдың келді.

— Ендеше сенін сол батырга үзатамыз. Өзіңде айтып ем гой, мен тус көргемін. Тұсімде Қожахмет бабам: «Немерекің білегінен кім үстаса, соған бер, балалы-шагалы бақытты болады» дегегі.

Сол әулие-баба аял бергендей, келесі жылы Нұрила Бәйдібек біге тұрмысқа шығады. Той бірнеше күнге соғылады.

Бір күндерде Ақтайлақ, би ауыл сыртында төбенің басында отырса, көз ұшы жерде келе жатқан Жанақ, ақын екенін талып, ауылда, үй сыртында тай үйретіп жүрген балалардың ішінде өзінің кенже баласы — Сабырбайды шақырып алып:

— «Балам, анау келе жатқа! атақты Жанақ, ақынға үқсайды. Сен құрметтеп қарсы алда, бір ауыз өлец айт, Жанақ бір әбігерге түссін! — депті. Жанақ, ақынның мінгесі дәү шубар ат және бір атқа қобызын жеке артып алышты. Бимен сәлемдесіп бола бергенде Сабырбай:

Басы екегі деп ойлап ек, басып тартқан.
Ақын Жәкем екен гой өлец айтқан.
Бәрекелді көшіңнің сәндісіне,
Қараша шілген секілді байталға артқан! —

Дегенде Жанақ ақын сасқалақтап қалып, қобызды шешіп алайын деп тұра бергенде, Ақтайлық 'би:

— Жәке, үйге барғанда балалар қобызды шешіп әкеледі, әзірше мына таяқты пайдалан! — деп таяғын үстатьпты. Таяқты ала сала Жанақ:

Төменгінен келемің жоғары өрлең.
Үш жүздің баласында ақын мен деп...
Атаң да алдың біреуден, жамбы да алдың,
Мына неме көздесті-ау көлденеңдеп.

— дегенде Ақтайлақ:

— Бұл біздің жаңа талап Сабырбай деген баламыз, — депті. Сабырбай Жанақтың атын кермеге байлап, қобызын шешіп әкеп қолына үстатьпты.

Жанақ:

Айналайын балалан жас талабым,
Айтысуга мен сенен жасқанамын.
«Сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендейін,
Өрге өрлең, ілгері бас, қарағым! — дегенде,

Ақтайлақ:

— Балам, Жәкеңмен айтысу сағаң оңайға түспейді. Тез үйге бар да, мал сойғыз және оңаша үй тіккіз. Жанақты шақырып келтіре алмаушы едім, бүгін дәм айдап өзі келді және сағаң шың ықыласымен тілек білдірді смес пе, — депті.

* * *

Ертеде Үйсінде атагына дәулеті сай, сөзге де жүйріт азұлы Нұрбек деген би өмір сүріпті. Нұрбек Ақтайлақпен замандастар екен. Оның өмірі мен сөзі ел үстінен қызын суша жүрген дейді. Құпидерде бір күн Нұрбек би жасы үлгайсадағы өмірді қызықтау, төсек жаңғырт. Мақсатында қызы іздел Үйсінмен шектес шеткеріре отырған наиман елшілік бір ауылшына келіпті. Ауыл адамдарға жолаушыларды құрметтеп аттан түсіріп, үйге кіргізіп төрге отыргызып, меймандастық билдіреді.

Қонақтар жайланағып, іргесін түріп тастаған қазак, үйде демалып жатқанда Нұрбек іргеден шолпысы сыйбыр қаққан бірнеше қыздарды көреді. Нұрбектің тілегенін алдан шыққандай болып, әлті қыздардың арасынан сұңғак бойлы, талдырымаштау келген аққубаша қызыға көз түсіп «шіркін белгі таққан жері болмаса, барымды берсем де осыны алсам-ау» деген ойға келеді. Ертеңінде ауыл ақсақалдары дәстүр бойынша меймандарадағы не бүйым-таймен келгендерін сұрапты. Соңда Нұрбек би отыргандарға бір көз тастап, өзінің жасынан атқа мініп ел басқарғандығын, әзіргі күнде ұлы үяға, қызы — қияға қонған әлді бай, атақты би, өз елінің айтулы адамдарының бірі екенін айта келіп: «Жасым ұлken болса да бала болайын деп келдім, інілерім ага болайын деп келдім. Несін жасырамын, өзімі кішілікке балаңды сұрай келдім. Тілегім орындалса аярым жоқ. Барымды берсейін деп келдім! — депті. Қыз әкесі Дәүлеңгеле сынай қарағ:

Ескі ауылдағы әдеттіше «Қызы туса, қырық жеті қақпаны бұзып кірді» дейді екен. Ауыл ақсақалдары қызы әкесімен келісіп, Нұрбекке қалагаң қызының беретін болып, келген адамдар қыздың қырық жетісіне келісіп, құда туысп қайтады.

Екі жақ алыс-берісті аяқтағаннан кейін тоғыз күн тойын, он күн ойын жасасып, қызы үзатылады. Кеп уақыт өтпей-әк жаңа түскең жас тоқалға азұлы бәйбішесте астам шылыха көрсетіп, теңсіздіктен үстап, отырса басқа, тұрса аяққа үрып, шектен тыс зәбір көрсетеді. Осы қорлыққа шыдай алмаған келішкек жайлау үстінде, қараңғы тұл жамылып, Нұрбектің белдеуде тұрган жүйрігіне мініп, ауылым қайдасын деп тартып береді.

Жас келішегінің аман-есен тәркіліне барғанын естігеп Нұрбек екі ұлын қосып, бірқағаша адамдармен Сауға шешенде аттаңдырады. Жол ортасына жеткенде ауа райы

өзгеріп, аспанды қара бұлт торлап, жаңбыр жауып, күн күркіреп, наизағай шатырлап, бір биік тар кезеңін асып келе жатқанда кенеттен жай түсіп. Сауға шешен жан тапсырады. Бара жатқаң жолы қайғылы сапарға айналған соң бұлар Сауғаның сүйегін алып кері қайтыпты.

Келер жылы жазда Нұрбек би бастап жолаушылап, он бес адам жолдасы бар, наиман еліндегі қыз әкесі Дәулен ауылын шабады.

Нұрбектің де тайынаш атқа қосылған шешен екендігін билетін ауыл адамдары мұпымен сөйлесуге кім лайықты болар екен дес ақылдақсан екен. Соңда жасы тоқсанға келген, төсгінен әрет түргызып көтерген, үзак жасай, көпті көрген қария отырып «Балалар сендер Ақтайлақ, биден ақыл сұрағыдар. Соның алдында откен істің арманы болмас»— деді. Қарияның ақылын алған Дәуленнің үлкен баласы қасына жолдас ертіп, Балтақара мен Қайрақты өзендерінің түйілісінде Сарыарқаның кек қайлаулы жасыл шалғынды самал-салқын жайлалаудың отырып, әкесі Байғарға зират соқтырып жатқан Ақтайлақ ауылына ат басып тіреген екен.

Келген адамдар істің мән-жайын түсіндіріп. Ақтайлақтың дауға бітім айтып, билік жасауын етіпеді. Ел жұмысы, жүрт тағдыры, басына бостандық айсаған қыз үміті, бәрі өзіне қарал түрган соң Ақтайлақ етіпшті қабылдап, зират соғуды басқаларға тапсырып, Дәулен ауылына сапар шегеді. Дәулен ауылы Нұрбек би бастаған қонақтарға арнайы үй тігіп, сойыс сойып, ерекше күтімге алыш, құрметтеп отырган кезде Ақтайлақ та келіп жеткен еді. Ертеңінде ауыл сыртындағы кең жазықта отырып сез басталады. Екі жақ ақыл жарыстырып, сез сайыстыруға баталастыруға кіріседі. Алғашқы сез бастаған Нұрбек би:

Кедең-кедең болды.
Кедең недең болды.
Ебелең елдең болды,
Зобалаң жолдаң болды.
Жерің ала болды,
Бұлт шалда болды.
Біздің елде жай түгіл.
Жауын да жоқ,
Бұл өлім сенең болмай,
Недең болды?—

деп, әуслі Сауғаның құлшын сұраптты. Соңда ой толғап отырган Ақтайлақ би:

Ебелең елдең болса.
Зобалаң жолдаң болса.

Айменен аманас
Күнменен құлақтас.
Бұлтпенен бұланадас,
Жермен жақындас болдық пат?

Шап деп қылыш берсек.
Ат деп мылтық берсек,
Оғын салып берсек,
Шакиғын шатып берсек,
Жасырын сөйлесіп,
Өлтір деп тілек білдірсек,
Әзінен жақсы қыл да құныш ал.— депті.

Сөз жүйелі шығып, қисынға құлақ түрген жүрт, жаі түсіп өлген адамның құнын сұрау орынсыз екенін үғып найман жағы Сауғаның құнынан құтылғандай боп, біз серпілісіп қалғанда «Көздерегенім әлі бұл емес» дегендеге Нұрбек аз кідіріп, жесір дауын бастап былай депті:

Ак түйем қалды шандакта.
Тасегім қалды ох жақта.
Иен қалды ак отау,
Ойнақ салды қурбака.
Босағам пеге сынады,
Әйел кетсе бетімен,
Ер шабады намыска.
Сыңырмасын сағымды,
Айтарым жақын, алыска.— депті.

Істің мәні шындығы, жас жүректің қапырық қапасқ қайта түспей, еркіндік, бостандық, аңсауында екенін, ар қыздың Нұрбекке қайта телінse өмірдең күдер узуге мұлд бел байлаганың жиылғаш ел іштей үғынып, қызға жаңы аш тілек білдіріп толқулы отырысқан еді. Жүрт Ақтайлақ, быг үміт білдіре, не айтар екен деп қарасып қалған.

Ақтайлақ, би:

Жақсы туған қыз бала,
Батыр туған ұлмен тей.
Лқылды ғы болған соң,
Жанаң адам құлмен тей.
Сатыса маға қарындас
Есікте жүрген күңмен тей.
Еңбегі еш, тұзы сор.
Жаһашын өмікен құлмен тей.
Жабжарқан көзлі ашилмай.
Қарағы болған түлмен тей.
Көз жасын көрер пеңде жок.
Қайғылғың дерті үмен тей.
Еркі вәңде бар болса.
Тең күрбыға жар болса,
Мына отырғаш жас бала,
Болар еді кімнен кем?—

дел тебірене толғап, адамгершілік заңын қолдап, қызынамысын қорғап, әділетті сөзін аяқтаған екен. Сөздері таразыға түскен екі бидің ой-пікірлері көпшілік талқысына салынып, жиналған қауым Ақтайлақ, бидің ақылды сөзіне тоқтап, қалың малын қайрып, қыздың бас еркіндігі өзіне тиіпті.

* * *

Тарбағатай тауының теріскейінде Манырақ, Терісайырық, Шіліктілі жайлаган біздің Байжігіт елінің, оның ішінде Тогас руының жылқысына ойламаган жерде Тобықты жігіттері келіп тииседі. Еру елдің мал құзеті құшті болса керек. Қақтығыс насырга шабады. Қаша айтқанымен, дайындалып барған жау басымдық көрсетіп, малды айыруға бөгет жасап, жекелеп жеткен құтыншыны ортага алып, қамалап үрып, алдын бөгөу үшін аспандатып мылтық атып жүргенде құтыншыдан екі кісі қаза табады. Бейбіт жатқаш момын ел құйзеліске үшырайды. Екі адам, жүздеген жылқысынан айрылған Тогас елі аза тартып, еліне хабар салып ақылдастып, жаудың өкше ізіне түсіп, сабаздың қашын, елдің малын қайтарып алуға Тогастың атақты шешең Сасан би жолға шығады.

Ел құлагы елу, көргеншің көзі күә, естігеннің сөзі күә болып жау Шыңғыстаудагы Тобықты елі болып шығады. Құтыншылар ел ортасындағы Ералы ауылына келеді. Меймандарга арнаш үй тігіліп, күтім көрсетіледі. Дем алып тынығады. Ертеңінде сөз басталып «кедеп-кеден болып, кеден недеп болды» деген сұрақтарды қойып отырып, Сасан би сөз бастайды.

Тобықты жағы таласпайды. Өзінің намақұл екенінде мойындаамайды. Бірақ мал туралы тоқтамға келседағы құп туралы келісімге келе алмайды «Біз тектектігімізді мойындаап отырмыз. Жекле-жекте бір кісіге сойылымыздың қате тигені рас, ал екінші адам жығылып, өз ажалынағ қаза тапқан шыгар. Біз оны білмейміз»— дегенде айтады. Екі жағы да өз сөзін дұрыстап тоқтамға келе алмай қызып, жүтініске Ақтайлақ, бидің алдына баруга ризашылық билдіреді. Талапкер мен даутерлердің сөзін тыңдаап отырған Ақтайлақ, бидің алдында Сасан өз сөзін қайталап айта берсе керсек.

— Ей шырагым, Сасан-ай, бір уақыт тасырқасаңшы,— депті Ақтайлақ.

— Мен тасырқайын, ауыртпай тағаласа.

— Айтушы біреу, тұрманы түтел болсын.— депті Ақтайлақ...

— Құп болады,— деп Сасан турегеліпти.

Ақтайлақ би «білік бітті» деп жариялағап екен. «Айтушы біреу, тұрманы түтел» деген сөздің мағынасы: «Бір кісіге билік айтамыш, екі адамның құнышдай болады» деген екен. Эрине басқа отыргандар биліктің қалай айтылғанын түсіне қоймagan сияқты.

* * *

Ақтайлақ, Арғын — Найман екі арасындағы дау-шар жайында Қарқаралыдағы Алшынбай биді іздең барып, оның үйіне қонағды. Эңгіме үстінде бір сөз кезегі келіп Алшынбай Ақтайлаққа былай деген екен:

— Осы сіздің ел қымызға тар дейді гой. Шөлдеп берган жолаушыға тостаганмен гана қымыз ауыз тиғізіп шөлін қандырмайды дейді. Осы рас пе? — депті.

Сонда Ақтайлақ:

— Рас болса рас шығар. «Жылқы жапым, қымыз қаным» деген емес пе? Біздің ел жылқыны жаңындағы қымызды қанындағы көретін ел. Қаның есепсіз біреуге бере береді дейсіз бе? — дегенді айтқанда Алшынбай:

— Бәсе, солай болса керек,— дейді.

Ақтайлақ:

— Кез — шының расы, құлак — өтіріктің үясы деуші еді, өтірік пен шының расы тәрт-ақ елі,— деп тәрт саусағын көз бен құлақтың расында қойып тұрып:

— Сіз осы сөзді шының расы көзбелі көріп айтып отыр екен десем, өтіріктің үясы — естігеп құлаққа сеніп айтып отырсаңыз, месін сізді Алшекең деп іздең келіп едім, елі бала екенсіз гой,— депті.

Сонымен әзілімे басқага ауысып, енді жатар уақыт болады. Ақтайлақ сыртқа шығып кеткенде Алшынбай бәйбішесіне айтады:

—«Ақтайлаққа төсекті төрдің алдына салма, өз төсегінді салып дайындаң қой. Кіріп келгенде төрдің алдында салынған төсек болмагап соң қайда жатарыш білмей тұрып қалады. Сонда сен былай дейсің» деп бәйбішесіне сөз үйретіп қояды.

Ақтайлақ кіріп келгенде, төрдің алдында салынған төсек жок. Тұрып қалса керек. Сонда бәйбішесі:

— Қонақым, пеге тұрсыз? «Ердің семізі — есек, әйелдің семізі — төсек» дейді. Сіз семіріп кеткен кісі

көрінесіз, сізге мына төсегімді дайындаң қойым. Соған жатыңыз,— депті.

Ақтайлақ:

— Ой, құдаги, сіз дұрыс айтпадыңыз. «Ердің семізі — елдің құты, әйелдің семізі — үйдің жұты» демеуші ме еди. Жұтаған елдің жұртына жатқызайын дегеніңіз бе?— деп ұялтып тастапты.

Аскар-аскар аскар тау.
Аскардан биік тау болмас.
Балапан торғай басшыла,
Шырқап үшіп коя алмас.
Күзен қазып, тырбанып,
Бауырын тесіп ете алмас.
Шымшиң басы жылтыр мұз.
Оған ешкім жете алмас.
Құздан құлай су акса,
Өтіп одан кете алмас.
Табадырық таба алмас,
Арқан байдап тас басып,
Құзжартасты қиялад,
Аяқты басып шыға алмас.
Әслелай болмай ел болмас,
Қараша торғай қаз болмас
Әз келмей мәз болмас,
Наурыз болмай жаз болмас,
Шаңқан болмай боз болмас,
Тас тентекте ми болмас,
Хас жүйріктे хүн болмас,
Хас жаксыда кек болмас,
Хас жаманды шек болмас,
Жалғыз араш үй болмас,
Жалғыз жігіт би болмас,
Сараң байдан сұрасаң,
Бәрін жок дер ұялмас.
Кеселді туған хер кеткен,
Ел-жұртына сия алмас.
Кепжеге жүйрік, кер жалқау,
Лағиетсіз тіл алмас,
Жақсы менен жамашың,
Айырып мәліп біле алмас.
Дүниенің қызығы,
Жармен ойнап күле алмас.
Көзі кетсе кек түйгүн,
Көлден үйрек іле алмас.
Қолында жок жарқырап.
Оқалы киім кис алмас.
Сокыр-мұлқау болса да,
Іштен шыққау баласын.
Ата-анаңы кия алмас!
Жапашыры жок болса,
Жәберлісіген жазықсыз,
Кезінің жасып тия алмас...

* * *

Арғымақ байлап іс керек.
Артынан жабы жеткел соң.
Сәрі ала қылыш не керек.
Мұқатып дүшпаң кеткел соң.
Ағайын-тұған не керек.
Аңдысып күні еткел соң.
Қызыл тілім сыйлеп қал.
Қызығыңды жер көрер.
Санаулы демің біткел соң.
Айтты дейтіп жүрт қайда?
Айтатуғын біз қайда?
Бір төбенің басында,
Көмә тастап кеткел соң.
Ат тудыр биеден.
Алып туар анадан.
Ажал келсе бір күні.
Айырап қатын-баладан.
Сиыр жисаң қарадан.
Қатын кетпес шарадан.
Ақылдыдан би болса.
Адасвайды жобадан.
Ақымақтан би болса.
Екі қолын айырмас.
Өмірінше парадан.

* * *

Ак сауыт деп айтамыз.
Атиңған оқ өтпесе.
Арғымақ деп айтамыз,
Желгендес жылқы жетпесе.
Ақылды деп айтамыз,
Тозғай елді септесе.
Ер жігіт деп айтамыз,
Жауга тастап кетпесе.
Жақсы әйел деп айтамыз.
Жемандап еріп сөкпесе.
Жәрлі деп шеге айтамыз.
Жабылп елі көшпесе.
Шерлі мүциң тарқамас,
Көзиншің жасын төкпесе,
Жақсы менен жазаманды.
Жомақат пен жалғанды,
Қолмен үстеп, көз көрер.
Санаулы демің бітпесе.

* * *

Жалаңаш жалын жарлыға.
Жарқыраган жаз артық.
Берекесіз тобырдан,

Бірлігі күшті аз артық.
Сырын білмес аккүдаи.
Сырлас болған қаз артық.
Айғайласқан ашудаи.
Сыпайы айтқан сез артық.
Жстім мемел жесірge,
Көмектескен ел артық.
Ел наамысын ақтаған,
Еңіреген ер артық.
Еріксіз түскен еңістен
Еңбектеп шыққан ер артық.
Қорлықпен өткен өмірден.
Азабы жок көр артық.
Батлағы көп көлдерден.
Бұлағы бар сай артық.
Қамшылатқан шабаншаш,
Өзі жүрген тай артық.
Ас болмайтын жасықтан,
Бір жапырақ наң артық.
Ләк күмбездей үйіңден.
Бір шыбылдай жаң артық.
Алтын мемел күмістен,
Алдыңдағы мал артық.
Жанаш мем жолдас болғашшан,
Жалғыз жүрген өзі артық.

* * *

Кектегі жүрген кек түйғыш.
Қонарын қайда, кім білсін?
Жердегі жортқан кек бері,
Тунерін қайда, кім білсін?
Жабдықсыз күші мейманшың?
Келерін қайдаи, кім білсін?
Қас қаққаша ажадың,
Аларын қайдаи, кім білсін?
Қалы хілем жалсаңыз.
Қара нарга жарасар.
Қамқа торғын жапсаңыз.
Ақылды жапға жарасар.
Өкпе кімге жарасар.
Қарындасқа жарасар.
Қарындастың ішінде,
Кәдірлеске жарасар.
Қайырымда туңс бар болса,
Бар-жогыңда қарасар.
Қайырымсыз туңс кез болса,
Жақыныңмен иттей таласар.
Жаксы көршің бар болса,
Жағдайыңда жанасар.
Жанаш көршің бар болса,
Саусагыш бүгіп сапасар.
Жаксы балаң бар болса,
Саралап белдеи сез асар.

Жамаң балай үй болса.
Кара жолдаш адасар.
Ас беріп досты алдама.
Ардакты досты корлама.
Досын үшін еңбек ет.
Сатпа еңбекті жалдама.
Жақсылық жерде қалмасын.
Шершадым деп зарлама.
Болымсызға болдырып.
Шиырлап елді шарлама.
Еңбегің кетпес зяға.
Ел сертінен тая ма.
Екі тілек бір көңіл,
Дос еңбегін жоя ма?
Нендей нарсе сұраса.
Көңілді достын аяма,
Қашша қасірет шексеріл де.
Досынды жатқа балама.
Сүм дүние сүмпайы.
Топырактан басқага.
Адамның көзі тоя ма?

* * *

Ертеде Өскенбайдың түсында Тобықты рунының бір тармагы — Көкше жігіттері барымтада Керейдің бір кісісін өлтірген екел. Керейдең Биболат би дау қуа барса, не құн, не сөз бермей қайтарып жіберіпті.

Биболат Өскенбайға жүтінсе керек. Өскенбай «Мына керейдің құпыш неге бермейсіңдер» дегендеге, көкшеслер жағы «Біз кісі өлтірген жоқпыш» деп дауласыпты. Соңда Өскенбай: «Жазда Алғазде съезде бас қосамыз, мәселе соңда шешіледі, екі жақ, тоқтатар билерінді айттыдар, мән хабардар стемін!» — дейді. Көкше жағы Бопышты атайды да, Биболат Ақтайлақты үстайды.

Келесі жазда дүйім жүрт Алғазде бас қосады. Ақтайлақ Бопыштың нара алғанын естіп жатады екел.

Съезде билікті кім айтады дегендес, Ақтайлақ Бопыға: «Ақсүйек төресің ғой, бірінші сен айт!» — депті.

Соңда Бопы: «Бұл адамның өлігі тамбыс көрінеді. Керей тобықтыңдан төрт кісі күмән үстасын», деп Көкше ыңғайына түседі. Биболат буган қанағаттағабай, мен Бопыға салған жоқпыш Ақтайлақ, не буйырса, соган риза-мын. Соңда Ақтайлақ толғай жөнделінген.

Сауып саусаң бис соу,
Салқын түспей сұалмас.

Күшті жисаң, түйс жи,
 Қырқадан киялай кешсең мұңаймас.
 Қатын алсаң, дегдары ал.
 Артында жесір қалса хім алмас.
 Жез қарғылы қуба арлан.
 Жетпей тұлкі шала алмас.
 Желбіршектен оқ тисе.
 Балық өрге жүзе алмас.
 Біреудің жеткіштегі жығылса,
 Жер таягбай тұра алмас.
 Жетесізден би қойсаң.
 Парадан ауыз жия алмас.
 Жылқы жайлай сұрасаң
 Бетеге шалғыш даладан.
 Қой жайлаушы сұрасаң,
 Қекіреді жаңтак, сорадан.
 Малды жисаң қойды жи,
 Қолың істепс шарадан.
 Итті жисаң сырттай жи,
 Қой бермейді корадан.
 Ақсүйк Бопы тере едің.
 Бүйірің шықпас парадан.
 Ағарған сақал қараймас,
 Атап жыгар қырдан жел соқса.
 Ойда борал борамас.
 Жақсылар орға жығыша.
 Жамашың еш шәрсесі құрымас,
 Құрымғаны құрысын.
 Сол шіріктер не болғаныш біле алмас,
 Парага сатып ер құны.
 Бопы, сениң сірә де артың оңалмас.
 Бұлаңдал жүрген жігіттің.
 Бір көкейін жоқ кесер.
 Сабадзы құнсыз жіберсең.
 Кісі өлтірген тек кетер.
 Атам қазақ қонысы,
 Бетегелі белдей ме?
 Өлке бойын жайлаган,
 Қашпелі казақ ел дей ме?
 Керсій құнсыз кеткепмен,
 Басқадан кісі өлмей ме?
 Күмөн кессең сен. Бопы,
 Мен жұз түйе қүн кестім

— Мен жұз түйе қүн кестім, ердің құны екі елу. Елу түйесі қазірден бастап Керейдің алдына салынсын. Елу түйсінің оның Өскенбайдың, оның Бопының, оның осы отырған билердің, оның Қекшенің, оның Найманның шаңырагына байлладым,— деп бітім шарттың жасапты. Ақтайлақ, бидің осы аталы сөзі кейінгілерге ғұсқа бол қалыпты.

* * *

Ақтайлақ би тоқсан бескө келгенде таңертең бір ауыз өлең айтса, сол өлеңді жатқанша Қайта-Қайта айта береді екен. Қарттың бүл қылышына балалары күле беріпти. Соңда Ақтайлақ:

Жалаң аяқ жалаң бас.
Жарға ойтадың, сені оң бес...
Қызыл шекпел желбекей.
Қыздар сүйгөн жиһирма бес.
Жалаулы пайза секілді.
Жалаңдаған отыз бес.
Қыңсыз пышақ секілді.
Қылышылдаған қырық бес.
Ақыл тоқтап ми толған.
Сені айттым слу бес...
Аш берідей арсыладап.
Алдыңды орап алпыс бес.
Өрге шықса тізэм деп,
Ылдига түссе белім деп.
Сені қайттым жетпіс бес.
Балаң мазақ қылады.
Қатышың сөзбен үрады.
Сені қайттым секенес бес.
Кеше тірі Ақтайлақ,
Бүгін влі бір тайлақ.
Тірі деп енгім ескермес.
Караша тауга қар жауар.
Қос бұлактаң су ағар,
Үрдыш мені тоқсан бес.—

Деп төсегіне құлай кеткен екен.

ШАБАНБАЙ БИ

Шабанбай Қалқаманұлы 1753—1838 жылдар ара-
лығында гүмір кешкен, атақты би-шешең. Ол Қазіргі
Жезқазған облысының Шет, Ақтогай, ауданының
отырағышыда Ақсу, Қаратал, Нұра, Талды, Қаражал,
Маутаң, Қызылтас, Қызылтау өтіріндегі билік құрған.
Ата-тегі Аргын — Қаракесек, одан берегіректе Майқы,
опың бір немересі Өтеміс, Өтемістен бірсер атадаң
соң Шабанбайдың әкесі Қалқаман үргақтарын тарала-
ды.

Шабанбай би Сарыарқаның Қараменде (1707—
1797), Сеікібай (1709—1786), Жидебай (1726—
1826), Борагбай (1709—1801), Жанғырт (1810—1873) сияқты атақты айтулы би-шешеңдерімен

замандас, қатарлас, пікірлес, Қызметтес, ағайын-жегжат бол араласып жүрген.

«Замандастарының бағалауында Шабанбай қазақ халқының аса бай халықтық даниалығын бойына жигап зерек, зерделі, адамның ой түбін топшылай білу қабілеті аса күшті, көкіреті қазына, ақылға бай, ойы терең, талғамы кең, топшылауы жүйрік, алғыр да, тапқыр, әділ би болған.

Сонымен қатар Шабанбай би аса қарапайым, мейірімді адам болған десседі».

Ел жадында Шабанбай би айттыпты дейтіп жүйелі шешендік билік сөздер көп. Соның бірсынырасын 1993 жылдың жаз айында Сеңкібай билік Қарқаралы аудашында өткег ұлап-асыр асында кездескен ақсақалдар мен үрім-бұтақтарының айтқанынан жазып алып едік. Енді соның кейбіреуіне келейік:

* * *

Бір жолы Шабанбай би Қарқаралы сліндегі бір жесір адуында билік айттып, қайтарында Талды өзеніннің бойында отырган бір байдың үйіне қонылғы. Түнде байдың Қорасына қасқыр түсіп, екі қойын жеп кетеді. Таңгертең тұрған бай, Шабанбайға сепі би, қасиетті әулие, оның жүрген жеріне ешбір пәле жуымайды деуші еді сл. Құтсыз қонақ болдың. Сеп үйіме қоңғағын түпі қорама қасқыр түсіп екі қойыннаң айрыладым,— депті. Соңда Шабанбай би:

— Е, с, байеке, қапа болмаңыз, қасқыр да кетпес үзаққа, ол да түсер тұзаққа, ізіне түсіп біреуің шығындаршы қыр жаққа,— депті де атташып жүріп кеттіпти. Шабанбайды аттаїдырыған соң бай жалышынын ертіл ауылының сыртындағы қырқага қарай шықса, ақадай жерде бір топ қарғапшының түбінде әліг қасқыр жатады. Қараса, аїшиштың қақпапынша түсіпті, әбден тойған қасқыр, қақпапмен алыса-алыса қарғапта шырмалының Қыңғылалап қалжырап қапты. Екеуі аттаған түсіп, қасқырды соғып терісін алып қайтады. Үйіне келген соң әлгі бай:

— Яғырым-ай, миңдау Шабанбай тегін адам емес екен гой. Нала болмаңыз, қасқыр кетпес үзаққа, ол да түсер тұзаққа дегі еді, айтқаны айшымай келгенін қараши!— десін жағасын үстапты.

* * *

Жанқұттының әкесі Ботанбай бай ауылының бір ақсақалына:

— Мына баламды Шабанбай шешенте ертіп барыл, батасын алтың қайт. Сойысқа деп мына тайды босағасына байла,— деп бір тай жетектептіл жіберілті. Ол ақсақал Жанқұттыны 2-3 жолдасымен ертіп жолға шығыпты — олар кештептіп, бір ауыл сыртындағы желі басына барыпты. Бие саудырып жүрген сұңғақ, бойлы кісіге сәлем беріп, жөн сұрайды:

- Шабанбай бидің ауылы осы ма?
- Иә, осы.
- Ол кісі ауылда ма екен?
- Ауылда.
- Үйі қайсы?
- Анау тұрган боз үй.

Ақсақал жігіттерді ертіп, үй алдындағы кермеге барып аттарын байлайды. Үйге кіріп жайғасады. Дастарқаң жайлады, сары қымыз сапырылады. Эне-мішеге дегендеге әлгі желі басында жүрген кісі де келеді. Жігіттер бір-біріне сыйырлап:

— Мына келген желі басында бізге жөн айтқан кісі гой.— деседі. Оны Шабекең естіп қояды да:
— Иә, іздеп келген Шабанбайың мен боламын, кәне, шаруаларынды айта отырыңдар...

— Шабекең, кешіріңіз.— дейді, жігіттерді ертіп келген қария — сізді тапшырай қалдық. Осы ауылдың жылқышысы шығар деп едік. Соңда Шабанбай би:

— Иә, өз үйімде слеусіз жылқышымын. Өзге елде елеулі бір кісіміш,— деп бір қояды. Келесі бір сөзіндегі дәү әсерен қымызды дем алмай сіміріп тастапты да:

— Құлаша істеп, бишие шу керек.— дейді. Мұнысы: қонақтарыңа сый көрсегін, қымызды тартышибай ала отырындар дегенін екен. Сол жолы Шабанбай шешен әзірмениң дүкегін Қыздырычи, не бір асым сөздердің тиегін аятыши. Жашнұты шокиртпе ықыласымен ак батасын беріпти дейді.

* * *

Соңдағы Шабанбай шешенің өзинң болашақ ізбасар шәкірті Жанқұттыға беріген батасы манау екен:

— Аллаға жағамын дессің, азапды бол.
Халыққа жағам дессің, қазанды бол.
Судай таза бол,
Жердей көтерімді бол.—

деп бата берген екен.

Жанғұтты мен оның қасына еріп барған өзі түстас жастар бұл батаны қомсыптықырап қайтыпты. Ауылына келген соң батаны естіген ел жақсысы Ботантай Қатты риза болып: «Қабыл болсын, әумін!»— депті.

Ботанбай батаның мәнін өзінше түспалдап, бағалаған екен.

Біздіңше оғың мәні мынаңдай болса керек:

Аллаға жағу дегені — мұсылмандықты берік ұстау: намаз, оразаны қате етпеу, исламның бес парызын қалт жібермей орындал отыру, имадылық, инабаттылық, Ұлкеңге құрмет, кішігे ізет көрсету.

Халыққа жағу үшін қазанды болу дегені — кеңпейілділік, қайырымдылық, байға да кедейге де, ұлыққа да кішікке де, ұлкенге де, кішігे де ариналу Қонаққа ғана емес, ауылдақса да, жолаушыга да гарыпке де, жетім мен жесірге де есік ашық, төрі жазық, дастарқаны жаюлы, асы әзір болу.

Су тазартпайтын лас жоқ. Судан таза зат жоқ.

Жер көтірмейтін ауырлық жоқ. Тауды да, тасты да, өзенде де, көлді де, теңізді де мұхитты да, орманды да көтеріп тұратыш — Жер. Адал да арам да, өлі де, тірі де данышпан да, ақымақ та, ақылды да, арамза да, мансалқорлар мен баққұмарлар да, өтірікші — есекші де, алайқ саудагер де, маскүнемдер мен нашақорлар да, зинақорлар мен жезекшелер де үрілар мен қарақашылар да, арсыздықпен байып жүрген жылпостар да, бәрі-бәрі қысқасы, он сегіз мың галам жердің мойнында. Соның бәріне қыңқ, етіп жатқан жер жоқ. Жақсының бағасын, арамзаның сазайын, бір алла өзі береді. Бұл батаның Шабекең мензеген бағыты да мігіе, осындаі болса керек.

Шабанбай бидің аузының ауалы екендігін Жанғұттыға берген батасының түтедей қабыл болуынаң байқауга болады. Шабанбайдың батасы қабыл болып, Жақсы Жанғұтты атанды. Жақсы атануы халыққа жаққандығы. Аллаға жаққандығы — қажылыққа екінші рет барып, тілегі қабылданып Мекке-Мединеде, пайғамбарымыз Мұхаммедтің жапында жәшішаты бақида жерлеуі.

* * *

Шабанбай би аз сөйлес көп үткіндіретін адам болыпты. Көп билер бас қосып, аса даулы мәселелерді талқылап, шешерде Шабекең шеткөрі, төмендеу отырады екен. Билер дауласып, арқайсысы өз үкімін айтып жатады. Біреуі келісіп, біреуі келіспей әркім өз билігін жақтап отырганда шеткөрі отырган Шабанбай өз билігін бір-ақ, аудыз сөзбел жеткізеді екен. Басқалар осыған келіседі екен.

Шабанбай бидің ұзақ жылдар билік құрган, шешімдер жасаған іс-тәжірибесі осында болыпты. Жидебай ба-тырдың:

— Шаптай жүйрік болған Шабаным.

Сөйлемей шешен болған Шабаным,— деуі осыдағы болса керек.

Шабекенді кейінгі үрпақ, әулие тұтып, осы уақытқа дейін басына барып, медет тілең тұнеп жүреді.

Шабанбайдың өзінен туған бес баласы: Байша батыр, Балапан, Тойғұл, Молда, Қожа — бәрі де өз заманында бай болған. Шабанбай балаларына еші беріп, бөлек шыгарғанда Балапан деген баласына берген еші малың Балапашың маңайшындағы замандастары азсынып: «Шабеке, Балапанға ешіні неге аздау бердіңіз?» — деген сұрайды. Соңда Шабекең:

«Ол үйдегі келіпмін көгөпі мен желісін өзі бектерс келген, оның дәүлетті әлі-ақ көрерсіңдер!» — дегенді.

Осы келіпі Үмсұнгұл кейінде Қарабәйбіше атаған дәүлетті, қолы берекслі, қасиетті адам болыпты. Балапан мен Үмсұнгұлдің дәүлесті басқа ағайындарынан артық болмаса кем болмаган. Осы Қарабәйбіше халық, сапасында әулис адам ретінде сақталған.

Шабекең үргіогышың көбірек тұрган жері — Ақтогай ауданының бүрінші «Қаратал» совхозы. Қазір Ә. Бекейханов атындағы үжымдық шаруашылық. Ақтогай аудандық Қеңесі 1992 жылғы мамыр айында халықтың үсынысын нақудай отырып, оғындовынан орталығын Шабанбай ауылай десін атая жөнніңде шешім қабылдады.

Шабекеңнің шигі дүріс адам. Үрпағы өсіп-өнігеп. Толық емес маглұматтар бойынша казір Шабекеңнің өз кіндігінен тарал, жеке шағырақ, көтеріп, түгін түгегін отырган ер балалар отбасы 160-тан асады. Олар, Ақтогай, Тоқырауыш аудандарында, Қарағанды, Жезқазған, Балқаш қалаларында өмір сүріп, ер салада сіңбек стіп жүр. Қарағанды медицина институтының доценті, ғылым канди-

даты Эуэзхан Омарханов, Жәйремдегі құрылышсы — инженер Қабдығали Кенежапов, Жезқазған облыстық жастар ісі жөнілдегі комитеттің төрағасы жас ақын Қуаныш Мақсұтов. Ақшатау ауруханасының бас дәрігері Сәтжан Байсеркін, Ақтогай аудандық ауруханасының бас дәрігері Қабдуахит Екебаев, Балқаш қалалық ауруханасының белімше бастығы Габдылқауз Қасымов, кезінде халық депутаттары Ақтогай ауданы мешітінін молласы Қарімбек Қалиасқаров Шабанбай бидің сезіз — ол буын үрпақтары.

«Жақсы атаниң шапагаты баласына» деген Шабекеңнің XIX ғасырдың алғашкы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген үрпақтарының ішінде 27 жыл (9 сайлау) үзбей болыс болған Шоңбай осы Шабанбай әулеттігін, Шабекең үрпағынан Бекпенбеттің Ахметжаны 1905 жылы қазақша сайлау құқын беруді талап етіп, Ресей патшасының Қарқаралы дуатынан жіберілген 42 өкілдің бірі болған. Сол себеп болып қазақ халқы сайлауга дауыс беру құқын алды. Сейтіп, бірінші Мемлекеттік думага Ә. Бекейханов депутат болып сайланғанда ол үшін Семей губерниясының дауыс берген 274 сайлаушы слубасылардың біреуі тағы да Шабекеңнің бесінші үрпағы Есембек Байсеркін болған. Шабекең үрпақтарының бірі Садуақас Әбділдин 20-25 жасында Әлихан Бекейхановпен Әлімхан Ермековпен сырлас — пікірлес, шиистес болған адам. 1922 жылдың қазан айында Тоқырауын бойындағы Желтауда Ә. Бекейханов тұтқынша алышады. Соңда Әлиханмен соғыр рет қош айттысып қалған азғантай зиялдардың бірі сол кезде 28 жастағы осы Садуақас Әбділдин болған.

Шабанбай би 85 жасында дүниеден қайтқан. Зираты Шет ауданының «Кеңшоқы» совхозының жерінде. Ақтогай — Қарағанды тас жолының 103-ші шақырымы тусында, күлбатыста, езен жағасында тұр. Бұл өзеніді Ә. Бекейханов өзінің 1905 жылы жазған шежіресіндегі Жарас өзені деп көрсеттіп. Бұл деректерді Шабанбай би пулышыда туып өскен, сол өнірдің шежіресін жақсы білетін талантты ақын — журналист Жеңіс Қашқыновтың жазбаларына сүйсіп жаздық.

ҚАЗЫ БИ

Қазы Сырымұлы 1770 — 1772 жылдары туылып, 90 жастағы асқапта қайтиыс болғанға үқсайды. Ол қазіргі

Батыс Қазақстан облысының Жымпіты ауданына қарасты Сарыой ауылында туған. Тегі — Кіші жүздің Байбақты атасынан, оның ішінде Әйтімбет, одан Шолан. Шоланнан Түркіш, Дат. Даттан Сырым батыр. Сырымнан Қазы, Жүсіп болып таралады.

Қазы Сырым сыңды әрі батыр, әрі шешен әке жанында жүріп, тәлім алады. Талай айтыс-тартыстарға қатысады. Сейтіл әкесіне қолқанат бол өседі. 1802 жылы Сырым Хиуа хандығының қастандығынан қаза болғанда Қазының 32-33 жастарданға жігіт кезі екен. Шекті руының Үрышта деген ақыны:

«...Кебеже қарын, кең күрсақ
Әкен сенің Сырым-ды.
Іші толған білімді.
Бір гана қазак жұрты емес.
Биледі ой-қырымды.
Сондай батыр Сырымның
Аргымак аты сүрінді.
Тұяғы бутіп тұлпар жок,
Қанаты бутін сұңқар жок.
Көтер балам басыпды.
Тыңда жоктау жырымды?...

Деп, жұбату айтып, оған демеу болады. Ел-жұрты келесі жылы Сырым батырдың бір жылдығыннан атап өтеді. Қазының би сайлап, атқа мінгізеді.

«Сұлтан — правительдің тайдыруды (өлтіруді) сұрауына Қарағанда Қазы да хан, сұлтандарға, сатқын болыс, байларға жайлы тимеген, оның күресін өз күшімен тиога правительдің күші жетпеген болуы керек. Архивтегі тарихи осылай деректерге Қарағанда 1838 жылдан 1862 жылға дейін Қазының үстінен арыз бең тексеру үзілмеген». (Б. Адамбаев. «Шешенідік өнер» 1969 ж. 101-бет).

Сырым шешенің жөнінде тиянақты зерттеу жүргізген Б. Адамбаев бұл сөзді Баймағанбет сұлтанның 1838 жылғы 27 Қарашада Орынбор шекара комиссиясына жазған хатына сүйеніп жазып отыр. Оңда былай дедінген: «Правитель бұл істің насырга шауып кетгүйсін сақтандып, айылтыларды жазалауды және халыққа қалдай болмасын шқпал жасатпау үшін Қаты Сырымов пел оның жолдасты Өтебай Сақыбаевты тайдыруды сұрайды».

Қазы би жөнінде аңыза, әңгімелер аз емес. Әкесі Сырым шешенінің нақыл, толғауларынша үқсаган сөздері де баршылық:

Қазы би бір күні бір үйде отырган төрелердің үстіне
кіріп келеді. Сонда төрде отырган солардың бірі:

— Амансын ба Қазы би.
Шекесі жалтыр тазы би?—

деп келеке еткісі келеді.

Сонда Қазы мұдірмesten:

— Аманшылық, төрелер!
Ат жақсысы боз болар,
Құс жақсысы қаз болар,
Жер жақсысы саз болар,
Ер жақсысы таз болар.
Тазды үрүп алдын деп,
Кейбір сотқар мәз болар.
Төрелер таз деп құлғеңіл,
Аталарың Нұралышы —
Әкем Сырым шапқаштағ,
Жүректе жүрген сыз болар.—

деп жауап қайырады. Сөздегі ұтылған төрелер сонда:

— Төрлет, Қазы, төрлет! — деп ығысып, орталарынан
орын берген екен.

* * *

Сырым баласы Қазы би Баймагамбет сұлтанға еріп,
Әлім еліне барыпты. Баймагамбет Қазыға:

— Мына жиналған жүртқа үтіт айт, сенің Қазы би
деген атың көпке мәлім ғой,— депті.

Қазы көпке біраз үтіт айта келіп, сөзінің аяғында:

— Ау, халайық, ханға қарсы, биге ерсі болмаңдар! —
депті. Сонда Шектінің бір шалы:

— Эй, Қазыжан-ай, мынау сөзін атаң Сырым айттар
үтіт екен, ол күнде ат жалын тартып міне алмай әкеңнен
жас қалып, сол айта алмаганыңды енді бізге айтып
тұрсын-ау? — деген екен.

* * *

Хиуа ханы Қазыны тұтқынға алып: «Бес сұрак беремін,
соған жауап берсең босатамын» — депті.

— Қатың деген не?
Бала деген не?
Қыз деген не?
Мал деген не?
Инабат деген не?

дейді.

Сонда Қазы былай деп жауап қайырган екен:

— Қатың — тұрақ емес пе?
Бала — шырак емес пе?
Қыз — өріс емес пе?
Мал — көріс емес пе?
Ишабат ердің азығы емес пе?
Инабатты ер — елдің қазығы емес пе? — деп.

Осы сөзінен кейін хан Қазыны тұтқыншыл босатыпты.

* * *

Бір жылы шаруасы шайқалып, қоныс аударып, елінен Шоқай би көшіп кетеді. Үш-төрт жылдан кейін ол сліп сагынып, салт қыдырып келеді. Қыдырып жүріп бірде Баймагамбет сұлтанның үйіне туседі. Келсе ханшың үйінде Қазы би отырады. Аман-саудаң кейін Қазы:

— Иә, Шәке, құс Жәнекеге қыстайды, қысы жақсы болса, түлеп үшады, құс жамаш болса, жүдеп үшады деуші еді, барған жеріндің жақсы, жаманы қалай екен? — дейді.

— Эй, Қазыжан-ай, біреуді ризық, айдайды, біреуді ажал айдайды деген. Мен шашылған ризығымды теріп жүрмін, — дейді Шоқай.

— Шәке, ендеше аргы жағын айтпай-ақ, қойыңыз, мениен бір ат, шапан, сұлтаныңыздан бір ат, шапан алышыз, — дейді Қазы.

Шоқай жатып, қонақ болып, ертеіліше ексуінен екі ат, екі шапан алыш кетеді.

— Эу, Қазы, әлгі шалға піден айыпты болдық, сен ат, шапан беріп жатқаш соң, мен дс берс салдым, — лейді Баймагамбет.

— Ой, жаңым-ай, сен ешиәрсеге түсінбеген скенсің гой, сінді бірдеме десең аргы жағында қоқытайын деп отыр ол. Сен екеуміздің әкелеріміздің екі жақта қаңғып жүріп өлгенін айтайын деп отыр. Мүшшама жүрттың алдында оны естігсінше, ат-шапан айып беріп, құтылғанымыз жақсы емес пе? — дейді Қазы би.

— Апыр-ай, бізді Құдай сақтаған екен, — депті Баймагамбеттің зәресі үшін.

* * *

Қазының інісі Мұхтар Орта жүзде ме, әлде Кіші жүздей бір шетінде ме, әкім болып тұрады. Өзі өтс

тәқаппар, слге сүйкімсіз дегенді естіл Қайырлы дегені би оны іздеп барыпты. Тұс мезгілі скен. Үйіне кіріп барса, Мұхтар төрдө мамыш жастанып, әйеліне ағып сипатып жатыр скен. Қайырлымен басын көтеріп амандасты. Әрі-бері отырган соң әйелі ақ, құйып береді. Қайырлы акташ ауыз тиіл, ағып жерге қойып, бата беруге қолын жайып:

— Аргы атаң сенің Дат еді.
О да бір қойылған от еді.
Одан туған Сырым еді.
Жауын қойдай қырып еді.
Одан туған Қазы еді.
Біреуге қыс, біреуге жаң еді.
Одан туған Омар-ды.
Лударылмас томар-ды.
Одан туған сен Мұхтар.
Кісіменен ісің жок.
Жатасың да үйқартарсың.
Сенен ел билейтін әкім шықлас.
Одан да елге қайт!
Аумин, аллаңу әкіпар!

деп бетін сипап, тұрып жүре беріпті.

— Апырмай, тұрсайышы сен, мынау тегін адам емес қой!— дейді әйелі. Сонда Мұхтар ұшып тұрып:

— Жіберме, шақыр бері, қонақ болсың!— деген. Әйелі ілесе шығып:

— Аға, сізге Мұхтар «кетпесін, қонақ болсын деп, шақырып жатыр».— дейді.

Қайырлы тоқтап, бірнеше күн жатып, Мұхтарға ақыл айтты. Содан кейін-ақ Қазының інісі Мұхтар түзеліп, дұрыс ел билеген әкім болыпты дейді ел.

БӨЛТІРІК ШЕШЕН

Бөлтірік Әлменұлы 1771 жылы қазіргі Жамбыл облысының Шу ауданындағы Шоқпар темір жол станциясы маңында дүниеге келген. Бала кезінен-ақ, ақындық, шешендік сөз өнеріне бейім болған. Ел арасындағы тапқыр, үтқыр сөздерді, тақпак, терме, аңыз әңгімелерді жаттап, оны жастар арасында вайтып, қызық думан құрган. Бөлтірік солымен бірге мерген, саяткер, ат үстінен алдырмайтын шабандоз, батыр болған. Есейген шағында ел арасындағы жер, су, жесір дауына, жайлау, қыстау, еңбек жөнніңдең талас-тартыстарға араласып, әділ де шешен

төрелік айтқан. Соңдықтан да халқы оны қалап, би сайлап алған. Зорлықшыл, Қиянатшыл, барымташы, басбұзар, жа-лақор, алайқтар Бөлтірік бидін қара қылды қақ жарған әділ билігінен беті қайтып, әшкереленіп отырган. Оңдайлар Бөлтірік отырган жерден сескеніп аулақ, жүрген. Бөлтірік шешен тек қана Қазақтар арасындаға емес, қыргыз, өзбектерге де белгілі, беделді шешен болған. Не бір төрелер, бектер, бай, манаптар оның өткір сезінен, бетін бар, жузің бар демей тіке айтатын жөп-жосықты билік-шешімінен аяғын тартқан. Бөлтірік шешен 1854 жылы дүниeden қайтын. Оның үрім-бұтақтары Жамбыл, Шымкент, Алматы облыстарының қалалары мен далала-рында еңбек етеді.

Бүтінде ел аудында «Бөлтірік айтыпты» деген шешенідік кесімді сөздер көп. Оңдай сөздер басқа халықтарға да таралып кеткен. Қыргыз Бәйтік манапты тізе бүктіргені. Тезек төреге, Барак, Диханбай, Сыпатаі батырларға айтқаны, Құнанбай аға сұлтанды сөзден сүріндіргені, тағы соңдай көптеген шешен сөздері бар. Олардың бірқатары баспа бетінде жарияланып та жүр. Халық ақындары Ке-нен Эзірбаевтың «Ақыздар сыры» (1969), Балтагұл Би-гелдиевтың «Балқаш» (1970) жинақтарында, Шона Смаханулының «Жалын» журналында (№ 3, 1969) Бөлтіріктің ақындығы, шешендігі, батырлығы туралы әңгіме, аңыз, өлең-жырлар жарияланған. Оның мұралары жиналып «Бөлтірік шешен» (1994) деген атпен жеке кітап болып басылып шықты.

* * *

Әке-шешеден жастай айрылған Бөлтірік бала бұғанасы қаттай байлардың қозысын бағып, отын тасып, құліп шығарып, құнін көріп жүреді. Ішсе тамаққа, кисе киімге жарымайды. Бір күні жанашыр ауылдасты:

— Эй, Бөлтірік, сегізге келдін сергелденде жүрсің. Жаным ашып айтамын, сонау Балқаш деген жерде әкенмен тумалас Қоңырбай атты бай нағашың бар. Соның саясын панарап ер жеткенің дүрыс қой деймін.— дейді.

Бөлтірікке ой түседі. «Бұл жерде жаны ашитын адамым жоқ, мәңдаймынан сипайтын қол жоқ. Одан да түбі бір нағашымды паналаганым дүрыс болар. Етіне тоядың, тай-ына мінейін, киімімді бүтіндейіш» деген шешімге келеді. Көп үзамай сол жаққа баратын керуесінде ілесіп,

нагашысының ауылына келіп жетеді. Бөлтірікті көрген нагашысы қуанып:

— Жиенжан, жақсы келдің гой, не істерімді білмей отыр едім. Қолыңа шыбық ұстап, қозыға шық,— деп мал соңына салып қояды. Мұнда да ішсе тамаққа, кисе киімге жарымайды.

Бір күні Қоңыrbай төңірегіндегі өзі тенденс байларды қонаққа шақырады. Бөлтірік бұтан қатты қуанады. Іштей «етке» тоятын болдым, етке тоймасам да сүйек, сорпа тиетін шығар деп ойлады.

Байлар табақтағы сүйекті бір-бірден ұстап мұжи бастайды. Босағада отырган Бөлтірік балага көз қырын да салмайды. Осы кезде үй сыртына бір тол атты адам келіп тоқтайды, ат дабырын естіген нагашысы Бөлтіріккі:

— Эй, сүмелек, мына келген кімдер екен көріп кел — дейді.

Бөлтірік тысқа шықса, бастарына сәлде ораган бес молда скен. Балалы көрген бір ересектеуі:

— Үйде кім бар? — дейді. Сонда Бөлтірік жұлып алғандай:

— Үйде өншең иттер отыр,— дейді де ішке енеді.

Нагашысы Бөлтірікке қарат:

— Келген кімдер екен? — дейді. Бөлтірік бәріне естірте:

— Бес қатын келіп тұр,— дейді. Отыргандар бір-біріне таңдастып қарасып;

— Ерекк үстіне келетін қандай қатындар?

— Біздің тоқалдарымыз болмасын!

— Аттарынан түсіріп, үйге кіргіз? — деп бүйшрады нагашысы.

Бұл кезде Бөлтірік бес молданы бастап үйге кіргізгенде, бәрі таңданып балага қарайды. Бірақ, ештеңе айта алмай, қызараптап күлгендеп бір-бірімен сәлемдеседі. Молдаларды отыргызып болғаң соң, босағадағы отырган Бөлтірікке нагашысы одыраға қарат:

— Эй, бала сомадай болып отыра бермей, қонақтарға қой экеп сой, Молдалардан бата сұрауды үмытпа! — деп зекіді.

Бөлтірік қойдың ішінен бір қара қошқарды ұстап алып келеді де, есіктің жабығын көтеріп:

— Ал, молдалар, бата қылышыздар? — дейді. Нагашысы қошқарды көріп;

— Эй, иттің баласы, саған бірдене көрінгөн бе, семіз ісектер тұрганда, қошқар экелгенің қалай? — деп

қолыңдағы қамшысын көтереді. Соңда Бөлтірік нағашысына тіке қарал:

— Ұрсаңыз үршызы, таяқ еттеген өтеді, сөз сүйектек өтеді. Иттің баласы болсам сізден аулақ кетпегенім гой! Бұл — бір. Екіншідең, адам қожасы — қожа, қой қожасы — қошқар. Бұл қожа-молдаларға қошқар сойған лайық. Оның несіне намыстандыңыз нағашы? — дейді.

Отырган жүрт сасып қалады. Соңда әлгінде келгендердің ішінен жасы үлкен біреуі тұрып;

— Баланың сөзі дұрыс, сол берсін, аллаһау-акбар! — дейді.

Нағашысы Бөлтіріктің соңынан шытынай қарал:

— Кешіріңіздер, молдекелер, мына қу жетімге бір нәрсе көрінген шыгар. Сіздерді әлгінде «қатыңдар» деп айтты бұл жетім,— деп күйінеді. Соңда қожалардың бірі

— Біз де «үйде кім бар» деп едік, «өңшең іттер отыр»,— деп жауап берді. Соңда бұл — балага сүйек те тимегені гой. Бізді қатың десе басымыздың сәлдеміз шыгар. Бұл баланың тілегін орынданап, ауылына тезірек қайтарған жөн болар түбі деген екен.

• • •

Бірде Бөлтірікке әкесі:

— Балам, өрістегі атты алып келши? — деді. Бөлтірік қолына жүтеп үстап, үйден шықты. Өрісті шарлап, атты кешке дейін іздел таппады. Шөлдеп-шөліркеп, ымырт үйіріле Құзебай деген байдың үйіне жетті.

«Сорпа — су ішеміз бе» деп байдың үйін торуылдайтындар да аз емес екен. Бөлтірік келгенде жалаңақ, жалаң бас еріндегі тобарсып жарылған екі кедей отырады. Біреуі түйе қараган, біреуі ат қараган болып екі желеу, бір сұлтаумен тамақтарын тойғызбақ, қой бағы.

Келімсектерге көже құйып беретін бай үйінің әдеті екен. Қубіде бидай көже ашып тұр. Байдың тоқалы пісіп-пісіп жібереді де дәү табакқа құйып, үшевуінің ортасына қоя салады. Үш кісіге бір қасық. Үшевуі кезектесіп ішуге кіріседі.

Көжениң сұы көптесу, қоюы аздау екен. Қаршы ашқан бейшаралар қоюын ішкісі келеді. Бірақ қоюодың қолға түсуі киши, қасыққа ілінбеді.

Қасындағы екеуінің жасы үлкен әрі әккі қу екен. Көжениң қасықпен қозғап жіберіп, қоюы көрініп қалғанда, лып етіп іліп әкетеді.

Кенет Бөлтірік орнынан атып турегеліп, басындағы тымагын, былай лақтырып тастады. Қолындағы жүгенін алып жерге бір-ақ үрді. Үстіндегі шекпенді, аяғындағы етікті шешті. Енді болмаса одан әрі шешіне бермек түрін көрген бай:

— Эй, балам, мұнша неге мазаң кетті тыптырап, неге шешіндің? — дейді.

— Ата, мына көжениң қоюы маган үстаптайды. Соны сұнгіл алып шығайын деп едім. Шешінгенім сол...

— Тоқта, балам! — деп Күзебай қарт он қолын көтерді.

— Балам, кімшің баласы едің?

— Әлемениң баласымын.

— Атың кім, балам?

— Атым Бөлтірік

Бай бір жігітіне әмір етті.

— Өрістең тездетіп бір қой әкел. — Бай деруу ауды ақсақалдарын шақырып алды. Мал да әкелінді.

— Балам, ана қойдың мойнынан үста, батамды беремін.

— Айтқапың әділ болсын,

Тілегің кабыл болсын.

Жортқапда жолың болсын,

Қызырғасалам шылауында болсын.

Дүшпашыңа киелі бол.

Халқыңа киелі бол.

Өзіңе әмір берсін,

Айтқап сөзің әрдайым,

Ослай жүйелі болсын, әумин! —

— деп батасын берген екен.

* * *

Бөлтіріктің шешенілігімен аты жаңа шыға бастаған кезі болса керек. Бірде Арқаның атақты шешені Бердіқұл бимен сұхбатасуға инеті аудады. Бірақ, ауыздыға сөз бермеге Орта жүздің шешенінен жас Бөлтірік сырттай сескене берілті. Бір күн өзін-өзі қайрап:

— Бердіқұлдан мен неменеге сескенем. Жеңілсем мені бала дейді гой, жеңсем дана дейді гой, тәуекел барайың, — деп атақты шешенің алдына барған екен.

— Батаңызды алғалы, ақылышызды тыңдағалы келдім. — дегенде Бердіқұл Бөлтірікке:

— Шырагым, жасың кіші болғанымен, жолың үлкен гой. Батаңды сен қайта маган бер. Мен саған бір гана

сауал қояйын. Сөз мәнісін білмеген қалай болады?—
депті. Бөлтірік жұлып алғандай:

Сөз мәнісін білмеген,
Ел мәнісін білмейді.
Ел мәнісін білмеген,
Жер мәнісін білмейді.
Жер мәнісін білмеген,
Ер мәнісін білмейді.
Ер мәнісін білмеген,
Бар мәнісін білмейді.
Бар мәнісін білмеген,
Мал мәнісін білмейді.
Мал мәнісін білмеген,
Ал мәнісін білмейді.
Ал мәнісін білмеген,
Бер мәнісіп білмейді.
Бер мәнісіп білмеген,
Не мәнісін біледі?—

депті. Соңда Бердіқұл:

— Болды, экем, болды,— деп, ризалығын талытыпты.
Сонан соң Бөлтірікті «Төле би атандай үш жүздің шешені
болар ма екенсін»,— деп жоғары бағалап, батасын беріпті
ол.

* * *

Жер дауды мен жесір дауының қаулаپ тұрған кезі
екен. Ногайлы мен қазақ бір жерге таласа берген
көрінеді. Содан әлгі дауды біржола бітіру үшін Сы-
патаій батыр қол жиып Ногайлы еліне аттанбақ, бо-
лады.

Осыны естіген он үш жасар Бөлтірік сапарға бірге
аттанбақ үшін Сыпатаій батырга жолықлақшы. Астында
көк құнаны бар сәлем беріп алдына келген балаға:

— Балам, кайда бармақсың?— дейді батыр.

— О, қолбасы батыр ага, мен халқым үшін тудым,
халқым төнген жауға белімді бекем будым. Бала бол
мылтық ата алмаспын, бірақ жаудан жасқанып үйде жата
алмаспын. Бір кәденізге жараврын.

Сыпатаій қолбасы ат үстінде ойланып тұрып:

— Жарайды, түр-тұлғасы келіскең бала екен. бар-
сын!— дейді.

Ертесінен оң мың қол жолға шығады. Жер шалғай.
Бірнеше күн сабылып шаршап, Ногайлы елінің шетінен
келгендеге. Сыпатаій батыр қолын тоқтатып,
мыңбасылармен оңаша кеңес күреде.

— Бүгін түсте Ногайлыға жетеміз. Елдің ежелдең келе жатқан салты бойынша, жау алдымыздан кісі шығарады. Ол топтан озған жүйрік, құланнан озған құлік ойға бай, сөзге шешен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар дегендей бізді қарсы алып, бір ауыз жұмбақ сөз айтады. Оны дауын даулап келе жатқан жақ шешсе, тәбе би өздерінен сайланады, шеше алмаса тәбе би дау беретін елден сайланады. Бір тәбе бидің өзі барлық салмагына тен. Осы сынға дайындалындар. Жауап бере алмай, женіліп қалмаңдар. Арапарыңда шешен, шеберлерің бар. Дау аламыз деп келе жатырмыз.

Тұрган жұрттың арасынан анау да, мынау да:

— Ой, оған сөз табамыз, жұмбағын шешеміз.— десті.

Тұс үағында ногайлы слігің Қарасы да көрінді. Боз ат мінгелі, басына ногай бөрік кігелі бір шешен ділмар салып-шұбырып келе жатқан қолдың алдынашырып, алыштаң айқай салып:

— Ассалаумагалейкүм, ақтабандар,— деп сәлем берді. Білгіш көсемсіп, жүйрік шешенсіп келе жатқандар әлгінің не дегеніңсі түсіне алмай тұрып қалады.

«Ақтабандар» деп шұбырып келе жатқандарын келеке етіп айтқанын Бөлтірік түсіне қойып, құнаның тебініп алға шығып;

— Уагаликумәссалам, өлігін сүр ғып сақтағандар.— деп бала қырандай санқ ете қалады.

Ногайлы елінің қысы сұық, аязды болады, кісісі өлсө, оны құн жылынғанда, жер жібігепде жерлейміз деп арша ағаштың басына таңып қақтал қояды екен Бөлтірік соны мін етіпти.

Келген кісі үн-тұнсіз атының басын бұрып, он мың қолдың алдына түсіп жүріп отырып, бір ауылға экеліп түсіреді. Сыпатаі қолбасының сарбаздары етін жеп, шайын ішіп жата береді. Эбден тынығып алған соң Сыпатаі оңаша кеңес өткізеді.

— Ел иесіз, жер киесіз болмайды деген, қарагым Бөлтірік, халқың үшін тутан екенсің. Мына мен болсам қартайдым, еліңе ие бол — деп мыңбасыларға қарайды.— Ал мыңбасылар, құдай тілегімізді берді, жолымыз болады екел, бала Бөлтірігіміз жақсы ырым жасап, үтпай әперді. Жігіттер ертең таң атқаннан кейінгі жерде ұлық бізді шақыртады. Ол: «Қазақ, женіс сенікі болды, тәбе биңді сайла, кімді сайлайсың» дейді. Сол уақытында біз кімді сайлаймыз, батырлар?

— Отырган мыңбасылар:

— Батыр, сіз өзіңіз боласыз да тебе би. Сіздер өзге кім лайық еді? — десін. Сыпатаі ойланып отырып:

— Иә, халқым, қазақ елінің абырайын жапқаң мына кішкентай балағай ғой. Осы балага бүтіннен бастап халқымыздың аруагы да, бақыты да қонды. Мен болсам қартайдым, — дегендес жұрт шу ете тусти.

— Жарайды, бала төбе би болсын! Сыпатаі орнынан көтеріліп:

— Жай қолыңды, балам, — деп жылап тұрып батасын береді. Батаны алып жүре бергенде жұрттың көзіне оң үштегі бала дәл жиырмадағы жігіттей көрінгел екен. Жұрт сүйсініп қалады.

Бөлтірік ұлықтың алдына келіп, бас иіп, сәлем береді. Ұлық таңырқай қарап тұрып:

— Қайсың төбе бисің? — деді.

— Тақсыр, төбе би мына мен боламын! — Бала басын төмен иді.

— Балам тым жас екенсің ғой.

— Біздің қазақта «қайрат» атта болады, ақыл жаста болады» деген мақал бар. Жас болсам, тақсыр даңышпай шығармып, елімді қорғап жаумен алысқаң шығармып, — дегендес ұлық риза болып;

— Кел балам, — деп оң жағына отыргызып, — өзімінші де балам сендей еді, жарайды, — деп ұлық ерекше ықылас таптықан екен.

Сол жолы Сыпатаі батыр тобы Бөлтірік балапың тапқыр шешімінің арқасында жеңіске жетіп, еліне олжалақ қайтыпты.

• • •

Бөлтіріктің нағашысы тобықты руыштаң шыққаң атақты Қараменде деген кісі екен. Бөлтірік оң сегіз жасында біраз күті аулап-құнап қайтуға нағашысының аулынша келеді. Амандастып, жай сұрасып болғап соң, Қараменде жиенінше:

— Балам, қырық жігітпен келіп, шеге қырық ат мініп қайтиладың? Жалғыз келгенің қалай? — деп сұрапты.

— Жалғыз аттың пайдасы көп, жалғыз жігіттің айласы көп, — деген емес не ілгергілер. Жалғыз келсем, өзімे өзімінші сенгенім-дагы, алмасам да осы айтқаң сөзің бергенің-дагы, — деп жауап береді Бөлтірік. Нағашысы Бөлтірікті жас демей, ұлкен сый-күрмет көрсетеп, қалаганып беріп, көзіліш тауып қайтарады. Жиенін аттанып

кеткен соң, Қараменде «Жақсы сөйлесе, аузынан гүл төгілер. Бұл бір аузынан гүл төгіліп тұрган, көзінен от төгіліп тұрган өрен екен. Келешекте үш жүзде мұпаш озар адам болмас, баланы шығарып салайын» деп ойлап, сәскелік жерден оны құып жетеді. Жиенін сөйтіп түстік жерге дейін шығарып салған қарт би;

— Қош, жалғызы! Малға кенде болсаң да, басқа кенде болмассың! — деп қош айттысады. Соңда Бөлтірік:
— Нагашы неге жалғыз дедіңіз, бірге тутандарым бар гой, — дегендес, Қараменде:

— Е, қарағым, хал Бөлтірік,
Үш жүзде тсіңдес жоқ жан Бөлтірік.
Солдықтаң да атадым жалғызш деп.
Сендей боп туа бермес сан Бөлтірік.—

деген екен.

* * *

Бөлтірік кедейліктең үйлеңе алмай жүреді. Балқаш жақтагы нағашымына барғанда әуелі қозы, кой, бірер жылдан соң жылқы бағады. Ол ат үстінде ойнайтын әбжіл, мықты жігіт бол ер жетеді. Бұл өңірдегі палуаш деген одан жығылады. Додапаз деген оған ілесе алмайды. Ақын біткеп онымен айттысып жене алмайтын болады. Өзі көркіті, келбесті, насат, үнемі тауып сейлепті. Бөлтірікке бозбала, өсіреле қыз келіншектер үйрек болады.

Бірде бие сауын кезінде құлым ағытып, салып тұрган Бөлтірік жеңгесімен сырласады.

— Шырайым, елінді сағындың ба?
— Иә, сағындым.
— Неге еліңе қайтпай жүрсің?
Бөлтірік қасында серіктесгерімен бір үйде тұстеніп отырады. Сөйтіп отырғанда олардың үстіне сол ауылдың бір байы келеді. Ауыл адамдарының қатарынаң асып, бай, төре, Бөлтіріктің қасына келіп отырады. Үй иесінің қонақтарға арнап тартқан сый табагы ішіндегі қойдың басы біраз мұжілген екен. Бай өзіне ұсынылған басты алып, қалған көзін алып жейді. Бай Бөлтірік пен оның қасындағы серікттеріне тиісіп, оларды ашқұрсақ жүрген қызырымлаздар деп іліп-қага береді. Соңда Бөлтірік әлгі байға:

— Арғымақ, атта жал болмас, жабы келіп жалыменен теңесер. Ақиық ерде мал болмас, жаман келіп малыменен теңесер. Мен арғымақ, болғанда, сен бір жабы емес пе едің, — жалыменен теңесіп тұрсың-ау. Мен ақиық ер болғанда, сен бір жаман ез емес пе едің. Малыңменен теңесіп тұрсың-ау. Жабы арғымақ, бола ма, жал біткенмен. Жаман жақсы бола ма, мал біткенмен. Жаман болмасаң, есікten кіріп төр мейікі дер ме едің? Жақсы болсаң, жалышынаң сарқыт жер ме едің? — депті. Соңда кедейдің қолынан сарқыт алып жеген байдың үні өшіп, тамакқа қол соза алмай отырып қалған екен.

* * *

Бірде алыс жолдан жолаушылап келе жатса керек, елінің шетіндегі Шаңбай деген байдың отыз-қырық, үй көрші ауылына қоюға ыңғайланады. Малың бағып, қойын сауып, айран-сүт ішіп, күп көріп отырган ауылдың халжайын бұрыншан жақсы біледі. Күп кешкірген кез, Бөлтескең қасындағы жолдастына:

— Мына ауылда Шаңбай байдың қасында отырған кедейлер кімдер? — деп сұрайды.

— Бөлтеке, бұл жерде бірнеше қоңыс бар, бәрі байдың өз ағайындары. Байдос, Досымбек деген бар. Сәмек деген бар.

— Сәмектің баласы бар ма?

— Шүленбай деген жалғыз баласы бар, былтыр үйлектен. Байдың қойын бағады, тұті жоқ, тақыр кедей. Экесі Сәмектің жаман үйінде тұрады. Келіншегі байдың малыш сауыл, жұмысын істейді.

— Шіркіп, Сәмек марқұм жақсы кісі еді-ау. Несін айтасың, Сәмек жәкемді сағындым,— деп күрсінген Бөлтірік ойланып қалады.

— Дұрыс айтасың, Сәмек жақсы кісі еді гой. Бірақ баласының мәндайында бір сиыры да жоқ, тақыр кедей. Устіндегі күмі де жамау-жамау. Түлеу күнгі жалаңақ, жалаңбас кетіп бара жатқанын көріп, меш соңдай үядым. Келіп байгус бір көне шекпеніді беліне орап алышты.

— Олай болса батырым, бүтін соның үйіне қонақыз.

— Бөлтеке-ау қалай қонақыз үйіне. Тессейтін күізі де жоқ, ықтап отыратын үйі де жоқ, шүрк, тесік. Құдай біледі, беретін тамагы да табыла қоймас, дастарқапы жұтаі. Одан да анау Шаңбайдың үйіне қонақ қайтеді? Сән-салтаматы бар, аяқты көсліп жатамыз. Оның үйінде бәрі бар шүкір.

— Жоқ, батыр, байдың дәмін талай таттық қой. Кедейдін де үйіңе қонаїлық. Атасы атамыздан кем емес, түбіміз бір ағайын едік. Кешегі ер Сәмектің тұқымы еді гой, айыбы кедейлігі болмаса ұмытқанымыз жараспас. Тамагы бар, күтімі бар жақсы деп аттап барып байдың үйіне қонақызыз әруақтың алдында келіспес.

— Мақұл онда, Бөлтеке, айтқаныңыз болсын.

Күн батты. Қос атты Шүленбайдың үйінің сыртына келіп:

— Кім бар-ау? — деп тұра қалады. Үйінде отырган Шүленбай селк етеді.

— Ойпырмай, біздің үйге де қонақ келеді екен-ау. Бұл кім болды екен, — деп әйелі де, өзі де есіктен бір-ақ, қарғып сыртқа жүтіріп шығады. Екеуі де жалпылдан сәлемдесіп, аттылардың шылауына орала кетеді.

— Қонақпаз батыр, бұл Сәмектің үйі ме? — дейді Бөлтекен жайбарақат.

— Иә, қош келдіңіздер, — деп екі жас жік-жапар болады. Бөлтекенді Шүленбай таниды. Қолтығынаң сүйеп, әйслі екеуі аттан түсіреді Аманғылдық сұрасқаң сон: — Үйге кіріңіз, үйге кіріңіз, — деп есікті аша береді. Келіншегі

жүтіріп елден бұрын ішке кіріп кетеді де төрде шан-шақ болып жатқан құрым киіздің үстіне не төсөрін білмей дагдарып тұрып қалады. Бір кезде дерек басындағы ақ орамалын ала салып жайып жіберіл, құрым киіздің үстіне төсейді.

— Ата төрлетіңіз, отырыңыз,— дейді жаймашуақ да-уыспел. Бөлтекен кімін шешіп, асықпай керегенің басына іліп, төрдегі жас келін төсеген ақ орамалга жақындаған келеді де еңкейіп іліп алды.

— Қарагым келін, үлкенге деген ақ ниетің гой, бұл ақ орамалық. Сыйлап төсегеніңе рақмет, нұр жаусын шырагым. Осы құрметің де жетеді маган. Иә, басыңа тартып ала гой. Разымын, шырагым; бақ-дәүлетті көтеретін балам екенсің. Қызметіңе рақымет. Бүгін әдейі ағамның үйіне қонаїн деп арнағы ат басын бұрдым.

— Келгеніңіз жақсы болды аға, Сізді көргенде жүретіміз жарыла қуандық. Алғашқыда қорқып қалдық, кім екен деп. Жоқшылығымызды көріп біздің үйге қонақ көп аса келмеуші еді. Келгеніңіз мүтдей жақсы болар ма? Құдай айдан келген шыгарсыз. Ал, аға, руқсат етсең, келініңіз екеуміз тысқа баралық,— дейді Шүленбай атынан жарышып.

— Бөлтекен басын изесімен екеуді тысқа шығады. Үйдің сыртынан қараса іші көрінеді, ішінен қараса дала көрінеді. Құрым киіз шурқ тесік. Далага шығып Шүленбай мен әйелі ақылдасып тұр. Не істеген жөн. Мал дегендеге жалғыз ешкісі бар. Лактаған, лагы да союға жарап қалған. Шүленбай әйеліне:

— Жақсы болды, ешкінің лагың соямыз,— дейді. Сенің басқа сақтаған жылы-жұмсағың бар ма еді?— дейді келіншегіне.— Лакты соғығанда не болады. Қырықтың бірі қыдыр деген, одан да ешкінің өзін сой. Қонақ разы болып аттансын. Құдай жеткізер.

Бөлтекен сырттағы екеудің сезіп естіп отырган.

— Қарагым ішіншегім, келіндікі дұрыс,— дейді іштен дауыстап.

Шүленбай қонақтап бата алғып, есік алдында ешкінің сояып жатыр. Жас келіншек от жағып, қазапшы асып, томпандап жүтіріп жүр.

— Келін,— дейді бір кездे Бөлтекен.— Қарагым келін осы соғыған ешкінің бас-сирағын үйітіп, қазапға суды мол қүй да, ішек-қарынына дейін түтел сал. Қазапшың үлкен бе еді?

— Қазапшымыз үлкен ата.

Бөлтекең қасындағы атқосшыларына бұрылыш:

— Сен қазір Шаңбай байға бар. Мына Сәмектің боласының үйіне келіп, Бөлтірік қопып отыр,— деген хабар бергін.

Атқосшы кетісімен Шүлеңбайға:

— Қарағым, малыңды сойып болдың ба? — дейді.

— Болдың, ата.

— Сойып болсаң төңірегіндегі ауылдың берін шақыр.

Алау Бекбосының ауылшының, Нұрымбайдың ауылшының, Қойкедінің ауылшының, түгел шақыр, жарай мә?

— Ага, бәрі үйгес сыймайды гой, тамақ та жетпейді. Эрі шақырганмен олар менің үйіме кірмейді гой кергіп.

— Олай болса оларға шыныңды вайт, Бөлтірік келіп еді, менің үйімде құдайы тамақ жеп отыр де. Жалғыз ешкімді сойып, сіздерді де сол құдайы тамаққа шақырып келдім дерсің.

Атқосшы Жапкісі Шаңбай байдың үйіне барып атташ түсті.

— О, қайдаң жүрсің кештестіп? — дессті байдың үй іші.

— Жолаушылар келе жатыр едік. Бөлтекең қоламын дег мына Сәмектің боласының үйіне түсті. Қазір сол үйде отыр. «Арупқатай аттамайық, Сәмек тә ағайын гой» деді.

— Шың айтасың ба? Не дег отырсың? Бөлтекеңдің біздің үйгес алып келмегендің қалай? Есің дүріс па өзіншін. Ол бейшаралың түті жоқ қой. Мынау не дейді? — деген Шаңбай сасқалақтап орышшаш үшінп тұрады.

— Ізбала, Ізбала ойбай, — дейді қатты дауысталап. — Жүр алау Шүлеңбайдың үйіне Бөлтекең келіп түсіпти. Екеуміз барып жалыншып-жалбарыншып үйгес ертіп келейік. Сен барсаң келер, жақсы көрстің келіпсің гой.

— Бөлтекең келмейді. — дессті кесіп айтты Жапкісі. — Үйге шақырып зурса болмағандар. Ол кісі білмей отырған жоқ. Опаң да үйдегі бар тамағынды, көрпес-жастық, текеметтеріндегі ал, Бөлтекеңнің астына тессе апарып. Бөлтекең қазір Шүлеңбайдың құрым киізінің үстінде отыр.

Шаңбай жігіттерінің берін шақырып алмы:

— Бөлтекең келіп, алау Сәмектің үйіне түсіпти. Оның үйінде түгі жоқ, еді. — дейді.

— Оңда барып ол кісіге сәлем берелік, — дессті жи-нанғатайдар.

— Ал бәйбіше, шеш теңді, кілем-текеметтеріндегі алып барып тессе. Бөлтекеңді күтслік, ауылға келді гой.

Кілем, көрпе-жастық, текеметті, қоржын-қосқаланды көтеріп ауыл Шүлеңбайдың ауылына қарай шұбырды. Алдымен Шаңбай әйелі екеуі ішке кіріп, Бөлтекеңе сөлем береді.

— Бөлтеке, балаларды үялтып, біздің үйге түспегеніңіз қалай? — дейді салған жерде.

— Шаңбай мырза, сенің әкесі Отарбай, менің әкем Сүйіндік, Сәмектің әкесі Едігे бәрі бір кісінің балалары емес пе. Сен тутан атадан, мен тутан атадан Шүленбайдың да атасы тутан. Тұпкі атамыз бір гой, малы көп, тамагым тояды деп мұның үйінен аттап кетіп, сенің үйіңе түскеңнін аруаққа жөн болар ма еді, өзің айтшы? Сәмектің үйіне осының ойлап әдейі түстім. Тамагым аш емес, батыр. Ағайың бәрің бірдейсің. Біреуіңді бар, біреуді жоқ, деп жек көріп нем бар? Мені құдай Абақ-Тараққа Бөлтірік етіп жаратып еді. Мына Сәмектің тұқымы жеті атадан бері жарымай жүр, сенің малыңды бағып, айран-сүтіңді ішіп күнелтіп келе жатыр. Шүлеңбайға батамды дарытайын, өзің жарытайын деп әдейі келіп түсіп отырмын, байеке, — дейді Бөлтекең толғанып.

Хабар тиген ауыл дүрлігісіп:

— Бөлтекең келіпті гой, Бөлтекең келіпті, — деп бәрі бір-бірінен сүйінши сұрагаңдаип дабырласып жатады.

— Кімпің үйіне түсті, Шаңбайдың үйіне түсті ме?

— Жоқ, Шүлеңбайдың үйіне түсіпті, сол үйде отыр.

— Не дейді? Ойбай-ау ауылға шақырып келтіре алмайтын кісіміз Шүлеңбайдың үйінде отыр дейді, оның үйінде түк те жоқ, еді гой.

Дабырласып халық көрле-жастығын көтеріп Шүлеңбайдың үйіне ағылады. Бірі төрге текемет, кілем тәссеп, бірі көрсеге шымылдық ұстап, жабыла қымылдан кетеді. Қалт-шайды төгіп, май да әкеліп, тоқаң пісіріп, үлкен дастарқан жайын, жұрт алқа-котаң отырысады. Терле Бөлтекең: «Келгеніңіз жақсы болды-ау, көргеніміз қандай қуанышты сізді!» — десін жиналған жұрт қошемет білдіріп жатады. Шаңбай сенің құлаған кой әкелдіріп сойғыззады. Ет асылып жатыр. Ұш жерде жерошаққа асылған қазандада буы бүркүрап ет бұлк-бұлк қайшайды, әзілі жарасып әйелдер, жігіт, қыздар жүр.

Жарасымдаң әңгімемен таң да атып, ел сөртеңгі шайды ішеді. Бөлтекең: — Ау жігітер, сендерге бір айтатынын, мына Сәмек Едігениң баласы еді. Бөріміздің тұпкі атамыз бір, жеті атасынан бері кедей. Әкесі де малыңды бақты. Мал дегеншешін жалғыз ешкісі бар екен, соны сойды. Үйін

көріп отырсыздар, торғай қамаса түргысыз. Келінің де, өзінің де киерге киімі жоқ. Осының көріп отырып қалай шыдап отырсындар ағайын. Кешеден бері тамақтарынды беріп құрметтеп жатырсындар. Осында әкеалген затта-рының бір сабак жібі кері қайтпайды. Шешім осы болсын. Шаңбай сен өртең семіз айғырынды Шүлгебайга бер, мен Шүлгебайды серік стіп қасыма ертемін. Орта жұз атамыздың ел-жұртты мені Арқага шақырып отыр. Нұрымбай өзің мініп жүргенде ер-тоқымынды бер. Бес-алтын ай, арысы бір жыл жүріп қайтармыз. Ағайыш, сенің Шүлгебайға қосқаның болсын. Құдай қырсығын кессе, осы жолы Шүлгебайдың қырсығын біз кесіп жіберелік,— лейді сөзің қорытыпдылаты.

— Мақұл, Бөлтексе, жарайды, солай болсын,— деседі жиналған жұрт. Біреуі атын, біреуі ер-тоқымын, біреуі тонын беретін болды.

Бөлтекең арада бір-екі ай демалғашпаң кейін Шүлгебай мен Досымбекті ертіп Арқага аттанады. Бөлтекеңнің бір ерекшелігі бір жаққа жүргендеге жолдасты көп ертлейді. Мен «Бөлтірікпін» деп атын дабырлатпайды екен. Жолай түссе:— Құдайы қонақпаз,— дей салады екен жайғана. Қарапайымдылығы сондай күй таңдамайды. Жастық жоқ болса ер-тоқымын жастап салады. Барынға риза.

— Аты-жөнімді білсе жұрт әуреге түсіп сабылады, жүргізбейді. Адам жұз қадам үйден шыққапшан кейін мүсәпір. Біз құдайы қонақ болып жүрелік. «Бүйірган несібемізді татармыз»,— деп отырады екен әкем жа-рықтық. Жүрген жерінде тәкәпарлық не? Ол кімге ке-рек? Ең жаман қасист сол,— деп жүртты, көпшіл, кішіпейіл болуга үнемі тәрбиелеп отырған. Ниет қылып шыққан бұл сапарында аргын бауырлардың елінде қонақта болып, алдына жүтіне келгендердің дауын әділ шешіп, сөзіп сыйлагатындарға небір арналы ой-пікірлерін айтып, алты ай қыс аулап-кунап ағайынның арасында мауқын басып қайтқағ екен.

Қапша шақыртып көлтіре алмай жүрген Бөлтекең ор-таларына келгенде Арқадағы ағайындар талай жерге дейін қимай шығарып салып, базарлыққа бергенде елу ат, құнаан, елу құнажыш, байталды шешенінің елінс айдал баруга қасына атты жігітті қосып аттаңдырыпты.

Бөлтірік шешен жолай кезіккен ауылдың кедей-кепшіктеріне де базарлық үlestіріп, мал айдаса келген әлгі атты жігітке бір-бір ат мінгізіп, қайтарып, бағы тұысқалы Шүлгебайдың ауылшына келіп түседі. Арқадан

Нйдал шыққан базарлық, малын жолшыбай тоқтаган жерлеріне үлестіргсінімен кемімей, бай ауылдардың Қосқашы бар, мал едәүір көбейеді. Шаңбай байдың аулында да шешегі Бөлтекең қырық кедейге қырық, ат жетектетеді. Келесі сэтте Бөлтекең тағы бір ойын ортага салып:

— Халқым, естерінде ме, быштыр осы уақытта Арқага жүрерде Үәзипа келінің үйінде қонақ болып отырып, айтқан үәдеміз бар еді. Сол жолы мег аруақ қолдаса, қырсығынды кесейін деп едім. Үәзипа келінімнің төсеміші болмай басындағы ақ орамалын төсеміш еткен ақ, ниеті әлі есімнен кеткен жоқ. Сол жолғы көрсеткен келінімнің ізетіне мен мына он қараны тарту етемін. Жалғыз ешкісін сойып, бәрімізді қонақ еткен Шүленбай еді, мына оғ қараны Шүленбайта байладым. Дүниелерің болса да, безбессіңдер, сөзімді сыйлап Шаңбай атын, Нұрымбай ішігі мен ер-тоқымын беріп еді. Сол сыйларың үшін екеудің бір-бір ат мініндер менен,— дейді шешен жадырап.

— Оу, Бөлтеке, келімді-кетімді кісіңіз бар емес пе?

Мұныңыз қалай, олжакызызды бәрін жүртқа үлестіріп жібергеніңіз,— дейді сөзге араласқан Шаңбай.— Жекжат-жұрагаттарыңыз бар. Олжамен қайтқаныңызды естіп келеді гой олар да. Біразын өзіңізге қалдырыңыз.

— Жекжат-жұрагат кедей екеупінді білмейді дейсіз бе?

Маган келгей қонақ болса, мына сендер күтесіңдер. Халқым аман да мен мал үстап, дүние жинап қайтемін,— деген екег асыл баба.

Айналайшы үлкен жүректі обзal арысым-ай десеңіш!

* * *

Інгеріде қарақалпақ елінен шыққан бір ділмәр әйел Әулиесатага тоқтапты. Атшабардың астындағы бір дәүлетті үйге түсіпті. Сөзге шешендігі, тапқырлығы соңдай, ешкімге дес бермепті. Қалың ел болып жалғыз әйелдің бетін қайтара алмағанымыз үят деп сондагылар өзара ақылдаса бастапты. Соңда бір қария тұрып: «Кой болмас, қос ат жіберіп, тәменгі Шу бойынан Бөлтірік шешенің алғызыңдар»,— дейді. Бұл кезде Бөлтіріктің елге аты шығып қалған кезі екеп. Ол келгенише әлгі әйел ешкімге дес бермей, лепіре сөйлеп отырады.

Сейтіл тұргаңда Бөлтірік шешен де келіп жетеді. Үйге кіре бергенде-ақ әлгі әйел «Қыруар Үйсіннің қай қыртысынан шығып келді екен?»— деп қагыта сейлсайді.

Ал Бөлтірік болса асықпай-саспай амаңдық-саулық сұрап болып:

— Асықпайыз құдаша! Алыс жолдағ шаршап келдік емес ле? Ас-сұымызды ішіп, жайланаң алайық. Қағысып қалжындасадатын үақыт әлі алда...

Бірақ, осы жақындаған бір тұс көріппен. Соның айта отырайын, сіз жори отырыңыз. Түсімде бір таразының басына сіз бен біз түскен екенібіз деймін. Содан қайта-қайта таразының мен жақ басы баса береді. Тіпті болмagan соң таразышты тұрып: «Осында мен түсінбейтін бір нәрсе болуы керек. Сіздер екеуіңіз де тырдай жалаңаш шешініп таразыға қайта түсініздер» дейді. Сөйтіп сіз бен біз әлгінің айтқапын істеп, таразышың екі басына тұрган екенібіз деймін. Содан мен жақ тарғы басты. Соңда әлгі таразышы:— Е, с, енді түсіндім Сіздің итыртығыңыз», ал сіздің «артығыңыз» бар екенін гой деп басын шайқағаны бәтшагардың...

Бөлтірік шешеншің сөзінің аяғын тыңдауга дәті шыда-маган әйел бетін басып, далага тұра қашыпты.

* * *

Ел жайлауга, жайлаудаң қыстауга көшкеңде көштің алдыңда шолушы жүріп отырады екен. Сол бір жылы Бөлтірік ауылы шолушы шықпай тұрып, ерте көшіп кетеді. Соның салдарынан көп қақтығысқа үшырап, Бөлтірік ауышының ержетіп қалған баласы қаза болады. Қас-қарая бере қақтығысып қалған қарсы тог та ағайыннан адамдар екен. Бір-бірін жыға таңығаннан кейін «ой бауырымдап» көріседі. Екі жақ та қапыда қаза болған бауырларының өліміне қатты күйініп, сүйек иесі не айтса, соған келіспек болады.

Енді екі жақ, болып, қара қылды қақ жәрүп тұра билік айтатын ара ағайын іздейді. Ақыры: «Төмен барсаң, Жәлел мен Шоқай бар, жоғары барсаң, қырық мың қойлы Тоқай бар»,— деп Шоқай датқаға жүтінгенде жөн көрседі.

Сонымен мерзімі жеткен кезде екі жақ, төменге атшабатын болады. Бірақ қайғыдан көкірегі қарс айрылып отырған қаралы ауылдағы Бөлтіріктің құн дауласп, төменге барғысы келмейді. Ал Бөлтіріксіз сілдің құнын даулауга ағайының тарғы да дәті бармайды. Соңықтан ел адамдары «Өзің де жүр»— деп Бөлтірікке сөз салып, бармасқа жапсып қоймайды. Ақыры Бөлтіріктің келісім бермескес

шарасы қалмайды. Соңан соң дауга кімнің баратының анықтап алады. Олардың ішінде Қаратай да болып шығады. Қаратай дауга жүйрік, бірақ көп сөйлемейтін. Билікке көп араласпайтын батыр адам екен. Бөлтірік ағайынға шарт қойып:

— Егер едің құнын даулаута мен баратың болсам. Қаратай қалмасын,— дейді. Сонымен бәрі Тәменге аттаңады. Шоқай датқаның үйінде билік айттылады. Шоқайдың алдында төбесінде тұлымы желпілдеп 6-7 жасар баласы ойнап жүреді. Оған ешкім назар аудармайды. Шоқай датқа астарлап сөйлейтін, сөз салмагын артына сақтайды.

— Едің құны 100 қылды, ағайынның айыбы 100 жұнді болсын,— деп екі үштылау билік айтады. Мұнысын қой-ешкі ме, әлде ірі қара ма, атын атап, түсін түстемеген соң, ойын ажырата алмаған айналасындағылар қапелімдес штепе дей алмай қалады. Соңда Қаратай ойнап жүрген баланы тұлымынан шап беріп үстап алып, Қынабына кездігін шығарып алқымына тақай қояды:

— Егер ердің құны 100 қылды, ағайынның айыбы 100 жұнді болса, мән сенің балаңың құнымен бір жылғы тоқтымыңың төлімен ғана құтыламын,— депті. Көп сөйлемейтін адамның көтеріліп кетсе қын болатының билетін Шоқай датқа баламызды шынымен бауыздап жібере меп сессекін:

— Жазсам, жаңылсам, кеширім ете көріңдер. 100 қылды дегенім — 100 жылқы, Жұз жұнді дегенім — 100 түсі еді. Ат-тоң айып өзімнен тағы болсын,— депті.

Бөлтірік Қаратайдың осыпдай тар жердегі тапқырылығына көзілі толады. Елге қайтып келе жатқанда Бөлтіріктің қабагы ашылып, жүзі жадырағаның көрген кенесші билердің бірі оған:

Ердің құның қайтты,
Нардың пұлы қайтты.
Қайғың басылды ма?
Көңлің ашылды ма?—

дейді. Соңда Бөлтірік оған былай депті:

Қайғымды басқан,
Көңлімді ашқан.
Ердің құны.
Нардың пұлы смес.
Ақылы бай,
Некілды сай,
Елдің бірлігі.

Бідің білігі емес пе? — деп билік айтқап Шоқайға да, билік айтқызған Қаратаяға да, билікке тоқтаған елге де ризалығын білдірген екел деседі ел.

* * *

Бөлтірік замандасты, жақсы ағасы Кебекбайға сәлем бергелі келіпті. Кебекбайдың әйелі төсек тартып ауырып жатыр скен. Кебекбай ауру әйеліне жағдай жасай алмай, өзінің де күйі болмай, үй-іші жүдеу тартып қалғанға үқсайды.

Аман-саулық, біліскең соң, Кебекбай:

— Ауруның беті қатты силкты, жаман айтпай жақсы жок, өліп қалмаса жарап еді. — деп Бөлтірікке қаупіл айтады.

— Асыл жеңгем өлмесін, алдымен өзінің өлгенің жөн, — дейді Бөлтірік.

Өзі қам көтіл болып отырган Кебекбай:

— Неге олай дейсің, Бөлтірік? — деп сурайды.

— Әркімнің жапы өзіне тәтті. Сен менің айтқанымды көзілце ауыр алма, — деп Бөлтірік сезінің мәлісін түсіндіре бастайды. — Қімсің — Кебекбаймын атандың. Атагың ауылдан асып, алашақ жетті. Ағайынға сөз салсаң, сезінді өткіздің, жөн айтсаң, жөнінді өткіздің. Қалың мал беріп, қалап алған, құдай қосқан қосағынмен қоса ағардың. Ұлың үяға, қызың қияға қонды. Бұдан артық құдайдала не тілейсін. Өлмегендеге, сайтап болайын деп пе едің? Асыл жеңгем өлер болса, «су экслерім-ай», «от жатарым-ай», «қазаң қайнатарым-ай» деп жылағаннан басқа не бітіресің? Ал жеңешем сенен үзак жасайтын болса, артынан жоқтау айтып, Ысты мен Дулатқа сенің бар жақсылығында жария қылмай ма?

Бөлтіріктің сезін тыңдаған отырып, Кебекбай:

— Дұрыс скеп-ау. Сөзің құлагыма жағып барады. Құдай мені осы жаман жеңгесінің алдында алса, сонда жеңгесі не деп жоқтар еді мені? — дейді.

Бөлтірік сонда:

— Былай жоқтар еді. — деп мышаны айтады:

Биік таудыш басынаі.
Түншік шыққан бұлагым.
Кекорай саздың қасынай.
Түніп шыққан құрагым.
Ат жалын тартып мінгендеге.
Аулыңың басын құрадың.
Алыс пег жақын білгенде,

Еліңді түгел сұрадың.
Сұлтаниң тірі кезінде,
Тал шыбықтай бұрадым.
Енді өлді дегенде.
Өзінді мепең болғанде,
Қара жерге көмтеде,
Көзімшің жасын бұладым.
Жер таянып құладым.
Қолынан үшкән сүңкарым,
Шәй, дессеген шынарым.
Мұңқір-маңқір желганде,
Әсем болсын тұрагың.
Таңда машқар құпінде,
Бейіштің мінген пырағым.

Осы әңгіменің бәрін бастап алқ сүйсініп тыңдаған ауру бәйбішениң бойына жақсы сез қуат береді. Басын көтеріп, орнына тұрып, шалына:

— Қайным дұрыс айтып отыр. Алдымен сен өл! — деп, отын жағып, сүшіп экеліп, қазанына ас салады.

Үйдің берсексі кіріп, үй-ішінің қабагы атылып, мәзмұрам болып, ас ішіп отырганда, бәйбішіс Бөлтірікке:

— Жеңгегін өлмесс дс, өлгендей сіді. Ағаңың өлгөннің тірілгендей қылдың! — деп шашын жазылғаптың білдіріпти.

* * *

Ұстының жігіттері дулат Сыпатаі ауылының бойжетіп отырган қызыны алыш қашып кетеді. Ерсіккен Сыпатаі ауылының жігіт-желеziң қыз алыш кеткен елдің жүзден астам жылқысын айдал әкетеді.

Ол жылқыны қайтаруға барған кедей-кепшіктерді Сыпатаі ауылының жігіттері сабан жібереді. Сонын Ұстының ақсақал-қарасақалдары жиналышы:

— Би мен шешен бармаса, Сыпатаідің жуан жұдырықтары тәңдік бермес, — ден Бөлтірік пен Друшеталишы жұмысайды. Бұл Бөлтіріктің откір сәзімен ел аудында шалға бастаған шана екен.

— Сыпатаі зор деңесі, қалың қабақты кісі болса керек. Алдыңдағы адамға қабатын қолымен көтеріп қарайтын әдеті екен. Друшеталик қашшамын жалының-жалбарынғаптың Сыпатаідің кондіре алмайды. Сөзге енди Бөлтірік араласады:

— Ага — бордан, іші, — зордан, — Сыпеке, балалар бір тәлтектік жасаған шынгар. Төсекте басы, төскейде малы қосылып жатқан елміз ғой. Қыз алатын жігіт сіздің ауылда да бар болар, болмаса туар. Қыздың қалың малы

— сегіз құлышынды бие, он үш бойдақ, бір ат, бір түйе, ырым-жырымымен Қырық жеті емес пе еді. Барымтага кеткен мал ішінде кедейдің кер тайлақтары да бар. Ең болмаса осыларды қайтарсаңызы.

Сыпataй қабагаш қолымен көтеріп:

— Мына заржағың кім? — дейді Дәулеталыға.

— Бұл Ыстының Бөлтірігі гой, — дейді Дәулеталы. Қарғадай бала келді деп, қалыңсыз берер қызын жоқ. Жұз жылды қызды алып кеткені үшін алған айыбымыз. Енді қырық жетісін экеліңдер! — деп есе бермейді.

Сонда Бөлтірік:

— Тұзшының ақ бас аташындағы басың қекпепбек болып отырып, бір қызынның к... күбінің сырттайтындағы айналдырылған, Сыпataй! — депті.

Сыпataй абшржып:

— Дәулеталы, мынауыттың тілі жаман екен, етімнен етіп, сүйсімі жетті гой! Қырық жетісі құрысын. Малыны ал да қайт, — деп жақтая кетіпти.

* * *

Бөлтірік төрептің шешіндерімен сөз сайыстырып отырғытты. Небір міндеттің деген шешіндері Бөлтіріктен ұтыла бергенін көріп отырган төре шыдай алмай, сөзге өзі араласады. Байлық пең билік, жақсы мен жаман, асыл мен жасынқ туралы сөз сайыстаршаңда Бөлтіріктен өзі де жеңілін қала берген төре:

— Азбайтын, тозбайтын байлық, қандай болады? Қайтпайтын, таймайтын қолдаушың мен қорғаушың қандай болады? — деген бастырмалаты бірнеше сұрақтар қатарылаш бір-ақ қойынды. Торенің өз шешіндері жауап қайтара алмай отырыш қалғанды, Бөлтірік билай деген екен.

— Дүниеде азбайтын байлық біреу ол — ақыл.

— Дүниеде тозбайтын байлық біреу ол — ақыл.

— Дүниеде таймайтын әдал қорғаушың біреу, ол — ақыл.

Дүниеде жарыны тұтас елге түссетін қасиетті шырақ біреу ол — ақыл.

Дүниеде асыл текті жел жетінес нырғық біреу ол — ақыл.

Бөлтіріктің сұрынын салма еңеріптің асықтығын мойшындаған төре шілтартылған, көрсеттің:

— Ақыл-ақыл деп тақылдаған салақұлаш тіл берген күдай сағап негіп бармақтай бақ бермеді екен? — деп. шешенді мұқата сөйлейді. Сонда Бөлтірік әдепкі ойларын жалгастырып, былай деді:

Дүниеде ердің бағына қонатын бақ біреу ол — ақыл.

Ақылсыз басқа қонса, бақ, баянсыз. Құдай ақылсыз бас болғаннан сақтасын. Елдің ақысын өле жегеннен сақтасын. Үрнының табысын бөле жегеннен сақтасын.

Бөлтіріктің осы сөзінен кейін тере де, төренің шешендері деп тілден қалғат екен деседі.

* * *

Бөлтірік баласына «Жау жоқ деме, жар астында, бері жоқ деме, бөрік астында», «Басыңа ие бол, қолыңа ие бол, тіліңе ие бол» деген сияқты ақыл сөздерді айта береді екен. Бірде баласы әкесіне: «Жауды жақыннатып, қара аспанды төңіріп, қоятыныңыз-ай», — деп қапа болыпты.

Сөйтіп жүргенде Бөлтіріктің баласы бір жерге қыдырып барып, біреумен сөз сайыстырып, ілінсіп қалады. Айшың о бастагы сөзден шықса керек. Баласы Бөлтірікке:

— Эке, «Жау жоқ деме, жар астында», «Басыңа ие бол, қолыңа ие бол, тіліңе ие бол» дегенініздің мәнісін енді үқтym,— дейді. Сонда Бөлтірік баласын былай деп демеп сөйлегегін екелі:

Кердең болса —
Аяғын жау тартады.
Кесірдең болса —
Таяғың жау тартады.
Кілі болса —
Минезің жау тартады.
Ірі болса —
Білегің жау тартады.
Миншил болса —
Ақылшың жау тартады.
Сыпшил болса —
Талабышың жау тартады.
Жайсиз болса —
Жүрісің жау тартады.
Қансиз болса —
Түртүсің жау тартады.
Тойымсиз болса —
Көзің жау тартады.
Орынсиз болса —
Сөзің жау тартады.

Бөлтіріктің ұлы әкесі құсап өз замандастары бас қосқан жерде сөздің жүйесін үстап, үтқыр сейлеп жүреді екен. Бірде байдын ақылы аз тентек баласы Бөлтіріктің баласына тиіспі, қажай беріпті. Бөлтіріктің баласы да қызынып, ағаның айтак сөзіш, уәжіг қаңбақ құралы көрмей, оны сөздең дс, уәждең де жыға беріпті. Бұтап шыдай алмай өкпесі қабығағы байдың тентек баласы жиында ұрыс шығарады. Бөлтіріктің баласына сілтеген оның қолы үй иесінің аузына тиіл, күрек тісін сындырады, Жишлоның шырқы бұзылады. Мұны естіген Бөлтірік баласына ренжіл, оның айыпты скептігін айтады. Сонап соң күрек тісі сынған жігітті үй-ішімен шақыртып алып күтеді, баласына айып тартқызады. Әкесінің қылығына жете түсінген баласы:

— Эке, дұрыс сейлелегендс, қалай сейлеу керек еді? Менің сөзімнің бұрыс жері бар ма? — деп, әке билігін мойындан алмай тұрады. Сонда Бөлтірік баласына былай деген екен:

Жатқа сейлемс,
Жаманға сейлеме,
Асырып сейлеме.
Батырып сейлеме,
Жасқа сейлеме,
Масқа сейлеме,
Ұрыға сейлеме,
Қарыға сейлеме,
Жаманға айтқаң сөздең,
Жақсыға айтқаң сөз дұрыс.
Ойсызға айтқаң сөздең.
Ойлыға айтқаң сөз дұрыс.
Айтшымай қалған сөздең.
Айтшылып қалған сөз дұрыс.
Сейлемес жерді білсең,
Бәрішесін де сол дұрыс.
Олай болмаган жerde.
Кашша асыл деме —
Сөзінің алды — бұрыс.
Арты — ұрыс.

болып шығады. Балам, осыны үгып ал,— депті.

* * *

Бірде Бөлтіріктен қасындағы жас шәкірттері сұрапты дейді.

— Ақ, ата, тәнің мен жаңың бірдей сау болсын деген сөзіңіздің мәнісі не? Тәні саудың жаңы да сау

болмай ма? — деп. Соңда Бөлтірік былай деп айтқаң екен:

Тәні саудың бәрінің жаңы сау бола бермейді. Тән мем жаның саулығы бірдей болуы — кісі бойында сирек кездесетін қасиет. Кісінің жанын аздырмайтын дөргүй түрі көп:

Күншілдік деген бар, содалы сакташ.
Кекшілдік деген бар, содалы сакташ.
Астамшашык деген бар, одан алыс жүр.
Сараңдык деген бар, одан қалыс жүр.
Қараулых деген бар, одан таза бол.
Бәлекорлык деген бар, одан ал бол.
Ыңисапсыздык деген бар, содалы аман бол.

Төрт мүшең түтел болса, жаның осы жеті жаманнаш аман болса, жаның мем тәнінің бірдей сау болуы деген сол. Жаның осы жеті жаманнаш аман болсын.

Бөлтіріктің кіші баласы ат жалын тартып мініп, шаруага айналыса бастайды. Соңда Бөлтірік баласына былай дейді

Жеті атапды біл,
Жеті руды біл,
Жеті жартының біл,
Жеті жақсының біл,
Жеті жаманды біл,
Жеті жетімді біл.—

Баласы әкесінің айтқаңын көзіліне түйіш, сәл ағалары мем қарияларының сөзіне құлақ түріп жүреді екен.

* * *

Бөлтірікке баласы келіп: «Әке сіздің жеті жақсы деп айтқаң сөзіңіз сәл ішінде әрқалай айттылады. Жақсының салы, сіз айтқаңдай, жеті емес, одан әлдеқайда көп қой. Соның аныгын өз аузыңыздай естіши деп едім».— Депті.

Баласының сөзге мән берсе бастағанын байқаған шешен:

— Е, балом, жақсы қашша болса да көптік етпейді, жамаң біреу болса да аздық етпейді.— Депті.

* * *

Бірде қырымадың аты шулы манабы, айлакер Шәбден әйгілі Бөлтірік бабамызбен іліктес болуға көзілі ауыш, келесі бір жолы Қырым Алатаяның бауырына ақ боз үйлерді қаз-қатар тігіп тастап, Бөлтірікті қонаққа шақырыпты. Тіпті болмаса бабамыздан бір «түкшін» алыш

қалуга бекініпті. Сейтсе де қулықты әріден ойлаган ба-
бамыз түлі бойы алдынан сыландаған сұлулардың бірде-
біреуіне көз қырыш салмапты. Ертесінде жүрерде шешен:

— Ау, Шәбден, ойга алғашын орындалмады-ау! Деген-
мен ілкшатыс болайык дегенінде қуанамын. Маган салсаң,
ана бір сыландаған сұлуынды жасау-жабдығымен маган
ұзат! — деген екен. Март Шәбден айтқанын екі етпепті.
Бірақ кейіннен қыргыз әйелінің артынан бала ерменді.
Сонда Бөлтірік:

— Эттеген-ай, құдай қаласа, өзіме тартқап үл осы
қызыдаш туады демегенім-ай! — деп бармағын шайшап на-
лыған екен. Налып қаша қоймай әрдайым өзінше отау
етіп үстап, өзінің үлкен немересі Бабашы бауырына са-
лыптты.

Қазірге дейін мұндағы сл «Шоқпар» аудиоруашы-
лығы бірлестігінің орталығындағы бұл үйді «Ұлкен үй,
қыргыз шешеміздің Қара шаңырагы» деп атқастайды.
Перзентке зор болып жүргендер оған киелі, әруақты үй
деп түнеп те кетеді.

* * *

Әулие ата шаһары, қыс кезі болса керек. Дулаттың
өңекі ру басылары осында жиналып, әңгіме-дукең құра-
ды. Әңгімеден әңгіме туып, сөз шарпуы эр руладышы
дарқандығына, сый-құрметіне аудасады. Бірақ әүследен-ак
терезесі төң, бір әкеден өрбіген төрт рудың шотжаларлы
бір-біріне дес бермейді. Мұның арты таласқа вайналады.
Сонда біреуі тұрлып: «Бұтап ешқайсымыз билік, әділ
терелік айта алмаймыз, сондықтан қалыс ағайын ысты
Бөлтірік бидің уәжін тыңдайық», — дейді. Сонда бәрі
осыған тоқтап Шу бойында жатқаш Бөлтірікке кісі шап-
тырады:

— Жол-жөнекей Бөлтірік би мәселені ойланып-
толғанып, жауап әзірлейді. Күтіп отыргандар өздеріне
тапыс Бөлтірікке құшақ жая қарсы алады. Ақырында
шаруаларын әзіл-қалжың әңгімеге айналдырып, си-
ырқұймышақтатып жібергісі де келмейді. Бірақ апалар
қоймайды. Сонда Бөлтірік әзіл-қалжыңды араластырып:
«Жаңыс көп пе, қамыс көп пе? Шымыр көп пе, шыбыш
көп пе? Сиқым көп пе, қиқым көп пе?» деген. «Сендер
есіп-әнгел атаңың өкілдерісіңдер, мен сың айтамын деп,
міншайтын, жақыншашаң жау тауып алыш жүрмейші,
қинамаңдар!» — дейді.

Сонда Дулаттың басшылары: «Бөлтеке, не болса да әділін айт, ешкім де реңжімейді. Қалай болғаңда да төрт атадан төрт ат, төрт шапан дайып!» — дейді. Сонда Бөлтірік:

— Алыс-беріс жасаймын десен, Жапыспен жегжат бол. Үрыс-керіс жасаймын десен, Ботбаймен жегжат бол. Шымырмен жегжат болсаң, шіреңпіп жүріп өлтіреді. Сиқыммен жегжат болсаң, жылдың жүріп өлтіреді. — деген екен.

Әрине, мұның артық-кемі де болуы мүмкін. Дегенмен бидің мұндай тапқыр сөзі ел арасында лезде тарап кетеді.

* * *

Атақты Саққұлақ, би жолаушылап келе жатып, Бөлтіріктің ауылына атбасын бұрады. «Дәү де болса дәл осы Бөлтіріктің үйі шығар!» деген ойменің бір үйдің жапына келіп аттан туседі. Эрі Бөлтірікпен құрдас екен, бір қапысын аңду да ойында болады. Үйге кірейіп десе, бір дәү қара тәбет табадырыққа көлденең түсіп жатып алышты. Шілдеңін күні, әлгі тәбетке «кет!» десе көлеңкепі қызғалып кетлейді, қайта ырылдайды. Содан болмаған соң Саққұлақ шешенін итті қамшыменен тартып жібереді. Тәбеттің қыңыслаганын естіген Бөлтірік далага шығып, қарсы келе жатқаң Саққұлақ, шешенге аманадасады да:

— Қой, тәбет-ау, қой тәбет! Сонша не болды, ауылды дүрліктіріп?.. Ағасы үрар болар, інісі қетерер болар... Тұлпардың өз тұяғы өзіне дәрі деген...

Саққұлақ сияқты ағаңа жол бермеген өзің кінәлісің дегенде құрдасы Саққұлақ, би атына қайтадан қарғып мініп, Бөлтіріктің «тоқта!» дегенінде қарамай кеткен екен.

* * *

Бөлтірік жолаушылап келе жатса, алдынан қайнар бұләк кездеседі. Атың суғарып тұрса, су алуға ай сырғалы бір бойжеткен келеді. «Атың кім?» — дейді. «Үкі», — дейді қыз.

Бөлтірік:

Апымай-ай, мұнга қыздың сырғасын-ай!
Дүниенің мен белдім, тұрмасын-ай.
Жалт стін, екі сырғаң жетіп келдің,
Жасымнан құмар едім үргашын-ай!

Үкі:

Әйелменен ерек жолдас еді,
Өзіңе ән салмасам, болмас еді.
Келген жердең сырғама көзің түсті,
Сырга берсем, хөтілің болмас енді.

Бөлтірік:

Ойпышмай-ай мына қыздың бегін спілі.
Аралал көрер мә еді елін спілі.
Тарыдай тәл бойында бір мінің жох,
Шомылған көрер мә еді, көлін спілі.

Үкі:

Ел керек пе, ей құда, тәл керек пе,
Сый керек пе, айтшаңыз, жаң керек пе?
Атың Үкі жасымшаш сұлу едім,
Бұдан артық өзіңе ай керек пе?

Бөлтірік:

Апышмай-ай, мына қыздың сезін кара,
Өткеменен етеді, көзін кара.
Өзіңен ұлксандерге катты айттып,
Томшайған екі жерде бесін кара

Үкі:

Қаратаяудың сайында іш болады.
Жаманашың айтқан сөзі мін болады.
Аты-жөнді құрамақ парыз дейді,
Руындың сұраймын, кім болады?

Бөлтірік:

Руындың сұрасаң, мен ыстыммын,
Айтатын кара жорға жүрістінін.
Сұлы қызға қашықпен жағатығын,
Қалампыш, жұпар шашқап иістімін.

Үкі:

Менімен әр уақта қас скенсің,
Менімен айттысуға жас екенсің.
Дулаттың бірі ме деп, корқып қалсам,
Ляққа құйшп қойған ас екенсің.

Бөлтірік:

Біздің ауыл сұрасаң Тесіктаста
Бісмілда! деп өлеңді сиді баста
Жігіттің істегенін іstemесем,
Менікін дәл түбінен кесіп таста!

Осының айтқанда сырғалы қыз бетін басып, тұра
қашыпты.

* * *

Кеңесары хан Үйсіншіл де қол жинаамақшы болады. Жасының үлғайып қалғашына қарамастағ Бөлтірік шешен де қол жинаап берейіп деген екен. Ләзде: «Бөлтірік батыр қол жинаап жатыр» деген хабар тарайды. Содаң Қаратаяу, Шу, Талас өңіріндегі ысты ағайындерда ат жалып тартып мінер азаматтар атқа қолады. Қолға мың басы болып, Бөлтірік батыр өзі бастап барады.

Кеңесары хан: «Осы Бөлтірікті жұрт батыр дейді, мем мұны сілап көрсін!» деген екен. Ел көреміз, жер көреміз деген жслеумен Бөлтірік шешенің ертіп хан Кене үш-төрт кісімен сапарға шығады да алдағы бір молаға жасырынып жату үшіп бір жансызың жібереді.

Күн сұтып, қар борап тұрады. Түн қараңғы. Сұыт жүріп келе жатқаң жолаудышлар бір ескі қорымға кез-деседі де: «Осы жерге біразырақ дамылдап, от жағып, жылдынып алайық!»— деген үйгарымға келеді.

Бір атқосшы аттарды жайғап, екіншісі ас-су қамыша кіріспіл, үшіншісі отын жинауга жөнеледі. Қылтасы жок Қазақтың кең даласыша құрай меп қураган шыбықты Қайдан табарсың. Әлгі жігіті мола ішін аралап кетеді де ізінше қорқып қайтып келеді. Екіншісі де баруга жүрексінеді. Соңда памысқа шыдамағаң Бөлтірік батыр:

— Эй, тұмай тұа шеккірлер!— деп барып, ескі қорым ішінен қураган ағаштарды өзі жинаай бастайды. Соңда әлгі хан! Кеңесиң жансызы:

— Ей, Бөлтірік, тірлігімде тыныштық бермеп едің, ең болмаса көрдес жатқанды тыныштық берсейші!— деп да-уыстайды.

Соңда Бөлтірік батыр бұлк етпестені отынның жинаап жүріп:

— Иманың салауат болғыр, көріндеге тыныш жат! Ағаш болмаса отын орнына сүйегінді жагуға тұра келер... Тірінің тірлігі бар, — деген екен.

Бөлтірік отын жинаап кеткен соң, көрдесі Кеңесарының жансызы шығып келеді. Кейін отқа жылдынып, жаңын шақырган соң әлгі адамынан «қалай екен?»— деп сұрапты Кеңес хан.

— Меп дыбыс бергесін кезде бүйрекі бұлк етпестені:

— Иманың салауат болғыр, көріндеге тыныш жата бер! Ағаш болмаса отын орнына сүйегінді жагуға тұра

келер. Тірінің тірлігі бар!— деп батыл жауап қайырды,— дегенде.

— Жә, болды. Бұл шынында да батыр екен,— деген хан Кене.

БӨКЕН БИ

Бекен би 1771 жылы туып, 1857 жылы 86 жасында дүниеден өткесі. Қазақтың аға билершің бірі. Бекеншің шыққан тегі: Кіші жүздің он екі ата Байұлының Есен-темірден Көп, Тағашы тараиды. Көннен Қосыл атасы шыгады. Бекен би Қосыл тұқымына жатады.

Бекен Атырау слінде аға би болады. Ол Есет биден сегіз, Айтуар биден бір мүшел жас үлкен екен. Соңдықтан опың өзін дс, айтқан билік сезін де ел-жүрт қадір тұтып сыйлаган.

Бекен бидің әкесі де, өзі де дүние, мал-мұлікке қызықтаған. Құт көрістік шагын ғана шаруага қанағат етіп жүре берген. Соңдықтан ол билік-шешімге кіріскенде адамды мал-мұлік байлығына емес, ақыл, ой, санаасына, адамгершілік қасиетіне қарай бағалай әділ төрелік айтумен аға би атапған. Сойтін, ол елдің татулық, бүтіндігін қорғап, әділестті, қаралайымдықты мәртебе өткесі. Өзге билер сән-салтапат құрып, әсем киішп, жүйрік ат мініл, той-жиынга баратын болса, Бекен би той-жиынан аулақтап, үлсем егіз мініп жүрген. «Мұныңыз не?» дегендегерге ол «әсем киішп, сән-салтапат құрып, жүрттың бергенең алға берсем, менде әділдік, адамгершілік қала ма, масайрап, құдайымды үміттып кетпеймін бе, одандағы жайғана қаралайым, орта құрсақ, қора шаруа, қара жаяуым жақсы» дер екен. Әділ төрелігін, жақсылығын, қамқорлығын көргендер сыйлап оған ат мінізіл, оқалы шапал жапса, алдына коралап мал айдатса, оларға үрсып сол жерде елдегі жоқ-жұқаналы, малшы-жалшыларға бөліп беріп, таратып жібереді екен. Бекен бидің осы әдеттің билетін байлар, билер, барлар «Бекенге бергеніше өзімде қалсып, Бекенге берссең, бәрі бір қойышы-қолаңға жем болып кетеді!»— деп, оған ешнэрсе атамайтын да, бермейтін де болғаік.

Бекен билің осы мінез-қасиетін билетін ағайын-туыста-ры опың азын-аулақ, мал-мұлкіне өздері қарейтын болған. Шебін өздері шапқан, мәлдарын өздері баққан. Ал, Бекеншің опымен ісі болмаған. Ел арасындағы дау-шар,

мәселелерге әділ билік айтып, ел тағдырын ойлап жүре берген.

Бекен бидің аталы ақыл-нақыл сөздерін естүте құмар болған ағайын-жеккет, ауыл-аймақ оны арнайы шақырып, бірнеше күн жібермей күтеді. Содан Бекен баба не бір аталы нақыл сөздердің тиегін ағытар екен. Бір жолы Сарыкөлді жайлап отырган Асау би оны қонаққа шақырыпты. Асау би Бекеннен 9 жас кіші екен. Өзінің он жасар Тұрлан деген баласына:

— Бекен биді шақырамын. Сен тік тұрып қызмет қыл. Қолыла су қүй, айтқан сезін тыңда, батасын ал,— дейді. Асау би өзі барып Бекенде шақырып келеді. Тай сойып бір жұма күтеді. Баласы Тұрлан жүтіріп оған қызмет көрсетеді. Бекен Асаудан:

— Мынау мен көрмеген қай балаң? — деп сұрайды.
— Ең кенжеміз Тұрлан гой, — дейді.

— Кенже деме, оның артынан сенде де менде де туып қалар. Алла жарылқаймың десе, қызын емес,— дейді. Бекен осыны айтады да, ас-су соңынан Тұрланға:

— Ең алдымен адам бол, адал бол, азамат бол, білімге бойла, халық, қамын ойла,— деп шұбырта бата береді.

Ел айтады:

— Бекен би көріпкел әулие екен. Сол жолғы Асау биге айтқаны айнымай келеді. Асау бидің тоқалы көп кешікпей-ақ, екі нәресте көрді. Тұрланы білім жолына түсіп оқымысты болды, үзақ жыл молдалық стіп, көптеген шәкіртер тәрбиселеді.

Асау би үйіндегі сол отырыста бір ақсақал Бекен биден:

— Қонақ неше түрлі болады? — деп сұрапты.

Соңда Бекен баба:

— Үдайы қонақ, құдайы қонақ, қыдырма қонақ, қылқима қонақ деген төрт түрлі қонақ болады.— деп, оны былайша таратыпты — үдайы қонақ, деп мышы біз сияқты ариәй ыйылап шақырылған қонақты айтады. Құдайы қонақ деген — жолаушылап келсе жатыл, амалсыздай ат басын бүргаңды. Қыдырма қонақ, деп, шақырмаса да айналып, сога беретінді, ал қылқима қонақ деген әр үйдің түтінін аңдып тамақ ішіп кетсем деп, сол үйдің қазанын андып, қылқып отыратыш қонақты айтады.

* * *

Тәғы бір үйдің берекелі дастарқауында отырганда Бекен биден бір ауыл қариясы:

— Жігіттің шеше жұрты бар? — деді.

Бекен би оған былай деп кері сұра қойыпты:

— Өзің айтшы, қаша жұрты бар деп ойлайсың?

Әлігі қария айттыпты:

— Ел айттып жүр гой; жігіттің өз жұрты, нағашы жұрты, қайың жұрты бар деп. Өз жұрты — күлшіл, нағашы жұрты — сүншіл, қайың жұрты — міншіл, — деп.

— Эй, отагасы-ай, — деді Бекен би. — Жігіттің ең басты шегізгі жұртының әлі білмейді екенсіз гой, — деді.

— Ол қайсы жұрт еді?

— Тыңдаңыз мен айттының: Жігіттің күпідемейтін, сымамайтын міншемейтін бір жұрты бар. Ол Алаштың азаматы еді гой, — дегендес отырган көпшілік:

— Бәрекелді Беке, тауып айттыңыз. Жұртты руга, жікке бөлмейтіндерге арналай айттылатыны аталы сез екен, — деді. Бекен бигс риза болысыпты.

...Ел ішінде «Еламаң елге теңелді, ешкі қойға теңелді» деген қалатты сез бар. Бұл сездің шығуы былай: Кіші жұз Байұлының «бес қойыс» деген атасына жататын Еламаң деген елеусіз, ескерусіз, ешкім елең қыла қоймайтын момақаң ауыл болады. Осы ауылдың осындағы жуас жағдайын білстін Бекен би бір жолы шеркеш еліндегі бір Мәслихаттағ қайтып келе жатып, сол Еламаң ауылыша ат басып бүрады...

Қасындағылары:

— Биске-ау, өзі жарымай отырган кедей ауылға шеге конамыз дейсіз. Жағдайыңыз болмайды гой, одандагы ыгерілеп барып байлау ауыл Қаракемпірге жетіп конайықта, — дейді...

Сонда Бекен баба:

— Ей, сендер метің не ойлап келе жатқаптымынды білмейсіндер. Байлығы шалқыған бар ауылда болып жүрміз гой. Мынау жок-жұқаналы Еламаң ауылышың бір еңсесін көтеріп, сл қатарына қосып кетейікте. Бұлар да бір атадағы тутан туыс ел гой, — дейді...

Бекен бидің осы сезімен олар Еламаң елінің Қыздарбай деген ақсақалының үйіне түсседі. Қыздарбай оларға не соярын білмей асып-сасып қалады. Бекен би оған.

— Саспа, — дейді. — Қыздарбай:

— Ешкіден басқа соятын маддың реті болмай тұргаңы, — деп бар шынын айтады. Бекен би:

— Сол ешкінді сойдагы, ауыл-аймагындағы ақсақалдарының түгел шақыр, — дейді. Қыздарбай сөйтіп,

еламаңдықтарға 3-4 жігітіп шақырушы етіп жібереді.
Олар:

— Еламан елінс Бекен би келіп, қонып жатыр. Сіздерді қонағасына шақырады,— деген хабар айтады. Бұл хабарды есіткес ауыл адамдары, көрші бай ауылдар:

— Еламанды да елеп кісі түседі екен-ау оларға атақты Бекен бидің қонақ болуы тегін емес. Қой, болмас, бізде сойысымызды ала барайық, күр қол барғанымыз үт болар деп, біреуі тайын, біреуі танасын, енді біреуі қойларын, тоқты-торымын жетектеп жан-жақтан еламан ауылшына жүрт ағыла бастайды. Бәрі Бекен биге, Қыздарбай бастаған еламан ақсақалдарына сәлем беріп, тарту-таралғы, сойыс-согымын тапсырысады. Бекен би тагы да 2-3 күн жатып, еламан елінің шежіресінен әңгіме шертеді.

Бұл елден шыққан ип жақсыларды, батырлар, ақыш. би-шешендерді атап, елдің жаманы болмайды, әр елдің арауқты ардақтылары болған деп, олардың рухын көтере сөйлейді.

Ертеңіне Бекен би аттанып жол-жөнекей Жаугашты елін басып ете бергенде, ол ауылдың байлары оның шылауына оралып:

— Эдейі ат жібертіп алдыратын атамыз едің, аттаң түсіп, қонақ болып аттаныңыз десе оларға Бекен би:

— Рахмет, алла риза болсың. Мыңау Еламаңшай қой етіп жеп әбден кекірігіміз азып келе жатыр. Еламан да кісі күтетіл берекелі ел екен. З күндей тік тұрып күтті. «Еламан елге теңелді, ешкі қойға теңелді» деп ыгері жүре беріпті. Бекен бабатың осы қанатты сөзін Қыздарбай ақсақал үшемі айтып, үрпақтан- үрпаққа таратыпты.

АЙТУАР БИ

Айтуар би Үсенұлы 1783-1856 жылдар аралығында өмір сүрген қазактың атақты билерінің бірі. Оның ата-тегі туралы қазақ шежіресінде былай таратылады: Кіші жұз Байұлының Беріш деген атасынан Байбакты одан Әсілбас, Шақай, Құсылбас тараиды. Әсілбастаң Себек пен Жаңбырша, Себектен Сары одан Үсен, Үсеннен Айтуар би тутағы. Ел арасында «беріште Есстіңен Айтуар» деген есім қосарлана айтылады. Себебі Есет би мен Айтуар екеуі замандас, Қатарлас, жұбы жазылмаган атақты би-

лер. Екеуі де Баймагамбет сұлтаниң ақылшы-кеңесші бас би болып жүргөп. Екеуі талай шиеленіскең ел дауының түйінін шешіп, ел жауының бетін талай қайтарған, ері әділ би, ері батыры.

Айтуар би айтыпты деген билік-шешімдер аз емес, соның бірі мынадай:

1850 жылы шеркеш елінің батыры Тұрлан өзілік Сарықөл жайлалаудыңда көшіп келе жатып бір шагын ауылдың өздерінең бұрын жайлалауына қоныстырып жатқанын көреді. Тұрланның жігіттері:

— Бұл кімнің ауылы? — десе, олар Дәүлестқали деген төрениң ауылы болып шыгады.

— Бұл біздің жайлалауымыз гой, сендерге жол болсын? — десе, төре ауылының жігіттері оларға қамши үйіріп, өктемдік көрсетіпти. Тұрлан батыр ауылын қоныстырудырып алышты да, ертеңіне атқа қонып, Дәүлестқали төреге барыпты:

— Төрениң елі деген елді қайдан көрдің, төрениң жері деген жерді қайташ таптың! — деп атбауырына алып қекала қойдай қылымп сабап-сабап ауылына қайтыпты. Дәүлестқали төре қан жоса болып есігілің алдында қала беріпти. Жарасы жазылған соң ол Орынбордагы Элеке правительлығе барып шағынады. Элеке атақты Баймагамбет сұлтаниң бел баласы еді. Ол «Төрениң елі де жок, жері де жок, олар қаңғып жүрген кірмे» деген сөзді есітіпти де қасыпа жасағып ертіп, өзі атқа қоныпты. Тұрлан батырдың ауылына барыпты. Өздеріне арналған үйге түсіпти: Дастархан жайылдыпты Элеке төре:

— Мен Тұрланның қаның ішпей, дәм таттаймын, — деп, дастарханды қайырып тастапты. Сейтіп отырганда үстіне мұздай қару-жарағын асыптып Тұрлан батыр кіріп келіпти. Төре сасып қалып, жан-жагында отырган жігіттеріне, ертіп келген екі бине қаралпты. Сол тізесін басып отырган Қартайдау би өзінің төресінен бір қарап, еңгезердей бол тұрган Тұрланға бір қарап, қипақтап сейлей алмай қалыпты. Осы кезде Элекең правительдің оің тізесін басып отырган Айтуар би, төреге қаралпты да:

— Алдияр тақсыр, хан ием, сізден бір сұрагым бар? — депті. Элеке:

— Сұрагын, — деп рұхсат береді. Соңда Айтуар би сасластаған байыпшел:

— Алдияр тақсыр хан ием «Қара жерге халық ие, қара халыққа хан ие» деген аталау сөз бар емес пе? Сіз

қайсысъна иесіз? Қара жерге ие боласыз ба, әлде қара халыққа ие боласыз ба? — деп суралты. Сонда Элеке:

— Эрине, төре түкімы халыққа ие болады да,— деді.

Сонда Айтuar би:

— Төрелігізеге құлдық хан ием, дұрыс айтасыз. Сіз халыққа иесіз, ал Тұрлан жерге ие. Дәүлетқалидың істеп жүргені зорлық,— деді. Элеке правитель енді Дәүлетқали Төреке қарап ақырыпты:

— Жетесіз оңбаган, қара жерге ие боламыш деп, мені халықтаған айырайып деп жүр екенсін ғой... Қазір ауылшыла қайттағы, біреудің жайлауынан қонысынды аудар, жогал көзіме, көрінбе!— деді.

Жиналған халық Айтuar бидің даналық тапқырлығына, әділ төрелігіне риза болып, бас ніпті.

БАЙЗАҚ ДАТҚА

Байзак Мәмбетұлы (1789-1864) бұрынғы Әулиесата шаһарынан 30 шақырым жердегі ауылда дүниеге келген. Шыққан тегі: Ұлы жұз құрамындағы Дулат тайпасы, Шымыр руынан. Одан Бекболат, Жиенбет, Сәмбет, Мәмбет тарайды. Мәмбеттең Байзак туған. Байзак жасынан атбей, құсбегі, мергендікті мемгерген. Шешен, билер, ел басқарған беделді кіслердің жаңында жүрген. Өсө ксле ауыл ағасы, жұзбасы, мыңбасы болған. Елді қасіппен айналысуга отырықшылыққа, арық қаздырып, егіншілік үйымдастырған.

Елі сыйлаган, тыңдаған Байзактың сол абырой, атағын, қадір-қасиетін, шешенідік, батырлық қабілетін білгел Қоқап бектері оны датқа, би етіп, сол өнірді басқаруды тапсырады. Сөйтіп олар Байзак датқашың беделіп пайдалаляп, алым-салық, зекетті мол жинаамақ, болады. Жинайды да. Осы бір ауыр тауқыметті, ел тұрмысының күйзелген халіп сезінген Байзак датқа кейін Қоқап бектеріне қарсы шығады. Ел-жүрт Байзактың айтудын алым-салық төлеуден бас тартады. Елді қоқапдықтар қанауынан құтқару үшін Ресейге қосылууды қолдайды. Сол мақсатпен ол Сураныш, Сарыбай, Тезек төремен бас қоса ақылдаса отырып, Жетісу, Әулиесата, Шымкент аралығындағы соғыстарға қатысады. Оның кейбірінсөз тікелей басшылық етеді. Баласы Ақмолда батыр өз жасағымен Үзынғаш, Бішкек, Меркі, Әулиесата

қалаларындағы соғыстарға қатысып, ерлік көрсетеді. Байзак датқа сол жолы Шоқан Үәлихановпен танысып, пікірлеседі. Осының барлығын белгілі жазушы Сәүірбек Бақбергенов өзінің «Ақбоз атты ару» (1986) романында жан-жақты суреттегеи. Романының 124-128-беттеріндегі Байзак датқаның кескін-келбетін, ақыл-парасатын, баласы Ақмолдага айтқан сын-сыйпатын, әкелік парызын автор билайша кескіндепті.

«...Байзак, срен биік, орта бойлы екі жігіттің бойындағы бойы бар, кебеңге біткен сәмбі талдай тұп-тұзу, іші жоқ, иығы тік, жауырыны дәп-дәңгелек, төңкерген қазандай, қеудесі аяққаптай апай тес кісі. Атқа мінсе де, терде отырса да, топ бастап жалу жүрсө де елдең ерек көзге түсіп, бәрінен оқшау тұратын. Енді, міне, қартая бастаған шағында шақ қасына тағы бір өзі сияқты солқындақ, көк теректің өсіп келе жатқанын байқап, іштең шүкірлік етіп, қуанатын. Эке деген қызық, қуана тұрып, құдіктенестіп.

— Осы, сен Ақмолда, мені жалықпай тыңдайсың, оның жақсы. Ие, өзің бар болғаны тыңдай бересің, тыңдай бересің, сонда бәрін үгіп, мән-жайын түсініп отырасың ба, жоқ, әйтеур, үлкен сөзін тыңдау ізет, үндеңмену парыз, кішінің жолы дәп отырасың ба?

— Е, сіз мені тыңдайды дәп ойлады екенсіз ғой.

— Эрініе...

— Шыныңды айтсам, мен сіздің сөзіңізді бір құлағыммен тыңдаймын. Бір құлағым, екі көзім сіз айтқан сөзді тыңдаушыларда болады.

— Э, солай ма? Шамасы, мен айтқан сөзді олардың қалай үққанын бақылайсың-ау...

— Қалай үққаны емес, қалай қабылдағанын бағамын. Ойым соларда болады.

— Сен кілең менің кебісімді қоясЫң, кісемді шешесің, мәсімді тартасың. Ал атқа мілісем, тарағы үстап, үзенгіге жармасасың, түссем шылауым сенің қолында тұрады. Мұлдайдаң құлдық, күйкі қасиет жүқтей ма саған. Ел арасынан менің сенсіз де аттан түсіріп, мінгізетін, кебіс қойып, мәсі тартатындар табылмай ма?

— Өз әкесіне көрсеткен құлдықтың айып-шамы жоқ.

— Менімен қатар отыруға жарап қапсың. Бірақ кілең төмениге қарай шегіншектей бересің.

— Жоқ, көкес, сіздің көзіңіз тіріде жогарыға отыруға асықпаймын. Эр нәрсенің өз орны бар, өз кезегі бар.

Жоғарыдан төмен көрінеді, төменнен жоғары-төмен бірдей көрінеді. Қасында не қылышады. Соларды бағамын, байқаймын, сынаймын.

— Сен төменин төтіректі жақсы көремін де...

— Асыл зат ауыр келеді. Ауыр нәрсе көбіне төменде жатады.

— Төменин не көрдің?

— Ел деген асылды, халық деген ауырды көрдім.

— Сен айтқан ауыр мен асылдың бүтін тағдыры ашса алаканыңа, жұмса жұдырығыңа үстап отырган шоқша сақал, қалтақ бас, ру басы бір шалдың қолында емес пе? Одаң асып-төгіліп жатқан асыл мен ауырды сен Қайдан, қалай көріп жүрсің? Мен ондайды көре алмадым.

— Көрмесеңіз, жастай жоғары отырып, төмениге зер салмаган өзінізден көріңіз. Эйтпесе, артыңда сүйеу болар, қолына қару үстар жігіті болмаса, әлгі өзіңіз айтқан шоқша сақал, қалтақ бас шалдарды сіз тыңдар ма едіңіз?

— Сонымен не айтпақсың, Ақмолда?

— «Жалғыз ағаш үй болмайды, жалғыз жігіт би болмайды» дегенді айтқан мен емес. Соңдай-ақ, ср істеді дегенді ел істеген, батыр алған қорғанды халық алған. Жаңағы өзіңіз айтқан қалтақ бас шалдың аузындағы үдай ашы сөз кімдікі? Халықткі. Ондай болса, төмениде отырып қараган артық емес, әке!

Әке көпкө дейін үнсіз қалды. Әлдең уақытта баласына бүтін денесімен ат үстінен бүршила қарап:

— Сөйле балам, сөз сенікі! — Аса!

— Мен болдым. Сөз орайы келгенде айтыла салған да, эйтпесе мен өз кезегінді алыстаң күтем. Сіз әл тұтырдаң түскел жоқсыз, көке!

— Өзім де солай ойлаушы едім. Бірақ уақыттың өткенін, сенің жетілгенінді аңғармай Қалыпты!

— Әлі өрте, көке!

— Сен айтасың гой ерте деп, күп батута жақындастығой, балам!

Қаратау меш Алатаудың құз-қылсынан балапатын салған бүркітті талай-талай көрген әке емес пе, баласын ауыр да соңғы сыйниан өткізбек еді.

— Сенің қалатың қатайыпты.

— Ерте емес пе?

— Сен бүркіттің балапатын үлдан қалай үшірғаптын көріп пе едің?

— Талай көрдім, көке.

— Айтшы, көне!

— Бүркіт үясын биік құзға, зәулім жартасқа, желдің өтіне салады. Енді жетілді-ау дегенде қанатымен қағып, үядан итеріп түсіреді де, өзі дереу жон арқасын тоса қояды. Жерге соқтырмай іле көтеріп әкетеді. Сәйтіл қақпалай-қақпалай көтере түседі. Көтере береді, көтере береді...

— Мен де кәрі бүркітпін. Сен үшуга жарапсың...

Бала үйдеген жок. Әкесіне қарап еді, ол шынында да, томагасын сыптырып тастаған кәрі бүркіт сынды екен. Кезінің жиегі қызарғаш, беті айқыш-үйқыш әжім, мұрны дәң, қоңқақ, мойны қыртыс-қыртыс, жұні түлеген тазқараның алқымына үқсайды. Саусақтары тасқа, тұтыраға көп жармасып, талайды бүрген қыраның тұяғы тәрізді тарам-тарам, айғыз-айғыз еді, әлдекандай сафти-янмен қаптағандай сап-сары, бұж-бұж екен.

Әке мен бала тау стегіне ілкіті.

— Ош жасында қасыма ердің. Қанатың ерте қатыпты. Үядан итеріп түсірердің алдында бірнеше сауалым бар саған.

— Үядай қағып түсірмей-ақ сұрай беріңіз, көке!

— Иә, мейманаң толып, кенердең асып шалқығанда, не істейсің. Ақмолда?

— Ата-бабамың қапы көп тамып, кездің жасынан қара тасы қақ жарылып, жауыр аттың арқасындаі кең жотасы айқыш-үйқыш, қасиеті мол қайғысы көп Қаратаяға қараймын, көке.

— Керісінше, көнілді мұң, кеудені шер басып, бәсендей түссен ше, Ақмолда!

— Көркем де сұлу, армандаі аскар Алатауым қараймын, көке!

— Тынысың тарылып, өкпен қысылғанда не істейсің, Ақмолда?

— Самал жеді кең жазық далама қараймын, көке!

— Табаныңа тас батып, өкшеңе шөңге кірсе ше?

— Тоқтышақтың терісінен шоқай килем, көке.

— Берікқара мен Шақлақтың өкпек желі ту сыртынан соқса ше?

— Түйе жүн шекпенім, күпі мен тоным сандықта жатады, бөктерімде жүреді, көке.

— Досың бар ма, Ақмолда?

— Бар гой, бірақ дос деген жақсы арман сияқты, амандақты алыстан сұрап, тілеуқор болып, қияс жүреді, алыста болады дос, көке.

— Қасың ше?

— Қасым мына мініп келе жатқан аттың айылы мен жалының астында. Үнемі шылауға оралып, қасымда жүреді, көк!

— Сезім жоқ енді. Қасынның қайда екенін білген, кім болса ол болсын, үядан үшуга хак! Сені алла бетіңкен жарылқасын, мен енді үшпайтын сары тұгырға қонамын. Қанатымды сілтесем — сілтермін, үшпаймын, талпынамын. Сен есіпсің. Шәгім де, арманым да жоқ».

Байзак датқа 75-ке қараган жасында қоқандықтардың қолынан опат болады. Оған өшіккен Қоқаның бектері батырды алдап, Шымкентке шақыртып алады да, тірідей балталап шауып өлтіреді. Денесін өртеп, құлін зенбірекпен аспанға атады. Сейтіп ел-жүргітты үрейлендіреді. Кейін ағайын-туыстары Байзак датқаның шауып тасталған жалғыз шынтағын тауып алып, еліне апарып жерлейді. Ол белгі-мурде Михайловка селосынан 12 шақырым жерде тұр. Бүтінде датқаның басынан ескерткіш орнатып, күтімге алынған. Байзак Мәмбетұлы зерттеліп, жазылуға тұрарлық халқымыздың белгілі-беделді ел қамқоры болған взаматы. Оның есімі Жамбыл облысы Свердлов ауданына берілді.

Байзак датқа айтыпты дейтін кесімді, әділ, тапқыр билік сөздері ел арасында аз емес, бірақ ескеріліп жиһадмалан, архивке, Қолжазба қорынға түспеген.

Ел арасынан біз жазып алған бірер шешенідік, тапқырлық сөздер мыналар:

Қоқандықтар билеген заманда, бір күні Байзак балаңын үлкен атасының үйін бес-алты зекетші келіпті.

— Сені жарлы қылған біз емес, құдайыңа жыла. Жан басы алпыс қадақ бидайдаң, үйіндегі алты балаңа тоғыз пүт астық төлеисің.— деп олар отырып алышты.

Жалғыз сиырдың сүтіне қарап отырған жарлы шал қалай мақұл дей койсын, қатты сасыпты. Сол кездің өзінде-ақ, шешенідігімен аты шыққан қаршадай Байзак бала әлті зекетшілердің үстінен келс қалса, жасы үлкендеу біреуі:

— Бала сені жүрт шешен десседі. Мындау ататұды биылғы алым-салығынан босатайық. Саған тәрт сұрақ, қояйын, мәселен, адамға мында көз, мұрыш, қол, ауыз қайшалықты керек? Осыған табаң астында жауап тауын айта қойышы, кіне?— депті.

Сонда бала тұрып:

— Таксыр, қапылыста шыққан сөз қанжардан өткір деуші еді. Жазатайым Қытығыңызға тиіп кеткендей болсам, басыма әнгір-таяқ ойнатып жүрмес пе екепсіз?— деді.

— Эу, ол пе дегенің?! Сөз тапқанға қолқа бар ма. Жауабың панымды болса, жағырап жайым жоқ. Сөйле, қорғаңба!— деді қарт зекетші.

— Е, ұлық басымен уәде беріп, сениң сөзіңе өкпелеп пе көрініпті? Бөріміз де қуәміз!— десіп, ұлықтың қасындағы пекерлері де қаумалап әкеткең соң Байзак бала:

— Олай болса, тақсырым,
Сейлейтін сөздік тап шыныш.
Кез деген көпті үйіруге керек.
Мұрыш меммененш шүйіруге керек,
Қол жарлының малың жылатып алуға керек,
Лұна алғашнаның көмейтіне салуға керек!—

дегендес, әлгі зекетшілдер үйдесін күр қол шығып жүре беріпті.

* * *

Байзак датқа салланған алғашқы жылдар екен. Әкесінен бөлек ауыл болып ақ орда көтеріп, ел басқарып жүреді. Бір күлі үйіне әкесі келеді.

— Бала дос көбейттің бе, досың қаша?— деп сұрапты.

Сонда баласы:

— Әке, досымның санында әзір есеп жоқ, бәрі дос болайық, мына бір ісімді тыңдырып бер!— деп келеді. Шын досымның қаша екені, мен орнынан қалған күні белгілі болады,— деп жауап беріпті.

* * *

Байзак датқаның айтудынан қалған қанатты нақыл сөздер де баршылық, солардың кейбірі мыналар:

Ала шапанды қокандар,
Зекет бер деп қокандар.
Орыспепен дос болсаң, балталы бол,
Сартпепен дос болсаң, қалталы бол.
Кекілік тастан-тасқа сәккетейді,
Қокандар ауылға келіп зекет дейді.
Бидің айтқаның күл да айтады,
Есті болса үл да айтады.

Ботаның бодауына,
 Бураңды беріп жүрмс.
 Ішің күйсе тұз жала,
 Сыртың күйсе домала
 Атап түйеге боздатал жараспайды,
 Ескі дәуды қоздағал кыр аспайды.
 Аш адам тырысқа,
 Мас адам үрысқа.
 Шартых кошқар қой бұзар,
 Шатақ адам той бұзар.
 Тіл астында тіл бар.
 Піл астында зіл бар.
 Жамаңға акыл айсан, «алдайды» дер.
 Сынды суға айдасаң, «жалдайды» дер...

Байзақ датқа жөнінде жоғарыда аталған жазушы С. Бақбергеновтың романында және Қазақ энциклопедиясында (2-т. 85-бет.), қазақ хандар тарихында байланысты («Казахско-русские отношения XVIII-XIX вв сб. документов и материалов». Алматы, 1964 г.) жинақта жазылған.

БІКЕ ШЕШЕН

Біке шешен 1794-1889 жылдар аралығында өмір сүрген өткір тілді, бетті шешен екен. Ол қазіргі Семей облысы, Абай ауданындағы керейлер арасынан шыққан. Құнанбай би және оның аулы аралас, қойы қоралас, құда-жеккет қарым-қатынаста болған. Соңдықтан да Құнанбай би және оның Абай, Шәкірім, тағы басқа балалары, ағайын-туыстары арасында айтылып жүрген өзіл-қалжың, шешендік тапқыр сөздер көп таралған.

Енді ел арасында тарап кеткен сол сөздердің кейбіріне тоқталып өтейік.

Біке ауылының бір уйір жылқысы жоғалады. Соны іздел із кесіп жүріп, Біке шешен Құнанбай аулына барады. Екі би кең дастарқан басында сәлемдесіп, жең сурасады. Құнанбай:

— Ауа жайылшып, біздің жылқыға қосылғаны болса, танып ал деп, Бікенің қасында бір жігіт қосып береді. Құнанбайдың сан мындаған үйір-үйір жылқысын аралап жүріп жогын танып алды. Біке аға сұлтанаға қайтып соқластанған аулынан беталып кете барады. Құнанбай әлігі қосқан жігітіе:

— Айау неге қайтып соқпай, кетіп барады, бері шақыршы өзін?— дейді. Жігіт шоқытып барып Бікен аға сұлтан алдында ертіп келеді.

- Ау, Біке, малыңды танып алдың ба?
- Танып алдым
- Ризамысың
- Ризамың
- Еңдеше, шеге қайтып соқпай барасың? Келерінде керек етіп, кетерінде керек стпегенің қалай? Сонда Біке ат үстінде тұрып:
- Қайта кеп соғатып, сен менің ием бе едің, досым ба едің? Болмаса, құда-жегжат, тамырым ба едің? Ұлыққа келген кісі қылп етіп кіріп, жалт етіп шығады емес пе. Мен де сойттім,— деп, атының басын бұрып алыш жүре беріпти. Аға сұлтана! Құнанбай не десін.
- «Бұл да бір слдің еркесі гой. Мейлі бара берсін. Әлі талай алдыма келерсің» депті де қойыпты.

* * *

Найман оның ішінде семіз Найман атасына шыққан Серікбай қажының Коғи деген бой жетіп отырган қызы аға сұлтана! Құнанбайдың Әзімбай деген пемерессіне атастырылған екен. Келесі көктемде үзатамыз деп екі жақ әзірлеңіп жүргенде Көки қашып кстеді. Іздестірсе: Бікемен туыс тұл атасы бір Әлдеке қажының Қарахан деген баласы алыш қашқаң болп шығады. Ол ауыл келін түсірдік деп шала бүлініп жатады. Ал, Құнанбай ауылы жесіріш ізделп атқа қонады. Екі ел осылай дүрлігіп жатқанда Құнанбайдың үйіне Біке шешен барып туседі. Құнанбай сыр білдірмеген болып, жігіттеріне Бікені күттіреді. Алдына дастарқан жайып сары қымыз сапыртады. Біке қымызды алышқырап, қызара бөртеді. Даусын кетере астам сөйлей бастайды. Бікенің мұнысын жақтырмаган аға сұлтан:

— Төрімде отырып, дәмімді татып, үстем сөйлемп отырган бұл қай керей?— деп, зіл тастайды. Сонда Біке:

— Құдайым тіл мен жақ берген, өтірік емес нақ берген. Көкінді кекелеткен, келін қылыш еркелеткен кереймін, саган будан басқа ис деймін,— депті. Отыргандар «мылауың қалай-қалай сөйлейді?» Ашуға бұлыққан аға сұлтана! жағында жатқан сегіз өрме бұзая тіс қамшысын алыш, кетере бергенде, Біке шешен тагы да:

— Қажының ашуы Қудауысты Құттыбайға, Қаз дауысты Қазыбекке келеді. Аттың тәбеліндей бармақтайғана Бікеге ашуы келуші ме еді, тәйірі тепсе кері теуіп, шауып отырган өзінің сары бәйбішесі дагы,— депті, бөгел-

местен. Бікенің бұл тапқырлығы Құнанбайдың жогары көтерілген қамшысын белгс үргаң жыландај жерге сылк еткізіпти. Бікенің Қудауысты Құттыбайды қалың пайманга. Қаз дауысты Қазыбекті жалпақ аргынға теңеп айтқаныш аға сұлтан түсініпти. «Аттың тәбеліндей, бармақтай ғана Бікеге ашуы неге келсін» дегені аргын мен наймади ортасында отыргаң ат тәбеліндей екі-ақ болыс керейге бола ашу шақыра қоймас!» дегеніп де Құнанбай түсініпти.

Енді бір сәт ол Бікеге тесіле қарап:

— Жарайды,— дегіп бұл сөзінді мақұл дейік. Ал, «Тепсе кері теүіп, басқа шауып отыргаң өзінің сары бесігі дагы»— дегеніңе жол болсын? Сен мемі Қымызға мас болып ашу шақырады деп отырсың ба?

Құнекең солай дегендеге, Біке де сабасына түссе қойышты:

— Жоға, мырза, менде Қызымен артық айтсам керек. көліце алма, кешір,— деп өзіпің ағат кеткеніп жуып шайыпты. Отырган көпшілік екі дата бидің сол бір ақынды да тапқыр қақтығысна тәніп болып, кейінгілерге айыз етіп айта жүріпти.

* * *

Біке шешең қартайған шағында аға сұлтани Құнанбайдың ақын немересі Шәкәрімнің аулына барыпты. Барса, Шәкәрім үйінде жоқ екен, ал қағута кетіпти. Шәкәрімнің жұбыбай Бікенің алдына дастарқанды жайып, сары самаурынан шай құя бергенде, Шәкәрім де келс қалады. Келгендеге де күр келмейді, қатжығасы майлаташып, көзі жайланаңып, құлжалың бір текесін бөктере келеді. Үй-іші, бала-шага, мәре-сәре бәрі жабыла құлжашы іреп сөяды. Дастарқанға құырдақта кеп қалады. Шәкәрім, оның үстіне бағлан соыйып, шешеңді әбден күтсі. Бікенің алдына үйме табақ ет тартылады. Еткес қоса құлжалың басы қойылады. Шәкәрім қопагына қарай қолып жаяды:

— Кәніс, би аға өзімде, шақырып күтсем деп жүр едім, құдай айдан кеп қапсыз. Ас батасып бермеңіз, бас батасып бермеңіз, Аң батасып беріңіз?— дегі жұмбақтап бата сурайды.

Біке сөз сыңайып түсінс қояды да, былай деп бата береді:

— Бесатарың.
Тарс еткенде, тарс етсін!
Түтін былай кестсін,

Оғы аңға жетсін,
Теке құлай кетсін,
Ішің бата сұрап,
Жаңылса нетсін?
Аллаһу ақбар!—

деп бетін сипапты.

Біке шешенниң бұл сөзінің астарын түсіне қойған Шәкәрім:

— Япрыым-ау, астаң үлкен жоқ, бастаң үлкен жоқ, мені қара басып жаңылдым, сонда мен әкемшен астын дегенім бе, әлде адасқаным ба? Би аға, ағат кетсем, кешіріңіз?!— деп, айбына Бикеге ат мінгізіп, иығына шапал жауып аттаңдырыпты дейді сл.

ҚАБА БИ

Қаба Абайдідаулы 1804 жылы қазіргі Алматы облысы Нарынқол ауданы Сарыбастау ауылының Түзкел-Қолтық деген жерде дүниеге келген. Сексенге қараган жасында 1884 жылы қайтыс болған. Бейіті сол ауданың Лайлы деген жерінде. Қазақ шежіресінде Қаба билің тегі аргы бабалары Бәйдібек би одағ Албан, оның ішінде Қызылберік атасы, одағ бірер атадаң кейін Малыбай би, оның иемересі Абайділда таралады.

Қаба билің билік, шешеніндік, алғырлық тапқырлық атагы 17 жасынан бастап слеге тапылады. Оның ең алғашкы әділ төрелігін ел бывайша аңыздайды:

Найман елінің бір жігіті жазықты бол, қашып келіп, Албан ауылының Медетбай деген байына жақдашып панарап жүреді. Ол сол елдің Мұса деген беделді кісінің күңі бол есігінде жүрген жетім қызға ғашық болып, екеуі қашпақ болғанда қолға түсіп қалады. Екі бай айттысып, дауласып, биге жүгінеді. Соңда бір би:

— Сүйегімізге таңба түсірді жігіт пей қызды ат қүйрғыла байлан өлтірейік,— десе керек. Екінші би:

— Өлтіріп, обалына қалмайык, екеуінде елдең аластап қуайык,— депті.

Үшінші би:

— Жігіт кінәлі. Оны жақдаш алған Медетбай бай айыбын төлесін,— депті. Сөйтіп үш би үш жаққа тартып, бір шешімге келе алмапты. Осы кездे төрдес отырган карт Малыбай би өзі ертіп жүрген 17 жасар шебересі Қабага қарап:

— Кәне, балам, сен сөйлеші? — депті. Соңда Қаба бала:

— Ау, бабаларым, дапаларым,
Сөйлегісі кең отыр балаларын.
Өзімше дау шешімін сораладым,
Жас жігіттің сұлу қызы арманы болады.
Кедейліктің көртартпа қармағы болады.
Пана сұраган Албанға салмағы болады.
Қаныны жүктесеп Найманың жашажалы болады.
Оданда: Медетбай сіңірген төрт биесін.
Мұсабай бересі, ош қойын берсе.
Дау осымені бітеді.
Екі жарты бір бүтін.
Қалғанып қудайдан күтеді.—

деп термелей жөнепті. Бала осылай дегенде Мұса мен Медетбайдың мойнына су құйылғандай, жерге қарап отырып қапты. Сөйтсе, мұлың мәнісі былай екен: Жігітті жалдаған Медетбай 10 тоқты беремін деген сөзінен та-нып жігітке дым бермепті. Ал, Мұса болса, қыздың әкесінің төрт жылқысын зорлық қылыш бермей кеткен жайы бар екен. Осы бір зорлық-зомбылықты ел біледі екен де, екі байға ешқайсы барып айта алмай жүреді екен. Қаба бала сол шыныңдықты бетің бар, жүзің бар демей екі байдың бетіне баса айтыпты. Қөпшілік балаппен бұл билігін қолдап, Медетбайға 10 қой, Мұсага 4 жылқы төлеетіп, екі жасқа ерік беріпті. Соңда Албан елшілік атақты ага би! Базарбай ақсакал Қаба баланың маңдайынан сүйіпті де:

— Бәрекелді балам, тілің қара тасты қақ жарғаң қанжардай еткір екен. Сені бүтіннен бастап «Қанжар тілді Қаба би» деп атайды. Мен қартайдым, сен жассасың, ендігі билікті сағаң бердім. Мынау елді өзің биле, алдыңнан елің кетпесін, дүшпанның тілі өтпесін! Аумин! — деп, батасын беріпті.

Сонымен Қаба бала атқа қонағы. Ел тізгінін қолына алады. Енді оның алдына кеп жүтіпушілер көбейеді. Жігерлі жас би өзінің әділ де, тапқыр билігімен ел тағдырын шешіп беріп, халық құрметтіңе белене бастайды. Ол жасы отызға келмей-ақ, шешен сөзімен, көсем білгілігімен сол өңірдің бәрінен белгілі би бол алады.

Қабада ақындық; жыраулық қасиет те бар екен. Өзі қара қылды қақ жара сөйлейтіп әділ биғе ақындық өнер қосылған соң, оның шеңсіздігі де, шеберлігі де арта береді. Шешіле, кесіле төрмеслік сөйлегеген Қабапың

бетінсө ешкім пара-пар келе алмаған. Ол бар жерде, айыптылар, дүшпандары ыға жүргең.

Дегенмен кісі дүшпансыз бола ма? Бір жиын отырыста оған жауығып жүргең бір шоңжар бай оны сөзден сүріндірмек болып төтептес «дүниеде ше жау?» деген сұрақ қояды. Сонда Қаба би кідірмestен былайша термелейді:

Барлы, барлық, барлы тау.
Басы аманшың деңі сау.
Үшкітамаса қабак—жау.
Ішпей жүрсөң тамак—жау.
Арық атқа қамшы—жау.
Жаштық үйге тамшы—жау.
Тебеген болса бисең—жау.
Сүйкеншек болса түйең—жау.
Түйеңменен биңеңді.
Алымп кесте жисең—жау.
Қасарыскап қатың—жау.
Қашаган болса атың—жау.
Ул онбеске келгеннен.
Колға ұстаган кобызың.
Ул ол бестен өткеген соң.
Тіл алмаса доңызың.
Қызыңды қүйеу алмаса,
Кек шығып өліп қалмаса,
Көрінгенмен ойнаса,
Борзен соң қызың—жау—.

Дей бергеніде, әлті өзі демінсө өзі пісіп отырган байсымақ, жер шукып отырып қалыпты. Өйткені, оның бойжетіп отыргал Қызы үйінде жүріп әр жігітпен көіл қосып жүкті боп қалған екен. Соны Қаба би дәл тауып, тілге тиек еткеніде, оның аузына құм құйылыпты дейді ел.

Қашжар тілді Қаба бидің даңқы бір гана үйсін, найман елі емес, көршілес қыргыз сліне де мәшһүр болған. Ертеде мал-жаны араласып көрші отырган Қазақ, қыргыз ауылдары Сырт жайлайуша таласыпты. Екі халықтың бас көтөрер ер азаматтары атыспақ-шабыспақ болты. Ауыл ақсақалдарының пәтуа сөздеріне көнбепті. Сонда бір кәриясы тұрып:

— Қыргыз, қазақ болып бәріміз жиылып бұл дауды тындыра алатын түріміз жоқ, қой болмас қанжар тілді Қаба биге ат жіберіп алдырайық. Бұл шиеленген даудың шешүнің бір тапса сол табар деп, оған ат жібереді. Ел-жүрт болып құрмустеп шақыргаң соң Қаба би келеді. Сол жолы ол Албаш, Суанинаң сөзге алдырмайтын, шылауышан шалдырмайтын 40 кісінін ертіп, қыргыз слінсө өзі бастап барыпты. Қыргыздар оларды тік тұрып күтіп алады. Сөз

сайысшна қазактар Қаба биді, қыргыздар өздерінің май-талман жүйрігі Жантай биді шыгарады. Не керек, сол жолы екі би ұзақ айтысады. Әуелі Жантай би сезді былай деп бастайды:

Қазактың қашжар тілді. Қаба би,
Албаннан асыл туған дағы би,
Айтысам десең сез дайын.
Аңдысам дессің жау дайын.
Қыргыз қазак бір түшкапп ел еді,
Сырт жайлауын қыргыздың ата жері еді.
Тілдің ұшымен шешімеген
Найзаның ұшымен шешіледі.
Мен айтарымды айттым,
Бұган Қаба не дер еді?—
Егер пәтуага келмесің,
Жайлауды еркінмен бермесең,
Аңдысетің жау боламыз,
Найзаның ұшымен,
Білектің, күшімен,
Тартып аламыз...

Бұл қоқан-пешке Қаба би саспалты, Жантайга былай деп жауап қайтарыпты:

Эй, Жантай бил
Жау іздеме досың кетеді.
Дау іздеме, косың кетеді
Есеп би дауды белдестірумен шешер.
Есті би елді елдестірумен шешер.
Жер—жұтқанға жұмсақ майлы талқаны да смес,
Қыргыздың айыр қалпагы да смес.
Құдай жалғаш, жер иесі сол болады.
Тоқындей жерге таласқанша,
Тең беліп жайлаганы жең болады.

Қаба бидің бұл әділ дс. дараптың сезі қыргыз, қазактың ойынан шығып, оны төбесіне көтеріп әкетілті. Сол кезде жасы біразға барып қалған Жантай би өзінің орынсыз сейлегенің мойында:

— Қазактан қашжар тілді Қаба би бар дегенді көп естуші едім. Менде бір елдің алмас семсері едім. Сен нағыз паркескен екенсің, сезің дегенің болсың, деп Қаба биді қасындағы жігіттерімен күтіп, сыйлап жіберіпті дейді ел. Міне содан былай қарай Сырт жайлауын қазак, қыргыз ауылдары теңдей бірге жайлап келеді.

Сол жолы елге қайтып келе жатып. Қаба би қатты науқастанып қалады. Қасындағы жігіттері сасқанынан біреуін елге шалтырады. Бұл хабардан есіткен ел адамдары абыржыш, оның аман-есенідің тілсейді. Мәнеке болыс бастап ауыл адамдары атқа қонып, Кеген асуында Қаба

биді күтіп алады. Сонда Қаба бидің елге қадірменді болғаны соңша Мәнеке болыс қос қолып көкке жайып:

— Е, е, Алла тағала, құдіреті күшті тәңірім, Қаба биді алғанша, мені ал. Мен өлсем скі балам жетім қалар, сіл оларға жетімдік көрсетпес. Ал Қаба би өлсе бүкіл ел жетім қалады ғой.— деп белшідеңі кіссесін шешіп алып мойнына салып, зарлапты, дейді. Кім білсін, сол тілек қабыл болдыма, елгे жеткен соң қөп үзамай Мәнеке болыс қайтыс болып, Қаба би айырып көтіпті дейді ел.

Қаба биді көріп кел өулие кісі сіді деп те айтады. Ол жөнінде де ақыздар аз емес. Соның бірі мынандай: Қаба би қартайған шагында балаларына ешіп бөліп беріпті. Өзіне біткегі 50 қой-шшікі, 6 сиыр, 3 жылқышың үші баласына бөліп беріп, отаулаш бөлек шығарады. Сонда Қабаның кіші тоқалының тұлған 15 жастагы Жапқүшік мұны азырқанған екен. Мұны байқаган би «Көктемде кел, Жапқүшік, саған бөлек берерім бар» деп шығарып салады. Жапқүшік көктем шыққанша тағатсындаға күтіп тағы да мал берер деп үміт қылады. Сөйтсе Қаба би Жапқүшіккес: «Сеп мынаны ал, түбіндегі бәрі сенің қолыңа қарайтын болады. Диқапшылық жаса» деп ақыл айтады. Бірақ жыл бойы дәмесі басқада болып жүрген Жапқүшік ашулагып, соқапы жарып-жарып сүпдышып, тастағы кетеді. Мұны көріп түрган Қаба би ашулагібастағы сәл күлімсірепті де: «Ой, ақымак-ай, малың қырылып, маңдайың тасқа тиер. Соңда ат арытып алыстан соқа сатып аларсың. Бірақ тубінде сенің несібен диқапшылықта»,— деді. Айтса айтқандай, кейін Жапқүшік Қытай аудып малы жерсінбей қырылып қалыпты. Содалай Қайта оралып, Жапқүшіктің кіші інісі Құсайын қыргыз жаққа барып өтізге артып соқа экеліпті. Сөйтіп, ол малдың қайыр бермейтінші түсініп, қатесін үтініп, диқаншылықпен айналысады. Шынында Қаба би айтқаңда бүкіл ел жүт болып, мал қырылып, аштық басталғанда Жапқүшіктің қолына қарайды. Осының бәрін алдын ала болжаган Қаба бидің әлгі сезі әулиелік емес пе?

Оның балалары Төрекелдідең тарайтын Құнесхан Қабаев, Талғар ауданында, Раздельное селосында, екінші баласы Тоқалдағы — Тоқалов Серік сол Сарыбастау кешенінде, кіші баласы Құсайынның баласы Тұрсынбай Сарыжаз кешенінде, т.б. жерлерде тұрады. Қаба би жөніндеңі бұл деректер Үлттық ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының колжазба қорында 813-папқада сақтаулы.

АНДАС БИ

Андас Стамбекұлы XIX ғасырдың бас кезінде туып 120 жастай жасаған қазақтың биі әрі батыры. Ол 1804-1807 жылдары туып, 1924-27 жылдары қайтыс болса керек. Бұл әлі анықтай түсетін жай. Андас қоқан хандығына қарсы соғыста ерлікпен қаза тапқан Саурық (1814-1854) батырмен туысқаи. Екеуде — шапқыншы жауға қарсы құресті бастаған батырлар. Андас бидің шыққан тегі Шапырашты, одан Есқожа — Қарасай батыр, одан Өтеп — Қөшек — Түркпен. Қөшектен Тұкті-Құрт, одан Қәшке, Стамбек, Қәшкеден Сұраншы батырдың әкесі Әкімбек, Стамбектен Айдас, Саурық батырлар тарайды. Андас Шапырашты, Айқым, Есқожа үрпақтарының басын құрап ел етуде, олардың жаудан қауіпсіз болуы жолында зор еңбек сіңірген ел басы аға би. Қазақ тарихында тағы бір Андас баба бар. Ол жәнінде Қазақ Совет энциклопедиясында былай айықтама берілген:

«Андас — ұлы жұз құрамышы дағы Жалайыр тайпасының Шуманагынай тараған 13 рудың бірі. Қазан төңкерісінен бұрынғы және Қазіргі мекені Қаратол, Қексу өзендерінің оның Балқашқа құятын сағасынан Ілең дейінгі өлкө Талдықорған төңірегі, Тенітек өзенінің жағасы, Малайсары, Желді қара тауларының алқабы. Қалпе, Оракты, Күшік рұларымен аралас отырады. Андас мал шаруасымен қатар егіншілікпен айналысқаи ел. Оның егіл суарған ескі тоғандары Іле, Бақанас, Быжы, Қаратал өзендерінің бойында әлі бар. Жаз шыға Жонғар Алатауының салқын беткейлерінің жайларған. Андас-Қалқа, Толымбек болып екіге бөлінеді. Оларға мынадай аталар кіреді. Деріпсалы, Жомарт, Қанай, Қонай, Әйтімбет, Құттық-Қаракұс, Қыргыз. Андабай-Тацат, Алакөз-Жетіншар, Менідібай-Кеңіжеке, Таймөңке-Байыс, Байқара-Жұман, Түркес-Саурық, Шәкі-Шүкі, Қошқар-Шөрек» (1 л. 375-6.)

Енди жогарыда сөз еткелі отырған Шапырашты Айқым атасынаң шыққан Айдас Стамбекұлының ел аузынан жазып алған бірер сөзінде келейік:

Кектем шығып ел жайларта көшіп қонып жатқан кез екен. Шапырашты ауылдары да көлі-қон әрекетінде. Айқым, Есқожа елінің басшысы Айдас би, қасыла өзінің батыр ішісі Саурықты ертіп Ұзынғашшақа келеді. Одан

Құртқа тәуіпті ертеді, Қарақастекке бет алып бара жатқанда алдарынан атақты Сүйінбай ақын шығады. «Іздегенге сураган» дегендей, аталас ағайындар, жапырласып сәлемдесіп жатады.

Андаң би:

— Сүйекем, үшеуімізді сүйеме екен.
Бүйідей әлде бізге тие ме кең?

деп, әзіл-қалжыны аралас сөз бастайды.

Сонда Сүйінбай ақын:

— Аңдастың әділдігі жүртқа болар,
Үш жүздің бас тәуібі Құртқа болар.
Атадан артық туған Саурық батыр.
Қазак пей Қыргызға тұтқа болар.—

— Деп, үшеуін бірақ, ауыз өлеңге сиғызып маралпаттапты.

* * *

Ілгеріде біздің Бәйдібек бабашың бір баласы жылқылы бай атапыпты. Оның мыңғырган жылқылары түс-түсімен, үйір-үйір болып солау Талас везенінің басына аяғына дейін созылып жатады екен.

Сол жылқылы байдың бір үрләгі атасына енші алып Таластың тәмешігі сағасына қопыс аударыпты. Ол өзі Аңдаң бимен замандас, құрдас болса керек. Бірер жылдан кейін қасына 40 кісі сртіп Аңдастың артынан іздел барады. Ошақтың күн қонақ болып, ағайыш-туыстарды арап, мал-жан, қопысжайымен танысады. Қыс-қыстауыш, жаз-жайларуыш көреді. Дулат, Ысты, Ошақты ауылдарының ақсақал, иті жақсыларымен танысып әңгіме-дүкен қурады. Откен-кеткен талай шежірлерден сыр шертіледі. Еліне қайтар кезде Аңдаң би әлігі замандасына қарап:

— Келген жерің уақ, малға сая, жылқыға жал-жая екен. Бірақ, қара жолдың жагасы, өзен судың сағасы екен. Өтісің баянды бола қоймас, қой, елге Жетісуга көшітідер,— депті. Сонда жылқылы бай айтЫПты...

— Мұның дұрыс қой Аңдеке,— депті жылқым, Жетісудың тау-тасты шатқалына сыймайды. Өтісім тарылады. Қәпірлер келіп ірге тепті. Ал, бұл жақ болса кең дала, жылқым еркін жатады. Ауым кәпірлерден оулақ болады. Енді жылы орынды сұбытып кері көшө алмаймын.

Сонда Аңдаң би айтЫПты:

— Судың басында отырган ел су іshedі, аяғында отырган сл у іshedі деген, су аяғы қурдымға тозған ел

отырады. Үйз ішкең руыңмен у ішсендег өлмейсің.
Жетісуга көшіңдер, менің соңымнан еріңдер?

Тұысқаны қөнбей қасарысып отырып алышты.

— Ендеше қөнбесең сөзім тосылар. Ақыретте ба-
сымыз қосылар депті де, Аїдас би атына қонып,
серіктерін өртіп Алатауды бетке алыш жөнеп кетіпте
дейді ел.

Алатаудагы атақты Аїдас бидің Әулиеата жерінс
келгенін естіп Мәмбет би (Байзак, датқапың әкесі)
«магағ соқпай кетпес, түбіміз бір Бәйдібектің баласы
едік қой» деп дайындығын жасай беріпти. Аз үй ша-
пыраштының тұрақтаған мекені Талас өзсін бойындағы
жаз жайлай Қызылжардан шыққап Аїдас бір күнде
Қаратаяу бауырындағы Билікөлдің сабатты сазды
шалғынына қаз-қатар тігілгеп ақ шашқап үйлердің
үйір-үйір жылқылардың үстінен шығады. «Бұл кімшің
ауылы» дегендег. «Мәмбет датқапың ауылы» депті жол-
шыбай кездескендер.

Аїдастың келе жатқапын шабарманндарынан күпі
бұрыш естіген Мәмбет алдынан өзі шықпай, басқа
кіслерді жібермесінде жата берген көрінеді.

— Аїдас кеп қалды, кеп қалды,— деп шабарманн
қызметкерлер мен сақадай сайланғап жігіт сасқапынан
ак ордага бірі керіп, бірі шыгады. Ат тұғының тубірі
құлагына жеткес Мәмбет тайштырым жердегі мама
қызықта тоқтамай, Аїдастың ат басып ақ ордага бұра
береріне көзі жеткен соң, тағаттауып орында отыра алмай,
ұшып тұрып кереге басында ілуі алмас қапжармен жа-
бығып тіліп жіберіп, сығалай қараса керек. Есік алдында
30-40 адамымен келіп тоқтай қалғап Аїдас (дауысы өте
зор кісі екен) ат үстінде тұргап бойда: «Оу, кім бар»,—
деп дауыстағанды Мәмбет атып шығыпты. Сонда Аїдас
«Мәмбеттің, Мәмбеттің, Мәмбеттің» деп үш рет
қайталап, аттаң түсіп құшақтасып көріскең екен.

Кейін Мәмбеттің қасындағы дос-жарандары:

— Жарықтық датқа сонша неғып дегбірінің кетті.
Қоқаңың беріне де бүйтпеуші едіңіз,— депті. Сонда
Мәмбет менің жолбарысым үйдің іргесіне тығыла бер-
ген соң, жабықты тіліп жіберіп қарасам Аїдастың
екі жағында екі қызыл жолбарыс жалаңдал келе жа-
тыр екен. Бұдан кейін менде қайдаң дегбір болсын,—
депті.

Халық қастерлеген, имаңды, аруақты қасиетті адам-
дардың киесі бір-біріне көрінетін шыгар кім білсін?

ЖАНҚҰТТЫ ШЕШЕН

Жанқұтты Ботантайұлы (1810-1873) қазірігі Жезқазған облысындағы Ақсу-Аюлы селосының күнбатыс жағында Аюлы тауының баурайында дүниеге келген. Жанқұтты кезінде өткір сезіді, от ауызды, орақ тілді шешен би болған.

Жанқұтты он жеті жасында әкесінің айтуымен Сары елшілік беделді би Шабанбайға бата алуға барады. Жанқұттының жайын сұрап білгеннен кейін:

— Шырағым, дүниеде не адал, әлемде не мықты? —
деп сұрайды.

Соңда Жанқұтты:

— Адал болсаң судай бол,
Су арамды көтіреді.
Мықты болсаң жердей бол,
Жер жаһанды көтереді.—

деген екен. Жауабына риза болған Шабанбай би бала Жанқұттының бірнеше күн қонақ етіп, кетерінде:

Аллаңа жагам десең, қазанды бол,
Ағайынға жагам десең, қазанды бол.
Халқыңа жагам десең, әділ бол.
Судай таза бол,
Жердей берік бол,
Өмірің үзак болсын.
Сөзің халқыңа қуат болсын! —

деп батасын беріп аттанырған екен.

Жанқұттының өскен ортасы қасиетті Сарыарқаның өнегелі де, тәрбиелі елі болған. Талай өнерпаз, білімдар, парасатты, әруақты ата-бабалор гүмір кешкен сол бір аймақтан Қаз дауысты Қазыбек, Шортанбай жырау, Қараменде, Сенкібай, Шабанбай, Жидебай, Жалаңбас, Боранбай тәрізді ділмар шешен билер, не бір батырлар шыққан гой. Міне осында өнегелі халық әрасынан тәлім алған Жанқұтты да осал болмаган.

Атақты жырау Шортанбай Кенесары ханның ақылгей ақыны болса, Жанқұтты оның батыр сарбазы оң жағында отыратын кеңесші бас би екен. Сол бір үлт-азаттық қозғалыстың жорық, шайқасына талай қатысып ел азаттығы үшін, үрім-бұтак болашағы үшін күрескен азамат. Жанқұтты бидің бұл саладағы атқарған Қызыметі, билік, кесім, шешендік сезідері кезінде хатқа түслеген. Ауызша айттылып жүрген нұсқалары үмттыла бастаған.

Кезінде Шабанбай биден бата алған Жанқұтты шешен жайлы Мәшіүр Жұсіп Қөпейұлы мынадай дерек жазып қалдырган... «Құлжаннан Айдабол, Амантай, Дәріпсәлі, Маман, Шуаш. Шуаштаң, Ботантай, Айбада, Ботантайдан Жанқұтты. Бұл Жанқұтты Мұса, Секербай заманында аузыға іліп, көзге түскен қазақ жақсыларының қасқа мәндайы болған. Бірі ескі заң, бірі — жаңа заң. Бұл Жанқұтты жаңа занды қөрген жоқ, ескі занды қажыға барып қалып, басына тас орнаттырып, тасына жаздырган: «Қазақ, Арғын, Сарым руынан Жанқұтты Ботантайды Мекке мен Мединені көрмеген кісі андан тудым, жалғаш дүниенің жүзіне келмедім десе де болар депті. Оナン бұрын әулиелерді зиярат қыла Алатау. Қарататуға барған. Үйсін Төле бидің қасында отырып, билік айттып, тере берген төбесін көремін деп барғанда, Алатау Қарататудың пәлен, қалай түгел қалай деп сұрагандарына айтқан: «Тобықты Құнанбай шыңның басынан шыққан қайнар бұлак, қыпшақ ыбырай қажымас қара болат, Мұса қабыршығы қолға тұрмас жылмагай қара балық, Шыңғыс тере мұсылманға сұық, орысқа жұық». Бұл сездерді Қектіңұлы Сапақтың бел баласы Именберді датқаға сөйлеген. Тобықты Құнанбай, қыпшақ ыбырай, тортуыл Мұса осы үшеудің қазақтың мәндайына нағып сыйып жүргеніне айрап-асырмын, деген Жанқұтты».

Қазақтың ауыз әдебиеті ғұсқаларын тыныссыз жинай, артына ұлан-асыр мұра қалдырган Мәшіүр Жұсіппен келтіріл отырган бұл үзіндіде ең алдымен Жанқұтты бидің шыққан тегі, арғы ата-бабалары туралы мәлімет алсақ, екіншіден оның қасиетті Меккеге бір емес, екі рет барып Қажы аталғанын, Құнанбай, ыбырай, Мұса және Шоқанның атасы Шыңғысқа берген жоғары бағасын аңғарамыз.

* * *

Бірде Жанқұтты шешен аға сұлтап Құнанбайдың үйінде отырганда оған Абай келіп сөлем береді. Ол кезде Абайдың жас, үйленбеген шағы екен. Абайдың талқырылығын, өлең шығаралығын естіл жүрген шешен баланы қасына отыргызып оған бірнеше сұрақ қояды:

— Шырагым, дүние неге сүйенеді?

Абай:

— Дүние үміткес сүйенеді.

Жанқұтты:

— Кездің көрмесі бола ма?

Абай:

— Көз қабагын көрмейді.

Жанқұтты:

— Шам жарығының түспесі бола ма?

Абай:

— Шам жарығы тубінс түспейді.

Жанқұтты:

— Болат пышақтың кеспесі бола ма?

Абай:

— Болат пышақ, өз сабын өзі кеспейді.

Жанқұтты:

— Тамагына тартпайтын махлұқат бола ма?

Абай:

— Өз тамагына тартпайтын махлұқат болмайды.

Абай жауабына риза болғап шешен оғар өлең түрінде жауа беруін сұрапты. Сонда Абай:

— Сіз сүңқар самғай үшқаш киядағы.
Талпынған мен балаптан үядагы.
Өрнекті өлең сөзбелі жауп берсем,
Дүйненші жалғыз үніт тиянағы.
Көз көруі жетпейді қабагшына.
Шам жарығы түспейді табаныша.
Өз сабын болат пышақ өзі кеспес,
Махлұқат тартпай қоймас тамагына.— депті.

Ет желініп, қымыз ішілгеністі кейіп Абай:

— Ата, сізден сұрақ сұрауга бола ма? — дейді.

— Е, шырагым, сұрай гой,— депті Жанқұтты.

— Ата, әрзан ие, қымбат ие, дауасыз не? — депті Абай.

Жанқұтты:

— Шырагым, арзан — өтірік, қымбат — шындық,
дауасыз — көрілік смес пе? Жанарың отты екен —
ақындығың шығар, маңдайшың жазық екен — ойлылығың
шығар, халқыншың қалоулы азаматы бол! — деп батасын
беріпті.

* * *

Бірде Құтпанбай, Алшынбай, Мұса үшсүі бірігіп, ел арасында даулы мәселелер көбейіп кетті, барынта жиі қайталаптың болды дегең себепті желеу етіп, ел жинап, мәслихат өткізбек болады. Даунбасылар шақыртқаң соң халық жиылады. Халықтың басаяғы түгел жиналаш болғапшымен даунбасылар келе қоймайды. Шілдеінің алтап

шыстығында халық бірнеше күн тосып қалады. Ел арасынан реніш сөздер шыға баставайды. Соны сезгең Жанқұтты шешен халықты дуанбасылар келмейтін болады деп таратып жіберіп, өзі үшеуінің алдынан шығады. Алшынбай турып:

— Е, Жанқұтты, халық, жиналды ма? — депті.

— Халық жиналмақ түгіл жиылыс бітіп қойды. Сіздер кешікеннен кейін сырқаттанып қалды ма? — деп, жиылыста қаралатын тәрт мәселенің бірінсі өзім билік айтып, үшеуін үшеуінеге қалдырып, кейін бір кезі келгенде айттар, — деп халықты таратып жібердім, — депті Жанқұтты.

— Оның да дұрыс болған екен, бізге қайсысын қалдырын? — депті Алшынбай. Соңда Жанқұтты турып:

— Мұсажан, астық дауын саган Қалдырдым, Алшеке, тақыр жердің билігін саган Қалдырдым, Құнанбай, ақтобық аттың билігін саган Қалдырдым, — деген екен.

* * *

Шешенің қартайған шағында ел арасында дауыл мәселе болып, соны шешу үшін билік айтуга жастар арасынан адам шыға қоймайды. Соған Қылжылғаш Жанқұтты би:

— Қарағайға қарсы бұтақ біткенше, еменге иір бұтақ бітсейші, бір атадақ алты жамаң тұғаниша, алты атадақ бір жақсы тусайши, елге тұлға болатыш, — деген нақыл сөз айттыпты.

Жанқұттының жыр үлгісінде айтқан нақылдары

Бір сөз айтсаң жақсыға,
Аталаш сөзге тоқтайды.
Бір сөз айтсаң жамаңға,
Өмірінде үклайды.
Надаңдаштың белгісі,
Өзін-өзі мактайды.
Кекіретін сокырга,
Өмірде таң атпайды.
Шешениң сөзі дария,
Қап түбінде жатпайды.

* * *

Топ бітиске топ бітсе,
Қагуменесін тоғынрады.
Жамаң болса алғанини,
Ер жігітті аздырады.

Жақсыменен сөйлессең.
Күмарыңды қалдырады.
Жаманменен сөйлессең,
Көңіліңді қалдырады,
Кез болсаңыз суайтка,
Өтірік айтып шандырады.
Өсекшімен сөйлессең.
Урнай-сокпай талдырады.
Жолдаң болсаң сараңмен,
Жол үстінде қалдырады.
Жаман болса достарың,
Өзің жауга алдырады.

* * *

Жаман болса — жақшы жау,
Шайпау болса — қатышы жау,
Шабан болса — атың жау,
Тартышилак болса — түйең жау,
Тебетеги болса — бисек жау,
Қүнде келсе — күйеу жау,
Жашының болса — жиен жау,
Тіл алмаса — ұлың жау,
Арсыз болса — қызың жау.

* * *

Әйелің жақсы болса — қолагың мен үйінің тұрағы,
Балалың жақсы болса — екі хөздің шамшырагы,
Атың шабан болса — бұл жалғаштың азабы,
Әйелің жаман болса — дүниенің дозары,
Балалың жаман болса — көрінгеншің мазагы.

* * *

— Не жетім? — деген сұраққа Жапқұтты:
Ел қоңбаса жер жетім,
Құс қоңбаса көл жетім
Кемпірі жок шал жетім,
Иесі жок мал жетім,
Соқыр болса көз жетім,
Тыңдаушысыз даана жетім,
Тыңдаушысыз даана жетім,
Ата-аласыз бала жетім,
Қағазсыз қалан жетім,
Ақылсыз адам жетім,—

деп термелеген екен.

Жапқұтты шешенниң осындей ақыл, нақыл, шешен сөзі үшін оны сл құрметтеп «Ақылшы ата», «Жақсы Жапқұтты» деп көткен. Жапқұтты 63 жасында қайтыс

болған. Шешен жөнінде академик Қ. Жұмалиев өзінің «XVII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген еңбегінде және зерттеуші ақын Жекіс Қашқыпов бірқатар деректеме мақалалар жазды.

ҚОЖБАНБЕТ БИ

Қожбанбет Байтілеуұлы 1810 жылы Жаркент шаһары Қектал ауылында туған. Бір деректе Жетісу өңірі, атақты Қарқара жайлалауының Каракойпау баурайында Қоңырелец деген жерде туып, 1880-1885 жылдары қайтыс болған деп жазылған.

Ол жас індересте кезінде бесіккес бөлениген күйінде еке, шешеден жетім қалады. Бұл жөнінде сл арасында мынаңдай аңыз қалған. Қожбанбет тугаң жылы қар қалың түсіп, қыс қатты болыпты. Қыстың қақаган ортасында бір жолы қар аса қалың түсіп, таудың теріскей жағында отырган. Байтілеу ауылы түгелдей қалыш қар астында қалып, опат болады. Таудың күпігей бетінде отырган олардың туыстары — Есдәulet ауылының адамдары қолдарына құрық, сирый алып оларды іздейді. Сай-сала ақ, қармен төгістеліп кеткең мүндай даланың әр жеріне құрық, сирый бойлатып жүріп, қалың қарға көміліп қалған киіз үйдін түгіндігін табады. Жабыла аршып қараса, Байтілеудің үйі болып шығады. Бесікті қапсыра құшактағаң ана әл үстінде жатыр екен. «Балаяға ие болығыдар, әкесі қойғаң аты — Қожбанбет» дейді де жаң тәсілім қылады. Жас індересте анашың жылы құшагында, ез тілін өзі сорып аман қалыпты дейді сл.

Қожбанбет бидің ата-тегі сондау Бәйдібек биден, Албан, Суан, Суан ішінде Ақша атасынан таралады. Атақты қолбасын батыр Қабағабайдың жисеңшары. Түп шегізі сондай атақты би-шешен, батыр бабалардан шыққан Қожбанбет өссекеле батыр мінезді, аса алғыр шешен бол елге танылады. Жастайынан талай дау-да-майдың түйінін шешіп халық құрметтің бөлекесіді. Оның тапқыр шешіспі, көрсеген көсем қасиеттің сезгерін сол өнірдің «жарты патшасы» аталған атақты Тезек төре өзінің он екі бинінің бас төрешісі стіп алады. Сөйтіп, Қожбанбеттің атақ-даңызы арта береді. Тек қана Албан, Суан, Дулат слі емес, Қожбанбет Жалайыр, Маттай, Садыр, берісі ысты, Шашырашты жүртты оны ат жіберіп алдырады екен.

Қожбанбеттің қара тілді шешеніндік қабілеті жас кезінен-ақ біліне бастайды.

Он жасар Қожым (ауылдастары алғашқыда солай атапты) қозы бағып жүрсе, бір топ Суан елітің бай, билері Жаман асуышан асып бара жатады. Қойшы бала олардың алдарынан шығып сәлемдесседі.

— Байтілеу деген кісінің баласы едім,— деп өз жайын баяндаپ, ақсақалдардың қайда кетіп бара жатқан жөндерін сұрайды. Соңда әлгі ақсақалды үлкен кісі өздерінің хан төреге (Тезек төрсінің экесі Нұралыхан) бір іс жайында бара жатқанын айттып оны шеге сұрадың дейді балаға.

— Мен дс ханының алдың көрерім,— деп сідім, жалғыз барсам хан ордасының маңынан жолатлас сіздердей илгі жақсылармен бірге барсам, кет дей қоймас. Бір қажеттіңізге жарапмын, ала кеттіңіздерші?— деп өтінеді.

Бала сөзіне тағұдана қалғағ әлгі ақсақал:

— Оу, қаралым, ала қозы-лақты қайда тастайсың. Оны жоғалтсаң қожайыныңға талқ жесіңің гой.— деп қайта сұрақ қояды. Сол кездे скінші бала:

— Оу, ата қозы-лаққа мен-ақ ие боламын, Қожым сіздермен барып қайтсың, ала кеттіңіздер,— деп, ол да қызылып өтінеді. Екі балалыңың сөзінен кейін басқа айтар сөз қалмаганпай Қожым балалы сол топ өздерімен бірге ала кетеді.

Суашыңың илгі жақсылары хан ордасына сәлем беріп кіріп келгенде, хан тере басып изеп амандастып, оларға отыруға белгі береді де өзі қолыла ұстагаған жаңа жасалған ағаш қасығын айналдыра қарастумен болады. Хан төрениң қасық жасайтын қолының шеберлігін білеттің қонақтың бірі, әңгімелі піседен бастау керектігін сөзе қойып:

— А біздің хан төреміз ел билсө ісінде ғана емес, қолы да шебер өнерлі жап екен гой,— деп мақтай жөннеледі. Мақтау сөзгес желлініп марқая түскен хан тере:

— Ер жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болу керек, оған айтар көп жүртттың сыны да болу керек. Мына жасалған қасықты кіріп шығып қандай міні бар, жасырмай, жалтақтамай айтындар, келген жұмыстарыңды содал кейін айта отырарсыздар.— деп қасықты оғз жағында отырған Суан биінде береді.

Ол қасықты айналдыра қарап шығып, өте сәнді жасалған, бұған кім бар мін айтар деп келесі кісіге ұсынады. Сөйтіп бір қасық жағалай отырғандардың қолынағ өтеді. Бірі қасықтың әдемі жасалғанын айтса, екіншісі оны

кепкен қайышнан ойып алған агашиң мактайды, бірі са-бының ұзындығын, алыста отырып-ақ, сіңкеймей тамақ жеуete арналғашып айтып, қасықтың мактауыш жеткізеді. Қолдан-қолға өтеді, сейтіп ең соңында отырган Қожым баланың қасындағы болысқа жетеді. Ол қасықты ерекше жасалғандығын дәрілтеп, өзіне ұсынады. Болыстың өзін баласынып, ескермей кеткеніне ашулаға қалған Қожым бала:

— Ой, болыске, хан төренің қолынан жасалған қасиетті қасықты, кезегімен қасыңызда отырган маган бермей, өре түрекеліп, баста отырган! Хан төреге ала жүтіргенің асырыстық болды-ау! Бұл жерде екі қателік жібердіңіз, біріншіден, өзініден бала болса да адам барып ескермединіз, екіншіден, қасында жұмсар бала отырып, болысқа баланы жұмсар іске, өзініз бала болып жүтірдіңіз. Сіздей болысқа мұндай оғаш мінез көрсету жараспайды,— дейді. Хан төреге бұрылып:

— Хан төре, жақсының сөзі ортақ, шебердің қолы ортақ деген ғой бұрынғы данышпаи бабалар. Егер рұқсат етсеңіз қасықты мен де көрсем деп өтіпші білдіреді.

Жолдан қосылған жетім баладан мынадай нақыл сөз күтпеген Суанның би-болыстары бір-бірінсі қарап, одан хан төре жауабын күтеді. Бала сөзіне риза болған хан төре:

— Е, балам, болыс ағашың оғаш мінезін оіздырмай-ақ, бетің бастың, еңдігі жерде баланы да ескере жүрер. Атамыз қазақта «Асыл—тастан шығады, ақыл—жастаң шығады»— дегел нақыл сөз бар. Мүмкін бұл қасықтың мінін сен айтасың.— деп қасықты балаға өз қолымен ұсынады.

Қожым бала қасықты айналдыра қарап шығып:

— Бұл қасықтың бір ыңғырулық және бір балталық міні бар екен. Сіздер хан төренің көпілі үшін гана мактап отырысіздар. Қасықтың мінін көріп тұрып, ханға жақпайды екеzmін деп, шындықты айтпау ата салтымда жоқ. Егер көзбен көремін десеңіздер маган ыңғыру мен балта алдырыңыз. Мінін өзім түзеп берейін дейді.

Баланың бұл тапқырлалығына әрі таңдашып, әрі хан төре алдында ыңғайсыз жағдайда қалған Суанның би-болысы:

— Ялырай, тілі мен жагына сүйенгеген мыла қужак баланы қайдаи ертін едік. Хан төре алдында бәрімізді үлтатын болды-ау,— дегі іштерінен тынады. Сол кезде хан төре қасықтаи мін тапқаи баланың тапқырлалығына

және батылдығына риза болса да сөз аяғын әзілге айналдырып:

— Жарайды. Сұраган құралдарын әкеліп беріңдер. Егер қасықтың бір жерін бұлдірсе мына отырган Суаның би-болыстары ат шапан айыбын төлейді. Ал міншін түзесең, сол айылты мен төлейміш. Сөйтіп хан төре қызметшісі айтылған құрал-жабдықты бала алдына келтіреді. Қожым бала қасық басын ыңғырумен кемерлеп ойып, оны жүқартады. Одан соң қасық бауыш аузына ұстап, ал басын құлаққа жетер жерін белгілеп, кесіп белгі салады. Одан соң сол кесікті көзге дәл ұстап, қасық басын құлаққа жеткізіп ұтайды.

Сонда қасықтың басынан кесікке дейінгі ара қашықтығымен көзбен құлаққа дейінгі және ауыз бен құлаққа дейінгі ара қашықтық өзара тең екен.

— Міне, қасықтың мінші түзелді.— деп хан төреге үсынады. Баланың тапқырлығына және қолының шеберлігіне риза болған хан төре:

— Я, бұл қасықтың бір кемдігін өзім де білетіміш. Ал сабының үзындығын дастарқанға еңкейіп ауре болмай, қол созып-ақ тамақ алуга ыңғайлы болар деп ойлаушы едім. Ал қасық сабының ауыз бен құлаққа және көзге қаңдай қатысы бар. Соны түсіндірші,— дейді. Соңда Қожым бала бірден былай деп жауап берген екен:

— Адамның тіршілік өміріне қажетті заттың бәрі шындық пеш дәддікті қажет етеді. Оның өлшемі көз бен құлақтың ара қашықтығынан аспау керек. Бұл жетіліл тағамдарыңыздың дәмділігін құлақпен естіп қана емес, көзбен көріп, қолмен ұстап содан кейін ғана ауызға салып дәмнін байқау керек дегенді білдіреді. Ғана бабаларымыз «асың адәл болсын, мал басың аман болсын» дегендеге, асыңның ададығы, сениң адәл еізбек, маңдай терікмен келсін дегені.

Егер біреуден тартып алған немесе үрлікпен келген мадды сойсан, ол адәл асқа жатлады. Оның зорлықпен немесе үрлікпен келгендейгін біреу көрмегенмен, екінші адам құлақпен естиді немесе құлақпен естігендің шындығы көздең қалыс қалмайды. Соңдықташ ішер асыңыздың ададығын ауыз арқылы білмегенмен көз бен құлақ арқылы анықтайсыз,— деген екен.

Соңда Қожымның сөз тапқан жауабына риза болған хан төре:

— Менің, «асыл — тастан, ақыл — жастап» дегеніме көздерітіз енді жеткен шыгар. Менің қолым ғана шебер

емес, мына баланың қолы да шебер. ойы терең, сөзі де шебер екен. Жауабына дәрі ризамын. Ат-шапанды айыбың үшін емес, тапқырлығын, талабың үшін мен сыйлаймын,— деп үстіне шапан жауып, астына ат мінгізіп қайтарған екен. Және Суаның би-болястарының «әлде қалай болар скен» деп келген ісін де екі сөзге келмей бітіріп берген. Басында қойшы баланы ерткеніне өкіліген би-болястар оның тапқырлығына, таланттына риза болып, оның хал төреге берген жауабын жыр қып айттып, ауылдарына жеткізгел екен.

* * *

...Сол хан төрениң шашын, сақал-мұрттын алып жүргең шебері о дүниелік болып, орныға шебер шаштарараз іздеп көпек жар салыпты.

Хан төрениң сарайшың төгірегілен оны билетін адамдар ішінен батылы жетіп ешкім шыға қоймапты. Бұрын шебер шаштарараз атанып жүргендердің өзі де төрениң шашын алуга келгенде «көсім шашар көрстің болып жүр»,— деген сияқты сылтау айтып сыйтылып кетілті. Сонымен әр ауылға шабарманадар шаптырып, шаштарараз іздестіреді екен. Сондай шабарманшың бірі саян бийнің үйіне келіп түскенін қозы-лагын ерістен айдал келе жатып Қожым бала да естиді. Ол қозы-лагын қоралап болысмын бидің үйінел келіп, отыраған үлкендерге сәлем береді.

Балалың үстілдегі кіміне және жастығына көзілі толмағын шабарман: «Мынауың кім дегендей» үй иесі биге қарайды. Оның ойын бірден түсінген би де:

— Оу, сіз білмеуші ме едіңіз, бұл ая ая жыны, хал төрениң қасынаның мінші тапқан, сол үшін хан төре астына ат мінгізіп, шапан жапқан Қожым балаға той. Осы ауылда үлкен, кішінің шашын алып, қолы епті, шашыңды қыртысына дей! Қырып таза алады,— деп мақтайды жөнеледі. Сөзінің соңын әзілге айналдырып:

— Е, жырылсаң нарадаң жырыл,— деген аталы сез бар. Хал төрениң шашын алуга сезін барасың деп кесімді сезін бірақ айтты. Шабарман да іздегені та-былғанына қуанып қалды. Ертеңін шабарманға еріп, хал төре ордасына кіріп келгенде, баланы бірден талыған хал төре:

— О, мынау Суаның Қожым баласы скен той. Қалай, ел-жүрттың аман ба?— деп жөнін сұрайды.

Шабарманның айтуымен шашыңызды алуга Суан биінің осы баланы жібергенін білген сон, бұл баланы тагы бір сынамақ болып, шашын алуга рүқсат етеді.

Хан төрениң ол ойын сезген Қожым бала да бар өнерін салып, бір тал шашын да жерге түсірмей алақанына жинап, оны ақ орамалға түйіп қалтасына салады да:

— Шашыңызды алып болдым,— дейді.— Хан тере жан-жагыша қарап бір тал шашын да жерге түспегенін көреді.

— Бала, алғаш шашың қайда?— дегенде.

— Өзім жинап алуга келіп ем. Сіздің ақылды басыңызғана емес, бізге бір тал шашыңыз да қымбат. Ол біздің қолымызға күпде түссе бермейді. Сондықтан бір талын да жерге түсірмей жинап, орамалға түйіп қойдым. Егер сіз рүқсат етсеңіз «хан төрениң шашы еді» деп болашақ үрпаққа сақтап, мойын тұмар етіп берейін деп едім,— дейді. Соңда хан тере Қожым баланың ақылдылығына, тапқырлығына риза болып:

Ханимың басыш сыйлаган,
Шашын да жерге кимаган,
Кесегең сенің көгерсін,
Сөзден маржан жинаған.
Сай жетпестей шашыма,
Дос жиышсын қасыңа.
Басысың бол еліциң,
Бак-дәulet копсың басыңа.—

— деп қолын жайып, ақ батасын беріпті. Орамалға түйген шашты да Қожымның өзіне қалдырыпты. Және Суанның иғі жақсыларың жинап:

— Мына бала болашақта Суанның басын құрап, бүткіл Суанды билейтін болар, бүтінней бастап қозы-лақтан босатып, қатарларыңа алындар. Ойын-тойға қастарыңнан қалдырмай ертіп жүріндер, ел көрсін, жер көрсін. Көпті көрген көсем болар, сөз маржаның жинаған шешен болар бала екен,— деп Суанның иғі жақсыларына өснет айтып табысталп, үстіне шапаның жауып тұрып, өзінің бала болсаң да, өскенде ақылды да дана би бол,— деп бата беріп аттандырыпты.

Қожбанбеттің ел-жер тағдырын шешкен бір билігін ауылдастары былайша аңыздайды: Ертеде солтустік, Сібір жақтағы «Қарашеклеңді» казак-орыстар қаптап келе бастайды. «Бекініс саламыз» деген сұлтаумен қазақтың ең шұрайлы, сулы, орман-тогайлы қоныстарына орнығып өздерін шетке ығыстыра береді. Казак-орыстар әртурлі

амал-айла істейді. Қайнар бұлак, өзенің бастауларына шошқаларын жайып, тұнық суды лайларатады.

Мұны көрген Албан, Суан ақсақалдары Қожбағбетке барады:

— Мына кәпірлер шошқасын қаптатып сұмызызды лайлап арамдады. Кейбір ауылдар қырға көшіп жатыр.

Қожбағбет би «қарашекпенілдердің» басшысына барып:

— Судың басындағы — су ішеді, аяғындағы у ішеді де-ген, бұларың қалай?!— деп оларға тоқтам салмақ болған. Орыстар оған көнбекен. Олай болса деп, Қожбағбет өз жігіттеріне «шошқасын атып тастай берілдер, жауабын мем береміш» деген. Малышы-жалышылар бидің айтқанын істейді.

Арада тәбелес, қақтығыстар болады. Енді келімсектер Қожбағбетке келеді. Екі жақ дауласады, би оларға дес бермейді.

— Орысым — орманым,
Опасыз болмагым!
Талтана, қазақтың.
Копысын, корғапши!

деп термелей, ернелей сөйлесп, бетқаратпай қолды. Сөзден де үәждеш де үтылып, беті қайтқан келімсектер «Қой болмас, оның бастығына барайық» деп Тезек төрсег жүтінеді. Тезек төре екі жақты тыңдай келіп:

— Қожбағбеттікі жөн. Мен оның бұл әрекеттерін жоққа шыгарға алмаймын. Ол менің тәбс биім, оның шешімі әрдайым әділ деп ойлаймын. Түбінде ол жердең қоны аударғандарың дүрыс болар!— депті.

Қожбағбет туралы деректер «Заман Қазақстан» газетінде (1,8 қыркүйек 1995 ж.) жариялаган Түрдақын Құдайқұловтың мақаласынан алғынды.

ШӘҢКІ БИ

Шәңкі Мендекеұлы 1811 жыны туған. Жасы тоқсанға таянғанда дүниеден өткесі. Денесі қазіргі Үрицкий ауданының «Ленинград» совхозына қарасты «Қарашлік» ауылына қойылған. Шәңкі Аргынның Қалжығалы атасынан. Экесі Мендеке өз дәүірінде айтулы батырлардың бірі болған. Мендеке батыр да, баласы Шәңкі де заманында сол өтірдегі атақты батыр, би, шешендермен тығыз қарым-қатынаста өмір сурғен.

Шәңкі ертеден-ақ халық қамын ойлап, «ел-жүртшым

кайтсе ел қатарына қосылады» деп жүрт тағдырын шешетін мәселелерге белсene араласып, әділ би атанады.

Оның билік шеңбері өз руы төңірегінен үзап, тіпті Орта жұз елдеріне кеңінен таралған. Шәңкі бармаса, ірі даудамайлар дүрыс шешімін таппагаи. Шәңкі би Қыпшак, елінде Балқожа, Қапқожа (Ыбырай Алтынсаринің ба-
балары), Атығайда Зілқара, Әшік билермен, Керей елінде Тоқсан би тұқымдары Арықбай билермен, Ерейменде Бөгөнбай батыр немересі Саққулақ бимен, Балшашында Шорман, Шоқ билермен, Аргының бес мейрамының кесемі, шешен атапғап Сайдалының Аққошқарымен, Баганалы елінде Саңдыбайдың Ердемі, Дүзендерімен, Торғайда Жөтібек батыр тұқымдары — Бірімжан және Қаз дауысты Қазыбек билермен тырыз байланыс, ынтымақты болған. Осы аталған елдердің көнекөз қарияларының Қанжығалы Шәңкі биді білмейтіндері жоқ десе де болғандай («Қазақ әдебиеті», 19 акта, 1993).

Шәңкі жастайынан ескішін оқыған, сауатты, ізденіш би болған. Бұл жағына келгендеге ол жақын би ағасы Саққулақтап көп тәлім алғаны байқалады. Сол Саққулақ шешен Шәңкінің алғырлық, тапқыштық шешеніндегі жөнінде былай дейді. «Мендеңекенің Шәңкісі халық алдында сөйлесс. тыңдаушыларын тамсандырмай қоймайтын, мазмұттды сөздерінде күлкі араластырып, сүйкімді қоңыр, сәл қырылдау даусымен есіліп бір кеткенде жүрттың бері оғын аузына қарап қалушы еді. Бүгідай шешеніндік қасиет мен білетін ешкімде жоқ. Тек Шәңкінің өзінің гана тән шешеніндік.

«Ел қызығыш көрмесс.
Іште жатқаң алтыншаш не пайдай?
Уят, арың болмаса,
Ақылшыңың көлтігінен не пайдай?
Тірі күншінде тартып бақ сөзілді,
Міңшаш біреу үкса да. үмітшырмас өзінді». —

деп Шәңкіге арнап ойын түйген Саққулақ би.

Кезіндеге Шәңкі би үлкеніді-кішілі ел арасындағы даудамайға көп қатыссып, талай-талай әділ билік айтқац. Сол айтқаң шешеніндік сөздердің кейбірі осы күнге дейін сл аузында жүр.

* * *

Атығай елінің атақты биі Зілқараның асында Қызмет стін, Қонақтардың қолдарына су құйып жүрген бала

Шәңкі сүрініп жығылғанда, оны келемеждең «олжаңнан маган да» деп құлғен Мама биге Шәңкі табан астында:

Таңыңқ таң екенін кім біледі,
Сарғайып барып атласа,
Күннін күн екенін кім біледі.
Қызырып барып батпаса.
Орданың орда екенін кім біледі,
Мен сияқты күтуши,
Жығылып-сүрініп жатласа.
Итпік ит екенін кім біледі,
Жығылып жатқан баланы,
Такымынан қапаса.—

деп асқақтап отырған шонжардың аузын аштырмай тастапты.

* * *

Бес мейрам — Аргын елінің уысында деп сезінген 14 мың жылқысы бар Сайдалының Аққошқарының (туган әкесі Кішкентай) жігіттері ел торып, барымта бағамында жүргендеге Торғай везені бойында жатқан аргын Жәнібек ауылының жылқысына тиіп, екі арадагы тәбелесте үрілардың бір жігіті таяққа жығылып өлеңді. Осы өлген жігіттіне Аққошқар құн даулайдыш. Дау үзаққа созылып, дүйім жүрттың берекесі кетіп, барымта сыйдырымтага жалғасып, ел дүрбеленгеге үшырайды.

Бұл дауды бітіруге ара ағайын араласпақ болғанымен, Аққошқар өзім барып бітіремін деп ешкімнің арага тусуін қаламайды. Ел аралық кикілжің Жәнібек туқымында Шегеннің тусында болса керек. Соңда Шеген бұл кикілжіңге өзін араласқанды артық көріп, «Құн дауына Аққошқар өзі келсе, ол өзінің айтқанын болдыруға тырысады, соңда осы дауды әділдікпен шешетіп кім бар» дегендес ой елегінен өткізе отырып, Қанжыгалы Шәңкі биді алдыруға тоқталады және, Шәңкінің айтқан билігіне өзінің тұратынын білдіреді. Дау аршайы тігілгене ақ, ордада бірнеше күнге созылады. Аққошқар өз айтқаным болады деп, басқаның айтқағ пікірлеріне құлақ аспай, мықтылығына басып, ешкімге ырық бермей отырады. Соңда оқтайдылған Шәңкі:

— Үе, Аққошқар!
Кере-кере сейлессек,
Келіп дауы келесі жылыш бітеді.
Келісіммен сейлессек,
Ердай құны екі ауыз сөзбегін бітеді.

Келісімге келмей керісе берсек.
Елдең береке, ерден қадір кетеді.—

дегенде, қасарысып отырган Аққошқар:

— Жарайды, аргынның агасы Ақжолдан шыққан Шәңкі би, билікті саған бердім, үкімін сен айт,— деп жұмсарып қалады. Екі жақтың сеніміне ие болған Шәңкі әділ үкім айту үшін Аққошқарға:

Акку құстың төресі,
Оқаша жүріп оттамас,
Асыл ердің белгісі,
Арам істі боттамас (қазбаламас),— деген.

Осы құп даулап отырган ерініз бүтін бе жарты ма?— деп сұраганда, жогарыдағы айтылған әрі марапат, әрі қорғанды сөзден өтс алмаған Аққошқар «жарты» деп жауап береді. (Ол уақытта үрлық қызып жүргенде өлген адамға жарты құп төлсу салт болған). Соңда Шәңкі:

— Жарайды, ердің құлы жүз жылқы, соның жартысы — елу мұнның құлы болсын. Ал, Аққошқар, езің Аргынның агасы болып, ағайынға құп дауын салғаның үшін елудің жартысын атамыз Аргынның әруагына кешесін.— деп үкімші береді.

Әділдік төреліктен аса алмаған Аққошқар:

— Шәңкінің айтқан төрелігіне түрдым. Құн алуды бүтіндей кештім!— деп ат-шапан айыбын берген екен.

* * *

Шәңкінің әділдік, тапқырлық, шешендік өнеріне риза болған ел оны бұдан былай «Тәте» деп атап кеткен.

Тәтенің бітірген даулары толып жатыр. Әділдік пеп адалдықты өмір бойы жақтап өткен би бір сөзінде:

Білгенге сөзім сом алтын,
Білмененге арам ас.
Дүниеге машқұл адам,
Сөзінді тыңдауға де жарамас.
Сөз жинаған алтын қазушы.
Надаңға айтып сөзді,
Көр қылуга жарамас.
Теңіз басы бұлакты.
Сол бұлак тасымай,
Айдаңдарға су толмас.
Сөз білмененге ала тәңді жалайаш.—

деген пәлсапалық ой қалдырыған екен.

СҮЛТАНБЕК БИ

Сұлтанбек би Тазабекұлы Албан — Бүгін елінің айбының батыры Пұсырмашын тараған Тазабек батырдың бел баласы. Туған ауылы Қазіргі Алматы облысы Кегей ауданы, «Жылдыз» совхозына қарасты Кенсү қыстағы. Осы ауыл аймагында «Сұлтанбек сайы», «Сұлтанбек қыстауы», деген жайлар, қыстаулар әліде солай аталады.

Сұлтанбек би сол ауылда туып, сонда қайтыс болған. Туган, өлген жылдары беймәлім. Бір деректе Албан елінің атақты биі Қашаганмен (1820-1905 жж.) замағідас еді дейді. Соган қарғанда оның да туган жылы сол шамалас болса керек.

Жоғарыда айтқандай, Сұлтанбек бидің аргы атасы Пұсырмаш жонғар шапқышшылығы кезінде, ал өз әкесі Тазабек Жетісудағы Қоқан басқышшылығында қарсыларескен Саурық, Сұраншы батырлармен тізе қоса отырып ел қорғаған айбынды батырлар болған.

«1846 жылы Ойжайлеу — Шұбаралаштагы ұлы және Орта жүздің әйгілі сұлтандары мен билері бас қосқан үлкен құрылтайға Қарқара өлкесінен Пұсырмаш батырдың беласы Тазабек батыр барып, Кол қойып, мөрін басуы өлкे перзентің даңқын қалдырады. Кейін патшалық, қаңды сүргіп отаршылдық тәртібіне бағынбаған батырды Жетісу өлкесінен өскери губернаторы Колпаковский социяна түсіп, тубішे жетті. Откін ғасырдың жетпісінші жылдары батыр биді у беріп өлтіреді»... («Жетісу», 16 қыркүйек 1994 ж.).

Сол Тазабек батырдың Сұлтанбек, Мұратбек деген батыр ұлдары екесі жолын қуып, өмір бойы патша саясатына қарсы құресіп отті. Олар кешпесілі сліді отаршылдыққа үлдеді. Егер екіншіді, дүрімден, көпір салдырады. Үй-жай, қорал-копсы түргизады. Бытырапт жүргең едің басы қосылып, отырықшын алаге айналады.

Қара тілдің шешені, әрі батыр Сұлтанбекті Қарқара мен Ұстыха көл арасындағы қазак, қыргыз жүртты өздерінен би етіп сыйлап алады. Ел сенін тапсырыған осы қызыметті ол мұлтіксіз атқарады. Екі халықтың татулық достығын бүршилдәғыдан да шығайта түседі. Қыргыз-қазак өзара құла-жегжат, нағашы, жиен болып тиіштімдем жарасты. Арада алыс-беріс айырбас, сауда-саттық, бір-бірінен жәрдемдесіп, қарасу мен жарасымды дәстүр, салт-сағаға өріседі.

Ескіше оқып білім алған Сұлтанбек би шының әдебиеті мен мәдениеттің, салт-достуршының жақсы білген. Мешіт, мәд-

ресе түргызып, Ислам дінінің өріс алуыша жол ашқан, қазақ, қыргыз жастарын оқуға, мұсылмандар шілдеке, имамдылыққа, адамгершілікке, қайрымдылыққа баулагат.

1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалысы кезінде ол ҳалыққа басшылық етіп, Ұзақ, Жәмеңкө тәрізді батырларға ақыл-кеңес беріп отырған. Соның іштегесінде олар талай жеңіске жеткен. Едің аманшылығын сақтап қалған. Бірақ, өшігіп, атқылаған жау қойсын ба, өткен гасырдаң соңғы жылдары патша жеңідептері Кеңсу жайлайында інісі Мұратбекті атып кетеді де. Сұлтанбектің соңшы шырақ алып түседі. Сұлтанбекті ел-жүрт болып көпкес дейін аман сақтап жүреді. Қыргыз елінің бір шиеленген дауын шешіп, өз ауылына оралған ол қатты науқастапып содал қайтада болады.

Сұлтанбек бидің арты баянды — балалы-шагалы бол өркен жайған. Оның үш әйелінен он бір үл, 5-6 қыз еркен. Тоты деген бәйбішесіне тутаң Әубекір Сұлтанбекұлы Жетісү тірінде әйгілі елбасы болыс болып өтті. Ол Ораз Жаңдосовпен пікірлеғ, қызметтес болады. Әубекірдің Бауқей деген баласы бұтпіде ел ақсақалы, зейнеткер Құрті аудашында тұрады. Сұлтанбек бидің Мінекиден тұған Жаңылберді де, ел қамын жеғен ақылды шешен, әрі мірген батыр екен. Әубекір мен Жаңылбердинің 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы кезіндегі батырлық іс-әрекеттері, ел үшін еткен жаңқиярлық еңбектері ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Қылыш заман» романында бейнеленген.

ҚОЗЫБАЙ ШЕШЕН

Қозыбай Наупілұлы 1822 жылы Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл аудашына қарасты «Благовещенск» совхозының Маманай ауылында туған. 1906 жылы қайтқан. Қозыбайдың әкесі Наупіл батыр, оның атасы Шашақ, та белгілі батыр болған, қазақ даласына ақындық, серлік атағы жайылып кеткен Қанағыл (Серіз сері) сол Наупіл батырдың туған інісі еді.

Кезіндегі Қозыбай шешенді қазақ жерінде білмейтін кісі некен-саяқ болыпты. Оның жүрт «Арқаның арыстаңы» дес аталағ екен.

Қозыбай он жасында Болатнайдарғы медресеге оқуға түсіп, оны 1835 жылы бітіріп шығады. Сол жылдың күзде Қызылжардың медрессесіне алынып, білімін әрі қарай толықтырады. Мұны тәмәмдар кезде әкесі қайтыс болады. Сол жылдың күзге салым анасы Балым дүниеден өтеді. Қозыбай ата-анасыз қалған соң, жүрт оны Балташтың Қозыбайы деп атайды. Он жеті жасында Қозыбай нағашысының ауылында күресте түсіп, палуандар салына қосылады. Ол мұның үстінде ән салып, домбыра, қобыз, сыйызғы тартады, салдық-серілік қурады.

* * *

Қозыбай жер ауып, тобықты Оразбай Аққұлышың ауылына барады. Соңда байлығы тасып, көзін май басқан бай оған ытилат та білдірмейді. Басына іс түсіп келгендіктен, Қозыбай Оразбайға ештеңе айтпай үнсіз отыра береді. Қозыбайдың елінде келгенін естіп: «Арқаның арыстаны» — Қозыбай шешенге сәлем береміз, көңілін көтереміз» деп Абай, оның қайын атасы Түсіп, Абайдың інілері Ысқақ, Ысмағұл, Шәкәрім, Нұртаза, балалары Магауия, Тұрагұл, тағы басқалар Оразбайдың үйіне сау өтे қалады. Келген беттерінде Абай бастаған топ Қозыбайға сәлем беріп, кол алышады. Қасындағылар шешеммен амандастып болғаң соң Абай: «Қозыке, Арқаның арыстанысыз, бір дәм айдал біздің жаққа келіп қалған екенісіз. Мандаішің жарқырап, жолыңыз ашық болсын. Ісіңіздің арты қайырлы болсын!»— депті. Қозыбай шешен Абай сөзіне дең қоя отырып:

Ражап бар жер мен кектің арасында.
Біреу шат, біреу кала панаңында.
Кездейсок шымшық құска бақыт қотса.
Самұрық қызмет етер саясында.—

Депті. Бұл сөзді Оразбайға байлаңысты айтып, шешен өзін самұрыққа тенегенің біле қойған Абай іркілместен: «Арқаңың арыстаны» — Қозыбай шешенің бұл ауылға қалдыруға болмайды,— деген екен. Абайдың ілісі Ысқақ болыс: «Қозекең магағ ақылшы болсын. Қашаш өз еліне қайтқанша, біздің үйде тұрсын. Семейдегі оязбел өзім келісемін»,— депті. Соңда Абай тобы Ысқақ, сөзін қостаган екен. Бұл шешімге шешен де келісседі. Содан кейін Қозыбай үш күрец қасқа ат жеккен күймесіне

отырып, Шақан деген атқосшысымен бірге Ысқаққа еріп, оның ауылына барыпты.

Ысқақ болыстың үйінде жүрген шешенде Тұсіп қонаққа шақырып, мәжіліс құрып отырғаңда, оның көңілін аулап, Тұсіп былай дейді:

Асқынған дау сөзінен мұкар.
Алмас қылыш жүзінен мұкар,
Кисық ағаш тезінен мұкар.
Кекшіл адам басып жұтар.
Жақыншап шыккан жау жамаи.
Ол шіркін өзінен мұкар.
Жағылмас жақ болмас,
Сүрінбес түк болмас.
Алдыстың дәмі тартса,
Ер жігіттің басында.
Еши ерік болмас.
Арыстанға темір торла.
Шылжырлыш ауырлығы болмас.
Ер жігітке дүниенің.
Ешібір таралғыш болмас.
Ер жігітке бейнет ар емес.
Оны өз басынан еткермеген,
Ер-азамат нар емес.
Жігітке сайран да серуен.
Сергелдец де серуен.
Уа. Арқаңың арыстаны.—
Қозыбай шешен қамықпа.
Жалғызбын дәп тарықпа.
Беделін зор ер едік.
Пайдан тиген халыққа.
Бұл да өз слің гой.
Саларың оң болсын
Дәм-тұзыңды мұлан жасса.
Топырагыңды тұған жеріңен жассы!—

депті. Тұсіптің бұл сезінің мазмұнына түсінген Қозыбай шешен оған риза болып, алғыс айттыпты.

Қозыбай шешен Ысқақ болыстың қолында билік айттып, бір жарым жыл турыпты. Семей уезінің бастығы алты айда бір оны шақыртып алып сөйлесіп, пікірін біледі екен. Үшінші жолы да уез бастығы Қозыбаймен үзак, әңгімелесіп, Ысқақ болысқа оны қайта қайтарады.

Шешен өз күймесімен Семей қаласынан қырық бес шақырымдай жерге барған сәтте күн кешкіріп, қараңғылық үйірле бастайды. Соңда жол үстіндегі бір ауылға тоқтап, үлкен үйдің түсінін барған соң, Шақанды қонуга рұқсат сұрау үшін жұмсайды. Атқосшысы ақ ордага сәлем бере кіріп, қонуга келгендерін үйдің сол жағында отырған жас жігітке айтады. Ұзын қою Қара

мұртының екі жағын екі құлағына орап қойған үй исі шалқа отырып:

— Жоқ болмайды, қонуға рұқсат етпейміш, үйде мейман бар! — депті.

Атқосшы сөз қайырмай шығып кетіп, Қозыбай шешенге үй иесінің айтқанын хабарлапты. Соңда Қозыбай:

— Қонағы бізге мейман болар деп көрші. — дейді. Шақан ақ ордага қайта кіріп шешенің сезіп бұлжытпай айтқанда, үй иесі орнынан үшіп түрегеледі. Бұл сол төңіректің белді адамдарының бірі қаракесек Ақайдың Хасені екен. Ол үйде отырган жігіттерге қарап:

— Уят болды-ау, масқара болым-ау, қапы қалдым-ау. Тобықты Ысқақ болыстың қолында «Арқашың арыстапы» — Қозыбай шешен бар деп еді, осы Қозыбай шешен болмасын. Бұл сөзді Қозыбайден басқа ешкім айтпайды. Жүріндер, жігіттері, сәлем беріп, үйге ертіп әкеп мейман етейік. Батасын алайық. Кешірім сұрайық? — деп үйдегі адамдарды бастап шығып, Қозыбай шешенге сәлем беріп, кешірім сұрайды. Оны күймесінен түсіріп, ордага қолтықтап әкеп енгізеді. Мейманды қол жайып қарсы алады, екі атта бойы Қозыбай шешенің өлтегелі сөздерін, ән-күйлерін тыңдал, Хасен мен оның айналасындағылар тамаша шаттыққа кенеледі.

Жүрттың құлак құрышы қанған соң, Қозыбай ауылына қайтуға рұқсат сұрайды. Бірақ оны өзіне ақылшы етуді көзденген Ақайдың Хасені тарту-таралғысымен Ысқаққа арнайы кісі жіберіп:

— Ысқақ аға үлкен кісі гой, мен жаслын. Қозекең оған біраз уақыт ақылшы болды гой. Енді қалған уақытында Қозекең маган ақылшы болсын? — деп өтініш жасайды. Ысқақ болыс Хасеннің меселіп қайырмай, келісімін береді.

Ақыры Қозыбай шешенге Ысқақ пен Хасен. Абай бастаган топ ояз бастығынан оған кешірім етуді сұрайды. Солардың талап-тілегін Қабылдап, Қозыбайға он екі жылды үш жылға шегереді де, шешенге өз еліне қайтуға рұқсат етеді.

* * *

Ертіс өзінің бойындағы Бесситинің жүргүнша аты шыққан Шалқақ Құсман Қозыбайды үйінс қонаққа шақырады. Шешен еліне қайтар алдында оған қонақ болады. Соңда Құсман қонақ асы бере отырып:

Елінде жақсы көп болса,
Пайдалы ерте тиер.
Содырлы-соктар көп болса,
Еліне пайзасы тиер.
Қоғамшыл кең колтық болсаң,
Әрқашанда қалқың сүйер.
Жақсыға жамандаш тиер кесір.
Өзиңе жамандық қылған пейдегс.
Үшке дейін қастық қылама.
Басыңа қап тауыштадай қатер төңссе де,
Үшке дейін сабыр, шыда.
«Кең болсаң, кем болмайсың»
Деген сез бар.
Әр үакытта жібектей бол есіл.
Іс түссе үштеп артык,
Шыдам қымлай, айбынмен.
Тәртіппіде катты тессіл.
Ішінен жақсысы кетсе, ер жесір.
Басшысы кетсе, ел жесір.
Уа, Қозыбай дегениңде жет!—

Депті.

Құсмайшының бүл сезін құптарап, Қозыбай шешен елінс
қайтуға асығып жүргенде, Түсіптің Әди атты шемересі
қайтыс болады. Оған көніл айту үшін Қозыбай Абай
бастаған топқа ерді. Бұлар келгендес қайғырып жатқан
Түсіп басып көтермейді. Сонда Қозыбай шешен:

Уа, сүңқарыңыз тұғырдан үшты.
Салмагы келіп сізге түсті.
Бәрінен тағдырыңың жазмыны күшті.
Сүңқар үшсө, тұғыры қалады.
Қау шөп күйсө, түбірі қалады.
Ақыры соңғы ұлыңызға қалады.
Ляулы көлдіңіз қаяулы болыпты.
Өткенпің қайырып берсін!—

деп, Түсіпке көніл айтты. Осы оқигадан кейін Қозыбай
шешен Абай төңірегіндегі кісілермен қоштасып еліне
қайтады. Қозыбай 84 жасында Есіл бойында дүниеден
қайтқан.

Қозыбай шешен туралы кейбір деректерді «Билер
сезі» атты (профессор Тұрсынбек Қәкішев құрастырган)
жинақтаған келтірдік. Осы жинақтагы мәліметтерге аздағ
сәйкес келе бермейтін деректердің «Боздағым»
(Қазақтың жоқтау жырлары — 1990 ж) деген кітаптан
кездестірдік. Онда:

«Қозыбай Есенгуұлы («Билер сезінде» Нәүпілұлы
1822 жылы туған. 1914 жылы 92 жасында Есіл бойында
дүниеден қайтқан» делінген) — бұрынғы Петропавл
уезінің Құсмұрын болысындағы уак руының Бүйдалы

аталатын табынаң шыққан азамат. Қозыбайдың өзі де, оның экесі Есенгүл да кезінде қажы сапарына шыққац, жол көріп, ел басқарған белгілі адамдар. 1832 жылы туып, 1912 жылы 12 қазанды Қозыбай қария дүние салғанда сол елдің ыңқақ Сәлібаев деген ақыны осы жоқтауды шығарып айттырган. Соңынан 1913 жылы бұл жоқтауды Қозыбай қажының ұлы Тұмырза Орынбор қаласындағы «Дін һәм мешіт» баспаханасынан жеке кітап етіп бастырады», деп түсініктеме беріледі. Онан соң «Біссімілә сезден бастайын» деп бастайды да:

Шешем болған даңышпан,
Іс істейтін ақылмен.
Билердің болған даңасы,
Құдайқұл бай деп атайды.
Одан соңғы атамыз,
... Он бесінен ай болған.
Шешендігін сұрасац.
Жириңшедей бар еді.
Биіктігін сұрасац.
Аскар таудай нар еді.
Бір қалыптан таңбайтын.
Ішсең мейрін қанбайтын.
Сойлеген сезі бал еді...

деп, Қозыбай шешеннің барлық қадір-қасиетін ұзақ термелейді. Осы екі жинақтары алшақтықтар алдағы уақытта салыстыра қарауды қажет етеді.

САЛАҚ ДАТҚА

Салақ Байшуақұлы 1833-1913 жылдар шамасында өмір сүрген қазақтың айтұлы шешен биі әрі батыры. Ол кісіні ел датқа деп те атап кеткен. Датқа — халық тілегін әділдікпен шешетін ел басшысы деген парсы сезі. Салақ датқа бүршінгі Әулиеата уезінің Талас, Аса өзендерінің бойын жайлаган ауылда туып өскен. Экесі Байшуақ, оның аргы ата-бабалары Бәйдібек, Тасжүрек, Сейіт, Дәнен бәрі өз уақтысында еліл, жерін сыртқы, ішкі жаудан қорғаған батыр, би бол өткен. Байшуақтан тутак Сапақ, Бапақ та, Сапақтың балалары Тойшыбек, Жолшыбек те сол ата-бабалары сияқты екен.

Сапақ би денелі, көрікті, келбетті кісі болғы. Ол аға сұлтан Құнанбай еліне күйеу екен. Құнанбай Сапақты екі рет ас-тойға арнайы шақырган. Бір шақырганда алыс жолдан шөліркеп келген Сапақ, биді Тобықтының

жігіттері жездे деп қалжындал, қымызды жуық арада құймай отырып алыпты.

— Жездеке, сізге қай қымыздан құяйық? Бұл үйде тай қымыз да, құнан қымыз да, дөнен қымыз да бар,— депті. Шыдамы кетіп, шөлдеп отырган Сапак:

— Эй, шырағым, «Бермestін үйінде бесті қымыз бар» демекші, қымызынды құлаштап сапыра бермей, беретін болсаң тезірек құйсайшы!? — депті.

Ел арасында Сапак шешенің тапқыр сөздері көп айттылады. Соның бірі мынадай:

Сапактың бозбала кезі. Шешендігімен ауызға ілігे бастаган жас жігітті сынамақ болып Әулиеатада тұратын ел арасы ыңқақ, деген кісі Қонаққа келгелі Сапакты сыйлевп күтіп, ертеқіне аттандырап алдында:

— Шырағым, Сапак, қазақтың кейір мақалдарына түсінбедім, соны сенен сұрайын деп едім,— дейді.

— Сұраңыз, ыңқеке, шамамың қелгенінше жауап беріп көрейін.

Сұрасам: «Ер—егіз, еңбек—жалқы» дейді, бұл не сөз?

«Қырық, жыл байлық бар, қырық, жыл жарлық бар», — дейді, бұган да түсінбедім.

— ыңқеке, бұның бәрі біздің сұрап, сіздің шешетін нәрсөніз скен,— дейді Сапак.

— Неге, Сапак шырағым, «Асыл — тастан, ақыл — жастан» демей ме?

— Онда жауап беріп көрейін,— деп сөз бастапты Сапак.

— Ер егіз деп айттуға болмайды. Аналан егіз тұтаммен, екеудің екіншіндең қызы аллады. Әйелдері егіз болматан соң олар егіз бола алмайды. Қөргенді жерден қызы алсаң, көзіңе шөп салмаса, езіңнің жогынды білдірмей қонағынды он қабагымен қарсы алып, жылы шыраймен шыгарып салып отырса, егізің эне сол болады. Еңбекті жалқы деген — ол да әйелден. Қөргенсіз жердан қызы алсаң, от басыңың күлін шашып, келген қонағынды ішке тартпай, сыртқа тепсе, қанша көпшіл болып, қанша еңбектенгеніңмен жалғыз қаласың.

Ал, «қырық, жыл байлық бар», «қырық, жыл жарлық бар» дегенинде мәнісі мынау болса керек. Адам қырыққа келгенінде жігер-куаты бойында, сау-саламат ойнап-куліп, қызықшылықпен өмір суреңі. Бірінші байлық — денсаулық деген емес ле? Денсаулықтан артық байлық бар ма? Одан әрі шау тартып, ыңқыл-сыңқылышқа көбейіп, ауырмайтын жерін, сыйза-

майтын сүйегің қалмайды. Сексенге дейінгі қырық жарлықтың жөні осы болар.

— Бәрекелді балам, жөн екен. Бұл сөздердің мәнісін енді туғындық,— деп Ыскәқ ата оған риза болыпты.

* * *

Құлмамбетпен айттыстан соң Майкөт ақыны Сапак, бидің үйінде үш күн жатыпты

— О, биеке,— депті Майкөт,— осы сапар Жетісуды түгел арапал қайттым. Кеудесі түнгін бау-бақша, байлығы асқаң тамаша. Қыздары түгел әнші, шетінен сұлу, жігіттері ақын, күйіші екен. Тәңірі алғыр Құлмамбет елінің байлығына сүйеніді, мен жерімнің байлығына сүйенідім. Соңда Сапак, шешен:

— Кәне, не деп мақтадың? — деп сұрапты. Соңда Майкөт:

— Қаратая менің мекенім.
Миуасын теріп жеп едім.
Алмасы бар аяктай,
Жуасы бар таяктай,
Арқары мен құлжасы,
Жылқыдан шыққаң саяктай.
Доланасы жүректей,
Бұғысы мен маралы,
Бұыршиңдай, үлектей.
Торлан, шакпәк тар кезең,
Аса, Талас екі өзен
Ат бауырынан саз алған.
Балдырганың жегелде,
Баланың көңілі мәз болған.
Жаужымыры құмаңдай.
Сексеуілің жаққаңда.
Кедейдің кеңілі тыңғанда...

Майкөт сол жолы үзак, жырлапты.

Соңда Сапак, би:

— Мәйеке, жердің мақтауын жеткізген екенсің. Бірақ дүниенің бар қызығы байлықтаға емес қой. Бақыт — қолға қонған құс, байлық — қолға үстеган мұз; құс үшады, мұз ериді, дүниенің қызығы сіз берін біз! — деген екен.

Сол жолы Майкөт ақыны мен Сапак, шешен бақ, бақыт, ынтымак, бірлік, байлық, дәулет туралы тыңдаушы жүртүнә на себір ақыл-нақылдарын айттыпты.

Бақ оралса басыңда,
Дос жиылар қосыңда.
Етініңді салысар.

Қырманышыңды алысар,
Тандырыңды жабысар.
Шалғыныңды шабысар,
Малдарыңды багысар.
Қарамай кеткен ағайын,
Қайтшп келіп табысар.
Бақ кеткенде басыциан.
Жоктаң бәле жабысар.
Қампайып түргап көрүшін.
Аш қалғандай қабысар.
Егіппіңді ерт шалар.
Малжапыңды дерт шалар.

* * *

Батыр сөйлей қалса,
Жауға салғап ойрапын айттар.
Ақыл сөйлей қалса.
Қызық думап тойдагышы айттар.
Қомағай сөйлей қалса,
Ішіп-жеп тойғашын айттар.
Саудатер сөйлей қалса,
Кездеме қызыл байрагын айттар.
Шаштараң сөйлей қалса.
Үстарасы мен қайрагын айттар.
Ақылдың сөйлей қалса,
Асым сөздің қаймакын айттар.
Ақынак сөйлей қалса,
Ақылға қонбайтып қайдагышы айттар.

* * *

Бота ойнақтаса.
Молшылық болар.
Тайлак ойнақтаса,
Тоқшылық болар.
Кәрі түйе ойнақтаса.
Жоқшылық болар.

* * *

Ең тәтті де — тіл.
Ең ащи да — тіл.
Ең жұмсақ та — тіл.
Ең кәттү да — тіл.
Қызыл тілден —
Қал да тамады.
Бал да тамады.

* * *

Бір туысы келген құда-жекжеттарына бура сойып сый-
лапты. Солы көрген Сапак датқа:

Жатқан жері даладай,
Екі өркеші баладай,
Азу тісі маладай,
Жабуы бар жамшыдай,
Құйрығы бар қамшыдай,
Бура сойған не сүмдәк?—

Деп термелеген екен дейді ел.

* * *

Шешенің бір жақын кейуанасы:

— Келінім өзі шайлау, жалқау болды. Сәске түске дейін жатып алады. Біз айтсақ тыңдамайды, жайыңа отыр дейді, не қылсам екен?— депті.

Сапақ бұл сөзді тыңдап отырады да:

— Келініңді шақыр,— дейді. Келіні келеді.

— Келін шыратым,— дейді Сапақ,— осы журт «Таңмен таласа тұрганның талай ісі бітеді. Тал түске дейін жатқанның талай ісі кетеді» дейді. Осының мәнісі қалай, соны айтыш?

— Түсіндім, би қайнага есте болсын,— деп кетеді.

Арада күндер өтеді. Бір күн Сапақ таң алакеуім шақта тұрып дәрет алып жүріп, ауыл сыртында біреуді көрсі. Анықтап қараса, энеукүнгі келіні екен. Ол таң атпай тұрып, сыйырын сауыпты да, оны падаға қосып, қайтарында дәү қап тезек арқалап келе жатады. Келін жақында бере, арқалаган тезегін жерге қоя салып, Сапақ, биге ийліп сәлем қылады, Сапақ:

— Көп жаса, шырагым, үл тап! «Ерте тұрган келіннің екі жұмысы бітер» деген міне осы,— депті.

* * *

Сапақ шешен бір жолы Бұхар шаһарына барыпты. Шайханага кіріп шай ішіп отырса, оны танитын қазақ, өзбектер түс-түсшінан әртүрлі әңгімеге салыпты.

— Төле би кімнің би болған?

— Өзіміздің би!— депті бір қазақ.

— Жок, біздің би!— депті бір өзбек.

Сонда Сапақ шешен:

— Бір биді неге бөле-жарасылдар. Аруагыңшаш айналайын Төкең ол кезде бәріңде де жеткен жок па еді?

Төле би де өзіміз,

Тебе би де өзіміз.

Төте би де өзіміз.
Қисық болса істің —
Күрұлы тұрган тезің —

деп сөз соңын осылай түйіндепті.

* * *

Сол шайханада отыргаңдардың ішінде Бұхар ханының сарай ақыны әрі молдасы Бажбан да болыпты. Ал, Сапақ шешен болса, сөзгес дес бермей өткен-кеткенпен әңгімелі үдсте берген. Өзіне сөз кезегі тиे қоймаган Бажбан молда:

— Өзің бір желдей саулап тұрган жаң екенсің. Осы сөздің бір пұлдық пайдасы бар ма? — депті. Сапақ:

— Бар, — депті, — мен айтсам халықтың қамын жеп айтамын. Шешімей жатқоға дауып шешіп беремін. Оғар халқым риза. Мұлдай сөздің бәрі пұлдан қымбат. Алтыннан қымбат сөзге ақымақ қана құлақ салмайды.

Ал сен болсан, шаригат былай деп күнәкәр сөзін айтасың. Барғаң жеріндегі айлагап жатасың. Жүрттың бермесінс қоймайсың. Қанша алсан да тоймайсың. Салақ осылайша термелей бергеңде молда шешеңнің сөзіне шыдай алмай, шайханадан шыға қашыпты.

* * *

Ел арасындағы естелік әңгімелерге қарғанда Сапақ би өз атырабына беделі ақсаң абыройлы, атақты, ақылгей би болғанга үқсайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітепхана қорында сакталған бір естеліктө Әулие ата, Ташкент, Бұхар шаһарларын билеуші хандар, бектер, билерге ол тікелей барып көпшілік өтінішін, мұн-мұқтаждың тыңдырып беретін қамқор да, батыл, ақылды да алғыр би болыпты.

Бай, мырзалар айтады екен: «Біз хан ордасына жақындағанда, ат-көлігімізді тастап жаяу барсак, Сапақ би атымен барады. Біз ханға сый-сияпат беріп қайтсак, Сапақ, ханнаң алып қайтады» дер екен.

Сапақ датқа өнерпаз, әнші, күйшілермен де жиі кездесіп, сұхбаттасып, оларға да әрдайым қамқорлық жасайды екен. Зерттеуші сазгер Илья Жақанов өзінің Ықылас қобызышыға арнаған кітабында былай жазыпты:

... Ауыл шетінде түтіні түтініне жалғасып іргелес Конғаң Алдаш байдың үйіне біраздан бері сыралғы

көңілдесі сонау Талас бойындағы төрт ата Ошақтының мырзасы Сапақ келді. Арапарында алыс-берісі бар екі бай екі-үш күн өзді-өзі шүйіркелесті, ауыл ақсақалдарына тек Қазы шешенді гана шақырып, онда дабыр жасамай томага түйік, тып-тыпыш мәслихат құрды. Бұл елдің иті жақсысы, тәуірлері Әулиеатага сапар шексе, жолшыбай осы Сапақтың аулыла соқпай кетпейді. Бұл сондай Сапақ! Әңгімелікен сан-сала боп өрбігепде адам парқын аңдағыш Қазы шешен Сапақтың сергек ойлы, ақылды, кең алымды, өрелі жігіт екенін таптыды. Орныкты, тоқтамды сезіне илапды. Сапақ датқа әлсін-әлсін добыра шертіп отырды. Тәттімбетті. Тоқаның шертпелерін біледі еken. Өзі кісі сезін бағып сөйлейтіп ізетті де. Сонына ерткен жігіттері де әрнені ауық-ауық емін-еркін сөйлесіп кетіп жатты. Осының бәрін Қазы шешен іштей бағып, оған жылы пейіл білдіріп отырды.

Тағы бір желсіз мұлгіген қоңыр кеш еді.

Бұлар үйдің көлеңкесінде ақ сырмак, шәйі көрпенің үстінде ақ мамық жастықты шынтақтап, қымыз ішіп әрқыл әңгіменің басын қайырды. Сапақ бір орайлы сэтте.

— Алдеке, көңілімнің алаңы бар. Иә-иә, алаңы емес, қалауы бар.— деді.

Алдаш сәл дағдарып:

— Айтыңыз,— деп біртүрлі оқыс қылап стіл.

— Біздің ел Алтынбектің қобызын о бастаң біледі. Дүкенің өнеріне де тәнті. Иә, Алтынбектің алқасы, сырғасы, білеzігі біздің елге сондай таңсық. Ол өзінше бір әңгіме.

Алдаш басын изеп, сөз ақырын күтті. Қазы шешен де Сапақтың мінезіне ойланған қойды.

— Былтыр қыс бойы Талас елі бұл әулеттің тағы бір перзенті Ықылас деген қобызының балатының құлағының шулатумен болды. Мыншыны қараңыз, сол Қаршадай ықыластың атың ырымғып Ошақты. Дудат елінің жаңа туған пәрестелеріне қоя бастапты. Таласты, Шуды жағалап бір жүрізіші сол ауылдарға түсіп, сонда өз сезімнің растьығыла қөзіңіз жетеді. Және қобызға әүес балалар көп-ақ. Мүшінде деуге болады, Алдеке? Қазеке? Сол ықыластың бір көрсем бе деп едім.

Сапақтың сабырлы, үлің үліней қыла тілек еткенідігі сезілді. Алдаш ыңғайсыздай қипақтады. Сезге Қазы шешен араласты.

— Жөн, жөн. Сапақжан, шын көзіліңшің түйткілің айттың. Бір сөзің қате емес. Эркіннің жашатын өз жұлдызы бар. Сен Ықыластың жұлдызына қызығады скенсің. Кісілігіңнің бір қадірлі жері осы. Рақмет. Сапақжан!

— Ал, Алдеке, Сапақжанның көніл қалауыннан табыңыз. Ықыласты алдырыңыз! — деп Қазы шешен Алдашты билей сөйлемеді.

— Бұл Ықылас деген ішіңіз болады ма?! Жақсы.. жақсы. Қергеніме қуашытымын,— деп Сапақ жылы лебіз білдірді.— Амал не, көзіліңшің бір жүдеп жүргег түсіна тап келдім. Келгелі бері естіп, біліп жатырмын айналайып. Жоқшылық жомарт ердің қолын кеседі. Менде сол жоқшылықты қөргім келмей бірді-екі; скіпі-тәрт қылып дегендей әлектенүмен жүрміш, айналайып. Біздің тірліктең мураты сол болып барады.

Соңғы сөзге Алдаштың жүргегі елжіреді.

Қазы шешенің бар деңі ықыласта сіді.

— Сапақжан, қөргің келгел ықыласжан осы,— деңін бол бір сөз ишін келгенде.

— Ой, құдай-ай, біздің сөз тек маддаи, базардағы қайрылатын әдеті,— деп Алдаш кеңкілдеп кеп күлді.

— Былтыр қыста еш ретін таппадым. Сапарда болдым, ықыласжан, сенің қобызыңды тыңдаған ел аузынан тастанмайды.

Ықылас Сапақтың өзіне деген ашық қабагын көрді. Жүзі жылды.

— Қорқыттаи, — деп қалды Алдаш.

— «Қорқыт сарыны» деп қобызыш біткеннің бәрі тартады. Талайын тыңдағым, Сапақжан. Сол сарының бәрі-бәрі өзгеше-өзгеше сарын. Қорқыттаи ұлы атасы Алтынбек қозгайды. Өз әкесі Дүкенің Қорқыты бөлекше күй. Соның бәрі ғұл ықыластың құлагына бесіктен жатқаннан шалыпды. Бүтінде ықыластың «Қорқыты» бар,— деді Қазы шешен ойлаш жүзбегін орагыта толғап.

Айла түліде «Аққұн» күйі де шалықтады.

— Міне,— ғұл — ықыластың өз «Аққұны».

Сапақ пеп Алдаш Қазы шешенің сөзін тек қостай берді.

— ықыласта тағы бір күй бар. Ол атасы да, әкесі де тартқапт күй емес. Ол — өз күні «Қасқыр» деп аталады.

— «Қасқыр!»— деп таңырқай қарады Сапақ Қазы шешенің.

Қазы шешен:

— Иә,— деді.

Ықылас томсырайып отырды-отырды да, саусағын жогарғы сағаға тигізе беріп, төмен қарай қыл ішекті езे сырып сол бойдан тиекке дейін жетті. Сәл кідіре ұлытып, кері сырғыды, одан іле тағы да құлдилай бастады. Қобыз ұлыды. Ықылас сазара түсті. Апыр-ау, бұл не? Ұлығал боран ба, қасқыр ма? Қыл ішек қоңырлап ұлыды. Ықыластың денесі құс еттеніп, ол өршелене тартты ысқышты. Бір кезде иттер абалап, өкіріп сиырлар ұшып турегелді. Жылқылар кісінесіп, бар маңайы қым-қуыт шу, азан-қазан бол дүрлікті.

— Кет! не бол кетті мына пәлелерге? Кет!

Екі-үш жігіт иттерді қуалады.

Ал қобыз қасқыр болып ұлыды. Үй тынғанда иттердің де үні өшті. Жас тайдың еті желінді. Тағы да қымыз келді. Ай да биқтеді. Ел жата қонақтар орындарынан тұрды. Қазы шешен мег Алдаш әлденені құбірлесіп жеке қалды. Салақ Ықыласты ертіп, жүре сөйлесіп, бой сергітіп, ауылдан аулагырақ шықты.

Ықылас Сапақтың өзінен жеті-сегіз жас үлкен екенін билетін-ді. Оның байлығын, берендейдің, рақымдылығын сирттай естітін. Кейде өз әкесі мақтап отыратын. Біреулер: «Бар болсан, сен де мырзасың», — дейтін. Соңда әкесі: «Жо-ок, бұл Сапақтың бітімі бөлек. Парықсыз сасыған бай емес ол. Онда мәрттік, кісілік, зерде бар. Өзі домбыра тартады», — деп қорғаштайтын. Міне, бұл — сол Сапақ! (Илья Жақанов, «Ықылас», 51-55-6.6. «Өнер» баспасы, 1990 ж.)

ЖЕТЕС БИ

Кезіндеге қара қылды қақ жара әділ билік айтып, ел намысын қорғаган, «кімсіл, Жетес би» атаған жақайым Жетес би әуелі өзін ел-жүртқа тапыстырырда:

Аргы атам ұлы Шекті, Жібек әлам,
Сонан соң Тілеу, Қабак, ол да бабам.
Бергі атам қойлағы Дақең. Жетес бимін
Мекенім — Арад, Шалқар, құмды далам...

дел термелеп алады скен. Атағы бүткіл слғс жайылып кеткен, қызы біткеннің сұлуу Қызы Жібектей арудың атын есіткен жүрг «ә, Шекті слінен шықкан атакты Қызы Жібектің үрлғы скенсіз гой» деп, Жетесс биге айрықша құрмет көрсетіпти.

Жетес би Мыңбайұлы 1835 жылы қазіргі Қызылорда облысы, Арас ауданы, Райым фортына жақын ауылда туып, 1907 жылы 72-ге қараган жасында дүниe салған. Жетес бидің шыққан ата-тегі туралы жоғарыда өзі айта беретін бір шумақ өлеңді толықтыра айтсақ, былай болып шығады: Кіші жұз Бекарыс — Ордаш — Мәңке — Шашар — Тұллар — Тоқпан — Алау — Алшын — Құдияр — Қайыrbай, Қайыrbайдан Байсары, Әлім, Шемен. Әлімнен Байсары (Кете), Айқын, Уланак, Жаманақ (Шекті), Тайқожа, Тегенболат, Қараманақ, аталары шығады. Жаманақтан — Шыңғыс, Өріс, Баубек, Мәкү. Мәкуден — Айт, Бұжыр, Назар, Жәкей — Шүрек, Айттан — Тілеу, Қабак, Тілеуден — Әлдеберді, Есіркеміс, Мәңке, Әтембек, Жақсымбет. Әлдебердідең — Жалтума, Құлтұма. Жалтумадан — Тәңірбергел, Қозыбай. Қозыбайдан — Қырманадай. Бейіс, Сүйіндік, Сәдібек. Сәдібектен — Жондыбай, Қуат, Қуаныш, Дәкенең — Жұзбай, Мыңбай. Мыңбайдан — Таңқай, Таубай, Назарбай, Жұндібай, Жапаш... (үш баласының аты белгісіз) одан соң Жетес екен. Демек, Жетес би Мыңбайдың тоғызыншы ұлы — ең кеңжесі, болғанын аңгарамыз.

Жетестен Сұлтаймен, одан Тураш, Сәнтай, Аскар, Абылай, Болат, Марат және үш қызы туған. Бізге осы шежір-деректі жіберіп отырған Жетес бидің немересі — Сәнтай Жетесов. Бүгіндегі техникағының докторы, Қарағанды политехникалық институтында істейді.

Жетес бидің гұмырнамасы жөнінде дәйекті деректеме жеткіліксіздеу. Архивта, жаэба әдебиеттерде кездесе бермейді. Тек қана қазақ билері жөніндегі ел аузында кездесетін азыздарда есімімен бірге бірge тапқыр сөздері айтылады.

Жетестің шешендік атагы ең алдымен сыр Шектісі, Қыр Шектісі деп аталатын елдер арасында мәлім бола бастаған. Орта жасқа келгенде оның билік даңқы бір жағы Орынбор, бір жағы Қарақалпақ халқы арасына жайылады. Әділ төреліті, шешендік алғырлығы үшін ел жүрт оны құрметтеп, арнағы ат жіберіп алдырағай.

* * *

Жетес би бір даумен Шектінің Назар, Жексей, Тілеу, Қабак еліне барыпты. Ол елдің Нияз деген би етженді, семіз болса керек, Ал, Жетес шағын денелі, арық кісі екен. Сөздің бір кезеңінде Нияз Жетеске:

— Да, Жетесжан, дауылпаз деген құс болады, дауысы жер жарады. Жанына барсаң қауқары үлтаратқтай көп болады дегендей, Жетес атың жер жарады, мына түрпатаң жұдырықтай гой, бұл қалай? — деп кекеткен болады.

Сонда Жетес оның сөзін бөліп:

— Да, Ниязеке, оныңыз рас. Ерназар мен Бекетті Сібірге айдатқалы арлы Шекті — арық болды да, арсыз Шекті — семіз болды гой,— депті. Жетестің отысы 1855-58 жылдары Кіші жұз қазақтарының Ресей патшалығының отаршылдық саясатына қарсы шаруалар көтерілісін басқарған Бекет Серкебайұлы, Ерназар Қаржаулы сияқты батырларды Нияз би ауылдарының жігіттері үстап беріп, жер аудартқанын түспалдан айтқапы екен. Сол Бекет пен Ерназардың артына Жетес би қуып барады. Орынбор генерал-губернаторына ол тайсалмай кіріп барып өтіпшін білдіреді.

— Мен патша ағзамға бұл арызының жеткізейін.— дейді.— Сен еліңде қайта бар. Ел дүрлікпесін. Сенің елге беделің бар, тыңдайды гой. Оларды тыныштандыр. Сәттің салса, көп кешікпей-ақ ол адамдарың еліне қайтып оралар.

Генерал осылай уәде береді. Жетес елге қайтып барады. Қаһарға мінген патша ол өтінішті тыңдасып ба, Бекет пен Ерназардың жылдан сottатып, Сібірге айда-тып жібереді.

* * *

Кезіндегі Жетес би Украина халқының ұлы кобзары Тарас Шевченкомен де кездесіп, сырлас, мұндаас болған тәрізді. Қазақ даласына жер аударылған Тарас Жетестің аулы Райым фортында біраз уақыт болған гой. Екеуді осы тұста кездессе керек.

Олай дейтіл себебіміз: Жетес би кей-кейде, реті келгей жерде, сөз арасында Тарас өлеңдеріне мәндес өлең тізбектерін айтып отыратын көрінеді. Бұған бір дәлел, ол етде тартқан кезіндегі кейінгі жастарға ақыл-шакыл, өснег сөздерді көбірек айтқаң. Соның бірі:

Үйшқатап өтсек өміріңде,
Үйкүң ешбір қағбаса.
Өлгеппің ие, тірлігің ие,
Артыңда ісіл қалмаса? —

деген сөз. Кейін байқасақ, бұл шумақ Тарас Шевченконың өлеіді екен. Құлаққа сізіп, көзілгсә жатталып қалған шакыл шумақты вә сөзіндей қылышп айтғып жүрген.

* * *

Қыр еліндегі Төртқара ағайындары бір жылы ушыққан даудың төркінін шешіп берсін деп Жетес биді ат жібертіп алдырады. Сол жолы ол Төртқаралың Асылбай деген ауқатты адамының үйіне түсіпті. Жетестің қасында өзіне хатшы қызып ертіп жүрген молда баласы бар екен. Ол Қазандарғы медресені бітіргең, өзі көп сөйлемейтін момақан ғана болса керек.

Дастарқан үстінде Асылбай сөзден сөз шыгарып отырып:

— Жетеке, депті,— мына қасыңа ертіп жүргенің бала екен, өзі шаригатқа шала екен. Жаныңа ерткен соң жүйрік молдалардан ертпелдің бе?

Сонда Жетес ойланбастан:

— Ей, Есеке-ай, ағаштың емені жақсы, молданың өзінен тәмениң жақсы, немесе, молданың жамалы жақсы, халқышыңың аманы жақсы. Солай емес пе ағайын? — деп төңіректеп отырганыңа қаралты. Қөшшілік не десін, Жетестің табанда сөз тапқанына ырзалағын білдіріпти.

* * *

Тілеу, Қабак елінде билік құрып жүргендеге бір үйде қонақ болып отырган Жетестең ақсақалды қария кісі:

— Жетесжан, өмірінде сөзден женіліп көрдің бе? — деп суралты. Сонда Жетес би:

— Сүрінбейтін ат, сөзден женілмейтін адам болмайды. Пенде болған соң, кім болса да жаңылады. Мен өз басым, кейбіреулерге үқсап жүйрік едім, алдымға жан салмадым, шешен едім, ешкімнен жеңілмедім деп, мақтана алмайдын. Расын айтсам, өмірімде екі сөзден жеңілдім. Бірінде —

— Қадиша қыздан, екіншінде — Есет батырдан.

— Қадишамен айтыса-айтыса келіп, «қыздың жолы жіңішке, абыла биеке!» деген соң, рас екен-ау, жолдарың жіңішке, бәріміз де андан тұғанбыз, әйел затын сыйлау — бізге парыз, — деп, оған жолымды бердім.

Батыр болмаса, елінді жауден кім қоргайды, сенің сөзге дес бермей, шешенсіп отырганың біз сияқты батырлардың арқасы емес пе? дегенде мен Есет ағаның алдында басымды иіл, «мен жеңілдім» деп сөз кезегін бердім.

Бір биліктің кесімін сол кісі айтты, деп Жетес би сөзін алқтады.

* * *

— Жетес бабамыздың елден ерекшे бір қызық әдепті болышты,— деп жазады оның шөбересі Айтбазар Жанәліұлы («Парасат», № 4, 1991 ж.). Қоржынынан үнемі ет салатын тери шанаши мен жол дастарқаны қалмайды екен. Қонақасы беріп, өзін сыйлаған үйдің берекелі мол дастарқанын артылған бауырсақ, наң, жақана ет, өрік, мейізді әлгі шанашина салып алды, жолда кездескен жолаушыны тамақтандырып сыйлаш жібереді екен.

Бір жолға оған баласын арқалаған әйел кездеседі...
Жетес:

— Кім боласың, қайдан келесің? — дейді.

Әлгі әйел:

— Шөмекей елінің келіні едім, күйеуім өліп, жесір қалған соң, төркінімді іздел барамын.— дейді.

Үйстық, ақызақ, күнде өзі шөліркеп, ашығып келе жатқан әйелді тоқтатады, өзі және қасындағы екі жол серіктегі аттарынан түседі. Жетес би ат үстіндегі қоржының түсіріп, дастарқаның жол шетіне жаяды. Бауырсақ, жақана ет, өрік мейізді төгеді.

— Ал, қалқам, өзің де, балан да ашығып келе жатқан шығарсың, үлмандар,— дейді. Ашығып өзегі талып келе жатқан әлгі әйел, бала өзегін жалғап, тойынып қалады. Жетес би:

— Жесіріне ие болмайтын не қылған ел еді?!— деп, әйелден бар болған жайды сурап алады.

— Қайын, қайнагаларың кім деген еді?

Ауылыңың ақсақалы кім болады? Мен Жетес деген Шекті елінің биімін. Бара жатқаш дау-шарымызды шешіп, бітіргең соң, әдайілеп Шөмекей еліне соғамын. Олар артынан іздел баратын болады. Соңда еншінді, ақынды алды беремін. Эзірше, «жолақысы жүрсе бітеді» деген, төркін жұртыңда жетіп, аунап-кушап жата бер...

Жетес би әлгі балалы әйелге жолазық беріп, ақылыш айтып, жөн сілтеп жіберілті дейді ел.

* * *

Көпшілік бас қосқан бір үлкен жиында Жетес шешіннің тапқырлығын сынамақ болған бір беделді ақсақал:

— Адамның, жердің, сөздің, пікірдің сәні неде?— деген сауал қойыпты. Соңда Жетес би:

Адамның сәні — өнер, білім, ақылы,
Жердің сәні — жеміс, өнім, дақылы,
Сөздің сәні — өнсегелі нақылы,
Пікірдің сәні — ойланыптар макұлы,—

деп жауап берген екен.

* * *

Шекті Дәрменқұл Жетестен оғы бес жастай үлкен екен. Болыстыққа бірде Жетес, бірде Дәрменқұл сайланып, ағайын адамдар аға-іні болып, ел басқару жұмысын кезек жүргізіп жүреді. Дәрменқұлдаң гөрі Жетестің әділ билігі, халыққа қамқорлығы арта түседі. Соңдықтан да ел көбінесе Жетестің төңірегіне үйиса береді.

Бірде Дәрменқұл болыстыққа сайланады. Жетес те онымен таласа қоймайды. Жетес ағасына сәлем беріп, болыс бол сайланғашпа құтты болсын айтуга бармак болып, қасына Қопардың Баймаганбетін ертілті. Баймаганбет сөзге шебер, әңгімелі төкпе ақыл екен. Жетес жолға шыгарда Баймаганбетке:

— Дәрменқұл ағага сәлем беріп, болыстығына құтты болсын айтып қайтайық. Бірақ оның атқосшы хатшы жігіті Сарбала деген бар. Өзі үрыншак, төңтек мінезді, сөзді тауып айтатын ку. Сен одан сақтанарсын,— деді.

Екеуі Дәрменқұл аулына барыпты. Жетесті болыстың өзі бастап, бүкіл ауыл болып, алдынан шығып карсы алыпты. Айтқаңдай-ақ, олардың атын байлаپ жүрген Сарбала:

— Ей, Баймаганбет, сен Жетекене құтсыз қоңсы болдың. Болыстыққа өтпей қалды. Мені қарашы, құтты қоңсы әрі тойши болдым. Дәрменқұлға болыстықты алдырыдым, ішінді өрттей жандырдым, есіңдең сені таңдырдым,— дейді. Соңда Баймаганбет саспалты, оған табан астында байлай деді:

Жетекем — бір наң бедсу, ақбас ерлі.
Топ келді талай елден алтын зерлі.
Келе жатқан жеті атадан текті түкым.
Дәкеңді ардағаған қалқым еді.
Таласқан болыстыққа айыш емес,
Екеуі үстасып ед, бірі женді.
Бір ағам болыс боды, бірі қалды,
Сен несінен бол түрсін арам терлі?—

деді. Мұны есіткен Дәрменқұл:

— Ей, Сарбала, сенікі осы не сез? — одаң да, Жетекең бастап келген қонақты үгіе бастап кіргіз, өз қызметтіңді біл! — деп Сарбаланың жеілгенің мойындағатқан екен.

* * *

— Жетес бабамыздың,— деп бастады Жетестің жүрагаты Алдоңғар, бір көріпкел, сәуегейлігін ауыл Қариялары былай ақыздайтын.

Бір отырыста Жетес бидеп «Кімнің ажалы кімнен, недең?» — деп сұрапты. Соңда Жетес би:

— Басқаларыңды қайдам, осында отырған үш болыс таяққа жығылып қайтыс болады,— деспі.

— Астапыралла! — деп жағасын үстапты бір ақсақал.

— Олар кімдер екең?

Соңда Жетес баба жаш-жағына қарап тұрып:

— Бірсөi мышпа отырған Төртқара болысы. Екіншісі мышпа Шолан болыс немесе оның ағасы Есенамат.

Үшіншісі — мышпа мемің қасымда отырған Шамашың Мырзагұлы,— деспі.

Қымызға қызара бертіп алған иті жақсылар «ой, Жетекең айта береді» деп оған ошша мән бермей тарап кетеді.

Арада біраз жылдар өтеді.

Қызы-келіншектерге кебірек қырылдап, түп қатып, үйді-үйдің босағасын сығалап жүрем десп, Төртқара болысы қызғашынтың кесірінен таяққа жығылып, дүниеден қайтады. Бұл — бір.

Екі са арасындағы төбелесте Шолан болыс пен оның ағасы Есенамал сойылаға жығылып, Шолан ауыр жаракаттапын аман қалады да, Есенаман өліп кетеді. Оқиға былай болады:

Кіші жұз Алатор сәлілде сол атырапқа әншілік, салдық, батырлық атағы жайылдыр кеткен Батактың Сарысы деген сері жігіт болады.

Баласы мен Батактың, атым — Сары.

Дейтінни «сары, сары» жүрттап, бәрі.

Мырзагұл шырақ алмып түсти соңға.

Оның да мендей болсам балалары,—

Дейтін әні слесін-слесі тараң кеткен сол Сары салға бұрын-наң өшігіп жүрген Шолан мен Мырзагұл «Есенаманың өлімі Сарыдан болды» деп жала жауып, солдат шақыртып, ыргыз түрмесінен жалттырады. Расында, Есенаманың ажали Сарыдан емес еді. Бұл — өз алдына болек әңгіме.

Жетес бидің «Шолаң болыс, не отың ағасы Есеманап сойылдан жығылады», — деп болжауышың мәнісі осы. Бұл — екі.

Енді, үшіншісі, Мырзагұл болысқа келейік: Шымашың Мырзагұлы 18 жасынан Қызай еліне болыс бол сайланады. Ол ақкеңіл, кеңпейіл, дастарқаңды екен. Еліне жағып, үзақ жыл болыс болып тұрады.

Бір ақсақал қартайып қалған Жетес биге:

— Жетеке, сіздің алғашқы екі болжамыңыз келді, ал Мырзагұлға келгендеге жаңылдыңыз гой,— депті. Соңда Жетес би:— Жоқ, мен жаңылмасам керек. «Дастарқаш киесі» деген болады. Мырзагұлдың пейілі кең, дастарқашы мол. Тапыса да, тапымаса да, әрі өткен, бері өткенде үйіне түсіріп, ас-су беріп, сыйласп жібереді. Оны осы кең пейілі, дастарқаш киесі сақтап жүр. Дәм-тұзы таусылғанда ол да жөпейді. Бұл жалғанда мәңгілік өмір жоқ. Бәрі өткінші дүниес гой.— депті.

Жетес би айтқаңда, Мырзагұл да ушыққан бір дау үстінде соққыға жығылып, түрмеге түсіп, содан қайтыс болп кетеді.

* * *

Жетес бидің жасы сексен екіге толып, көзден қалып отырған шағы екен. Бір үлкен жиынға Жетесті де әдьрыпты. Сол жиынға Төрт қарға слінен Жагал деген беделді кісі де қатысыпты. Жагал заманына лайықты білкті адам екен. (1959 жылы Арас қаласында қайтыс болды).

Бір сөздің орайы келіп Жагал қасында отырған Жетес биге мышадай сұрақ қойыпты:

— Жетеке, сексеншің скісіне келдіңіз. Сексен жасыныңдаңың әр ол жылын бір белеске қойғанда, сегіз белестен ақсақ екенсіз. Осы белестердің шеге теңдер едіңіз?

Соңда Жетес қария ойланып отырып:

— Шырагым, Жагалжан, мен ол жасымда ойнадым, асық, аттым, топай тарттым, ойының қызығына тоймадым, әр норсеңі ойладым. Қыз-келішекке қырынадым, өз бетімше үршібадым. Барымда бойға киіндім, сұлу қызға шүйілдім. Отызға келдім, жігіттің нағыз нар болатын кезі екен. Қапша жүк арқаласамда көтердім, дос-жараштың назын ескердім. Тағы бір қызыл түлкі болдым, қыранға бүркітке алдырмадым, құмай тазыға шалдырмадым, үлкенде сыйладым, кішіні

Қимадым, сөз маржанын жинадым. Қырыққа келдім, ақ алмастай жарқылдадым, аргымақтай аңқылдадым, ақ иық қырандай шанқылдадым, аққан дариядай сарқылмадым, алдынан шешүсіз дау етпеді, сөз кезегі келгенде маған адам жетпеді. Елуте келдім, елу де-генің де бір тәбе екен, басына шықтым, жан-жагыма қарадым, сөйтсем, әлті тәбем қарға адым жер екен, алды-артыма көз салдым, бірақ қай жагы алыс, қай жагы жақын біле алмадым. Тәуекел деп тағы алға өрледім. Алпысқа келдім, алты тарау жолға түстім, сонда да әдаспадым, алжаспадым. Жетліске келдім, жеңілгенімді білдім, билікті балага бердім, айтқанына көндім, айдауына жүрдім, қатар-құрбым азайды, көре алмаймын маңайды, аяққа тұсау түсті, еркін жүре алмаймын, тіле бұтау түсті, еркін сөйлеп, күле ал-маймын.

Енді, міне, сексенге келдім, келін мен бала басым болды, атала асым болды, кемпір қасым болды, екі көзден қалдым, көзден қалған соң сөзден қалдым, жан-жагыма қарамаймын, күнімді санамаймын, алдым — терең құз, артым — биік жар, сол жагым — су, он жагым — шу екен. Е, е, Жагалжан, сінді менің қанша өмір сүрстінімді бір жаратушы Алла тағала өзі біледі.

* * *

Жетес бидің ел арасында айтылып жүрген нақыл шумақтарынан:

Ақшл айтқан кісігө аларымыз,
Сондақтаң сиректеді-ау ез арамыз.
Сөзіңң токтамы жоқ, устамы жоқ
Ағайши бұл мінезден не оңамыз?!

* * *

Әр сөзіңниң түжірлеме ақшл менен сөзімде,
Әр існіңниң түжірлеме орындалған кезінде.
Сондақтаң да көп замандағы ез сөзіңде берік бол,
Соган қарал әр азамат шама қояр өзіне.

* * *

Адамға мал біткептің бәрі көрік,
Малың болса жүрерсің болып берік.

Іздемей-ак табылар күлшелігे
Баруға о дүниеге болып серік.

Бабасының бұл нақыл шумақтарын бізге жазып жіберген — оның немересі, жоғарыда есімі аталған Сәнтай Жетесов.

БЕГЕШ ШЕШЕН

Бегеш шешен 1845 жылы туған. 80-нен асқан жа-
сында қайтыс болған дейді бір деректе. Бегеш керейдің Абақ атасынан шыққан.

Абай үйінде Тобықты елінең бір топ іті жақсылары
бас қосып, дастарқан басында мәжіліс құрып отырады.
Ауыл маңынан біреулер мал айдал бара жатыр, деген
хабар естіледі.

- Кімдер еке? Білілдерші? — дейді Абай.
- Бөгештер гой,— дейді біреуі.
- Э-э, олай болса шақыр! — деген Абай.

Отыргаңдардың біразы жадырай дұылдасып:

— Керейдің ары өткен, бері өткен біреулерін шақырып
алып, төрдегілерімізді төменге, одан кейінгілерімізді бо-
сағаға дейін ығыстырасың. Абай, осының жөн бе? Бегеш
сонша кім еді? — десіп даурышып, өздерінің жуандық
ірлігін көрсеткісі келеді.

— Сендер қазір Бегеш кіріп келгенде орындарынан
бірің де тапжылмаңдар. Төрге шығармағандарынды мен
керейін. Оның кім екенін сонда білсіңдер — депті Абай.

— Ассалаумагалейкүм! — деп Бегеш табалдырықтан
он аяқпен аттай бергенде Абай алға қарай көтере сілтеген
он қолының алақанымен тоқта деген ишарат білдіріп,
Бегешті тоқтатады.

— Мыналар кү деген қандай болады деп таласып
отыр. Сен айтшы мұның жауабын,— дейді Абай.

— Құ сенсің,— депті Бегеш алғыр, жылдам шаш-
шандығына басып.

— Мен қу емес, сен қу,— дейді Абай. Ел-елді аралап
келіп, не түрлі жақсы-жайсан жүйрік шешендердің аузы-
наң шыққан сөзді естіп, үгіп аласың да, менің сөзім
деп ел-жүртқа жаясың.

Сонда дастарқанды айпала алқақотан отырган адам-
дардың сыртын орай додаша иілген аласа кітап сөрелеріне
кезі түскелі Бегеш.

— Абай, сен анау сөрелердегі араб, парсы, шағатай, орыс, орман дейсің бе неше түрлі жүрттардың әйгілі гұлама-ғалым оқымыстың кісілерінің сөздерін оқып аласың да, тоның айналдырып әкеп, менің сөзім еді дейсің. Мен болсам, бір қазактың ішінғанна аралап, ауыздаң шыққан асылды теріп, ел кәдесіне асырамыш. Сөзді әр елдең жинап-терген сен, менен де өткен қу болдыңғой.— депті.

Сол екі арада үйде отыргандардың барлығы орында-рынан тұрып, Бегешті қол берісіп қошаметтеп, оны төрге шығарады.

— Құр босқа таласасындар. Сендер Бегеш бола ал-майсындар. Бегеш болам десеңдер, жүр көне, сыртқа шығайық.— дейді Абай. Бәрі де Қотарыла көтсріліп сыртқа шыққаннан кейін Абай:

— Мына есіл тұрган желден бір-бір уыс жел үстәндар,— дейді.

— Оу, ол заманда, бұл заман желді үстаушы ма еді?— деп жамырасқандарға:

— Бегеш соғып есіл тұрган қызыл жел емес пе? Сендер оны үстаймын десеңдер. Жел үстатушы ма еді.— деп Бегешке тоқтамды баға бергеп екеп Абай.

Бегеш би Абайменен әрі дос, әрі сыйлас, әрі құрдас адам екен.

— Даана кім, ақылды кім? — деп сұрапты тобықтының үлкендерінің бірі сол отырыста.

— Даана да, кемеңгер де Абай,— депті Бегеш.— Содан соңғой, оза сөйлейтілім. Мен бұзылсам, Абай түзейді. Абай бұзылса, кім түзейді?— деген екеп Бегеш.

ЖӘЛМЕНДЕ БИ

Жәлменде Дәуітбайұлы 1846 жылы қазіргі Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Бейшілік-Бесақаш ас-тең ауылда дүниеге келгесі. Қазақ шежіресі бойынша тұт тегі Жалайыр, одан Сырманақ, одан Сырышы, Сырышыдан Байкебен одан Тыныке. Тыныкеден (Жақсымбет, Сарымбет, Тоқымбет, Толымбет, Шәлімбет деген) 5 ата тарайды. Осы жерде аттары белгісіз біраз аталарадан кейін барып Дәуітбай атасы жалгасады. Дәуітбайдан Байшаган деген жалғыз бала туады. Сол Байшаганның байбінесінен Байменде, Бименде, Жәлменде, Байғазы, Некебай, Аскәrbай,

Артықбай. Тоқалыптаң екі бала бері 9 үлдән үрімбұтак тарайды.

Жәлменде жас кезінен-ақ Жалайырдан шыққап Ес-келді, Балпық. Қабилица (Қабан жырау) сиілкты ел Қамқоры болғаң атақты абыз билердің, көріпкел әулие бабалардың жолын қуа бастайды. Солардың билік кесімшешімдерін, шешеңдік ақыл-нақылдарын, өснег-Қаридаларын есіне сақтап өседі. Аудыл арасындағы кіші-гірім дау-дамайды әділ шешіп, ел көзіне түседі. 15 жасқа келгенде әкесі қайтыс болып, от басы ағайын-туыс, аудыл-аймақ тауқыметін бастаған өткереді.

Өзі Қатарлы жастардағы ой-санасы озық, деге бітімі насыт, оғын саусақшылай өткөрі тамған Жәлмендеге байлар Қызығып, өзінен жалашылыққа шақырады. Шешесі де олардың Қалоуын мәкүл көріп, күн көріс қамын айтады. Жәлменде олардың ешқайсының келісім бермейді. Ол бір күнні апасына мынадай бір түс көріп, аяғ берігенін баян етеді:

— Түсімде, — дейді ол — бір ақсақалдың кісі маган келіп: «Мені сағап Ескелді, Балпық, Қабан бабаларың жіберді. Байларға жалдағып қор болмасын, қалың ел басшысың қалмасын, халық қамын ойлап, оған қызмет ет. Ол сенің қолыңшын келеді. Енді сен сол бабаларыңның басына барып, дұға қыла, жалбарынып, тілек тіле» деді де, әлігі ақ, киімді, ақ сақалдың кісі гайып бол кетті.

Баласының бүл түсін, жақсылыққа жориды да ана байғұс баласының басынан айналдырып құдайы сөдәқа береді, бір мал сойып ауылдағас жоқ-жұқағаналы, кедей-кембагалдарға таратады. Әулие бабалардың басына барып Құрап бағыштап ақ, шиестің білдіреді.

Мінс, осы шиест-тілексте соң «Иә, алла, ио, ата баба аруагы, пірлерім қолдай гәр!» деге, Жәлменде өтқа Қонады. Бақай батыр оған қолын жайып термелеп бата-сын береді.

* * *

Жетісу өтірін билеген Тезек төре үлден-асыр ат шаптырып той жасайды. Бозбала Жәлмендесінің осы тойдағы қалғысы келмейді. Шешесіне айтады. Шешесі «Онда ана сиырши руындағы аталарыңа бар, шекпені мен атын берсің» дейді. Бұрын бай болғаң, би болғаң бүтінде 90-ға келіп, бүтіліп отырган бір атасы шенінді шекпені мен мінс атын береді. «Ел иесіз болмас, жер киесіз болмас» деген

балам, осы Жалайырга бас ие бір үл тууга тиіс еді.
Ескелді, Балпық кетті гой. Солардың соңы жалаңаш бол-
маса керек. Жорытқанда жолың болсын, ұлым!» деп
шұбыртады батаны.

Тойға келеді. Баланы ешкім елең қарсы ала қоймайды.
Оқшаш тұрып қалған Жәлмендені шабарман шіркіндер
тұртқиеп, жындыбастау бір-екеуі қамшылап та алды.
Ашу қысқан Жәлменде атынан түсे салып, әлті екеуін
аттан жулып алды да, төре ордасына кіріп барады. Қирғен
бette төрде отырган төреден жасқанбай:

— Үа, төре, тойыңызга бүкіл қазақты шақырганда
шетінен сабатайын демеген боларсыз. Мына секілді ит-
теріңіз қонақтарға қамшы ойнатып, сіздің беделіңізді
түсіргенсін шыдамадым,— дейді де екеуін төренің алдына
қарай атып-атып жіберді.

Төрені қоршап отыргандар мына жас бала өледі-ак
деп үрейлене қарайды. Сонда төре сабырмас:

— Мына екі сүмелектің кезін жоғалтыңдар. Ал, сен
ұланым кел, он жагыма отыр,— деп оң тізесі жақташ
орын береді. Оған таң қалып отыргандар біла кеткен
соң неге бұлай еткенін сұрамай ма? Сонда төре:

— Сендер көрмединдер гой, бала үйге кіріп келгенде,
екі ишінде екі жолбарыс шабынып тұрганын көрдім.
Егер балага қарсы бірдеме десем, әлгі жолбарыстар аты-
лып кеп, мениң түте-түтегімді шыгарар еді. Бұл тегін бала
емес, әруақ қонған үрпак, болды,— дейді.

* * *

Жәлменде би үлкенге де, кішіге де, кедейге де, байға
да әділ билігін айтып, қамқор болған. Талайдың жоғыш
жоқтал, мұнын мұндаған ел ағасы болған азамат. Бір
жолы оған Бақтыбай ақын мұның шағып барады.

— Мына кедейлік түбіме жетті, — дейді ол. Ғашық
бол жүрген Мәйкес қызды бай ағайындары маган
қоспайтын болды. Бар сылтауя сол — қалың малың
төлей алмайтып жалаң аяқ кедейге қызы бермейміш деп
жолатпайды. Енді не амал қыламын, өзің қамқорлық
еттесең болатын емес.

Бұл жайды үкқан Жәлменде би сонда Бақтыбайға:

Бақ қолбайды жасыкка,
Жаң жұымас насыкка,
Көзілінді батыр жасытпа,
Жігіт адам жестеді.

Шын тілеген ғашыққа.
Мен аянаң Бактыбай.
Келгенін сагал қолымшаш.
Байқоржин Тарақ жаласып.
Құр тастамас жолдасып.
Мәйке кеппес еш жаққа.
Түғышып айды оқынан,
Бұрылар сенің жолыңа.
Құдай аруақ коладасып.—

деп оған жұбату айтады да, оны сртіп Мәйке қыздың аулына, ағайындарына барады.

Бақтыбайдың шебер, дарынды ақындығына, оның өдал да, адамгершілік қасиетіне көптеген дәлсілдер айттып, скі жақты бітімгерішілікке шақырады. Жәлменедең ақынды, алғыр, аға би солай деп, араға түскен соң Мәйке қыздың бай, шонжар ағайындары амал жоқ көнеді. Екі ғашықтың қосып, шекесін қызып, ортадағы отау тігіп береді.

Жәлменденің қысылған жерде кеңеттегі сөз тауып кететін алғырлық, тапқырлық қасиеті күшті болты. Атақты Құланбай, Тобықты еліне, ал, Жәлменде Қапал уезінде аға сұлтатай бол түрган жылдары бір барымта даумен Қарқаралыға барыпты. Эр тараптан келген билер, төрелер, сұлтатайдар кездесіп солемдесіп жатса, Құланбай аулының жас жігіттері тасырағыдап, үлкеніді сыйламайтындаі сыйдай көрсетіп олардың алдын кескестей беріпти.

Ауыл ақсақалдары да, Құланбай өзі де оларға тоқтам сала Қойматты. Соңда Жәлменің сұлтатай:

Біздің жақтың даласы күн болады.
Үлкен айтса баласы жым болады.
Үлкен тілін алмайтын мына біреу,
Тасыраңдаған иттерің кім болады?—

дегендеге, Құланбай көпке қарап қолын жогары кетеріпте де:

Бұл Жәлменде қику сөздің кияғы той.
Ескелді мен Балпықтың түнегі той.

Сендер танымай жатырсыңдар ма? Оның алдында байқап-байқап сейлеңдер!— деп. Жәлмендеге оз қасынан орын беріпти.

Көсем, шешен сөзге дес берміген Жәлменіде билі ат үстінен сішиб жап аударып ала-алмайды екен. Қекпар додасында болсын, наиззаласу саймында болсын оған ешкім төтеп бере алмаган дейлі қариялар. Ол үзині бойлы, зор денелі, екі ишінше екі адам мінгелдей алпауыт батыр,

палуаң кісі болты. Жолға сапарға шықса үнемі скі атпен (бірін мініп, екіншісін жетекке алғып) жүреді екен. Бір аттын белі талғанда, ер тоқымды жетегіндегі тың атқа салатын болған. Өзі кедей адам жарамды ат іздейді. Көрші ауылда Жақанбай дейтін бай замандастына былай деп хат жазып бір жігітін жібереді:

Сәлем де Жақанбайга бір ат берсін.
Жеті жыл мілімеген күр ат берсін.
Білктігі, зорлығы мендей болсын,
Семіздігі Жақанбай өзіңдей болсын.
Жүрісі Жиенікожа ақынның сезіндегі болсын,
Берсе берсін, бермесе взі білсін,
Өзімнің қара атыма құят берсін...

Жәлменде би айтқан соң, сез бар ма. Жақанбай күрдасы іздестіріп жүріп, өзінің қара атында жуаң, белді шоқтығы білк нарадай күрең қасқа атты апарып өз қолымен табыс етеді.

* * *

Жәлменде бидің Меккеге сапар шегіп, қажы атанғаны хақында да ақызы, әңгімелер аз емес. Соның біршің Жетісү өнірінің шежіреші ақсақалы Алматы бас мешітінің имамы, бүтінде жасы тоқсанға таянған Рахымбай Кәрімбайұлы ақсақалдан сұраганымызда ол кісі мыңаны айтып еді:

— Ертеде менің әкемнің әкесі Қарымбай атамыз Меккеге қажылықта барған. Сол жолы атамызбен бірге Жәлменде, Димаш Ахметұлы Конаевтің үлкен әкесі Ыс-ты Жұмабай, атақты бай, болыс болғаң Шапқышты Шептібайдың әкесі Құдайберген тағы көп кісі бірге аттанған. Менің естүімше Жәлменде ол кезде 57-59 жаста болған секілді. Жетісүға үзақ жыл аға сұлтап болған қажыға кетерінде аға сұлтаңдығын тапсырып, билігін өзтеге беріп, елімен қоштасып бір-ак шыққан деседі. Әулие адам емес пе, сол жақта мәңгігө қалатылын білген секілді.

Меккеге шиет қылған топты сонау Әулиеатаға дейін елі шұбырып шығарып салады. Бүтінгі Қызылорда-Ақмешітке барғанда тағы біраз адамдар қосылады. Со-лардың ішінде бір жесір әйел бар екен. Шаригатта Меккеге жесір әйел бармайды еой, ол әйелге үқытша шекеге түру қажет болады. Соңда ол осы 200-300 адам-нан Жәлмендерін таңдал, етегінен үстайды. Жәкең ризалығын білдіріп, шекелерін қиып, бірге аттанады.

Меккеге жеткен сон, қыруар алтынмен барған гой. Жәлменде үй салдырады. Біраз уақыт сол үйде тұрады. Кенеттеп науқастаңып, беті ары қараған шағында Жәкең, әйелге: «Құдай қосып, ерлі-зайыпты болдық. Енді мен тұған жерді көре алмаспыш. Сен менің сліме бар, құрметтіл кер, қапдай адаммен жар болым» деде. Бірер жыл тұрасың содан соң қайтамын десең рұқсат дейді. Жәкең сол Меккеде дүниес салады. «Бұл Меккеге келіп дүниеден қайтқан әруақты жән екен» деп ол жақтағылар Жәлмендені арулап қояды. Басына тас қойылады.

(Бұл 1901 жыл болса керек. Соңда Жәлменде би 55-56 жастар шамасында дүниеден қайтқан болады).

Қажыларды Ақмешіттең ат шаптырып, сүйінші сұрап қарсы алады. Ал, Жалайырлар өз адамдарын Шудан күтіп алады. Жәлменденің елі әйелді басына ақ орда тігіп қарсы алады. Қырқын, жылын, асын бергеннен соң, рұқсатын алып, еліне қайтады. Жәкеңің елі ол әйелдің жүгін 12 түйеге артып, алдыша бір үйір қысырақ беріп, апарып салады.

Әкесінің сл басқару, билік қызметтің оның артында қалғаң 17 жасар баласы Пышан қолға алып, ілгері жалғастырады. Соңда Пышан Жәлмендеулы 1884 жылы тұған боп шығады. (1921 жылы қызыл империяның кезінде «халық жауы», қанаушы тап екіл, байдың баласы, әкесі би, сұлтаң болған деген асыра сілтеу жасасымен ол Талдықорғаң абақтысында атылып жазықсыз мерт болған).

Пышан да (шыны аты Mұса) әкесіне үқсанған алып денелі, ақыл-парасатты әрі саяткер, бапкер, әрі әнші, ақын сері бол есейсіді. Халық қамын ойлап, ел тыныштығын сақтауда мол қызмет атқарады. Пышан болыс туралы жоғарыда есімі аталған Рахымбай ақсақал да, бүтінде 80-ге келіп отырган, атақты Үмбетталған Қарібайұлының жақын туысы әрі шәкірті, белгілі төкпе айттыскер ақын Әсімхан Қосбасаров та көп естелік айтып берді бізге. Енді соның шағын бір әңгімесіне көніл қояйық:

— Мениң жастау кезімде біздің үйге үш ақын келді. Бірінің аты — Құрама, екіншісі — Әпежек, үшіншісі — Пышан еді. Үшеуі 3-4 күн ән салды, жыр-дастан жырлады. Әйтеүір біздің ауыл ән-күйге, өлең-хиссага кенелді де қалды. Солардың ішінде, әсіресе, Пышан серінің түрі бөлеск еді. Ол мынау Жалайыр сліндегі Жәлменде бидің баласы екен. Өзі сал сері түске дейіш ақ, түстен кейін қара киіп жүреді. Қасындағы серіктерін де сөйтеді екен.

Мінген аттарының түртүсі де, солай болатын көрінеді.
Ал, ән салғаңда, күй тартқанда бірінен-бірі асып түседі.
Сырнайлатып, домбыра шертіп, қыл қобыздарын сар-
натқанда тіптен жүйке-жүйкенді сал-сал қылады. «Баласы
Жәлменденің Пышан едім» деп басталатын әлі қаңдай,
асқақ шырқалатын. Оны:

Айналайып көзіңнен күлімдеген,
Басқаш ізің ешкімге білілбекен.
Ақша балық шомылғаш айдын көлден.
Алтын қармақ салса да ілінбекен.

Угай-ай, Угай-ай, әпіміз,
Арпа, бидай даңіміз.
Угай-ай деп әң салсақ,
Келіспей ме сәпіміз.

Өлең деген немеңе білген құлға,
Ақ жеңгесін кім кимас алар пұлға.
Оралыңың барында ойнада күл.
Өлгеннен соң әдіра қалар тұлғаң.

Карагайлы ендеше, карагайлы,
Карагайды қыз, жітіт аралайды.
Жаксы — лайсан осылай бас қосқанда,
Бекер қарап отырган жарамайды.—

деп шырқалатын «Угай-ай» әнін осы Жетісу жастары
осы күнге дейін айтып келеді.

Әсімхан ақсақал Жәлменде би және оның сал сері,
ақын баласы Пышан жөнілде тағы біраз әңгіме айтты.
Әзірше біз осымен шектелгелі отырмыз.

Артында қалған үрпактары, ел-жүртінің үйымдасу-
ымен 1995 жылдың күзінде Жәлменде бидің 150, Пы-
шан болыс, ақын-сазгердің 110 жылдық мүшел жасқа
толуын атап, ас берілді, аламен бәйге шабылды, бастарына
ескерткіш қойылды. Жиналған дүйім жүрт, тізе бүтіл,
дүға оқыды, аруагаша бас иіп тағзым етті.

ИМАНБЕРДІ ДАТҚА

Иманберді Шәдиярұлы (1844—1918 ж.ш.) оңтүстік
өңіріне белгілі датқа. Қоңыраттың Байлар, Жаңдар ата-
сынан шыққан. Қоқаң заманында датқа болып өткен.

Иманберді мен атакты Майлықожа ақын арасында
мынадай айыз бар: Майлықожа аттан құлап, аяғы сыйып,
жатып қалады. Сол төңіректегі есіткен сл ақынның
көңілін сұрауга бірінен соң бірі барады. Көпкіс дейін

Иманберді датқа оның көңілін сұрай қоймайды. «Неге келмей жүр екен» деп, Майлықожа оған кісі жұмысайды. Сөйтсе, аңқұмар Иманберді Сырдарияның жағасынан ителгімен үйрек, қаз үстап жүр дейді. Откен, кеткел мұны растайды. Енді Майлықожа Иманбердіге өлеңмен төмендеғіше хат жібереді:

Ассалаумагалейкум Иманберді!
Бүгінде қалық бакты сізге берді
Артық па мамандығың Абылайдан?
Бабаңда Кожага бас итеп еді.
Есінде мені сірә алмадың-ау.
Білмедің содырлықпен етті қүнің.
Токадан айыл тартып тұғашыңа.
Көңілді бекем байлан түргашыңа.
Ойнатқап беделені әлгі сарттой.
Көбелек маз боласың құғашыңа.
Мені де Кожам десең көлмес пе едің?
Алдыма келіп сәлем бермес пе едің?
Белгілі Шадиардың ұлы болсаң
Ағың қалай қожам деп көлмес пе едің?

Осы хатты алысымен Иманберді ақынга барып сәлем беріп, көңілін суралты дейді ел.

— Майлықожа датқаны қой сойып күтіпті. Дастанқан үстінде ақын оған тағы да былай депті:

Күзде елемей кеп тұрсыз көктем бізге,
Сөйлеймің өз жақсым деп өктем сізге.
Ақынға құлак салып тыңдасаңыз.
Біраң бар айтатұғын өктем сізге.
Жаңдарға жапырактай болдың ерек.
Кетіп ең көзге ілмей көктемде,
Болды ма осы арада Қожа керек?
Ішінде өскен өз Қожаң емес пе едім.
Сыйлағаң қадір біліп көлмес пе едің.
Бірге өскен Шарнардың жұрты десен.
Науқастан қайтты Қожам демес пе едің?
Аузы анаңдассай, хүйер ме еді,
Зияны шырмаушкай тиер ме еді.
Караша жеті атасы хал! болп өткел,
Өз әкеп Батырбектің жиегі еді.
Бар жақсым бірақ сенібе қарап түрган.
Тартыліба қайратыңды жараап түрган.
Сейтжапар төреден артық па едің,
Ташкеңті ояз болып сурап түрган.
Сен түгіл Сейтжапар тере келді.
Жайымды мұсәпірлік көре келді.
Көтеріле Көтеншінің, көп баласы,
Қасына көңіл сұрай ере келді.
Датқаеке бір жолыққаң хезім еді.
Сондағы айтсам деген сөзім еді.

Көкілімді көп сұрады Беркінбайда.
 Коныстың о да жалғыз бозымы еді.
 Қарынбайдың әкес Сопак бакты қойыш.
 Оғап да үрлұқ қылды қоймай мойын.
 Ескерсең өз шаршыңды болмас па еді.
 Бүтінде оязда жур сениң ойың.
 Қопшілікке мият болсаң үрші даңғыр.
 Ақылға кісі ме едің сен бір даңғыл!
 Қой бағып, тезек теріп жүргенінде.
 Әйттеңдер көзәіп жасы болғаң қабыл.
 Жаксыда жаттық болмас туғанына.
 Белінді балпан болма буганыңа.
 Елдің берген дәулеттің көтере алмай.
 Мәз боласың көбелек құганыңа.
 Бәрі де келіп кетті ағайынның.
 Сен құсан ақырайып келмей кетті.
 Баласы кеше жүрген Қанайыңың.
 Есітіп Сикын келді Жаныспенен,
 Ағайын амандастым таныспенен.
 Сарандығың белгілі бұрыннаң-ақ.
 Экенде орап қемгендесің қамыспенен.
 Жүруші едім күміс пе деп тұл скепсің.
 Сорына жүрттыйп туған ұл скепсің.
 Қарыңды пәременен қампітап-ап.
 Секілді қасап өзіз қу екепсің.

Майлықожа ақын осылайша тілімен брезей бермекші
 екен. Иманбердің атқосшысы Қожаберген деген кісі
 Майлықожаның Қолындағы домбырасын үстай алды.
 «таксыр енди қойыңыз, датқаға қатты батып кетті гой»
 деп жалынды.

Ертеңіне Иманберді атының ертоқымын сыпырып
 алдып, Майлықожага беріп:

— Ақын, мына өлеңді екінші ешкімге айтпаңыз, басқа
 жан естімесін, менің сізге ат беріп, айыбымды
 тартқанымды да ешкім сезбесін,— деп аттанып кетіпти.

НАҚЫСБЕК ШЕШЕН

Нақысбек Жалpetекұлы 1865 жылы осы күні Ал-
 маты облысының Ұйғыр ауданында Қарасты Кетпен та-
 уыптың баурайында дүниеге келген. Шыққан тегі
 Ақарыс Бәйдібек, одан Албан—Шыбыл-Сары —
 Қожбағбет — Ағымсары — Сексен — Өтенқұл —
 Жалpetек, одан Нақысбек. Кезіндес әкесі Жалpetекте
 сол өтірдегі Албан еліне кеңінен жайылаған шешен,
 би болған. Ауыл, ағайын, арасындағы шиелепіскен ел
 дауы, жер дауы, жесір дауының түйнін шешерде ол

әділдігімен, тапқыр шешенідігімен би атансып, еліне қалтқысыз қызмет еткен. Баласы Нақысбекті де жа-стайынан баулып ел басқару ісіне көмекші еткен. Алғыр, зерек, Нақысбек өзінің би әкесі көрсеткен әділет жолынаң таймай талай істердің тағдырыны бұлтар-май тұра шешіп халық ойынаң шығып жүрген.

«Әке көрген оқ жонар» демекші, Нақысбек те әкесіне тартқан ержүрек, шешенідігімен ерте атқа мінген ел ісіне араласып кетеді. Бірақ, оның атқа мінген тұсы қазақ даласының Ресей империясының темір шеңгеліне біржолата өтіп, екіжақты езгінің шегіне жеткен тұсына тұра келді. «Тағдыр басқа салған соң не шара!? Сол қыышнылық жағдай Нақысбектің намысын ерте ояты. Сонымен ол 1890 жылдардан бастап-ақ патша үкіметінің жергілікті старшиналарына, бажыгерлеріне, кейде тіпті әскер басшыларына ашық қарсылық жасап отырды. Сол арқылы өз тұган өлкесін аз да болса салықтан женілдетіп, отаршылдардың әңгір таяғынан халқын Қорғап жүрді. Дегенмен патша үкіметінің жергілікті билеушілері Нақысбек бастаған «наразы жүртты» бірде «ақыл айтып», енді бірде жасақтарымен жасқап отырды. Оған тиынып қалған ол жок. Одан сайын ерегісіп өршелене түседі. Нақысбектің алдауга көпсі қоймасын сезгең отаршылдар сүндігі жерде оның ізіне түсіп, көзін жоюодың қамына кірісті. Мұндайды жүзеге асыратып отаршылдардың кәлігі айласы бар емес пе! Яғни отты өз қолымызбен қосету. Нақысбекке келгенде де отаршылардың бұл айласы іске асып жатады. Кейбір күншіл, қызылкөз ағайындар да ендігі жерде оның ізіне түседі. Өтірікті шындей, шылды жылғурғаңдай етіп Нақысбектің устінен арызды қарша жаудырады. Сейтіп ағайын арасына жік түседі. Кейбір сатқыштың пысықайлар жүртты Нақысбекке ілеспеуге патшага қарсы шықпауга үндейді. Сонымен бағыдан Нақысбекке ілесіп елді, жерді қорғау үшін күресіп жүргең ағайының біразы «тек жүрсең тоқ жүресіңіп» кебіне көшіп, жан сақтаудың қамына кірісіп кетеді. Ал патшалық Ресей үкіметінің жергілікті өкілдері күші әлсіреп, тобы азайған Нақысбектің көзін жою мақсатын жеделдете береді. Сейтіп жүрген қын күндердің бірінде оны Жаркеіттегі уез орталығы шақыртып алады. Үезге кіргендердің ізі бар, шыққандардың ізі жоқ екенін жақсы билетін би өкімет өкіліне үәдесін беріп, басқа жолға салады да, сол түні өзініе ілескен елді бастап, Қытай асып кетеді. Ертеңің Нақысбекті қолға түсіруге келген патша

әскерлері оның жүртүн сипап қалады. Бұл 1910 жылдың күзді еді.

Қайда болса да отаршылықтың аты отаршылдық, қой. Қытайдағы қазақтардың да ол кезде жағдайы мәз емес еді. Бұны көргөп Нақысбек ондағы халықты тағы да ауыз бірлікке шақырып, сол арқылы үкіметтің алым-салығын, езгісін жеңілдетуді көздейді. «Өзі жақсы кісіге, қайда барса орын бар» демекші ондағы жүрт Нақысбекті тәбесіне көтеріп, бірер жылданған ақалақшы (болыс деңгейіндегі шен) етіп сыйлап аллады. Үлтжанды адамның қолына ел тізгін түскенін отаршылдар қашан жақтаушы еді? Оның үстінде Иле генерал мекемесінің жаңа дубаны (мәнсап аты) эр жердегі шаруалар көтерілісінен есі кетіп, ерекше сактық жасап отырган-ды. Сонымен ол Нақысбекті ақалақшылықтағы алып тастау мақсатымен оны өзіне шақырып аллады да: «Нақысбек, сенің ақалақшы болуга шартын толмайды екен. Сондықтан алдагы құрылтайда ақалақшы басқа адам болады» дейді. Дубанның ішкі есебін түсінген Нақысбек «Ол қандай шарт екен тақсыр?» деп сұрайды. «Сенің руың қазақтың ішіндегі салы шағын тайпа екен. Оның үстінде сен Рессейден келген қазақ екенсің. Сен қалай бұл елге билік жүргізбексің?» деп зілденіп отырган дубанға Нақаң: «Дұрыс тақсыр, сіз сонау Пекиннен қанша үймен келіп бізді билеп отырсыз?» деп қадала кетеді. Сөз жүйесінде жығылған дубан, Нақысбекті мол тарту-таралғымен ат-тандырып салады. Содан өле-өлгенше шешен сл тізгінші қолына үстап, туған халықтың жоғын-жоқтап, мұғыл-мұндал өтеді. Нақысбек бидің Текес ауданының Шолақсай деген жерінен мектеп салдырып, халықтың сауат ашып, өнер-білім үйреугүүне жағдай жасайды. Бала күнінде сол мектептен білім алған Үмбетай Қожакелді ақсақал: «Ол өте үлкен мектеп еді. Жүздегі аса бала оқитын. Мектепте дін, математика, тіл, әдебиет, жағрафия пәндерін оқытатын үстаздарымыздың бәрін кезінде Нақаң төңіректің төрт бүршішінан өзі жинаған еді» деп әңгімелеп отыратын... Сол сияқты Нақысбек бидің шешендік, өнерінің өзі өз алдына бөлек әңгіме.

Бүтінде Жетісу өкірінің қазыны қариясы мен көпек кейуанасынан Нақысбек би туралы сұрай қалсанызы, бәрі-ак оның шешенідігін, ерлігі, халыққа жатапшырылғы ту-ралы тамсана әңгімелейді.

Таңжарық Жолдышұлы өзінің «Ілеңің ақалақшы, зәңгілері» дегегі өлеңінде:

Албайда Накысбек бар шығандаган,
Алдына Албай қарсы шыға алмадап.
Жеті-ак үй Ағымсары Накаң жағы,
Қосқұлақ мың үй қарсы шыға алмадап.
Жапса да көнша жаға Шың дубалы.
Накаңды аттан ешкім жыға алмадап, —

деп жырласа, Маралбайұлы Қедек ақын:

Кобығыш Суасудың еткен мекен,
Мен келдім Накысбекке салемменен,
Тарғынан таймай жүрген Накаң екен.
Рұы Қожбақшеттің қазағы екен». —

деп жырлайды.

Ал, алымда ды, шалымды Шарғын ақын Әлгазыұлы;

Болаттың сен де бірісің,
Шешенің бұлбул тілісің,
Жоргадай сөзің, жүрісің,
Нар болып туған Накысбек
Тектика жерден шығысың. —

деп толғайды.

Жетісу өңірінде халық ішіне кеңінен тарған «Жақыпберді» деп аталатын дастан бар. Онда да Накысбек шешениң аты ерекше ілтиплатпен ауызға алынады.

Мінеки, халықтың осынша ықыласы ауғаннан-ақ, Накысбек шешениң жай отқа мінер немесе құр шонжар болмағандығын аңғаруга болады. Тағы бір айта кететін жағдай. Накаңның осында жүргенде де, Қытайга барғанда да халықты отырықшылыққа үйымдастыруыш соны жүзеге асыруы. Мәселен, «Тозған елдің басын тоган қосады» дегені елге мәтәл болып кеткен. Накаң осы жақта жүргенде-ақ біраз ағайындарға егіншілікпен айналысушына мұрындық болады. Сәулетті сарай салып, бау-бақша отырызызады. Содан қалған ағаштар бүтінде «Накысбектің бес терегі» деп аталады. Ал, Қытайга барғаннан кейін мектеп салдырыды ледік. Онда мектептің соқа басыған болмаған. Мектеп салынып, іске қосылғаннан кейін оның маңы шағын «қалашық» болып кеткен дейді көз көргендер. Ал өзі салғағы сәулетті үйді бұрын Накаңның көзі тірісінде әрі одан кейінгі біраз жылға шейін жүрг «Накаңтың ағаш үйі» деп атап кеткен. Сол ағаш үй салынған аңғар ол жақта күні бүтінге дейін «Накысбек сайы» деп аталады. Накысбек көз жүмғалы (1936) бәрі де дүние тогыз төңкеріліп, он оқалды. Отаршылдар екі елді де халқымыздың тарихын үрпақ санасынан сыйып

тастауга, қанша әрекеттегеніммен бәрібір онысынаң түк шықлады. Мәселең, Қытай слінде «мәдени төңкеріс» түсында «Нақысбек сайы»—«Женіс аңгары» деп өзгертиліп еді. Оны шолақ белсенділер ғана біраз күн айтты. Сонымен халық қайтадан тарихи атауын атап кетті.

Алматы облысының Ұйғыр ауданына қарабы «Кетпен» ауылында былтыр жазда Нақысбек шешенің 130 жылдығы аталып өтті. Бұл жылында сөз алған ауыл әкімі «Ауыл орталығының бас көшесі бұдан былай «Нақысбек көшесі» деп аталатындығын хабарлады. Той барысында Нақаңың әл қорғаған ерлігі, шешендігі туралы баяндама жасалды. Эрі шешенің тапқыр да парасатты нақыл сөздері айтылды.

Енді Нақысбек шешенің әл арасынан жинап алынған кейір шешендік сөз, ақыл-нақылдарына келейік:

Улықтарға Нақысбекті жамандап, шең-шекпеннең дәмелі болып жүрген сатқын ағайындар, Нақаң елді бастап Қытайға көшкелі жатқанда бір жағы дүспан көзіғып, екінші жағынан өздерінің «тек жүретін ақылды кісі екенін» көрсеткісі келіп:

— Нақа, өре-түрекеліп, көше жөнелмей-ақ, ұлықтан кешірім сұрап, көрсөң өтті. Бізде қарап жатпас ек, қадірінді билетін ағайының әдік қой,— деген ағайын сымақтарға:

— Арам қанға бит семіреді, жуыпдыға ит семіреді. Без тамақ, болмайды, ез қолқапат болмайды. Бит пен иттің күнің көріп, без жеп, езге еріп жүргеншіе, алжыған тәбеттей өз қорама өзім үргеншіе дала кезіп өлгептім артық, емес пе?— деп оларды бір түйреп өткен екен шешен.

* * *

Қарқараңда ел жыылған бір бас қосуда қайта-қайта сөз сұраса да жас Нақысбекке сөз бермей қойыпты. Сонда Нақаң;—«Құлға да бір кезек» деуші еді атам Қазақ. Қазір гой құл жоқ. Қотырып қасып таз да сөйлемді. тіліп шайырап сақау да сөйлемді. Менің шем кем еді олардан?— деп сұраганда, жиында отырган біреулер өзара күбірлесіп қалыпты. Себебі, оның алдында сейлеген екі адамның біреуінің руы таз деген ел скен, енді біреуінің руы сақау деген ел екен. Алайда жиын басқарып отыргандардың ішіндегі біреуінің басы таз, біреуінің тілінің мүкісі бар

адам екен. Демек, Нақаңың астарлы сөзінен тіксіштегі ел агалары:

— Бұл кім еді? — деп сұраса керек. Соңда Нақаң:

— Ұсталар кездік согар жетесіз. Елім деген ер үлдік тегін сұрап не етесіз? Одан гөрі ел болудың жөнін айт, айта алмасаң үйіңе қайт! — деп одан кейінгі сөзін халыққа қаратып айтқан дейді ел.

* * *

Албан ішіндегі Ағымсары мен Қосқұлақ аталас рулар. Ауыл ақсақалдары Нақысбек ақалақшыға келіп:

— Ағымсары мен Қосқұлақтың арасы баяғыда-ақ жеті атадаң асып кетті. Мал атап сойып қызы алыса берсек қайтеді? — деп өтініш жасайды.

Соңда Нақаң:

— Қарышдасың қатын қылуға асшып жүрген! Қай жарымаған?! Өзге ауылда қызы құрып қалып па? Жеті атага толған екен деп қызы алыса беру дүрыс емес. Ең бірінші келішкен үят кетеді, баладаң мият кетеді, құйсуден мейір кетеді, ағайыншы пейіл кетеді. Екіншіден, үрпагы кем болады. Құлқыны кең болады. Бұл әңгімелі қойған жөп болады, — деп рұқсат бермеген екен.

* * *

Нақысбек шешең ауылының бір жігіті «Қазақ байыса қатын алады» деп бар малып шашып екі қатын алыпты. Ал бірақ інісіңе бір де қатын әпермей мал соңына салып қойыпты. Бай жігіттің мұпымының қаламай жүрген Нақаң бірде оған:

— Қостап тартла тартқанмен, құйысқаңдай болмайды. Қостап қатын алғанмен туысқаңдай болмайды. Қатыннан шыққаң мүйіз сенде жок. Інің жүремес солай пендे бол? Ондай салт біздің елде жок. Нәспіңді дөгар, ішіге обал! — деп ақыл айтқап дейді.

* * *

Нақысбек шешеңнен бір бай:

— Бай нешеу болады? — деп сұрапты.

— Бай төртеу: жан, хан, мал, ән, — деп жауап беріпті Нақаң. Онысы — отбасы — бала-шагапты, мамандық,

мансалты, мал-мұлікті өнерлі адамдар бай болады дегені екен.

Өр бар жерде еңіс бар.
Шындық бар жерде жеңіс бар.

* * *

Малды байлых деме,
ыңзығы сенде емес, жерде болады
Тексізді досым деме,
Олар ер емес, пенде болады.

* * *

Бермейтін сараң, жоқ,
Барғаның сұрауы біледі.
Мал таппайтын еркек жоқ,
Үйдегішің кұрауы біледі.

* * *

Сүйенішің күшті болса,
Сүйек жұтсан, да қақалмайсың.

* * *

Шабаштаң желмес туады,
Сарандан бермес туады.
Жамананаң өлмес туады.
Жүйелі сездің етімі болады,
Жүйесіз сездің кетімі болады.
Тауып айтқан нақылдың,
Дау тоқтатар бекімі болады.

* * *

Есірік патша еліп тыңдамайды,
Ессіз әйел еріп тыңдамайды.

* * *

Оқығаның көзі ашылады,
Оқимагапшиң малы шашылады

* * *

Жағар малың болмаса жерге өкпелеме,
Ықтасының болмаса, желгे өкпелеме.

Сүйінгерің болмаса, ерге өкпелеме,
Төккөй терің болмаса елге өкпелеме.

* * *

Орысқа ойынды,
Қытайға киялынды айтпа.

* * *

Анасы үятсyz болса,
Баласы миятсyz болады.

* * *

Ағайшын кетісерде аңдысып қалады,
Жалған дос кетісерде жарысып қалады.

* * *

Ұлылық пеп әұлымдық тегінен,
Барлық пеп жоқтың ебінен.

* * *

Қатыны алып көрдің бе?
Бала бағып көрдің бе?
Түзден шақшып тераңың бе?
Қарал тұрсаң барлығын қиши,
Қиши болмаса тіршілігің тиши.

* * *

Береке келінген,
Наш егінген

* * *

Қазсаң арықты.
Көресің жарықты.

* * *

Еладің сәдігі — ерінен,
Байлығы — жерінен

* * *

Сыпайш болсаң беріншің қасынан кетпе,
Дихаш болсаң жеріншің басынан кетпе.

* * *

Әүелі Құдай жерге береді.
Жердеғін елге береді.
Елдеңін ерге береді,
Ерге бергендеге төккел терге береді.

* * *

Тұыс бар болсаң іздеседі.
Тіпті «сіз» деседі.
Жоқ, болсаң қашады,
Тіпті артыңды ашады.

Нақысбек шешенниң гүмірнамасын нақыл, шешенідік сөздерін ел аудынан, Қытайдың елінің жазба архиви деректерінен жинастырып бізге тапсырган, оның жүргөраты Дүкен Мәсімханұлы. Ол бүтіндегі әл-Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік ұлттық университетінің Шығыстанғу факультеті Қытай тілі кафедрасында үстаздық етеді.

ТӨРЕБАЙ БИ

Төребай Пышанұлы (1848—1911) Сыр бойы, Қармақшы өкіріндегі «Бекет», «Ақши» аралығында көшіп-конып жүрген елдер ішінде туып, ержеткең қазақтың шешен біi. Төребай бидің шыққан тегі Қіші жүздің Қараманақ — Төртқарасы. Одан бірер ата өткес соң Бозғыл. Бозғылдан — Қарақожа үрпағы Қаратамыр. Тағы біраз атадан кейін Тәттімбет, одан Ерназар, Ерназардан Айтілек, Жаптілес, Айтуар, Құлтуар би, Сары, Байбол, Ізбасар, Темір би тарайды. Құлтуар биден Тұяқ би, Мұрат би. Мұрат биден Пышан батыр, Ағытайды, Пышан батырдан Төребай би туыпты. Ал Қызылорда облысында қарасты Тереңезек аудашы әкімінің орынбасары Тынышбек Дайрабаев бізге жолдаған хатында: Қіші жүздің қаракесегінен Шемекей, одан Бозғұл, одан Қаратамыр, Былғақ, Былғақтан Ерназар, Құлтуар — Мұрат — Пышан. Пышаннан — Төребай деп таратады. Төребайдың ел арасында Алмат, Самуратқа, Қалданға айтқан шешен тапқыр сөздері мол тараптады.

* * *

Төребай шешен бір күні арлайы адам жұмсап Оңғар Дыркайұлын, Жилембай Дағменбетұлын, Тұрымбет

Салқымбайұлын шақыртып алады. Бұлар халықтың салғатыншамал бол келе жатқан жыраулары еді. Оңғар мен Жилембай хат ташымайды, ал Тұрымбет арабша шала сауатты кісі еді.

Төребайдың жырауларды шақыртқандагы мәнісі: екі ағайынды туысқан ел болыстық пен ауылнайлықта таласып, бірімен бірінің аразасқандарына үш жыл болған көрінеді. Арада барымта, үріс-жанжал да кездескел. Бұл жай Төребайдай ел ағасын ашындырады. Ашыған би әлденеше барып билік айтса да, әлгілер тоқтамаган. Міне, Төребай би осы жайды үш жырауга баяндайды. Жыраулар би сезіп үнсіз тыңдайды. Би әдейі сынап отыр. Жыраулардың ең үлкені Оңғар, ең кішісі Тұрымбет екен. Жас та болса сезге жүйрік, өте елгезек еді ол. Сөз басы жасы үлкен Оңғар жыраута тиеді.

Оңғар жырау айтыпты:

О, жақсылар, етігідер,
Әр тараңты ойланып.
Әмір деген шоп-шолак.
Ойласаңдар ойға алыш.
Біреу жарлы, біреу бай,
Откен жоқ ешкім бір қалып.
Бақытты біреу бақытсыз.
Жүргіші деме күр қалып.
Соңына еріп жастықтың
Ертеңге ойда бұрналық.
Еркін бар етсең ерлерім,
Атынтайдай мырзалик.
Аз өмірдің ішінде,
Болмашиға таласып,
Ретсіз етпе қызыбалық,
Пендең нелер кездеспес,
Көргеніңпің беріңе.
Еткенің макұл ырзалик.
Ер — шаңырак, ел — үшк.
Үстемдік етпе сұрлағып.
Көп-кудайдың бір аты,
Сыртыңдан сынап жүр халық.
Шөлдестің мезгілсіз,
Жемейік ерлер тұз балық.
Әркім кетіп бетімен,
Халықтың ғұрпыш бүзбалық.

Жилембай жырау айтыпты:

Анық болса әділдік.
Ағайшың тұрада корғалып.
Елім төтің шалқыған.
Жарайды етсем жорғалық.
Қайыршы да күн көрген.
Колыңа түрлі дорба алыш.

Бастағы бақсаң бақытты.
Жақсы көріп достарын.
Сыртыңда жүрер қуалып.
Әүеден жанды жаратты.
Бір-біріңе дос етіп.
Дұшпандық етпе үрлапып.

Жамандық жаңға ойлана.
Жамандық етсөң үлестен.
Жүрерсіңдер күр қалып.
Елемей едің өсистіп.
Жүрген көп сөміп, бір жашып.
Жүртқа болса сеніміп.
Жүрерсің күңдей пұрлапып.
Өлссөң де молаң сайланаш.
Халыққа етсөң қызмет.
Бар әлікше тырбанып.
Екілік жоқ халықта,
Шыңдаң алса ортага.
Болмаймыз ба бір гарып.
Халым шебер сынауга,
Ержеткізді ата-ана.
Жүрмейік ойсыз бей парык.
Уақытымыз біткенде,
Көріп кетіп, күл болып.
Жатарның жерде, уа дарих.
Ерлерін аз күн өмірде,
Сыйласып өтші жалғашшап.
Атапбай жүртқа сөзі арык.

Тұрымбет жырау айтыпты:

Өлмек, тұмақ ежелден,
Лайтқан сөзім бұл анық.
Өлімнің жайшың айттың ден.
Осы отырган аға-інім.
Қалмасын қеүлің қабарып.
Қай жерде азар көрмейсін.
Әр істеп жүрсөң тазарып.
Көңілден аршып шеменді.
Болғаниң жақсы таза арык.
Сейле-сейле, тіл мен жақ.
Ұшатын құстай қондашып.
Қас жүйріктің белгісі,
Жай шабатын соң қолашы.
Бір шұқанак толмай ма?
Теңселесе теңіз қозғалып.
Неше бір ерлер өткен гой.
Артында пұсқа сөз қалыш.
Отыратын жаңдар бар,
Ел билігін қызғанып.
Маңайға жаң толмай ма,
Отырсанадар сыздашы.
Басында бакыт тұрнайды,
Ат пепен атан жестектеп.

Жүрсөң де жүйрік жорға алыш.
Бір күннің гайып боласың,
Кеткендей болыш жогалыш.
Отыргаң осы агайны,
Ақсақалдар қуралип.
Келе алмайсай үншінеге.
Екі айналып оралып.
Баста бақыт тұрганда.
Әртегі жашып қаудаляш.
Бассаң қадам үмітпа,
Есінде болсын таубалаш.
Біткен кезде уакыт,
Халық қазғаш қаумалап
Жер ошаққа ауналық.—

дегендес төрдес отыргаң Төрсбай би қызып кетіп:

— О, пәлі! Тұрымбетжай!! Мәінтеңдест бала, мәінтеңдест,
төтеле бала, төтеле!— дег айқайлап жібереді. Соңда
Тұрымбеттің екінші ыргаққа салып айтқаңы мынау екен:

Әуреленбе, жігітер.
Болдыран деп болмасты.
Дүниен үшін шатасып,
Егесен жан оқбас-ты.
Ағайыншың шет болса,
Ерге бақыт колбас-ты.
Өкіншегінен өткенге,
Орны оның толмас-ты.
Ренжіскен талайлар,
Қадыры деген зор бақыт,
Естілер шатпа құр басты.
Ағайын таптай сүреп,
Ағызбалыңдар көз жасты.
Аз гана күн көрмессе,
Көргөншес адам псыгар,
Бауырлас петі күрдасты.
Келіндер, бектер, келіндер,
Қай пепде алдың болжапты.
Өздеріңе жақсылар,
Үласып сөзім жалғасты.
Айрылған азып ақымактың,
Талайы болған албасты.
Қосылған озып көркейіп,
Тойдирғаң пеше қарын вильты.
Бірліктे береке,
Қайда үшсаң талмасты.
Сейлес тілім шалыкта,
Қолға алып сөздеп алмасты.
Кесе бір сөз болмасын,
Қадамына алғашкы.
Аруақты тербесем,
Оятармын жал-жакты.
Әниш десең қол жайып,
Сөзім жерде қалмас-ты.

Тұысқандар бірлессе.
Демейді ешкім алжасты.
Бауырларың Тұрымбет.
Бірлік тілел өмірлік.
Қолдарың жармасы,—

деп бала жырау аталған Тұрымбет дөмбырасын тастай беріп, жагалай отырган халықтың қолдарын жедел ала бастағанда, үйге кіре алмай, далада есіктен сығалап тұрғаныңдар леп беріп, ішке үмтұлады. Кім-кімнің Қолың алып жатқаны белгісіз, араздасқан туыстар да шурқырасып керісіп жатады. Мына сәтті іске қуанған Төребай би жыраулар мен халыққа алғыс айтып, үлактайды таза сөздердің көзін ашқан, екі туысты татуласқаны үшін, татуластырган үш жыраута үш нар мінгізіп, үш жібек шапан жапқан екен.

* * *

Төребай бидің жалғыз ұлы ыңқақ, опат болып, қаралы қасіретте отырган биге Базар жыраудың айтқан көнді қосынан үзінди:

Бай көркем, батыр шешен бітсе дәүлет.
Адамға бақ, дәреже конса соулет.
Ашылмас әзірейілге есік бар ма,
Дем бітіл, басқа келсе кезек пәубест.
Қазыбек, Үйсін Төле, етті Эйтексе.
Таба алмай ажалға айла, Балқы, Баубек.
Байтақ ел Қарақожа, мың жарым үй.
Қыстаубай талай жапға тартқызыған күй.
Сарытай, Өтетілеу, Мейіде, Айтілес,
Өтілті Күнгітардай атакты би.
Сарыбай, Садыр, Әзілкеш, жүйрік Бостан
Оқ тисе қабыргасы қайыспайтын,
Ақ иық қырап едің аспанаға үшкай.
Іншалла, аруақ орны қалы қалмас,
Уа болмас ыңқақ ердің орнын басқаң..

ҚЫЛЫШБАЙ ШЕШЕН

Қылышбай Ержагұлы 1851 жылы осы күнгі Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы Фурманов селосында туып, 1926 жылы 75 жасында қайтыс болған. Жеті жасынан жетім қалып, Оңгарбай деген жақын тұсының қолында өседі. Мал бағып жүріп, бір жагынан ескіше сауат ашады. Оңгарбай оны Бұхардағы медресеге береді. Медреседе зерек шәкірт Шырыстың классикалық поэзи-

ясынан сусындайды. Ауылга келген соң ауыл балаларын оқытады. Оларга Шығыс әдебиеті мен қазақтың халық жырларын таныстырады. Өнер-білімге, сөз өнсіріне баулады. Қылышбай жас кезінің өзінен-ақ бүршігі шешен, билер айтқан сездерді ел арасында тарататын болган. Жиын, тойларда дау көтерілген кездерде өзі де сұрылып шығып, кесімді билік айттуға араласып кетеді. Оның шешендігін, әділ сөйлейтін қасиетін таныған ел көбінесе өздері барып жүтініп отырган. Сөйтіп, Қылышбай шешен келе-келе «өзіміздің Қылышбай, айтқаң сезі қылыштай» деп аталып кеткен.

Қылышбай өлең-жырды жазып та, төтеніпен сұрыпта айта беретіп шебер ақын болған. Ол Қаратау өңірінде Шу, Талас бойындағы көптеген ақындармен айтысқа да түскен.

Кезінде Қылышбайдың ақыпдығы мен шешендігін Жамбыл да: «Қылышбайдағы таралып, сөз пұсқасы келінген, дос-жараша, кемтарға қайырлы болсын дейнінген» деп жоғары бағалаған.

Қылышбай Ержанғұлы Шу, Мойынқұм өңіріне емес, бүкіл Әулиеата, Жетісуға аты шыққан ақын. Бір айтар әділдігі үзіліп ел оны тұра би деп те сыйлаған. Бір жиында ол:

Адам бір көшкең керуен,
Құрармыз аз күп серуен.
Керуендей көш тартыл.
Асармыз бір күп белінен.
Адал жүріп тірлікен,
Айырмалайық сепімнен.
Кірсе лебіз, шықса жоқ
Қауіп етіңдер өлімнен.
Қол кайрың болмаса,
Не әкетесіл өмірден,
Өлмей тұрып, кілп-іш.
Міннп жорға, сұлу күш.
Фаріпперге қарайлас,
Өлгеппен кейіп не керек,
Алтын мен күміс зеріннен.
Не жаңдар өткен байлықпен,
Өтіріх сөз бен зорлықпен,
Жаһанға малы сия алмай.
Кемтарларға кия алмай,
Тұтыларсың бір күні,
Малтықсан қарға қояндай.
Иманың ата болмайды,
Қанаудаң шиет тазармай.
Өлімге кезің жетсе де,
Жақсылыққа бой үрмай.

Ақырын бір күш өтерсің.
Үзіліп солда кстерсің.
Ішпей-жемей жиғашың
Артында қалар бір күш.
Сол кезде, сорлы-ау, қайтесің?—

деп бір замандастына сыр айтыпты.

* * *

Қылышбай жігіт кезінде бір ауылға келіп, қонайын десе, танитын ешкімді таба алмайды. Содан кейін ұлкендеу бір үйге кіріп, сәлемдесіп, есік жаққа отыра кетіпти. Үй иесі жақтырмай: «Иә, бала, қайдаң келесің?»— деп жән сұрапты. Соңда Қылышбай:

— Шу бойынан келе жатыр едім, ешкімді танымаған соң, сіздің үйге қонайын деп келдім, ата,— деді.

Үй иесі басқа қонақтарды нұсқап:

— «Қонақ үстіне қолақ, келсе, қотыр болады» деген, өлшеп істелген ас қой,— дейді.

Соңда Қылышбай:

— Ата, ешкімді тапымаушы едім, көжес-мәжс болса да сіздікінде болайын,— дейді.

— Көже-мәже дегениң не, шырагым?

— Тарыдан түйісі болса, сары майдаң іісі болса, сүтке салып балтаса, қапытпенен қаптаса, оны біздің сл көжес дейді,— деді Қылышбай.

Баланың сөзіне жығылған бай:

— Қарагым, жогары шығып отырышы!— деген екен.

* * *

Қылышбай Әулиеата базарынан мыс шәйпек сатып алады дө, ие бол деп оны бірге жүрген жолдасынша береді. Екі күн жүргешшел кейін бұлар бір құдықтың басынша кеп дем алмақшы болады. Шәй ішкілері кеп, шәйнекті іздейді. Қараса шәйпек жоқ, түсіп қалышты. Соңға олар келген ізімен кері қайтады. Жүріп отырып жүзге тарта киіз үй тігілген бір ауылға келеді. Сейтсе, бұл Ботбай еліндегі Бекмұрза атты байдың қызы үзатату тойы екен. Адам кеп жипалыпты. Қылышбай жогалғаң шәйпегін кімпен сұрағын білмей, тұра ортага шығып:

О, Ботбай, деген туганым,
Олақ жігіт байладап.
Түсіп қалды құмғашым.

Тауып егер берсеңіз.
Атапып жөніл күгеліңіз.
Тауып алып бермесең,
Құдай тәбеңшің үрганы.—

дейді.

Тойға жиналған би-болыстар мен байлар мына өлеңге
елең ете қалып, Қылышбайдың ақын екенін біледі. «Сен
мынаны сөзбен сүріндіріп, бетін қайтар, сүмірейте айт»
деп той иелері бір шешен жігітін дайындаиды. Қылышбай
үйге кіре бергенде дайындалған шешен жігіт:

Ассалаумагалейкум, Шулыш елі.
Масасы мен соңасы көп дудың ізі.
Бүкір етіп туылты сені шешен.
Құлағы мен мұрын жок қудың ізі.—

деп оны сөзден сүріндірмекші болады. Бай-болыстар шу-
лап қоя береді. Соңда Қылышбай табан астынан:

Әлейкүмассалам көріңің ізі.
Жынышайтаң періңің ізі.
Өрдес жатқан Ботайсың,
Қыс — қыстауың, жәз — жайлауың.
Құмалы шеге даттайсың.
Арагың мен бозаңды қосыл ішіп,
Аузыңа келгенде оттайсың..

дейді. Би-болыстар жер шүкіп отырып қалады. Ақынның
мына сөзі жалпақ сл-жүртқа жайылып кетпесін деген
оймені Бекмырза бай ат-шапан айыбын төлеп,
Қылышбайды құрметпен шыгарып салған екен.

* * *

Қылышбай жас күнінде қозы бағып жүрсе, бір
ақсақал қария кездесіпті. Қария оған:

— Қарагым, қай ауылдікісің, кімшің баласысың, мынау
кімнің малы? — деп сауал қойылты.

— Өзім сырты бүтін, іші түтін ауылданмын, туган
әкемнің өгей баласымын, ал мына мал жанашыр жаудың
малы, — дегеп Қылышбай.

Жас балалыңың мұндай жауабына таң қалған қария:

— Айналайын, мұндай сөзге әлі жасың келмейтін бала
сияқтысың, жауабыңың мәнін түсіндірші, — дегеп.

— Бұл ауылдың адамдары сырт Қарғанда бүтін
болғаімен, іші түтін — өзара бір-бірімен қырги қабак,
сырты түтін дегенім, соңықтаң. Туган әкемнің өгей ба-
ласымын дегенім, әкем туган, бірақ, маган жастық шак,
балалық шақтың қызығын көру жазбады. Әкем маңдың

соңына салды. Тұған да болса өгейдің ісін істеді. Мына мәлдү жана шыр жаудың малы дегенім, әкемнің ағайындары нағыз жақын жана шыр ретінде бізді өз қолдарына алып, асырамақшы болды. Ал өздері әкем екеумізге мәлдерин баққызып, еңбегімізді жеп жүр. Жана шыр бола тұрып, жаудың ісін істеп жүр.

Баланың жауабына риза болған ақсақал Қылышбайға батасын берген екен.

* * *

Бір күні Қылышбай қонақыға Көлбай деген саран байдың үйіне кеп түседі. Беймезгіл қонақтың келуін жаратпаған Көлбай оған ас аспай, шай гана береді. Шәй ішіп болған соң, жатар алдында Көлбай Қылышбайға «қонақ кәдә» істе дейді, Қылышбай:

— Ол қалай болушы еді? — дейді.

— Бір ауыз өлең шыгарсан, қонақ кәдән сол болады, — депті бай, осыдан не шыгар дейсің дегендей.

Сол жерде Қылышбай:

— Сөйлейін, сөйле десс Көл ағасы,
Бермейсің қонақ келсе конакасы.
«Көлбай» деп қайран атты кім қойды екен,
Көл түтіл шүқанактың садағасы.—

деп табан астында төгіп жіберілті. Қонағының сөзінен шошынған Көлбай:

— Эй, бәйбіше, мына өлең елге жайылып, жүрт бізді мазақ етер! Тезірек қазан ас! — депті.

* * *

Қылышбай әдетте сыртқа бір шықса, екі-үш ай жолаушылар бір-ақ, қайтады екен. Мұндайда сағынысқан ауыл-аймақ түтел жиілалып, мереілері есіп, жай-жапсарды барынша кең әңгімелейтін болған. Осындаш шырайлы бір дидарласу үстінде ауыл жігіттерінің бірі биыл азын-аулақ, уақ мәлдүн жүдеулігін, келер күннің қалай болары алаңдатып отыргандығын витады.

— Е, жаздың күні жұтагандарыңа жол болсын, — депті Қылышекен.

— Өзіңіз билетін Сарсенбек бай биыл жердің отын да, құдығымыздың суын да билетпей қойды. Жерімізге малын жайып, құдығымызға қойын суарып, апшымызды бір уыс етті.

— Бар болғаны сол-ақ па?! Сәрсекеңің малы тұрмак, өзін бұл маңайға жолатпайтын етейін. Бүйірса бір бозқасқасының сорпасын да ішіп қаларсыңдар.

— Қайтіп, Қылышеке?

— Ертең таң аттай бір жігіт құдыққа түсіп, шегенге жасырынып тұрсын. Ақырып құдыққа байскеңің өзі келеді дедіндер гой. Құдыққа қауғасын салған кезде біріншісіне тимей, екіншісін ұстап, жіберіп тартып, жіберіп тартып тұрсын. Бай құдыққа үзілген кезде әлгі жігіт ербендең суга құлай кетсін. Аргы жағын тағы көре жатармыз,— дейді Қылышбай.

Айтқандай-ақ, құндегі уақыты, сәске түстің мезетінде Сәрсенбек бай қойын шұбатып, құдыққа қауғасын салып жібереді. Құдықтың ішінде, шегенді тасалап тұрған жігіт Қылышбайдың әлгі айтқандарын істейді. Құдықтың ішінде қауғага жабысып тұрып, суга ербендең құлап түскен «бәлені» көрген бай шалқасынан түседі. Үйдің түрулі тұрған іргесінен мұны Қылышекең көріп отырады.

Сәрсенбек бай тұра салып, шулап келе жатқан қойыла қарай жүгіріп, қойшысына:

— Ойбай, қайтар кейін, құдықта бір пәле жатыр. Ішінен бір бозқасқаны таңдаپ ұстап, үйге алып бара бер,— дейді де өзі Қылышбайға қарай жүгіреді. Асыға-үсіге табалдырықтан аттай беріп:

— Қылышеке, мына құдықтан бір «бәле» көрдім, тезірек жорып берініз,— дейді. Қылышекең еш нәрсे түсінбеген райда:

— Байеке, о не, жайшылық па?— депті.

— Ойбай, айналайын, Қылышеке, мына құдықтан бір «бәле» көрдім.

— Байеке, бұл құдықтың басына жын-шайтан ертеден-ақ үйір еді, соның бірі шыгар, еш нәрсे атадыңыз ба?— дейді.

— Иә, естүім бар еді. Мені қай құдай қара бастырды? Бұл құдыққа биыл қайдан қона қалып едім, құдай қырсығыңнан сақтай ғөр, бір бозқасқа атадым.

Қылышбай жел бере түсіп:

— Ойбай, тезірек садақа таратып жібер, тезірек, тезірек!— деп асықтырады.

Сейтіп Қылышбай аүыл-аймақты жас сорпага бір кептікен екен.

Арада бірер ай өткенде Қылышбай жігіттерін тағы жинап алып:

— Сояр мал жоқ, бәрі арық, екен. Сәрсекеңнегі тағы бір сорпа ішелік,— дейді.

— Қалай ішеміз Қылышке?

— «Бай үйқыға барды-ау» десен кездे бес-алты жігіт оның үйін тік көтеріп аи, есігіп артына қаратып қоя қойындар да, қойшы үркітілдер. Арғы жагын көре жартымыз,— дейді Қылышбай.

Жігіттер Қылышекеңнің айтқанын бұлжытпай орындарап, түн қараңғысында еш нәрсе сездірмей кетседі.

Қорадағы қойдың шуылынан шошып оянғаш бай есікке қарай тұра жүтіріп, маңайын керегеге үріп алады. Сөйтсө, орнында есігі жоқ. Бай бәйбішессін оятып, шам жақтырса, үйінің есігі артқа қарап қалыпты.

Ақылы айран болған бай таң атар-атпастаң Қылышбайдың ауылына қарай шабады. Қылышекең үйінде екен, түк сезбеген адамша жайбарақтап:

— Байеке, реңіңдің соншама неге қашып кеткен, не болды?— депті.

— Ойбұи, Қылышеке-ай, биыл мені қырсық айналдырып алды емес пе. Эне бір кездегі оқиғаны өзіңіз де білесіз, ал өткен түнде үйімнің есігі артына қарап қалыпты,— деп бай жағасын үстайдый.

— Алырай, э, мынау бір сүмдыш екен. Энсукутігіпің салқыны кетпей, айналып жүргені гой. Еш нәрсе атадыңыз ба?

— Бір бозқасқа атадым, Қылышеке.

— Атасаңыз, тез таратып жіберіңіз. Түңеукутігіпің кенеуі гой кетпей жүрген, сінді кетеді.

Сейтіп жәңсіз баса-көктегең байды жаныпай шошып, қайтып бұл маңайға жоламайтынг өткен екен.

* * *

— Жұт болғағ жылдың жазығыда,— дейді Қарататудың күнгей бетіндегі Жаманабай — Таздар елінің ділмөр шежіре қариясы Махат Ақтайлақұлы.— Мойынқұм жайлауындағы нағашыма бардым. Барғаптады мақсатым белгілі — азын-аулық мал жүтілді, қаптың түбі қагылды, ел ашыға бастады. Ал Мойынқұм жүртты қыстап аман шығыпты, жұтамалты легенді есіттік. Сонымен Зұлпықар, Қынатбек ағаларым, пірәдәрдің үлкен баласы Бектасты ертіп, екі есек, скі үттү болып Мойынқұм жайлауына бет алдық. Бірнеше күн жол жүріп, Сарысудан өтіп, Мойынқұм жайлауына жеттік. Көп жылдан бері кормесен

нагашым, оның әйел, бала-шагасы қуана қарсы алды. Нагашым Қартайыңырап қалғап скен, халжадайымызды сұрасып, қам-көңіл бол жатты. 5—6 күндей қопып, нагашым сауынга бермек болғап жиғарма шакты қой, сілкін айдап, ауылға қайтпақ болған ертеңі қүннің кешіне Әулисеата жақтағы Қылышбай ақын келді. Қылышбайды менен гөрі Зұлпықар ақын тәүір біледі екен. Екеуі жөн сұрасып шүркүрасты да қалды. Сол күн түнімен Қылышбайды тыңдағы. Өзі сөзге жүйрік шешен кісі екен. Откен-кеткеннен көп әңгіме айтып, талай толғау, жырдың басып қайырды.

Қылышбай ертеңін шәй үстінде отырып, Мырзаш қызын жаңа түскен бір келіншекпен айттысып айтып, көпшілікті көїлдендіріп тастады. Осы кезде Зұлпықар ақынның да арқасы қозып кетті білем, өзінің Зоуре қызын айттысын термелеп кетті. Сөзінің соңында ол Қылышбайды айттысуга шақырды. Осы кезде нагашым:

— Өзі жетпіске келіп отырган менің құрдасымды сендер шаршатарсыңдар. Жастар өзді-өзің айттысып қагыса бермейсіңдер ме? — деді. Сол сол-ақ екен нагашымның Кәүкәр деген ортаныш қызы сөзді ылпекетті. Ол ә дегенінде Зұлпықарға тиісе сөйледі. Тауды-тасты, өзен-суды жұмбактай сауал қойды. Сауалды Зұлпықар дәл тауып шешті. Кәүкер енді одан жогары өрледі. Қыншың жылу не бар, айдан сұлу не бар, аспаңда қашша жұлдыз бар? — деп жұмбактады. Зұлпықар: «Қүнген ыстық, еш нәрсе жоқ, айдан сұлуды таппадым, ал аспаңдағы жұлдыздың қанша екенин кім биліп?» дей келіп, өлеңінің соңын:

Ашы менен тәттіні татқан білер.
Алыс пепен жакшың жорткан білер.
Аспаңдағы жұлдыздың қанша екенин,
Құдаша-ау, шалқасынан жатқан білер.—

Дегенде, Кәүкәр қыз бетін басып, даға тұра қашты. Қыз, келіншектер жағы «әдепсіз» деп, Зұлпықарға дүрсс қоя берді. жігіт-желеңдер жағы «қыздың өзіне де сол керек» десіп жатты. Нагашым басу айттып, сабырлы болуга шақырды. Оның шалыстау, дөрекі сөйлейтін үлкен баласы әкесінде «жайына отырмайсың ба!» деп Қалғаны. Осы жерде Қылышбай шешен дәкір үлға қарал:

Каратату тебе болар тас жеткен соң
Әр адам үрлік қылар бас кескен соң.
Байбіше үйде отырган не болады.
Қолшаш қара саба ас жеткен соң.

Ер жігіт атқа міштен не болады.
Қолынан дәулет хетіл, бақ көшкен соң,
Кария үйде отырган не болады,
Баланың «жай отыр» деп сөзі еткен соң.—

деп оның бетін қайтарып тастады...

* * *

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Шу өзенінің бойында Қылышбай мен Әтей деген екі шешен өмір сүріпти.

Жастары құрдас болғандықтан екеуі кездескен жерде қатты қалжыңдасады екен.

Бірде Қылышбай қасына өз аулының бір жігітін ертіл Әтейдікіне қонаққа барады. Жігіттің көзі сол үйдегі бойжеткен қызға тусе береді. Осыны аңғарып қалған кемпір шам сөнісімен қызын өз орнына жатқызды да, өзі қыздың орнына жайғасады. Ал, жігіт түннің бір шамасында қызға қолын екі-үш рет созады. Бірақ қыздың орнында жатқан кемпір дыбысын шығармай, жігіттің қолын қағып тастай береді. Бұл жағдайды Қылышбай да, Әтей де байқап жатады.

Ертеңіне Қылышбайлар аттанарда Әтей әдейі құрда-сын үлтпақ, болып:

— Бұл қай бала, танымадық? — дейді.
Сорнда Қылышбай тосылмастан:

Тал екен деп тогайдаи,
Жидек кескен бұл бала.
«Қыз екен» деп кемпірмен.
Шүйделескен бұл бала,—

деп жүріп кетіпти.

* * *

Бір күні Қылышбайдың қызы сүйгенімен қашып кетеді. Осыны естіген Әтей Қылышбайға бұлай дейді:

— Қылышбай, қызың қашты қызыл жеде.
Ақыр соғып қалдың ғой кара жерді.
Шыт кейлек те кимеген екі жеңге.
Түседі үалғаннан кара терге.

Сонда Қылышбай қысылмастан:

— Біздің қыз қашып кетті күтілі лемей.
Бірсылыра киімін бүтіндемей

Байгүс балам асығып ұшып кетті.
Кешегі Айша құсан сүткі бермей..

— дед жауап береді.

Сөйтсе Әтей аулында күйеуге шықпай жүкті болып
қалған Айша атты қыз бар екен.

* * *

Қылышбай шешен Бестерек руынан датқа болған Райымбектің үйінде отырады. Ол атагы елге кең жайылған ақын, әрі тапқыр шешен жас Жігітектің осында келе жатқанын естиді. Ал Қылышбай болса, Жігітекпен бір кездессем деп журеді. Жігітек Райымбек датқамен рулас екен. Сол ойының реті келген Қылышбай үйге кіре берген Жігітектің сәлемін алмастан, одан бұрын сынайын деген оймен былай дейді:

— Райымбек Бестеректе ұлық датқа.
Қосылар үштің бірі салтанатқа.
Осы жерін Бестеректің біз сұрайық,
Қай жерден қосылады төрт Дулатқа?

Ол осылай дей бергенде Жігітек ақын іліп әкетеді:

Құдайдың құлы, Мұхамбеттің үмбетіміз,
Таралты Бекболаттан есебіміз.
Ботбайдың Қораласы дегендей-ак,
Қалмайды ногай деген есегіміз.—

деп Қылышбайдың өзінің де аталары жөніндегі әзіл-
қалжынды алдына тартқан екен.

ТОЙЫМБАЙ ШЕШЕН

Тойымбай Майкетулы Іле өзенінің жағасында, «Шұрма» деген жерде 1869 жылы туған. Қызай руының Оразай оталығынан. 1948 жылы 78 жасында қайтыс болған.

Тойымбайдың береке-бірлікке үндерген өткір тілді шешендік сөздеріне риза болған ел арасына мынадай қанатты сез тараган:

«Өсекбекке бармаган сырдау арманда,
Тойымбайға бармаган дау арманда».

Енді «Тойымбай айтты» дед ел аузында жүрген нақылдарға дес берелік:

Шайға қарай тамақ іш.
Бойыңа қарай күім піш.

Білермендік істеме.
Сүрінуге тап етер.

Қыбын тапса,
Тамшы тас теседі.
Жіп ағаш кеседі.

Ырыстан ынтымақ озады.
Бұралқы ит үргенімен озады.

Малдың саныш білгелеппен гөрі.
Түстеген жөн.
Сөзді мың бірлеккенип гөрі.
Бір істеген жөн.

Шешен кісі сез бастар.
Кесем кісі ел бастар.
Адал туған ер болсаң.
Халық, сүйіп қолға үстар.

Алтын оттаң корықпайды,
Ашулы тілді келеді.

Жаманға айтқан ақының —
Далаға атқан өкпен тәң.
Талабы жок жасыктың.
Жалыны өшкен шоқлең тәң.

Үре алмаса — итің жау.
Көре алмаса — жұртың жау.

Құда болғанша құл — тегінді сұрас.
Құда болған соң құл да болса сыйлас.

Ағайыппың қызығы — алыс беріс.
Құдалықтың қызығы — барыс-келіс.

АЛДАБЕРГЕН БИ

Алдаберген Нұрманұлы 1887 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысын, Алғабас ауданы «Жұзімдік» аулында дүниеге келген. 1936 жылы Беломор-Балтық құрылышында мерзімді кесімін өтеп, ақталып елге қайтып келе жатқанында қайтыс болған. Жерлеңген жері белгісіз. Алдабергеннің ата-тегі туроды «Жұзімдік» аулының көне көз шекірде қариялары билай таратады. Арғы бабасы Бәйдібек би, одан Жауатар (Ысты), Доспағбет (Тілік) — Мұса — Ақменгай — Құралай — Досай, одан Есеп (Байқараған) — Жыл-

келді, одан — Қара. Қарадаң — Өмірзак. Оның Дәүлең, Маңсары, Нұрман, Достаң деген төрт баласы болыпты. Нұрманың Алдаберген туыпты.

Ауыл молдасынан хат тапсыған Алдаберген сл басқару ісіне жастай араласады. Болыс, билерге хатшылық қызмет атқарып жүріп, өзінің зеректігі, алғыр, тапқырлығы арқасында ел құрметіне бөлеңеді.

Оку, білімнен хабары бар әкесі Нұрман баласын оқып, білім алуды армандайды. Алдаберген 1918—1920 жылдары әуелі Ташкент, кейіннен Самархан медреселерін үздік тәмамдап елге оралады. Ауылдастары оны болыс етіп салап алады. Содан ол 1927 жылға дейін болыс, кейіннен би болып ел басқару ісіне қызу араласып кетеді. 1928-1930 жылдары «Жүзімдік» аулын артел, кейін колхоз етіп үйымдастырады да, оны өзі басқарады. Сөйтіл, колективтік шаруашылықтың алғашқы қызын-қыстау ахуалын бастаң кешіреді. Өзінің Қүзембай Нәлібайұлы, ыдырыс Битабарұлы тәрізді жақын туыстарымен ақыл қоса отырып жүргіткесе жүмылдырады. Бүрін ойдақырда бытырап жүргеген халықтың басын біріктіріп, отырықты сл стүге күш салады. Алдабергеннің елге қамқорлық, үйымдастырығыш қабілеті күшті болатын дейіл, көз көргендер. Оның мундай асыл қасиетіне, ең алдымен шешіндігі мен көрекеген көсемдігі, ақпа-төк ақындығы, слғс деген қамқорлығы себеп болса керек.

1931 жылдың бас кезінде Алдаберген Ташкент, Шыршық жагына қызметке ауысады. Оғда ол аудандық оқу бөлімшілік мейғерушісі және аудандық атқару комитетінде қызмет атқарады. Бұл жылдары Кеңес екіметі басшыларының сл арасынан шыққап нағыз жанашыр, аяулы азаматтарға «Халық жауы» деген жалған айып тағып, құғыш-сүргінге душар еткен тарихтағы белгілі. Солымен Алдаберген біде «Халық жауы» болып айыпталады да, абақтыға жабылады. Ол өзінің айшпты емес екемін, ел үшін адал еңбек етіп жүрген кедей-шаруа екенін дәлелдеп бағады. Оған жала жауып, асыра сілтеп кіналап жүрген жергілікті әпербақандар оны тыңдасып ба? Қайта өшіге түседі. Алдаберген ақыннан соңда былай деп облыстық сотқа өлеіцмен шағым жолдайды:

Өлеіг ғыл жаздым бұл арыз,
Бәрінде оқып караңыз.
Әз жайшында баяп ғып,
Шағышып арыз қылаамыз.

Не жаза болса ырзамын,
Расы болса бір ауыз.
Жалғаны болса ісімнің,
Анықтац бәріп караңыз.

Алдаберген ез атым,
Ауданды Шаян тұрамыз.
12-ші ауылда,
Нұрманың ұлы боламыз.

Езілгел әбден сорлы едім,
Шайылып қалған жүрегім.
Өлеңмен жаңды деп,
Отікіш айып қылмаңыз.

Айтқаным менің шын еді.
Бір оқиға сыр еді.
Ескендер ұлы Сәруар.
Түсі суық сүр еді.
Әкелері туысқан,
Сәруар. Сапар бір еді.
Туысқан кісі қоя ма.
Бәрінің бір гой тілегі.
Сәруар шысық Шаянда,
Тергеуші болып жүр еді.
Айтайын соның бірісін,
Сіздерге мәлім қып енді.
Сөзімнің мынау айрагы,
Прокурор мен обыл сот,
Сіздерге келген шағынып,
Мен едім еткен айдағы.
Сонда Сіз қағаз жаңдыңыз.
Сөздерді тауып қайдагы.
Ауылга Сізден қайтып ем.
Жұмысым бітіп ойдағы,
Сіз жазғал қағаз тиғен соң.
Тергеуші басқа ойлады,
Прокурор бүйрүк берді деп.
Қағазға құлақ салмады.
Көрметен кісі болды да.
Қалтага салып жайлады.
Екі көзі қызырып,
Іздеді өзге айланы.
Қаһарына мінді де,
Қолданып шара қайдагы.
Жиырмасыныш май күні.
Тұтынға жаттым қамалып.
Қорыққаннан көзім аларып.
«Халық жауы» деді де.
Қамады мені жала гып.
Мұның не дейтін адам жок.
Жылаймын кімді дена гып.
Туганымша екіндім.
Адам босқа жаралып...

(Ботабекұлы Адышбектің айтуышан жазып алған
Тәйтеліұлы Болысбек)

Бұл арыздан нәтиже шықпайды. Ол жазықсыз жала-
ның құрбаны болып, сottалады да, Беломор-Балтық, ка-
налы құрылышына қара жұмысқа жегіледі. Сол еркісіз
азапты жұмыста жүргенде ол ауылдағы ағайын-
туғыстарына, бала-шагасына өлең-хат жазып тұрган.
Өзінің ізбасар інісі Ыдырысқа жазған хатында былай
депті:

Доссаның ауыл — атком кеңесінде.
Алыпсың мені ескеріп тағы есіне.
Амандық хабарынды білгеннен соң,
Шыққандай болдым қырдаң төбесіне.

Қандырыны толыл жатқан хабарларға,
Жаңалық сөздеріңің көлесіне.
Куаныш осы хатты алғашпан соң.
Ағаның түсті шырақ ел есіне.

Ой толқып ары-бері қиялдаңды.
Өліктің жан кіргендей денесіне.
Тағы да менен сәлем айта салғын.
Әдрес жазған көлдүң егесіне.

Өкпелег балқім маган жүргеп шығар,
Бір сәлем айтпады деп енесіне.
Біз жүрміз сумен жүзіп барамыз деп.
Біткен соң мұз каналдың кемесіне.
Тұстық балқім менен қорынғаны.
Болған соң үлкен кісі орындағы,
Өзімен өзі кетсін деген шығар,
Маган да тимесін деп содырлары.

Болмаса бір-екі ауыз сәлем жазып,
Почтага салар еді жолындағы.
Жүр мекен жок болмаса ауыр қөріп.
Тамагын бір жетімпің қоюндағы,
Жетімге қыласа қызмет бөтен емес.
Озімдің, бір-екі жыл жоғымдағы,
Асымды ауқат болып тұратұғып,
Тұғаным емеспеді жоғымдағы.

Демеймін Керімбайұлы бөтеш кісі.
Келеді төбесіне көтергісі.
Баладан қайтып ана ажырайды,
Каншама мейрімі жок мекем кісі.

Алғанда мысал етіп торғайды да.
Бұл жағын ойламасқа болмайды да.
Корғайды балаланып, жаңбыр жауса.
Өз басын бүршак жауса корғайды да.

Балалар аясымен ажыраса,
Мәселе болған шығар сол жайлы да.

Колхоздың жеңгөн дейсің мүшеслері.
Дау мүші біреу емес үшсү елі.
Үшесін бір колхозға кіріп алып,
Ас ауқат бір қазашкап ішер енді.

Ішінен соның бірі шыққап шығар.
Артынша болғаннан соң өз өнері.
Бір тәнтек дарға асарда айтқап екеп.
Ойпырмай мұндағай болса кісі өлеңді.

Бас қамың басқа кісі етс жатар.
Артынша жетім еске түсеп енді.
Балалар тарап жүргес тоз-тоз болып.
Оларда жүрген болар ер ауышда.
Үш балам үш үйде жүр деп айтады.
Бір-бірлес жүрген жерін санағанда.
Қалайша жыланастаң жүре аламын.
Бала-шага жағдайын еске алғанда.

Жанашыр жақындықтың бір белгісі.
Анаңдаңык хат жазуға «жараганда».
Үйдірыс осы жағдай сөлемімді.
Жүрерсің айтып беріп қалаганға,
Тағыда менекін сәлем айта салғыш.
Сұраған ағайын жүрт бар әдеміга.

(Ыңдырыстың айтуынан жазып алған Тәйтелеұлы Болысбек).

—«Сәлем хат», «Анама хат» «Сәлемде Беломордың каналынан», «Ел ағасы Қасекене», «Қабылбекке» т.б. азапты түрмисын, қайғы-қасыретін, мұн-зарын баян еткен хат-өлеңдерін өзінің ыңдырыс Битабарұлы, Адырбек Ботабекұлы дейтін жақын туыстары күні кешеге дейін домбырага, гармонға қосып айтып келген еді дейді. Бізге мәлімет жазып жіберген Алдаборгеңшің жақын ағайындары бүтінде 84 жастагы Төрекелді Амантайұлы, 73 жастагы Ибадұлла Байсейітұлы, ауыл әкімі Пайыз Тұрлыбеков, Алматы тұрғыны Шора Құзембайұлы.

Алдаберген би болып тұрғап жылдары Қарататудың күңгір жағындағы ауылдар әлі колхоз болып үйиса қоймаган, баяғы мамыра жай қалпында еді. Ата-баба салт-дастурін сақтагап елдер ағайын-жекжат болып, алыс беріс жасап катынасын-сапырылысып жатқап кез-тін. Осы жылдары Алдаберген болыштың аулына көршилес Жетінтаудан Зұлпықар Балғабаев, Шәуілдір жағынаи Айтбай Белгібаев, Мирзабек Байжапов (Қызыл жырау) Бәйірбек Елеусізов, Түркістаннан Мұсабек Байзаков (Молда Мұса) Қызылорда, Шиелі елінен Нартай Бегежанов, Қарататудан Орынбай Тайманов тәрізді атагы слеге

жайылып кеткесін ақылдар барып, кейде олардың аулына Алдаберген би шақырылып той-думандастыны, озара айтысқа түсіп, шешендей, билік сөз жарыстырып жататын.

Осындай думаңды бір жынын жөнінде Зұлпықар ақынның аталас туысы 1940—1955 жылдары Досан ауылы, Досан колхозының төрағасы болған шежірепші қария Махат Ақтайлақовтан (1894—1955) 1962 жылы жолығып сұраганымызды мұнаны айтқанды.

— Сәуірдің шуақты бір күнінде Жетімтаудагы Зұлпықар есінің (Зұлпықар ағасын айтады) үйіне үш аттылы түсіп жатты. «Бұлар кім екен» деп барсам, төменгі Байқараған елиниң болысы Алдаберген екен. Қасындағы екеуін танымағын. Алдаберген мен Зұлпықар жегжат, олардың жиі араласын. Қатысмын тұратынын бүршишін блестімін. Екеуінің өлең айтысын, шежіре, шарығаттан әңгіме шертісін отыратынын талай рет тыңдағамын. Агад Бұшай жеңешеме қарап «шай қайнат, қазаң көтер» деді де, «Махат сен өрістегі малға шаш, бір қой әкеліп, миша кісілерден бата сұра?» деді. Мен Керегетасқа қарай өріп кеткен малға шауып жеттім де, нән бір ісекті өңгеріп әкеп, қонақтардан бата сұрадын. Соңда Алдаберген болыс:

— Коне, нареке, батапы сіз беріңіз. Бұл ауылға алғаш рет келіп отырган құрметті қонақсыз гой,— деп қасындағы мұртты кісіге кезек берді. Ол қолың жайып жіберілі, үй иесінің жақсы тілек, ізгі шиеттерін білдіріп, алғысын термелеп, періелеп жаудырды. Бәрі «Аумин!» дег бет сыйасты.

Қонақтар әуел шай ішіп шөліп басып алды. Шай үстіндеге жеңіл сұрасын танысып жатырмыз. Сейтсем, бата берген мұртты кісі Ақмешіт жақтың кәдімгі Нартай дейтін ақыны екен де, шоқша сақалды, кісі шауілдірлік Айтбай жыршы бол шықты. Бұл екеуін бірінші рет көрүм. Алғашқыда анау айтқан күрделі әңгіме жыр бола қойған жоқ. Әшейін ауыларасы, ағайын-жегжаттың өзарға алыс-бәріс, барыскеліс, қалжып сөздері кезекпе-кезек жарыса айтылып күлісіп отырды. Шай ішіп қасқа маңдайы жіпсіген Нартай ақыны, кестелі қоржынышын он екі тілді сирнайын алды да, ағыратты-ай кеп. «Құлақ сал ей, ағайын», «Өздерің білер Нартаймын» деп басталатын екі-үш әпіппі шырқады да, қасында отырган Алдабергенге қарап былай деді:

— Болыс-еке, сіздің көмілізіңе келмесін. Ел-жүрт сізді ақыл болыс, халқына жақын болыс, әділ болыс» деп айтады, аға бір жыны біздің Шиеліде бір болыс болды. Өзі қылдырымпаз, паракор елге жайсыз сіді. Соның бір жесір

дауынан билік айтып, кедейдің жалғыз атын жетектеп кеткенін, сейтіп ауыл жігіттерінен соққы жеп, күлкі болған жайын жырға айналдырып берейші, ал тыңдаңыздар!

Нартай осылайша бұл жырының мән-жайын баяндап алды да жесір дауын термелей жөнелді. Ара-арасында жүртты дүркін-дүркін құлдіріп алды. Қонақтар алдына үйеме табақ, ет келгенде барып ол жырын бітірді, сырнайын қабыстырып жанына қойды да дәмге қарады. Осы естелікті айтып отырган Махат жәкемнен Нартайдан басқаларының не айтқанын сұраганымда ол кісі:

— Ой, қалқам, несін айтасың, тамаша үш күнге созылды. Зұлпықардың үйіне Нартай. Алдаберген. Айтбай ақындар келіпті деген хабарды есіткен Керегетастагы. Қарабас бойындағы, Сарыбай бұлағындағы, Бестогайдагы халық аттылы-жату Жетімдауга ағылсын кеп. Зұлпекенің қоржынбас екі үй тамына сыймаған жүрт дәлізде, есік, терезе тусында турып: «Өй, пәлі-ай», «бәрекелді, айтысыңа болайын!»— деп шу-шу етеді.

— Қай ақын, не айтты?— дегенімде, Махат жәкем көп жыр айттылды гой, өңкей сақадай-сақадай ірі ақындар бірінен-бірі асып түседі. Оның бәрі бүтінде есте қала береді дейсің бе?

Бұл естеліктен мынаны аңғарамыз: демек, Алдаберген би де кезінде осал ақын болмаған. Ол өзінің Нартай. Айтбай, Зұлпықар тағы сондай ділмәр, заңгар шешен ақындармен бірге өлең жарыстырып, өнер сынасып, ақындық алғырлық, шешендігін шындағы бергені аян.

Алдаберген билік, шешендік пен ақындық өнерді қатар алып жүрген, әрі би, әрі ақындар санатына қосылатын да-рын иесі. Оның бірқатар өлең, жырларын, шешендік, тапқырлық, билік шешімдерін, әсіресе, Бибігул қызатынан сөйлейтін Зұлпықар ақынмен хат айтысын ауылдастары осы күнге дейін аузынан тастанам айтып келеді. Бұл айтыстың өзінің жақын туысы Үңдырыс Битабарулының айтуынан хатқа түскен қысқаша нұсқасы мынау:

АЛДАБЕРГЕННИҢ 1-ШІ ХАТЫ

Биссмила деп хат жаздым.
Бибігулдей аруга...
Өзінді іздел аулыға,
Болар на екеу барура.
Құштар едім өзілісін,
Бір жауапты алуға.
Текті жерден дейді гой.

Аргы атаң тақуа.
Тілеймік бір Алладаи,
Өзіңмен жұп болуға...

(осыдағы байлайғы 3-4 шумагын айтушы үмытқан)

БИБІГУЛДІҢ 1-ШІ ЖАУАБЫ:

Аргы атам Ахмодда,
Кереметі көп еді.
Сондай әзіз әулие,
Болмаган екі дегені.
Алтау еді басында,
Алыстағы жұртынаи,
Бұл тарапқа келгелі.
Бесеуі жетіп бұл жерге,
Тасшага молда болды да.
Бірі қалды сол едде.
Жоғары Дулат елінде.
Бестерек болды, бес болыс,
Естуімше дерегі.
Бәрінің шамы Сұлгетай.
Есепшора бергі атам.
Болғағ екен елге жай,
Өтеш дең бізді ғйтады.
Өтеш, Сарсен, һәм Қонай,
Төрт тұлікке бәрі сай.
Затым әйел болған соң.
Аламын дең жармасы-ай.
Жұрген бір кедей жарымай,
Дүниеге тапшы емес.
Өзінің әкем Дүйсенбай.
Бір кедейдің, сөзіне.
Көңілім алаң болған соң,
Шығардың өлең осылай.

АЛДАБЕРГЕННІҢ 2-ШІ ХАТЫ

Бибігул бір өзіңиә умітім бар,
Жұзінде көргенмен-ак болым күмар.
Екі жарты бір бүтін селбесейік,
Жұргенше сенде сынар, менде сынар.
Өзіңе дең дүние-мұлік жиып журмін,
Көпдімді өзгелдерден тынып журмін.
Күні-түн бір Алладаи тілек тілең,
Жолыңда өмірінді киып журмін.

БИБІГУЛДІҢ 2-ШІ ЖАУАБЫ:

Алдеке, хат жазыпсыз үміт қылыш
Болысты қызыға таман жұық қылыш.

Көздіңің жоғарыда жүрген шығар.
Өзінді алде қолдай жігітсінші.
Өзінді көрпешін-ақ сүйдім депсінші.
Отынға нахаббатың құйдім депсінші.
Алладан күнің-түні тілек тілес.
Жолшыда дүние-мұлік жиғым депсінші.
Сіз жүрсіз аламың деп бізді жақтап.
Көрлеңді көслсөнші бойға шактап.
Әкеітің бүрынғы еткен қасібің ғынп.
Бір күні әжел емес, кетсең актап...

АЛДАБЕРГЕННИҢ 3-ШІ ХАТЫ

Өзінді жүруші едім сырттай мактап.
Көртейде, әдепті деп ылғи жақтап.
Көрмей жатыр әкеме тіл тигіздің.
Мұлың қалай жалым-ау бекер датташ.
Мен сенен мұңдай сөзді күттеп едім.
Жүрмін едің бар кегіңді ішкө сактап.
Әлде болса Бибігүл ойланарсың.
Ашуның басарсың әдеп сактап.

БИБІГҮЛДІҢ 3-ХАТҚА ЖАУАБЫ

Кісі болып жүресің гой күліп-оінаң.
Мен сізді қаламаймың артың ойлап.
Әйслі дияналышың дегізгеше —
Байсыз-ақ жақсы емес ис отсем бойдак.
Бақа бас, әйсілшің тусі сары.
Көзі көк ондай қатын кімге дәрі?
Ит емшек, ботқа бет, өзі кортыш.
Деп жүр гой осын елдегі жүрттыш әорі.
Келсеме күпдес қылғың соныменесі.
Құлай басқа салмасың кетсін әрі.
Алдске скі көрім баккаптаңыз.
Соларға болсаш ауқат тапқаптыңыз.
Көзіліме қаяу түсін отыра алмай,
Хат жазып әурелешін жатканымың.
Алдске жаздың деме мұның лесін,
Бұл сөзге түсінерсің болса есің.
Ақылға сап байқасқ алыш-артыңды.
Бибігүлдің айтқапш дүрыс дерсің.

АЛДАБЕРГЕННИҢ 4-ШІ ХАТЫ

Бибігүл-ау, мен сағаң түсінбедім,
Әкемді тілледің деп ісінбедім.
Қатынымды да ақырын оғыдырманысың,
Қалжыңдасар сенің мен кісің бе едім?
Байқа, қалқам менімен ойнамагын,
Бүркіт тұлғы бүрмес деп ойламагын.
Асқақтаймың деп жүріп, шалыс басын.

Сенің де бола бермес ойлағашың...
(осы жерде 5—6 тармактың айтушы үмштқан)

Алдаберген ақынның жастау кезіндегі өзінің Анаркүл деген сүйгендеген қалаулы қызымен айтқышының бас жағын бізге Болысбек Тәйтеліұлы жазып жіберіпті. Енди соган көңіл аударайық:

Хат жаздын Апаркүлдей құрбымыңға.
Татитын ауылдағы құллі қызға.
Көрмесем бір пас сенің дидаршыңды.
Ауылда келмейді сіра түргымыңда.
Бір еді бәрініздің заманымың,
Артықша басқа адамшың жарадышың.
Бір сезде ілгеріде ескертіп см.
Барма екен болса сіра хабарыңыз?
Іздесем әр жерден де қыз табылады.
Өзініңдегі тілеп жүрміз адамың біз.
Егерде ойын болса бірігүе,
Даһат жок бір пас бізге кідіруге.
Жүректі күншысты қылыш еді.
Сөйлескен сізге біздің адамының.
Ойланып еш нәрседен корықпапын.
Жараймын бір басыңды сініруге.
Жіңішке әйел жолы деген сез бар.
Амал жок өзің келіп тілдесуге.

АНАРКҮЛДІҢ ЖАУАБЫ:

Бисеке-ау жазған қатың бізге келді.
Тағы да «піседтің» біз сізге де сілді.
Бөршем мұншыңызды қошаметтей.
Әр елде біз сексуда қыз көп еді.
Көрмейміз мұншыңызды макұлдагы.
Адамың мұны айтайды ақыл бары.
Тағыда төңіректен іздесін кара.
Байын өлгөн қатың болса жақындағы,
Қожаңың бір әйелін алыш келіп.
Алдахең дес жүруші еді қапшыл қалды.
Хатыңың келіп тиң қолымыңға,
Біз қарап жүруші едік жолышыңға,
Бір қызыды басы бүтін сініретті.
Бар еді қаша маңың қолышыңда.
Біз Сізге содан кейін барамыз гой.
Әусел бүтін болсың тоғыңыңда.
Кетіпті ауыз-басың сокал басып.
Молдаеке-ау олда сіздің сорыңыңда.

АЛДАБЕРГЕННИҢ 2-ШІ ХАТЫ:

Анаркүл бар екен гой сорың бакыр,
Кемітіп айтапсың гой тоғындағы акыр.
Алпес иен жетпістегі шалға барсаң,

Басыңда сонда түседі заман ақыр.
Мен сағап маган ти деп жалынбадым,
Пейіліңің жаңа білдім тарылғанын.
Отырып бір-екі күн етік тіксем.
Қаламайма содан бітіп «жарым малың»
Бір-скі мырзаларға өлең жазсам.
Қалады содан бітіп «қалың малың».
Әкесіз тон алмайды, мал алады.
Азықты мал деп берсем және алады.
Егерде малы көпті тауір көрсөн,
Алпыс пен жетпістегі шал алады.
Біздерді сакалды деп атадыныз,
Бұл да бір бізге қылған шатағыныз.
Немесе Батырбекке тие қойшы.
Іздеген көсө болса қатарыныз.

(өлеңдің аяқ, жағы жоғалған дейді бізге жазып жіберген
Болысбек)

* * *

Бір жолы Алдаберген Жүзімдіктің өзенінен өтіп,
Шуакбай жотасына өрлеп бара жатса, алдынан бала
көтерген бір әйел шыгады.

— Қай ауылдан келесің?
— Ақбұлақтан
— Онда кімнің әйелісің?
— Сайырбектің келінімін.
— Сайырбекің қайсы, әлгі Анарбай — орыс Қайырбек
шал ма?
— Иә.
— Қайда баrasың?
— Шаяңдагы төркініме
— Неге?
— Иесіз қалғырлар күн көрсететін емес,— деп ол
күйеуінен, енесінен балағат сөз есітіп, таяқ жей берген
соң, төркініне қашып бара жатқанын айтады.

Алдаберген:

— Сәл сабыр ете тур.— дейді. Жан-қалтасынан қағаз,
қалам алады да, бір ауыз өлең жазып әлгі әйелге береді:
— Ауылына қайт, ашуыңды бас, үйіне барғанда мына
қағазды Қайырбек атаңа бер.
— Бұл хатты кім жазды десе, не деймін?
— Алдаберген жазды деп айт.
— Е-е сіз Алдаберген би екенсіз гой
— Иә, мен,— дейді де ол жоғарғы таздар аулына бет
алып кете береді. Балалы әйел аулына қайтып барады.

Болыстың Қағазын атасына береді. Атасы қағазды оқып қараса:

Қойдан козы туады шөл жейтүғын.
Иттен күшік туады бок жейтүғын.
Осындай бейсауат сөз сыйлегенге,
Ауылынан шықпады ма кой дейтүғын.—

деп жазыпты. Қайырбек келініне:

— Эй, балам-ай, бекер істеген екенсіц, бидің мына сөзі сүйекке таңба салатын болды гой. Оған бәрінг айтып шен бар еді. Ол иттерді осында өзіміз-ақ жөнте салатын едік қой, енді қайттік!— деп санын бір соғып отыра кетіпти.

Алдабергеннің бұл әңгімесін 1995 жылдың тамызында Шымкент қаласында тұратын Шәйім жеңгейдің айтуынан жазып алдық. Бүтінде сексенге жуықтап отырган Шәйімнің жұбайы Даулетберді Әбдиев ол жылдары «Жұзімдік» МТС-ында бас бухгалтер болып істеген.

— Біздің үйге Алдаберген, Зұлпышар тағы бірқатар ақындар, би-болыстар жіңі-жіңі келіп түстеніп, өлең-жыр айттысып, тұратын,— деп, өткенін еске алады ол.

Алдаберген бидің кезінде қара қылды қақ, жера айтқан билік кесім сөздері, өлең-жырлары хатқа түсе бермеген. Бірлі-жарым жазылғандары, жазықсыз жазалау, құтыны-сүргін, айдау, қамау кезінде жойылып, жогалып кеткен.

Алдабергеннің арты үрлақсыз емес. Оның екі зайыбы болған. Бірінші әйелі Мырзакүлден қалған қызы Баба атада, тұрмыста, екінші әйелі Минайдан Зауытбек деген үл бар. Ол да есейген өсіп-өнген. Кентау қаласында тұрады. Жоғарыда аталған Дауен, Менсары, Нұрман, Достан аталарынан тарайтын Уайды Жайықбайұлы, Манатай Абылайұлы, Бимырза, Қалмырза Мұсаұлы, Пересеп Құзембайұлы «Жұзімдік» аулында. Құлатай Абылайұлы, Баймырза Ержанұлы, Нұрмахан Байқабылұлы, Құлмырза Ержанұлы, Серікбай Даулетбайұлы Алғабас ауданында Баймахан Байқабылұлы, Пернекан Нұрмаканұлы, Ордабек Махатайұлы Шымкент қаласында жауапты қызметте, үжымдардың жеке шаруашылықтарын басқарады.

ШӘНТІ БИ

Шәнті Малдыбайұлы (туған, қайтыс болған жылдары белгісіз) Суан слінен шыққан айтулы шешен би. Қазақ шежіресінде оның ата тегі Жарықшак, одан Албан, Суан, Дулат тараитыны белгілі. Суаннің бабішесінен Тоқарыстан, одан Мұрат, Мұраттан Шегірек. Қараменде, Қарабек, Әттүріп. Солардың Қараменде атасынаң Жақсыбай, Беккүл, Сады, Тыныбек, Қармыс деген бес ата тараиды. Сады биден Танабай би, одан Даулетбай би, одан Малдыбай би. Малдыбайдың Шәнті би туат. Шәнтінің аргы атасы Қараменде би дедік. Бұл Тобықты елінен шыққан Шақаулы Қараменде би смес. Суаннан шыққан Мұратұлы Қараменде би.

Шәнтінің аргы атасы Қараменде би жөнінде ел арасында мынадай азыз бар.

Жоңгар шапқыншылығы көзіндес Мұрат ауылын қалмақтар шауып, оның үйірлі жылқысын олжалап айдан ақтеді. Ол кезде ауындағы бас көтерер ер азаматтар жорыққа кетіп, шал-кемпір, бала-шага қалса керек. Басқа белсеніп шыгар адам болмагандықтан 12 жастағы бала Қараменде бір тайга мінс салып, жылқының алдынан шығып, оны кері айдай жөнеледі. Бірақ каптаған қалмақ, жалғыз балаға ерік берсін бе, оның өзін қол-аяғын байлад, өздерімен бірге ала кетеді. Елдеріне барған соң оны Қалмақ ханына табыс етеді. Және оған мықты күзетші қойып, одан көз жазып қалмауыш тапсырады.

Бір күні қалмақ ханы баланы шақырып алды:

— Сен маган өкіл бала болсаң қайтеді,— деген сауал тастайды. Соңда Қараменде ойланbastai былай дейді:

— Мен ешқашаңда ділімді саттаймын және басқа дінге кіре алмаймын, әкемнің азан шақырып қойған атын да өзгертпеймін. Ал өкіл бала болуга қарсы смеспін,— дейді. Баланың өкеттілгіне риза болған қалмақ ханы той жасап, Қарамендені өзінс өкіл бала еткендігін жария етеді.

Хан тапсырмасы бойынша баланы ерекше күтімге алды, оны срекек малдың мойын, жілік етімен ғана та- мақтаудырады. Сөйтіп баланың күш құатын жестілдіріп, оны күрес өткөріп үйретеді. Ол 13 жасқа толғанда өзі

катаrlы ауыл боларын шетінен жығып, өзінің ерсін күшін елең танытады.

Бұған риза болған өкіл әкес арнайы бапкер арқылы үрыс өнерінің қыр-сырын үйретіп жаттықтырады. Алдымен садақ тартып, сойыл соғу, жекең-жек өнеріне жаттықтыра, кейін ат үстіндегі үрыс төсілерін үйретеді.

Сейтіп уақыт өте береді. Қараменденің күші толысып, үрыстының сан түрін менгеріп, талай барымтага, үрысқа қатысып көп сыйнақташ өтеді. Қараменденің жасы 25-ке толып, оң мен солын танып, күш-қуаты толықсан кездес қалмақ ханы өкіл баласын шакырып алып, өзінің көптеп бүтіп келген сырыш ортаға салады.

— Балам, сені жас қыраңдай баптап өсірдім. Енді қыраңды қиядан қоя беріп, аға салар кез де келді. Күшің толып, үрыс өнерінің шебері атаудың. Ол өнерді жете мейгеру үшін төзімділік пеш батылдық, нағысқойлық, керек еді, оның бәрін өз бойынан көріп, көгілім шат болды,—деп алыстағы орагытып келіп быладай деді:

— Менің әкемді үрыс кезінде өлтірген қас жауым әлі тірі жүр екен. Сол жауымшың көзің жоймасам, перзенттік парызыым мойнымда кетпек. Бірақ сол перзенттік парызыымды өтсөн осты көзге дейін менің қолымлап келмеді. Егер мағатт өкіл бала екендігін рас болса, қасыңда таңдал 30 жасақ алыш, сол ата жауымшың ауылшын шауып, оның басын өз қолыцмен кесіп маған әкесін бересін. Бұл саян айттар ең соңғы тілсім болсам,— деп сөзін бүйіра айтты.

— Жарайлды әкес, бұл соңғы тілсімдіз болса оны орындаїмын, сіздің айтқаныңыз болсам,— деп келісімін береді.

Қараменде өзі таңдал қасыңда үрыс өнеріне тапшынад болған жасақтаршы жиптап, жорыққа дайындық жұмысина кірісіп кетті. Бірақ қайда барады, қайсы қазақ ауылшы шабу керек ол жеңілдес өкіл әкес ашып айтпады.

Ол ауыл Қараменденің нағашысының ауылы еді. Бұл жеңінде қалмақ ханы мен Қараменденің қызметінде жүрген тұтқын қазақ қана білеттіп. Сол тұтқын қазақ бұл жеңінде Қараменденеге ескертпек болады. Бірақ ханының тапсыруы бойынша сыртынан қойылған бақылаушылардан қаймықты. Қолынан бар келгені қазақ пеш қалмақ ауылдары арасында жасырын жүретін жүргішілер арқылы қазақ ауылшына хабар жеткізіп, олардың сақ отыруын, мұмкін болса Қараменденің жолын тосып бір амал жасаудың ескертеді.

Сол хабарды естісімен қазақ ауылшының басшылары Қараменденің алдынан шынып, оған сөзіп өткізед адам

іздестіре бастайды. Ақыры ол адам табылды. Ол Қараменденің туыс ағасы Шегірек еді. Ол Қараменденің жолына ақ, боз үй тіккізіп, бие байлатып тосып алады. Бұл істерден хабарсыз Қараменде орта жол бойында тігілген қазақ, үйін көріп, оған еріксіз бұрылады. Жасақ алдында керқула қасқа айғырга мінген, қолында қалмақ туын ұстаган Қараманде туысы Шегіректі көргенде өз көзіне сенбай тұрып қалған еді. Осы кезде қарсы жүтірген Шегірек келіп құшақтай алғанда қолындағы туынын қалай түсіп кеткенін білмей де қалды. Өзі де аттан аударылып түсіп, Шегірекпен жылап көріседі. Мұны көрген қалмақ жасақтары Қараменденің мына оғаш мінезіне қайран қалып, біресе жерде жатқан туга, біресе кездейсөк адаммен жылап көріскең Қарамендерге қарап үдеріп қалады.

Өйткені қалмақ салты бойынша жауга шапқалы келе жатқан ту ұсташы туды жерге тастамақ түтілі оны ат жалынан еңкейтпеуі керек. Тудың ат жалынан төмөн түсіү — жеңілістің белгісі. Осы тәртіпті жақсы білетіп қалмақ жасақтары Қараменденің сатқындығына қандары қарайып, іштерінен тынды. Бірден Қарамендерге қарсылық, білдіруге батылдары жеттей істің соңын күтүге бекінеді.

Осы кезде Қараменде жасақтардың аттан түсіп, осы үйден қонақ асы жейтіндерін хабарлайды. Бастығы айтқан соң орынданамауга амалдары қалмаган жасақтар аттарының ер-тұрманын сыпырып тастап, жайғасып орналасты. Бірақ жасақтар өзара келісе отырып, Қарамендерге білдірмей болған жағдайды хабарлауга бір жансызын қалмақ ханына аттандырады. Одан егер сіз рұқсат етсөніз сатқын балаңыздың қол-аяғын байлаап алдыңызға апарар едік, деп ханнан жауап күтеді.

Тұн жамалып жорытқап жасақтар жансызы мынадай жауап әкеледі.

— Сендер сезік тудыретыштайдай іске бармаңдар, қайта еш нарсе білмегендей оның айтқанын орындаңдар. Истің соңын күтіндер, егер шын сатқындық жасап қазақ, жағына жалғыз кетуге ииет етсе, сол кезде Гана ұстап маган әкеліндер,— депті. Бұл хабарды бүйрыйқ, деп түсінген қалмақ жасақтары істің соңын күтеді.

Жасақтардың ол ісінен хабарсыз Қараменде Шегірекпен туні бойш жеке әңгімелесіп, елдің жайын сұрап шерін тарқатқан соң, Шегіректің жол тосып отыру себебін де біледі. Өзі шабуға келе жатқан ауыл өзінің туган нағашысының ауылы екенін білгенде қаны қарайып біраз отырады. Тез шешімге келіп.

Шегірекпен келісіп, өзі өкіл әкесіне қайтатышын жа-
барлап, жасақтарын сапқа тұргызыды. Сейтіп орта жол-
дан Қараменде кері қайты. Бұлардың кері қайтқаны
жөнінде өкіл әкеге де хабар жетті. Ол кісі ешиәрсе
естіп білмегендей баласын жылы шыраймен қарсы
алып, орта жолдан қайтқан себебін сұрайды. Оған
Қараменде былай жауап берген екен:

— Егер мен екі көзімнің бірін өзім ағызып түсірсем,
өз көзін аямаған мені басқаның қос көзін ағызбасыма
кеptіндік берер ме едіңіз — деп әке жауабын күтеді.

— Өз көзін аямаған басқаның қос көзі түтілі өзін де
аямас, — деп өкіл әке қысқа қайырды жауабын. Әкесінің
дәл солай жауап берерін күні бұрын болжаган Қараменде
сөзді іліп әкетеді.

— Менің сол қос көзімнің біріндей туысым Шегірек
нағашы жұртый шабылмасын деп орта жолда үй тігіп,
ақсарбасын соыып, жолымды тосылты. Мен сол туысым-
ды көрген соң жүрөгім елжіреп аттан ауа түскенде
қолымдағы туды қалай тастап жібергенімді де білмеймін,
жығылыған туды қайта көтеріп жауға шабу салтымызда
жоқ деп үйретуші едіңіз. Сол салтты бұза алмадым. Және
мен шабатын ауыл нағашы жұртый болған соң кері
қайтым, — деп бар шындықты жасырмай айтады. Онсыз
да болған оқиғалардан хабары бар өкіл әке Қарамендеңің
батылдығы, сез тапқырлығына және бірде сез қоспай
болғап жайды сол күйде айтқан адалдығына риза болып,
оның бар кінасін кешіреді. Оның өз басына бостандық
беріп, өзін күтуші тұтқын қазақтарды қосып, көп сый-
лықпен сліне қайтарыпты. Еліне келген соң ел жұрты
құрметтеп Қарамендені би сайлапты. Сейтіп, Қараменде
бабамыз 26 жасында би болған екен.

* * *

Сол бабамыздың алтыншы үрпағы Шәнті би гана емес,
сөзге шешен, өзін мұқатпақ болғандарды ұтымды сөзбен
ұрып жығар адудынды, арқалы адам болған. Шәнті бидің
шешеңдігімен бірге аузы дуалы, айтқаны айнымай келетін
көріпкелдігі де бар екен.

Бірде алыс жолдан жолаушылап келе жатып, кеш
батып бара жатқан соң жол жағасындағы ауылға бұры-
лады. Ол ауыл Ермек деген бидің ауылы екен. Ермек
бидің үйі жотаның етегіндегі көк майса жерге орналасқап.
Бидің үйінің алдына келіп, ат үстінен:

— Ермек би бар ма екен? Біз құдайы қонақ едік,— деп дауыстайды.

— Е, құдайы қонақ болсаң қайтсін, үйімде өзім шақырган қонағым бар. Бұл үйде саган орыш жоқ,— деп сыртқа да шықпай үйдең жауап беріпті.— Кімсіндер деп жөн дес сұрамаған Ермек биге ренжіген Шәнті атын табишип жүріп кетіпти.

Би ауылынан шыға беріп қыр асқанда, бір-екі үйге жақындаиды. Келіп жөн сұраса, бұл үй Ермек бидің малшысы Қоржын-Дорбашың үйі екен. Үй сыртына келіп:

— Құдайы қонақпаз,— деп дауыстайды. Сол кездे үйінен жүтіре шыққан малшы:

— О, хош келіпсіздер. Құдайы қонақ болсаныздар үйге түсініздер,— деп Шәнтінің атын ұстап сәлемдеседі. Малшының кең пейіліне риза болған Шәнті би де осы үйге түселең деп жолдастарына кеңес беріпті. Сөйтіп барлығы үйіне жайғасқаннан кейін жөн сұрасып, келгенн қонақтың Шәнті би екенін билгел соң Қоржын-Дорба бір малың әкеп бата сұрапты. Соңда Шәнті мынадай бата берген екен:

— Я, жаратқан ием, Қоржыныма қоржындағап бер, Дорбама дорбалап бер, келер жылға дейін Ермек биге жөндең бер. Жалғыз ешкісін құдайы қонаққа арнаған, Қоржын-Дорбага дәүлет берсең отырап бер. Алану акпар,— деп бетін сипалты. Сол жолғы Шәнтінің ауды аузынан шыққан бата вайтқаңындағы келіпти. Сол қыс қатты болып Ермек байдың малы жүртқа үшірапты. Ал Қоржын-Дорба болса, дәүлет бітіп ел қатарына қосылған екен.

* * *

Бірде Албан елінде өтетін ұлы жиынға Суан елінен Шәнті би келеді легенді естіп, әйелі бала көтермеген бір албан жігіті бидің жолына орнайы үй тіккізіп, қонақ етіпти. Жатар мезгілде Шәнтінің қасындағы серіктерімен бірге вз әйеліне де қатар тәсек салдырыпты. Жас әйсл өте сұлу, көркіне мінезі сай ақылды болса керек. Ол күйеүінің айтуы бойынша Шәнті бидің оң жағына тәсек салмып жатыпты. Ал күйеуі сырттаған орыш алыпты. Шәнтінің қасындағы серігінің бірі жас әйелге көзіні кетіп, Шәнтінің үйықтауыш күгіп жатады. Енді үйықтады-ау дегегі кездесе, орындарынан тұрмақшы

болса, Шәнті дыбыс беріп өзінің ояу екенін ескертеді. Және серіктеріне сес көрсетіп, айдай толықып жатқаң ақ келіншектің көрпесін қытап, сыртынаң сипап тілек дүрасын оқи беріпти. Серіктері Шәнтінің үйықтауыш күтіп жатып таңыңың Қалай атқанын да білмей қалыпты. Ертеңгі шайдан соң дастарқанға бата жасап, үй иесінің алғыс айтып аттанып кетеді. Былай шыға берс серіктері Шәнтіге наздарын айтады. Бір жағы қалжыңға сүйеп:

— Биекс, жас келіншекті оң жағынызға жеке алып жатып не өзіңіз бармай, не бізді жібермей, арқасынаң сипаумен таңды атырдыңыз гой,— дейді. Соңда Шәнті би:

— Эй, акымақтар, сендер не білдіңдер, ол әйел бір перзентке зар болып жүр екен. Бізді әулис деп көріп, шұрым стіп қүйеуінің келісімі бойынша біздің қатарымызға төсек салып жатты. Бір перзент үшін ақсарбас айтып, сойып, ақ көтілмені адал асып беріп, ақ бата тіледі. Сендер болсаңдар асып ішіп, намысын тимексіңдер. Оларың ұныздың ақымақтық. Екінші рет менімен бірге жүрем десеңдер опадай жамаң писетен аулақ, болыңдар.— деп серіктеріне үрісіп тастанады.

Арада біраз жыл өткенде сол әйел қүйеуімен берге үл баласын алып Шәнті биді іздеп келіп, батасын алып қайтқаң екен.

* * *

Шәнті бидің көріпкелдігі аргы аталарында да болыпты. Оның өз әкесі Малдыбайдың да айтқаны айтымай келетін адам болыпты.

Малдыбай әкесі Даулетбай қатты ауырып қал үстінде жатқаңда олай-бұлай болып кетсе, қай жерге қою жөннінде кесцес сұрапты. Және осы жер дүрыс болар деп, бүтіндес Малдыбай белі атапрағын жерді айтқаң екен. Соңда әкесі Даулетбай:

— Балам, ол жерде өзің жагарсың, менің орынам — Тоқтыбарлық болар,—деген екен. Кейін Қытай жерінен ауда көшіп бара жатқаң қыс мезгілінде әкесі қайтыс болып, қыс қатты, жер тоң болғандықтан өлікті тұлыпқа салып, көктемге дейін сақтаган. Бір күні әкесі түсінен кіріп: «Балам менің үміттың ба?»— деп аял беріпти. Содан әке сөзі есінен түсіп, Тоқтыбарлыққа апарып жерлеген екен.

Шәнті би қай жылы қайтыс болғаны жөнінде нақты дерек жоқ. Бірақ сүйегі Еңбекші ауылда жерленгейі анық. «Шәнті би жөнінде деректер жинауга көмек берген оның үрлактары Әбен Смагұлұлы мен Жұнісақын Сатқанғұлұлына алғыс айтамын», — дед жазды Түрдымқын Құдайқұлов 1995 жылғы 27, 30 қазанды «Заман Қазақстан» газетіне жазған мақаласында. Шәнті би туралы, оның айтқан билік, шешендік сөздері жөнінде дерек-мағұлмат толығып молая түссін деген ниетпен біз оқырманға қолымыздагы бар материалды ұсынып отырмыз.

МАЗМУНЫ

Автордай	5
Елсөу би	7
Оңқай би	10
Майқы би	11
Бәйідібек би	17
Дос би	44
Алдар би	48
Ақтайлақ би	49
Шабанбай би	66
Қазы би	71
Бөлтірік шешен	75
Бекел би	129
Айтуар би	132
Байзак датка	134
Біке шешен	140
Қаба би	143
Алдас би	148
Жаңғұтты шешен	151
Қожбанбет би	156
Шәңкі шешен	162
Сұлтанбек би	166
Қозыбай шешен	167
Сапақ датка	172
Жетес би	180
Бегеш шешен	189
Жәлменде би	190
Иманберді датка	196
Накышбек шешен	198
Төребай би	206
Қылышбай шешен	210
Тойымбай шешен	219
Алдаберген би	220
Шәнті би	232

Әдеби-хөрием басшылым

Нысанбек Төрекұл

**БИЛЕР СӨЗІ — АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ
(СЛОВО БИЕВ — ОРАТОРОВ)**

(на казахском языке)

Редакторы М. Қазбеков

Суретшісі К. Төреқұлол

Көркемдеуші редакторы Б. Машрапов

Техникалық редакторы А. Ткаченко

ИБ № 5769

Терүгे берилген күні 28.03.96. Басуга көл койған күні 19.09.96. Қалпы 84X108/32. Кағазы тип.
Гарнитурасты «Тип. Таймс». Шығынды баспа. Шартты баспа табегы 12,6. Есепте альманаттың баспа
табеги 12,9. Тараптамы 10000 дана. Тапсырыс № 362.

Казакстан Республикасының жоңе Қазақстан Республикасының жоңе Қазақстан Республикасының
Халықтар достының ордені: «Қазақстан баспасы», 480009, Алматы қаласы, 143

Казакстан Республикасының жоңе Қазақстан Республикасының жоңе Қазақстан Республикасының
Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы, Махаттаса жолесі, 41-үй.

120¹

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

ҘИЛЕР СӨЗІ.

АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ

